

Джон Буньян

РУХАНИ КУРЕС



РУХАНИ КҮРЕС

Джон Буньян

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің діни сараптама-
сынан 5-05-16/462 нөмірі бойынша 08.09.2015 күні өткізілді.

ӘОЖ 2
КБЖ 86.3
Б 84

Джон Буньян
РУХАНИ КҮРЕС – Алматы: ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2015 – 165 бет.

ISBN 9965-896-99-2

«Рухани күрес» кітабы аллегориялық стильде жазылған рухани күрес туралы баяндайды. Кітаптағы жамандық пен жақсылық жағындағы кейіпкерлер күресі адамның жан дүниесіндегі арпалысты суреттейді. Кітап оқырманның өз бойындағы рухани күреске сырттай қарап, рухани өмір туралы жаңа түсінікке ие болуына ықпал етеді.

ӘОЖ 2
КБЖ 86.3

ISBN 9965-896-99-2

© ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2015

РУХАНИ КҮРЕС

МӘСІХШІЛІК КЛАССИКА КІТАПХАНАСЫ

Джон Буньян

ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ
2015

МАЗМҰНЫ

I-тарау ЖАННЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ.....	5
II-тарау КҮРЕСКЕ ДАЙЫНДЫҚ.....	15
III-тарау ЖАННЫҢ ҚОРШАУҒА АЛЫНУЫ.....	19
IV-тарау ИМАНУИЛ.....	34
V-тарау ЖАНДЫ БАҒЫНДЫРУ.....	46
VI-тарау ИМАНУИЛДІҢ ЖАН ҚАЛАСЫНА КІРУІ.....	59
VII-тарау СОТ.....	63
VIII-тарау ӨЗГЕРІСТЕР.....	74
IX-тарау ҚАЛАҒА ҚАУІП ТӨНДІ.....	81
X-тарау ІБІЛІСТІҢ АСТЫРТЫН СӨЗ БАЙЛАСУЫ.....	87
XI-тарау ҚОРШАУ.....	94
XII-тарау ЖАННЫҢ СИЫНУЫ.....	99
XIII-тарау ТҮНГІ ШАБУЫЛ.....	104
XIV-тарау ИМАНУИЛДІҢ ЖАУАБЫ.....	107
XV-тарау ЖАННЫҢ ОЯНУЫ.....	111
XVI-тарау ИМАНУИЛДІҢ ҚАЙТА ОРЛУЫ.....	115
XVII-тарау ҚАНИШЕРЛЕРДІҢ ӨСКЕРІ.....	117
XVIII-тарау ЖАН, САҚТАН!.....	122
XIX-тарау ИМАНУИЛДІҢ ЖАНҒА АРНАҒАН СӨЗІ.....	127
Ескертпелер.....	132

I-тарау

ЖАННЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ

Өмірімде көп жерлерді араладым. Қай жерде болмадым, қай елді көрмедім десеңізші! Солардың ішінде бір ел ерекше таңқалдырды. Сіз екі полюс арасында төрт жақтың ортасында жатқан кең байтақ жер туралы естіп пе едіңіз? Оның таулары, өзендері, алқаптары таза ауасы мен құнарлы топырағы жөнінде ше? Естімесеңіз тыңдаңыз, мен дәл сол жерді өз көзіммен тамашаладым.

Оның тұрғындары – әр түрлі нәсілдің өкілдері. Олар түрлі тілдерде сөйлейді, өмір сүру салттары да әр қилы. Бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді, олардың діні, ділі де әр басқа.

Бұл ел маған бірден ұнады. Онда ұзақ уақыт тұрғандықтан, тұрғындарының тілдерін түсіне бастадым. Тіпті әдет-ғұрыптары мен өмір сүру салттарына да қалыптаса бастадым. Егер бастығым, басқа іспен айналысуға бұйрық бермегенде, ол жерден ешқашан кетпейтін едім.

Сол елдің әсем астанасы – Жан қаласы жайында айтпақпын.¹ Бейне бір екі әлемнің арасында жатқандай, сол қала елдің қақ ортасында орналасқан.² Оның орныққан жері де сәтті таңдалған, ал сәулеті жайлы сөз қозғамай-ақ қоюға да болады, ол сондай ғажап! Аспан астында сол қалаға тең келетін бір де бір қала жоқ десек, артық айтпаспыз. Қаланың Сәулетшісі және негізін Қалаушы – Шаддай Патша оны керемет әрі тамаша етіп салған. Қаланың жарқыраған кескін-келбетінен сәулетшінің ғажап шеберлігі көрініп тұр. Ол Шаддайға үлкен даңқ әкелген. Онда кез келген адамның тұруына болады, бірақ әрбір тұрғын өз қаласын сүйі және Патшаның жақтасы болуы керек. Қаланың орталығында көздің жауын алардай әсем, орасан кең, таңғажайып сарай бой көтерген. Онда қаланы кез келген жаудан қорғауға дайын Шаддайдың Өзі тұратын. Алайда тұрғындар да сақ болатын, олардың келісімінсіз және көмегінсіз қалаға ешкім кіре алмайтын. Оның қабырғалары берік әрі биік болғандықтан, кез келген шабуылға төтеп беруші

еді. Қаланың бес қақпасы бар олар: – Есту, Көру, Ауыз, Иіс сезу және Сипап сезу қақпалары.³

Қаланың өмірі даналықтың заңымен өтіп жатты, тұрғындар не тамақтан, не басқадан таршылық көрген емес, олардың бәрі сенімді, батыл еді, арларында не зұлым немесе сатқын болған емес. Қалаға еш нәрсе қауіп төндірген жоқ. Патша қала тұрғындарын Өз қамқорына алып, халық Оның аясында, Онымен сөйлесу мүмкіндігіне қуанып күн кешіп жатты.

... Кенет бір күні қаланы басып алып, сонда орнықтырып келетін жау жақындады. Ол залым әрі жауыз – Ібіліс⁴ атты алып еді..

Сіз «ол қайдан сап ете түсті?» деп сұрарсыз.

Ібіліс – Шаддай Патшаның қызметкерлерінің бірі. Ол әуел бастан ұлы билікке ие болған. Уақыт өте келе Патша оған жоғарғы және құрметті лауазым тағайындады: Ең жақсы аймақтарының бірінде орынбасар етті.

Алайда, оны билікке деген құмарлық көрсоқыр қылып, Патшаның Жалғыз Ұлы алуға тиісті Шаддайдың Патшалығына билік етуді көздейді. Ақылға шорқақ Ібіліс осы жоспарды қалай орындау керектігін ақылдасу үшін, өзінің қарамағындағылардың кейбірін жинап алды. Ешбір мардымды шешім таппаған соң, бәрін оңай шеше салды – Патшаның Ұлының көзін құртып мұраға ие болуды ұйғарды. Ібілістің жақтастары мен кеңесшілері⁵ оның өзі сияқты өздерінің қайда баратындарын жақсы түсінді. Осы аралықта Шаддай Патша Өз бағынушыларының Өзіне қарсы астыртын сөз байласып жатқандарын біліп, қатты ренжіді. Ұлын Өзіндей сүйетін Ол мұндай пасықтыққа ыза болды, дегенмен соңғы сәтке дейін ештеңе істемеді. Олардың опасыздығы мен астыртын әрекеттерін әшкере еткен Шаддай оларды қуып жіберді. Опасыздарды шынжырлап, терең әрі қараңғы шұңқырға тастады. Патша оларды енді қайтып көргісі келмей, соңғы шешімін шығарып былай деді: олар зынданға тасталып, мәңгі қарғысқа ұшырасын.

Теріс жолдарынан қайтпаған бүлікшілер өз ниеттерінен бас тартпай, жоспарларын іске асыруға қайта кірісті. Онымен қоймай, сәтсіздіктері үшін ашуға булығып, Шаддай мен Оның Ұлынан кек алғылары келді. Сөйтіп, бүлікшілер шабылдау сәтін күтіп, өз дегендеріне жетуге асықты.

Бір күні олар мақсаттарына жету үшін іске кірісті. Бүлікшілер шынжырларды талқандап, зынданнан қашып кетті. Олар бастары ауған жаққа жүріп, ақыр соңында Патшаның қаласына тап болды. Бұл қаланың Шаддайға аса қымбат екенін біліп, қалаға шабуыл жасамақ болды. Бірақ сәтсіздікке ұшырап қалмау үшін мына төрт сұраққа жауап іздеді:

1. Қала ішінде ел көзіне түсу қажет пе?

2. Үстілеріндегі тозып кеткен киімдерінен күрке құрып, қалаға қарама-қарсы жерге орналасу керек пе?

3. Өздерінің ниеттері жайында ашық жариялау керек пе?

4. Қаланың сыртындағы қамалда бір немесе бірнеше танымал тұрғындар көрінсе, оларды өлтіру керек пе?

Егер бәріне бір уақытта және алба-жұлба кейіпте көрінер болса, Жан қаласы абдырап, тұрғындар бірден сезіктенеді де, оларды ішке жібермей қояды. Қалаға бір-бірлеп кіру қажет.

– Алдымен біреуіміз кіруге тырысып көрейік. Мен мұны өзім істеймін, – деді Ібіліс. Бәрі онымен келісті.

Аполлион мен Алекто осы қалыптарында қала тұрғындарының көздеріне көрінсе, ниеттерінің күлі көкке ұшатынын айтты. Олардан кейін Люцифер сөйледі:

– Менің де пікірім сондай. Қала тұрғындары біздің бұрынғы болмысымызбен таныс, алайда мынадай түрімізді көрген емес. Біз ешқандай күдік тудырмайтын кейіпте көрінуіміз керек.

Осыған бәрі келісіп, Люцифердің ұсынысын қабылдады. Оның пікірінше, өздерінің басшылары Жан қаласының билігіндегі тіршілік иесіне айналғаны дұрыс болады. Осы пікірді қолпаштаған дауыстар шығып, Ібіліс жыланға айналады деген шешім қабылданды. Үшінші ұсыныстан бас тартты, өйткені қалалықтар өте сергек еді.

– Оған қоса, – деп сөз алды Легион, – олар біздің ниетімізді біліп қойса, Патшадан көмек сұрайды, сол кезде халіміз мүшкіл болары сөзсіз. Олар істің мән-жайын түсінгенше қулықпен әрекет ету керек. Оларды болмайтын нәрсеге сендіріп, қолдары жетпейтін нәрсені уәде етіп, өз ниетімізді жасыруымыз қажет. Себебі Жанның тұрғындары – өтіріктің, зұлымдық пен екіжүзділіктің не екенін білмейтін қарапайым әрі адал жандар ғой. Егер оларға сүйіспеншілік жайында ән

шырқап, өз әрекеттеріміздің бәрін олар үшін пайдалы әрі тиімді етіп көрсете алсақ, оларды алдап соғу қиын болмайды.

Соңғы ұсынысты бәрі бірауыздан мақұлдады. Ең алдымен, қаланың құрметті тұрғындарының бірі Қарсылықтың көзін жою керек деп шешті. Алып Ібілістің қатты қорқатыны да сол еді. Ойдағыны Отты көлден келген жезөкше Тисифон іске асыруға тиісті болды.

Кеңестің соңында олар бірден қимыл-әрекетке көшті. Өзәзілден басқасының бәрі көзге көрінбейтін кейіпке еніп, Жан қаласына бет алды. Ал Өзәзіл жыланға айналды.

Міне, ақырында олар қалаға таяп келіп, болып жатқанның бәрін қала тұрғындарының құлағына жеткізетін Есту қақпасының⁶ алдына тоқтады. Зұлым рухтар Қарсылықтың көрінгенін күтіп, қабырғаның тұсына басын бұғып жата қалды. Өзәзіл қала басшысынан өзін қабылдап, сөзіне құлақ асуын өтінді. Оның қызметкері – Қатер – кернейін тартқанда, қала қабырғасына оның ең құрметті тұрғындары: Мінсіздік, Ерік, Парасат, Ар-ұждан және Қарсылық шығып, қараңғылыққа қарады. Олар онда кім барын және қақпаның алдында неге шу шығып жатқанын анықтағысы келді. Керней тартушының сұлбасын байқаған Ерік одан кім екенін, мұнда неге келгенін және неге сонша шулап жатқандарын сұрады.

Осы сәтте Өзәзіл кішіпейіл дауыспен былай деді:

Атақты Жан қаласының ақсақалдары! Алдарыңызда сіздердің ең жақын достарыңыз тұр. Патша сіздерге құрмет көрсетіп, қызмет етуімді бұйырған. Сол себепті өздеріңізді мазалауға мәжбүр болдым. Менің сіздерге маңызды хабарым бар, сөзімді шыдамдылықпен тыңдаңыздар. Мен өз пайдамды емес, сіздердің қамдарыңызды ойлап жүрмін, оған жақында көз жеткізе аласыздар. Құрметті мырзалар, сіздерге өздеріңіз шыға алмай жүрген құлдықтан құтылудың амалы туралы хабарлауға келдім.

Ақсақалдар оны мұқият тыңдай бастады. Өзәзіл сөзін жалғастырып:

– Мен сіздерге Патшаларыңыз, заңдарыңыз және өздеріңіз жөнінде айтпағым бар. Сіздердің Патшаларыңыз Ұлы және Күшті, бірақ Оның барлық бұйрықтары сіздердің игіліктеріңізге бағытталмаған.

Біріншіден, Ол сіздерге шындықты айтпай, қорқынышта ұстайды. Өздеріңіз саралап көріңіздерші: құлдық деген –

кішкентай жемісті жеп қою сияқты ұсақ-түйек іс үшін сұмдық жазаны күтіп, әрқашан қорқынышта өмір сүру ғой.

Екіншіден, егер шындығына келсек, сіздерге берілген заңдар күрделі, астарлы әрі адам төзгісіз. Сіздерге төніп тұрған жаза істелген қылмыспен теңесе алмайды: адам өмірі мен ағаш жемісі арасында қандай байланыс бар? Ең басында Шаддай сіздерге барлығын жеуге рұқсат берді, ал кейін бір жемісті жеуге тыйым салды. Ал ең өкініштісі – Ол сіздерді бұрын көріп-сезбеген рахатқа бөлейтін жемістің дәмін көруге тыйым салды. Өйткені Ол жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш еді. Сондықтан сіздер әлі күнге дейін ақ пен қараны ажырата алмайсыздар.

Жақсылық пен жамандықты танып-білуге құқылы екендеріңізді әлі де білмейсіздер. Шаддай Патшаның билігінде болсаңыздар, оны ешқашан біле алмайсыздар. Сіздерге түнек пен надандықта өмір сүру не үшін керек? Неліктен саналарыңызды кеңейтпеске? Сонымен, атақты қаланың тұрғындары, өздеріңізді бостандықтағы халықпыз деп есептей алмайтындарыңызды мойындаңыздар. Сіздер – аяқ-қолдарыңыз байлаулы құлсыздар. Неліктен? Өйткені Патша осыны қалайды. Сіздерге даналық пен атақ әкелетін жалғыз нәрсеге не үшін тыйым салынғаны туралы ойланбайсыздар ма? Сол жемісті жесеңіздер көздеріңіз ашылып, Құдай сияқты боласыздар.

Шындыққа көздеріңіз жеткен кезде, – деп сөзін жалғастырды Өзәзіл, – ары қарай да құлдықта бола бересіздер ме, соны талқылаңыздар. Рух пен сананың соқырлығынан асқан қандай қайғы бар? Соқырлықтан гөрі көрудің жақсы екенін ақыл-есіңіз ұқпай ма, қамаудан еркіндікке шығудың уақыты келгенін білесіздер ме?

Өзәзіл сөзін аяқтай бергені сол еді, Тисифон Қарсылыққа оқ атып, оны қатты жаралады. Қарсылық қамалдың үстінен жерге құлап түсті. Тұрғындар абыржып шошып кетті. Өзәзілдің көздегені де осы еді. Сол сәтте шешен ретінде Өзәзілге ерген Ұйықтатқыш⁷ алдыға шығып, халыққа арнау айтты:

– Сіздер сияқты ықыласты тыңдаушылардың болғаны қандай тамаша! Жақсы кеңесті іске асыруға көздеріңізді жеткізе аламыз деп үміттенеміз. Менің әміршім сіздерді жақсы көреді. Шаддай патшаның қаһарына ұшырайтынын біле тұра, ол сіздер үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге дайын. Сіздерге

тек бір кеңес бергім келеді: әміршімнің сөздеріне сеніңіздер. Ағаштың жемісіне қараңыздар, бәрін танып білгізетін осы жеміс. Егер айтқандарымызға құлақ аспасаңыздар өте өкінішті болады.

Қала тұрғындары ағаштағы жемістерге қарап, олардың әдемі екенін көріп, өте дәмді болар деп ойлады. Содан соң Ұйықтатқыштың ақылына құлақ асып, Шаддай Патша тыйым салған жемісті үзіп алып, жей бастады. Сол мезетте Кіршіксіздік жерге құлап түсіп, өліп кетті. Ол жау оғынан қаза тапты ма, әлде басқа бір себептен өлім құшты ма, оны білмеймін. Бірақ не де болса, ол көз жұмды, сөйтіп қаланың екі бірдей беделді азаматтары о дүниеге аттанды. Содан кейін қалада рухы сергек бірде-бір жан қалмай бәрі Ібіліске бағынып, оның құлына айналды.

Бір сөзбен айтқанда, азаматтар тыйым салынған жемістің дәмін татқаннан кейін бірден масайып, Есту мен Көру қақпаларын ашып,⁸ қайырымды Шаддай Патша мен Оның заңдарын ұмытып, Ібілісті және бүкіл нөкерлерін ішке кіргізді.

Ібіліс өзінің нөкерлерімен қалаға кіріп, орталыққа бет алды.⁹ Тұрғындардың еріктерінен айырылып, өзіне толық бағынғанын көрген ол темірді қызған кезде соғып қалуға шешім қабылдап, былай деді:

– Қасіретке қалдың-ау, байғұс Жан!¹⁰ Мен саған еркіндік сыйладым. Алайда сен енді қорғаушыға зәрусің. Болған жайтты естіп, Шаддай сені жазалауға бел байлайтынына күмөнің болмасын. Ол сенімен құрған келісімді бұзғаның, Оның ескертуінен аттап кеткенің үшін қаһарланатын болады. Сол кезде сен не істейсің? Бостандық алып енді өз азаттығыңнан бас тартпақысың?

Мұны естіген қалалықтар бірауыздан: «Сен бізге патшалық құр!» – деп айғайлай бастады. Ол бұл ұсынысты қабылдап, өзін Жанның патшасымын деп жариялады. Оның келесі жоспары – сарайды иеленіп, қаланы толықтай басып алу еді. Ол мұны да кідірместен іске асырып, Шаддай патшаның қуаныш мекеніне еніп, сонда орналасып алды.

Ібіліс дереу сарайда әскери жасақ құрып, сарайдың айналасына ор қазып, қамал тұрғызып, оқ-дәрілерді артығымен жинап алуды бұйырды. Осылайша, Шаддайдың қуаныш

тұрағы Жан қаласының тұрғындарына үрей туғызған заңғар биік қамалға айналды.

Ең алдымен Ібіліс қала басшысы Парасат пен шежіреші Ар-ұжданды жұмыстан шығарды. Содан кейін Ібіліс қаланың құрылысын өзгерту үшін ескі ғимараттарды бұзып, орнына жаңаларын салды.¹¹

Парасаттың¹² басқа азаматтармен бірге жаңа патшаның еркіне бағынғанына қарамастан, оның қырағылығын білетін Ібіліс одан сескенетін. Сондықтан Парасатты басқа қалалықтардан бөліп тастау үшін оны шенінен айырып, сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауына тыйым салып, терезесі жоқ биік мұнараға қамап тастады.

Ар-ұждан¹³ – шежіреші әрі білімді адам болатын. Ол Шаддайдың заңдарын терең зерттеп, кез келген жағдайда шындықты батыл айтатын. Оның ақыл-есі бүтін, сөздері шын еді. Сол себептен шежіреші де Ібілістің көңілінен шықпай қалды. Бірақ, көп ұзамай, ол да жаман жаққа өзгеріп, Ібіліске жалшы болмаса да, оның кейбір істерін құптады. Дегенмен, Ар-ұждан Шаддайды жиі есіне алып жүрді. Ол Шаддайдың әділ жазалайтынын біліп, қорықты. Сондай сәттерде айбаттанған арыстанға ұқсап, жаңа патшаны батыл түрде әшкерелеп отырды. Ар-ұждан тұрғындарды ұялтты, сондықтан жаулап алушы оған шыдай алмады.

Ібіліс басқалардан гөрі шежірешіден көбірек қорқатын, себебі оның сөздері бүкіл қаланы абдыратып тастайтын. Міне, сондықтан патша Ар-ұжданды тура жолдан тайдырып, санасын шараппен булап, азғырудың жолын ойластырды. Ақырында ол дегеніне жетті. Шежіреші жақсыны жаманнан әрең ажырататын болып қалды. Бірақ жаңа патша бұған да қанағаттанбады. Ол тұрғындарға шежіреші есінен адасты деп сендіріп, оның сөздеріне мән берудің қажеті жоқ деді.

Осылай ол Жанды қарияның үгіт-насихатын тыңдамауға көндірді, онымен қоймай, шежірешінің көңілі көтерілген сәттерде, оны дүйім жұрттың алдында өз сөздерінен бас тартуға итермелейтін. Шежіреші өз-өзіне қарсы шығатын, істері де қисынсыз болып көріне бастады. Шаддай Патшаны да сирек есіне алатын болды. Ол оқта-текте ұзақ ұйқыға кететінді шығарды. Ал қала тұрғындары болса алып Ібілістің дегеніне көніп өмір сүріп жатты.

Әр жолы кәрі шежірешінің әшкерелеген сөздерін естіп, ұяттан қысылған Жанның тұрғындарын Ібіліс қайтадан айнытып тастайтын. Ол Ар-ұжданды – мылжың, ойына келгенді айтатын алжыған шал деп атап, тұрғындарды айтқанына көндіретін. Сонда бәрі сабаларына түсіп, қалада қайтадан тыныштық орнайтын. Ібіліс қол астындағыларға былай дейтін:

– Байқайсың ба, қымбатты Жан, біз ашынған шалдың қаһарлы сөздерінен басқа ештеңе көрген де, естіген де жоқпыз ғой. Ал Шаддайдың Өзі үндемейді.

Ар-ұждан айыққан кезде халыққа Шаддайдың өзіне бұйырғандарын жариялайтын. Ал Ібіліс арамза әрі кү болғандықтан, осындай жолмен бәрін алдап соғатын.

– Сендер Шаддайдың өздеріңді жақсы көрмейтініне және сендерде шаруасы жоқ екеніне көз жеткізе аласыңдар. Ол сендердің хал-жағдайларыңды бір рет сұраған емес, тіпті сендерді Өзіне қайтаруға да тырыспады. Мен сендерге заңды патша атанғанымды біле тұра, сендерге қолын бір сілтеді. О, Жанның тұрғындары, менің сендерге қандай баға жетпес сый әпергенімді сезесіңдер ме? Мен сендер үшін қолымнан келгеннің бәрін істедім және қазір сендер ұстанып жүрген заңның жұмақтағыдан әлдеқайда жақсы екеніне сенімдімін. Сендер қазір еркінсіңдер, ал мен келген кезде құлдықтың қамытында жүр едіңдер. Менің еркім де, заңым да сендерді қорқыта алмайды. Тек шежіреші шалдан басқа ешқайсыңнан іс-әрекеттерің туралы есеп беруді талап етіп жатқан жоқпын. Әркімге патша сияқты өмір сүру құқығын бердім. Менің өздеріңе тәуелсіз екенімдей, сендер де маған тәуелсізсіңдер, – деді жаңа патша.

Шежіреші өзінің айбарлы насихаттарын бастаған кезде, Ібіліс өзінің айралы сөздерімен қала тұрғындарын Ар-ұждан қарияға қарсы қоятын. Ол оның көзін жоюға тырысты. Ақыр соңында тұрғындар «мылжың шежірешінің» сөздерінен ызаға булығып, одан құтылғылары келді.

Бірақ олардың талпыныстары бекер болды! Шаддайдың құдіретінің арқасында шежіреші еш жапа шекпестен тірі қалды. Оған қоса оның үйі шабуылға төтеп беретін қамал секілді еді.

Қалада Ерік есімді беделді ақсүйек тұратын.¹⁴ Ол атақты әулеттен шыққан, өз уақытында Шаддай Патшаның ерекше

ықыласына бөленген. Ол қатал әрі қайсар еді, онымен қарсыласу оңай болмайтын. Ол Ібілістің Жанға үндеуін естіген сәтте, туа біткен төкаппарлығына қарамастан, ұзақ уақыт бойы Шаддайдың құлы болғанына намыстанып, бүкіл қаланың басшысы болуды қалап, Ібілістің қарамағына алғашқылардың бірі болып өтті.

Ібіліске қала қақпаларын ашып бергендіктен, оған қала қақпаларын күзету жауапкершілігі беріліп, Ерік жаңа патшаның оң қолы болды. Қаладағы кез келген өзгерістер оның шешімі бойынша жасалатыны туралы нұсқау да жазылды. Сонымен, князь Ерік Ібіліс патшаның бас көмекшісіне айналды. Оның қасында әміршінің жеке бұйрығын орындайтын Пікір¹⁵ деген хатшысы болды. Осылай Жан Ерік пен оның хатшысы Пікірдің ырқына толық бағынды...

Князь Ерік билік еткен кездегі қаланың бетімен кетуі жан түршіктіреді. Ол бір кезде Шаддай Патшаға берген антынан ел-жұрттың алдында бас тартып, өзінің жаңа әміршісі – Ібілістің алдында адал болуға ант беріп, жоғары лауазымды қабылдап алды да, іске үлкен ынтамен кірісті. Ол шежіреші Ар-ұжданды құртуды ойластыра бастады. Ар-ұжданды не көруге, не естуге шыдай алмайтынын сезген князь Ерік, оны кездестіре қалса, көзін жұмып, құлағын бітей қалатын. Тез арада шежірешінің барлық қағаздарын құртып, Шаддайдың заңдарының күшін жоюға бұйрық берді. Алайда шежіреші өзінің сөресінде тозып кеткен заң кітабын сақтап қойған болатын, Ерік ол туралы ештеңе білмейтін. Ол шамның жарығын ұнатпайтын, сондықтан маңайдың бәрі қараңғы болғанын қалады. Жаңа патшаны ол сияқты бар жан-тәнімен мақтаған басқа ешкім жоқ. Ол бұқара халықтың көңілін табуға тырысты және Ібілісті дәріптеуге оларды итермеледі. Ол жақсылықтан гөрі жамандықты артық көріп, жоғарыдан бұйрық күтпей-ақ өзінің бастамасымен заңсыздық істейтін.

Әміршіге Құмарлық атты – өз тәнінің қамын ойлап, шектен тыс азғындыққа салынған адам бағынатын.¹⁶ Ол Пікірдің Дүниеқұмарлық атты қызына үйленді. Олардың Ұятсыздық, Балағат, Өсек атты үш ұлы және Өтірік, Масқара, Кек атты үш қызы болды. Олардан да, өз кезектерінде, қиқар, өзімшіл балалар туды.

Алып Ібілістің билігі күшейген сайын қаланың өмір салты да түбегейлі өзгере берді. Базардағы және қаланың барлық қақпаларындағы Шаддай Патшаның алтын бейнесі Ібілістің бейнесімен алмастырылды.¹⁷

Шаддайдың заңдарының күшін жойған Ібіліс жексұрын құштарлық пен нәпсіқұмарлыққа берілуге рұқсат ететін жаңа заңдар мен нұсқауларды жариялауға бұйырды. Шаддай Патшаның тыйым салғандарының бәріне Ібіліс рұқсат берді. Сол үшін ол Жанға тыныштық, қуаныш және жердің барлық игіліктерін уәде етті.

Сөйтіп, Жан шайтанның билігінде өзгергені соншалық, ондағылардың бәрі ібілістік сипатқа ие болды.

Қаланың адал әрі шыншыл басшысы Парасаттың орнына Құмарлықты, ал шежіреші етіп Жақсыны ұмытқанды тағайындады. Біріншісі тек түйсікке бағынатын санасыз хайуандай болатын. Қайта тағайындалған шежіреші ешбір жақсылықты есінде сақтамайтын. Оның өткені мен бүгінгі тіпті, келешегі де Жанның өзіне зұлымдық жасауға бағытталған еді. Бірақ кез келген адам балықтың басынан шіритінін біледі ғой.

Бұған қоса Ібіліс қаланың көптеген ақсақалдарын да жаңадан тағайындады: Сенімсіздік, Тәкаппарлық, Антішкіш, Азғындық, Тасжүрек, Суайт, Аяусыздық, Қаһар, Жалғандық, Маскүнемдік, Опасыздық, Өтірік пен Құдайсыздық – барлығы он үш. Сенімсіздік бәрінен үлкен, ал Құдайсыздық ең кішісі болатын.

Төменгі лауазымды қызметтерге осы он үштің туысқандары тағайындалды.

Сонымен қатар Ібіліс қаланы Шаддай Патшаның шабуылынан қорғау үшін алынбас қамалдар салуды ойластырды. Ол үш қамал тұрғызды: бүкіл қаланы бойлай көтерілген бірінші қамалға – Қарсы шығу деген ат қойды. Екіншісі – Жарты түн, Жанды титтей де жарықтан қорғауға тағайындалған. Үшіншісі – Күнө қамалы, ол қалаға кез келген қайырымды қасиеттің енуіне жол бермеуге тиісті еді.

Бірінші қамалдың күзетшісі болып Ібілістің нөкерлерінің ішінен Жауыздық тағайындалды. Екіншісі Қараңғылыққа сеніп тапсырылды. Ал үшінші қамалға бұрынғыдан гөрі, жаңа өмір салтын жағымды деп есептейтін Тәнқұмарлығы атты қала тұрғыны орналасты.

Ақырында Өзезіл табыстан мастанып, демалып жатуға мүмкіндік алды. Ол қайырымды Шаддай Патшаны еске түсіретіндердің бәрін жойды, барлық заңдарды өзгертті, басшыларды ауыстырды және барлық жерге өз еркін орындайтын адал орындайтындарды тағайындады. Шаддай Патша мен Оның Ұлы Жанды қайтарып алу үшін шабуыл жасай ма деп тағы да бірнеше қамал тұрғызды...

II-тарау

КҮРЕСКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Сіз, әрине, бұл хабардың Шаддай патшаға әлдеқашан жеткенін түсініп отырған боларсыз.¹⁸ Бәрі бүге-шігесіне дейін Оған мәлім болатын. Патшаның шабарманы Жанның қайғылы жағдайын, Ібіліс пен оның жақтастарының зұлымдығын, Шаддай Патша мен Оның Ұлынан қорғану мақсатында салынған бекіністер туралы да анық біліп отырады. Шабарман мұның бәрін бүкіл сарай алдында мәлімдеді.¹⁹ Патша мен Оның Ұлы өздерінің қызметкерлерімен бірге сол жерде болды. Өздеріне аса қымбат қалаға Ібілістің жасаған шабуылы туралы естігенде терең қайғыға батты: Патшаның сүйіп жаратқаны айлакер азғырушының тұтқынына түсті. Шындығын да, Патша мен Оның Ұлы мұндай жағдайдың болу ықтималдығын алдын ала білгендіктен, сарбаздарын Жанды құтқаруға әлдеқашан дайындап қойған еді.

Патша Жанды Ібілістің жаулап алғанын естігенде, қайғыға батып, қаланы қатты аяды. Бірақ Ол мұның бәрі уақытша келеңсіздік екенін сезді, сөйтіп, Жанды Жаратушының даңқын одан да биікке асқақтататын жеңіс пен жанды күнәдан құтқаруды жоспарлады. Шаддайдың Ұлы Ібілістің сатқындығына ызаланып, Әкесінен сүйікті қаласын тұтқыннан босатып алуға рұқсат сұрады. Патша Ұлының өтінішіне келісіп, Оған Жерге адам бейнесінде аттанып, олардың күнәсін Өз мойнына алып, Ібілістің билігінен толық құтқарып алатын мықты іргетас орнатуға рұқсат берді.

Шешім қабылданды! Имануил шайтанды қуып, Жанға Өзі патшалық етеді. Оның қолынан жанды ешкім ала алмайды.

Шаддай Патша Өзінің Бас Тәлімгеріне²⁰ әлемнің түкпір-түкпіріне мына жолдауды таратуды тапсырды:

«Елдің бәріне мәлім болсын, Шаддай Патшаның Ұлы Әкесімен Жанды қайтару туралы келісімге отырды. Жанды жақсы көретіні соншалық, оны бұрын-соңды көрмеген рахатқа бөлеуге уәде етеді».

Бұл жолдау Ғаламның түкпір-түкпіріне таратылды. Патша оның нәтижесі қандай болатынын жақсы түсінді.

Имануилдің шешімі Шаддай патшаның маңайындағыларға белгілі болғанда бәрі де қатты қуанды. Шаддай Патша мен Оның Ұлының Жанға деген мейір-шапағатын мадақтап сиынған дауыстар күшейе түсті. Ал мұны естіген Ібіліс ойланып, мынадай қорытындыға келді:²¹ «Мүмкіндігінше бұл хабардың қалаға жетпеуін қадағалау керек. Егер Жан Шаддай Патша мен Оның Ұлының оған жақсылық тілеп, жазаның орнына бостандық беруді уәде еткенін білсе, ол маған қарсы шығып, Оған қайтып оралатыны сөзсіз».

Сөйтіп, ол Ерікпен бұрынғыдан да бетер жақындай түсіп, оған Көру мен Есту қақпаларын күндіз-түні кірпік қақпай күзетуді қатаң тапсырды.

– Мен, – деді ол Ерікке, – Шаддай бізді халық алдында сатқын етіп көрсетіп, оларды қайтадан құл еткізі келетіні туралы естідім. Бәлкім, бұл тек қауесет болар, алайда сақтықта қорлық жоқ, қаланың қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтап, Жаннан бұл хабарды бүгіп қалу үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз. Бұл хабар маған қалай жағымсыз болса сізге де жағымсыз екеніне сенімдімін, сол себепті күдік тудыратын кез келгенді тұтқындап, қалаға ешкімді кіргізбеңіз. Шаддай патшаның ниетін басқаларға айтып жүрген кез келген адамды құрту үшін тәулік бойы бақылау қойыңыз.

Комендант Ерік әміршісінің бұйрығын құрметпен тыңдап, іске білек сыбана кіріскені сонша, Шаддай Патшаның хабаршылары Жанды толықтай соқыр, әрі керең болыпты деп ойлайтындай дәрежеге жеткізді.

Ібіліс қаланың бүкіл тұрғындарына өзіне сөзсіз бағыну туралы ант беруді талап етті. Оларға Ібіліспен жасаған келісімдерін бұзуға Шаддайдың қақысы жоқ деп әлемге жариялауды бұйырды.

Бұған қоса, ол қалалықтарды күнәның жаппай тұтқыны етіп қойғысы келді. Барлық қабырғаларға әркімге қалағанын істеуге, кез келген лас әрі арамза істерге де ресми рұқсат берілгені, оған қарсылық білдірген адам Ібілістің қаһарына тап болады деген хабарландырулар ілініп тасталды... Осылайша, ол қалалықтарды басқаша өмір сүруге болмайды деп иландыруға тырысты, өйткені күнәға батқан сайын адамның – құтқарылуға деген үміті азаяды. Қаланың мұндай түрін көрген Имануил Жанды қайтарып алудан бас тартады деп ойлады Ібіліс, себебі Шаддай мен Оның ұлы Имануилдің киелі екендерін білетін.

Жағдай қиын болып жатса деп тағы бір қулық ойластырып қойды. «Тұрғындарға рақымдылық туралы хабар жеткенше, олар Шаддай Патшаның өздерін құлдыққа қайтару үшін әскер жинап жатқаны туралы өтірікке сенуге тиісті. Жазадан қорыққан тұрғындар соңына дейін менімен бірге қалады», – деп түйді. Ібіліс қалалықтарды базардың үлкен алаңына жинап, былай деді:

– Достарым! Сендерге мен іс-әрекет пен ерік азаттығын беріп, қарамағыма алғанымды естеріңе салудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Қызметкерім Люцифер маған Шаддай Патшаның қаланы құртып, тұрғындарын құлдыққа әкету үшін әскер жинап жатқаны туралы хабарлады. Сендерді сол жауға қарсы әрекетімізді жоспарлау үшін жинадым.

Өзіме келер болсам, аман қалудың амалын әрқашан табамын. Өзім туралы ғана ойласам, сендерді тағдырдың тәлкегіне тастап кетер едім, алайда жүрегімнің бауыр басқаны сондай, енді сендерден ажырағым келмейді. Ал сен не дейсің, Жан? Сен де осындай сезімдесің бе, әлде мені сатып кетесің бе?

– Сізден бас тартқан адам құрып кетсін! – деді бәрі бір ауыздан.

– Әрине, – деп жалғастырды Ібіліс, – Шаддай аяушылық танытады деп ойламаңыздар, Ол аяушылықтың не екенін білмейді. Бәлкім, Ол сендерді кешіремін деп сендіруге тырысатын болар, бірақ бұл тезірек жеңудің амалы ғана. Сондықтан Оның айтқандарына сенбеңдер, себебі жеңіске жете салысымен, ол Жанды қанға бөктіреді. Біз ешқандай бейбіт келісім жасамаймыз, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Шаддайдың әскеріне қарсы шығамыз.

– Ол сендерге мен сыйлаған ерік пен азаттықты бере ала ма? Тек құлдыққа салып, өмірлеріңді тозаққа айналдырады. Қан, қан және қан – Шаддайдың екі сөзінің бірі осы. Сондықтан сақ болыңдар! Мен Оның жақындап қалғанын естідім. Қаруларыңды берік ұстаныңдар. Қару бәріне жетеді. Мен бүкіл қаланы басынан аяғына дейін қаруландыра аламын. Егер қолымыздағы қаруымызды жақсылап қолданар болсақ, Шаддай бізді жеңе алмайды. Менімен бірге қамалға жүріңдер, шайқасқа дайындалайық. Сендерді жеңіске жеткізетін дулығалар, сауыттар, семсерлер, қалқандар мен басқа да керек-жарақтармен қамтамасыз етемін.

Менің дулығам²² рахатқа жетуге сенімділік береді. Жан тыныштығы өмір сүру салтына байланысты емес қой. Егер жүректерің зұлымдық пен нәпсінің жетегінде болса, сендерді қуаныш пен рахат күтіп тұр. Бұл қарулар сынақтан өткен, мына дулығадан не оқ, не семсер өтпейді, дұшпанның найзасы да батпайды. Оны кисеңдер, көптеген азаптардан сақтаныңдар.

Менің сауытым²³ балқытылған темірден жасалған. Маған бағыныштылардың бәрі соны киіп жүр. Бұл сауыт – сезімге берілмейтін тасжүректік сауыты. Оны киген адамды ешқандай рақымдылық еліктіре алмайды, ешбір айбат та оны үркітпейді. Шаддайға қарсы менің туымның астында соғысатын әркім осы қаруға мұқтаж.

Семсерім²⁴ де тозақ отында шыңдалып, талай сынақтан өткен. Оны жақсы меңгергенді ешбір жау жеңе алмайды.

Менің қалқаным²⁵ – сенімсіздік. Имануилдің менің қызметшілеріммен шайқасын көргендер Ол туралы: «Жұрттың сенбеушілігіне таңғалды», – деп куәлік етеді. Осы қаруды қолданыңдар, еш нәрсеге сенбейтін боласыңдар. Егер Патша қорқынышты сот туралы айтса, немесе өкініп кешірім сұрасаңдар, рақымдылық жасаймын десе де сенбеңдер, Оның әр сөзіне талдау жасаңдар, сонда уәдесінің күңгірт екеніне көз жеткізесіңдер. Ол менің саналы әрі ақылды ізбасарларымнан мағынасыз, әрі соқыр сенімді талап ететін болады. Сол себепті Оның барлық тәлімдеріне қарсы әрекет етіп, өздеріңнің маған – өз әміршілеріңе лайықты екендіктеріңді көрсетіңдер. Басқаша әрекет ететін адам – менің жауым.

Мендегі тағы бір керемет қару – қарсыласу рухы. Ол – мылқау рух, сиынуға қауқарсыздық, рақымдылық туралы

түсінікке қарсы рух.²⁶ О Жан! Менің саған берген қаруларымды міндетті түрде пайдаланатын бол. Сендердің қандай ержүрек екендеріңді біліп, сынақтан өткен қаруларды беріп тұрмын. Шаддайдан рақымдылық көрсетуін сұрап жалынбаңдар. Мұндай қылық сендерге жат болсын! Қажет болса, сендерге тағы балға, шоқпар, дәл тиетін садақ пен жебе бере аламын.

Өзәзіл бәріне қару таратып беріп, сөзін жалғастып былай деді:

– Естеріңде болсын, мен сендердің заңды патшаларыңмын. Сендер маған сенімді болуға ант бердіңдер және менен теріс айналмауға уәде еттіңдер. Осыны естеріңнен шығармаңдар. Тағы да айтарым – жеңіске жетсек, бүкіл әлем біздікі болады, сонда сендерді патшалық мәртебеммен марапаттаймын. Сөйтіп, рахатқа бататын боламыз!

Осылайша, тұрғындардың рухын Шаддай Патшаға қарсы қойған Өзәзіл әскерін нығайтып, өзі толық әскери қауіпсіздендірілген қамалға жасырынды. Қалалықтар болса Шаддайға тіс қайрап, Өзәзілге мойынсұнып күн сайын әскери жаттығу өткізе бастады.

III-тарау

ЖАННЫҢ ҚОРШАУҒА АЛЫНУЫ

Шаддай Патша Жан қаласын Өзәзілдің билігінен азат ету үшін әскери жасақ дайындады. Алдымен Өзінің сенімді қызметкерлерінің көмегімен қайтаруға тырыспай тұрып, Ұлын жіберуді жөн көрмеді.²⁷ Оларға жағдайды біліп, Жанды ақылға шақыру арқылы райынан қайтару бұйырылды. Жасақ Патшаның Өзі таңдаған қырық мың өлмейтін сарбаздардан құралды.

Әскерлер әрқайсысы он мың сарбазды басқарған төрт қолбасшының²⁸ басшылығында болды. Қолбасшылардың есімдері: Боанергес, Наным, Сот және Жаза. Бұлардың бәрі сарбаздар және қаруды тамаша меңгерген шебер жауынгерлер еді.

Әр жасақтың жорық кезінде желбірейтін өз әскери туы да болды.

Бірінші жасақтың әскербасы Боанергес болатын. Бұл жасақтың туын көтеруші – Найзағай. Тудың түсі – қара, ал таңбасында жарқыраған үш найзағайдың суреті бейнеленген еді.

Екінші жасақты Наным қолбасшы басқарды, ту көтерушісінің есімі – Азап. Ал жасақтың туының түсі – боз, таңбасы – жалыны оттай лаулаған, ашулы тұрған заң кітабы еді.

Үшінші жасақ Соттың басшылығында болды. Сұмдық есімді ту көтерушінің қолында алқызыл түсті ту, ал таңбасында қыздырылған пештің суреті бейнеленген еді.

Төртінші жасақтың басында Жаза қолбасшы өзінің ту көтерушісі Әділ сот бірге жүріп отырды. Олардың төбелерінде қан қызыл ту желбіреп тұрды, ал таңбасында жеміссіз ағашқа төнген айбалта бейнеленген.

Шаддай патша төрт көсемді де шақырып алды. Олар Оның алдында өздерінің атақтары мен шендеріне сәйкес қаруланған жасақтарымен бірге келді. Патша оларға жорыққа аттанып, өз міндеттерін адал әрі толық орындауды бұйырды. Патшаның тапсырмасы мынадай еді:

– Боанергес, Менің қаһарлы әрі сенімді көсемдерімнің бірісің, жасағыңмен бақытсыз Жанға аттан. Қалаға бейбітшіліктің шартын ұсынып, тұрғындарға зұлым Өзәзілдің зорлық-зомбылық тепкісін серпіп тастауды бұйыр. Олар Маған – өздерінің заңды Патшасы әрі Әміршісіне оралсын. Қалаға жалған патша енгізген пасықтық пен арамдықтан тазаруды нұсқап, оның дәл орындалуын өзің де мұқият бақыла. Егер олар сені тыңдап, істегендеріне шынымен өкінетін болса, ешқайсысына зиян тигізбе, қайта олармен дос және бауыр ретінде сөйлес, өйткені олар маған өте қымбат. Оларға Менің мейірім көрсететін уақытым келетінін де жеткіз.

Насихатың мен дәлелдеріңе қарамастан қарсылық көрсетсе, оларды бағындыру үшін өзіңнің барлық күшің мен билігіңді қолдануға бұйрық беремін. Алға!

Басқа қолбасшылар да осыған ұқсас нұсқаулар алды.

Олар жаңа киім киіп, желбіреген туларын көтеріп, Жан қаласына қарай бет алды. Боанергес өз жасағын бастап келе жатты. Наным мен Сот та солай етті. Қолдың соңында Жазаның сарбаздары жүрді. Жол өте ұзақ болғандықтан,²⁹ көптеген

елдерді басып өтті. Жолшыбай кезіккен адамдарға тиіспеді, керісінше оларды Шаддай Патшаның атынан жарылқап отырды.

Ақырында олар алыстан Ібіліс басып алған қаланы көрді. Күнәнің тұтқынындағы Жанды көрген сарбаздар мен көсемдер, оның аянышты халіне жандары ашып, жылай бастады. Қаланың кейпінен Ібілістің қолтаңбасы – құрбанына көрсеткен тепкісі мен зорлығы анық көрініп тұрды.

Олар қалаға жақындап келіп, Есту қақпасына бет алды. Сол жерде жорық шатырларын құрып, орналасты. Содан кейін қала тұрғындарына бет бұрды.

Тулары желбіреген қаһарлы әскерді көрген қала абыржи бастады. Оларды көру үшін қала тұрғындары өз тұрақтарынан жүгіріп шыға бастады. Бірақ түлкідей қу Ібіліс халық қолбасшылардың сөздерін ести сала қақпаларды ашып жібере ме деп қорқып, бәріне базар алаңына жиналуды бұйырды. Бұйрық орындалған кезде, былай деп сөз бастады:

– Достар, сіздер менің ержүрек әрі сенімді жолдастарым болсаңыздар да, бүгінгі әрекеттеріңіз үшін сөкпеймін. Барлығыңыз қаланы қоршап алуға келген әскерге қарау үшін жүгіріп шықтыңдар. Олардың кім екендерін және қандай мақсатпен келгендерін білесіңдер ме? Олар қаланы талқандау үшін келді. Соларға қарсы тұру үшін бәріңді бастан-аяқ қаруландыруға тырыстым. Олардың шабуылдарына төтеп беру үшін мықты бекіністер тұрғыздық. Сондықтан ең алдымен дабыл қағып, қорғаныс шебін құрып, тіпті жауды камал қабырғасынан бірден қуып жіберуге тиіссіңдер. Мұндай жағдайда өздеріңізді батырлар сияқты ұстауға тиіс едіңіздер, алайда оқ атылмай жатып абыржып, қорғануға шамаларыңыз жетпей қалғаны қалай? Мен қарауылды сол үшін күшейтіп, қақпаларды жабуды сол үшін бұйырмадым ба? Жоқ, қорғануға дайындалыңдар, дабыл қағыңдар. Әскери жабдықтарды киіңдер, жауымыз тұрғындары батыр қаланы жаулап алудың оңай еместігіне көз жеткізсін.

Осы сәттен бастап бұйрықтарымының қатаң түрде орындалуын қадағалаймын. Менің рұқсатымсыз қақпаның арғы жағына қарауға да ешкімнің қақысы жоқ. Бұйрықтарымыды бұлжытпай орындасаңдар, сендерге әрдайым жылы қабақ

танытамын, себебі мен өзімнен артық сендердің қамдарыңды ойлаймын. Ал енді өз үйлеріңе тараңдар!

Сол сәттен бастап тұрғындардың жүріс-тұрысы күрт өзгерді. Олар естерінен адасқан адамдардай қатты айғайлап, қаланың ішінде сапырылысып, «Көмектесіңдер! Көмектесіңдер! Жау біздің қаламызды басып алайын деп жатыр!» деп айғайлай бастады. Бұл дауыс Ібілістің құлағына жеткенде, ол рахаттана күліп: «Міне, енді бәрі жақсы болды. Енді ғана маған шынайы бағынғандарыңды көріп тұрмын. Осы қалыптарыңнан танбасаңдар, олар бізді жеңе алмайды», – деп ойлады.

Үш күн күткен соң көсем Боанергес Есту қақпасының кернейшісіне жақындап барып, Шаддай Патшаның елшілері тұрғындармен кездесуді өтінеді деп айтуын бұйырды. Мұқият тыңдаушы³⁰ атты кернейші қақпаға жақындап, бұйрықты орындады. Ібілістен қорыққандықтан, не қабырғадан, не қақпа жақтан ешкім көрінбеді. Біраз күткен соң кернейші қолбасшысына келіп жағдайды баяндады. Боанергес қатты қайғырып, кернейшіге шатырына қайтуға нұсқау берді. Біраз уақыттан соң Боанергес Есту қақпасының жақындап, тағы да керней тартуды бұйырды, алайда бұдан да еш нәтиже шықпады.

Сонда әскербасылар жиналып, қаланы Шаддай патшаның билігін күшпен мойындатуды ұйғарды.

Боанергес кернейшісіне Есту қақпасына үшінші рет жақындап, Шаддай Патшаның атымен мәмілеге шақыруды бұйырды. Бұйрық орындалды. Тұрғындар өз еріктерімен бағынбаса, қаланың күшпен алынатыны мәлімделді.

Сол кезде қақпаға әскербасы Ерік жақындап, олардың кім екенін және неліктен қатты кернейлетіп жатқанын ашулана сұрады.

Кернейші оған қала өз еркімен берілгені жақсы болатынын түсіндірді.

Ерік бұл туралы өз патшасына мәлімдеуге уәде етті. Бірақ мұны естіген Боанергестің елшісі өзінің Ібіліске емес, Жанға келгенін, оны зұлым патшаның зорлық-зомбылығынан құтқарғысы келетінін айтты.

Ерік оның сөздерін халыққа жеткізуге келісті.

Бірақ қанша уақыт өтсе де, жауап келмеді. Боанергес айтқанынан қайтпай, кернейшіні төртінші рет жіберді. Бұл

жолы оның қатты кернейлеткені³¹ сонша, тұрғындар абыржып, Есту қақпасын бекітіп, қала қабырғасына көтеріле бастады. Боанергес қала басшысымен³² сөйлескісі келетінін айтты. Қаланың сол кездегі басшысы Сенімсіздік еді. Оны көрген Боанергес бәрі еститіндей айғайлап:

– Маған уақытша басшы емес, бұрынғы басшы Парасат керек, менде оған арналған тапсырма бар.

Сонда іске Ібіліс араласты:

– Сен Жанды төртінші рет кернейіңмен мазалап жатырсың. Мұны кімнің атынан істеп жүрсің? Өзіңе не керек?³³

Бірақ Боанергес Ібілістің сұрағын жауапсыз қалдырып, қала тұрғындарына сөзін арнап былай деді:

– Саған айтамын, бейшара Жан. Шаддай Патша мені саған өз еркімен теріс жолдан қайтсын деген тапсырмамен жіберді. Сондай-ақ, сен келіссең, қалалықтарға бауыр ретінде жылы қабақ таныт деп те бұйырды. Алайда қалалықтар қарсыласатын болса, оларды күшпен алу туралы бұйрық берілген.

Содан кейін тұрғындарға таңбасында ашулы тұрған заң кітабы бейнеленген Наным сөйледі:³⁴

– Жан, менің сөздерімді тыңда! Бір кезде кіршіксіздігіңмен атағың шығып еді, ал енді өтіріктің торына түстің. Қолбасшы Боанергестің не айтқанын естідің бе? Өзіңді қатаң түрде жазалай алатын Шаддай Патша ұсынып отырған бейбітшілік шартын мойынсұнып қабылдайтын болсаң, Ол сені кешіріммен қабылдайды. Ал егер өкінудің орнына ақтала бастасаң, өзіңе зиян келтіресің. Өзіңнің зұлым Ібіліске бағынғаныңды қалай түсіндіресің? Шаддай Патшаның заңынан теріс айналып, Ібілістің заңына мойынсұнуыңа не себеп болды? Неліктен қолыңа қару ұстап, заңды Патшаңның сенімді қызметкерлерінің алдында қақпаңды бекітіп қойдың? Ойланып, біздің шартымызды қабыл ал, рақымдылықты кері итерме, керісінше Ібілістің билігінен құтылып шығуға тырыс. Бәлкім, бұл өтірікші бізді өз пайдамызды көздеп жүр деп иландырып қойған шығар, бірақ біліп қой, біз Шаддай патшаның еркін ғана орындаймыз және саған жақсылық тілейміз.

Тағы да айтарым, Жан, сені Шаддайдың мейірімі таңғалдырмай ма? Сен Оны қорласаң да, өз игілігің үшін сенімен келісімге келгісі келеді! Сенің Оған мұқтаж екеніңдей,

Ол да саған мұқтаж дейсің бе? Бірақ Ол мейірімді болғандықтан, Жанның құрып кетпей, Өзіне сенім артқанын қалайды.

Үшінші болып туы алқызыл түсті, таңбасында қыздырылған пештің бейнесі бар Сот³⁵ сөйледі:

– Қымбатты Жанның тұрғындары! Сендер көптен бері Шаддай Патшаның еркін орындамай келесіңдер! Бізге сендерді Оған қайтаруға бұйрық берілді. Шаддайдың күші жеткіліксіз деген өтірікші Ібіліске сенбеңдер! Оның мейірімді есігі әрқашан ашық тұрмайды, өйткені, сот күні таяп қалды. О Жан! Патшаң Оған көрсеткен қорлықтарыңа қарамастан, саған рақымдылық көрсеткісі келеді. Ол саған кешірімнің алтын асасын созып, сенің алдыңда есігін ашып тұр. Оған шынымен кіргің келмей ме? Біліп қой, ол ешқашан қайта ашылмайды. Сот пен үкім Оның қолында. Оған сенім арт. Сен Оның қаһарына лайықсың, ал Оның қаһары қорқынышты. Одан қорық, Жан! Бұдан құтқарылуың үшін ешқандай төлем бере алмайсың. Оны сенің осы дүниелік қазынаң қызықтыра ма? Жоқ! Оған сенің алтының да, күшің де қажет емес. Оған тек сен керексің!

Осы сөздерді естігенде кейбіреулер Ібілістің дір ете қалғанын байқады. Ал Сот сөзін әрі қарай жалғастырды:

– О, бақытсыз Жан, сен шынымен Патшаның елшілеріне жүрегіңнің есігін ашпайсың ба? Өзіңе айтылған үкім орындалатын күні өкініп қаламайсың ба? Айтшы, сен Ібіліс пен оның қызметкерлеріне дайындалған қаһарға толы тостағанды тәтті шараптай іше аласың ба? Кеш болмай тұрғанда ойлан!

Ең соңғы болып төртінші қолбасшы – Жаза сөйледі:³⁶

– Жан, сен мол өнім беруші едің, ал енді мүлде жеміссіз болып қалдың. Бір кезде Шаддай Патшаның қуанышы едің, ал бүгін Өзәзілдің ордасына айналдың. Шаддайдың сөздеріне құлақ тұр. Кез келген жеміссіз ағашты кесіп, отқа тастау үшін айбалта дайын тұр. Сен, Жан, сол жеміс бермейтін ағаштан да жамансың, себебі сен ащы жеміс беріп жатырсың. Сен өз Патшаңа қарсы көтерілдің. Ал біз – жеміс бермейтін ағашты кесетін айбалтамыз. Енді әбден ойлан. Кімге бағынасың? Соққыға ұшырамай тұрғанда өз еркіңмен тәубеңе келесің бе? Біз саған ескерту үшін келдік. Балта дайын тұр, ол соққы бергенше таңдау жасауға тиіссің. Нені таңдайсың? Өз Патшаңа еркіңмен қайтқың келе ме әлде сені күштеп бағындырайық па?

Егер мен балтаны сілтесем, о Жан, сен тамырыңмен бірақ шабыласың. Бейшара Жан! Біліп ал, Патшаның төзімі мәңгілік емес. Бұл сес көрсету де емес, біздің Патшамыз Өзінің уәдесін орындай алатындай күшті. Патшаның сөзіне құлақ аспайтын болсаң, отқа оранатыныға күмән келтірме. Патшаның әскерін қабырғаға әкелген өзіңнің күнәң. Менің бауырларымның не айтқанын естісең де, қақпаны ашпай тұрсың. Шешіміңді айт, Жан. Күнәнің тұтқынында қаласың ба, әлде бейбітшіліктің шартын қабылдайсың ба?

Қала данышпан көсемдердің сөздеріне ден қоюдан бас тартты, дегенмен кейбір сөздер Есту қақпасынан өтіп кетті. Бірақ бұл қақпаны ашуға жеткіліксіз еді. Қалалықтар ойлануға уақыт сұрады. Қолбасшылар тұрғындар Ұйықтатқышты олардың қолына берсе ғана келісетіндерін айтты.

– Өйткені – деді олар, – кез келген игі ниет пен жақсы ойды Ұйықтатқыш улайды да, ешқандай нәтиже болмайды.

Шаддай әскерінің басшыларына Ібілістің өзі жауап бергісі келген еді, алайда ойланып, Сенімсіздікке³⁷ жауап беруді бұйырды.

– Мырзалар! – деп бастады Сенімсіздік. – Сендер қалаға жақындап келіп, шатырларыңды тігіп қойдыңдар. Бірақ, өкінішке орай, сендер біздің патшамыз бен халқымыздың мазасын алып, берекесін қашырып жатырсыңдар. Өздерің қайдан келдіңдер? Біз сендерді білмейміз және білгіміз де келмейді. Сендер Шаддай Патшаның бұйрығы бойынша келдік дейсіңдер, бірақ Оның сендерге мұндай бұйрық беруге қандай құқығы бар? Қала тұрғындарын өз патшасынан бас тартып, сендердің Патшаларыңа бағынуға үгіттеп жатырсыңдар. Онымен қоймай, солай етсе, Шаддай бәрін кешіреді дейсіңдер. Ал қала сендердің насихаттарыңа құлақ түрмейтін болса, қаһарлы жазаға ұшырайды деп қорқытасыңдар. Енді сендерге жауап берейін, ұлы патша Ібіліс те, мен де, шыншыл қала Жан да сендерге сенбейміз. Сендердің ниеттеріңмен де, тіпті сендерді жіберген Әміршілеріңмен де шаруамыз жоқ. Біз Оның билігінен, ұлылығынан, тіпті жазасынан да қорықпаймыз және сендердің ұсыныстарыңа келіспейміз. Бізге соғыс ашамыз деп қорқытасыңдар, бірақ біздің күшіміз жеткілікті. Сендер біз үшін өз Патшаларын тастап үйсіз-күйсіз

қаңғып жүрген тобырысыңдар. Бірақ Жан ондай емес. Біз сендерден қорықпаймыз және сендерге берілмейміз. Біздің халқымыз тыныштықты жақсы көреді, ал сендердің бұл жерде болғандарың бәріміздің есімізді шығарады. Сондықтан, қане, аман-есен тұрғанда табандарыңды жалтыратыңдар!

Осы сәтте князь Ерік³⁸ де Сенімсіздікті қостап былай деді:

– Мырзалар! Сендердің ұсыныстарыңды және қоқан-лоққыларыңды тыңдадық. Біз сендерден қорқады деп ойла-саңдар, қатты қателесесіңдер. Үш күннің ішінде табандарыңды жалтыратыңдар. Олай етпесеңдер, біздің патшамыз – арыс-тандай айбатты Ібілістің мазасын алудың не екенін көресіңдер.

Шежіреші Жамандық³⁹ та сөзге өз үлесін қосып былай деді:

– Мырзалар! Біздің көсемдеріміздің сендерге қаншалықты сыпайы жауап бергендерін көрдіңдер ғой. Олар сендерге қоршауды доғаруды өтінді, әйтпесе біздің қаруларымыздың күшін әлдеқашан сезінген болар едіңдер. Алайда, біз тыныштықты сүйетін халық болғандықтан, сендерге жамандық жасағымыз келмейді.

Көсемдерінің осындай жауаптарын естіген халық шаттыққа бөленді. Қоңыраулар сыңғырлап, әндер де шырқалып жатты.

Ібіліс қамалға оралды, ал князь Ерік Есту қақпасындағы күзетті одан сайын күшейтіп, оған екі құлып ілді. Үнемі бәріне наразы болып жүретін, кез келген ойды бұрыс түсінетін Теріс пікір⁴⁰ атты шал күзетшілікке тағайындалды. Оның қол астына қаланың керең адамдарынан тұратын топ берілді.

Осынша арсыз жауаптарды естіген Шаддай Патшаның көсемдері қаланы күшпен алуға дайындала бастады. Негізгі күш Есту қақпасына шоғырландырылды, өйткені олардың сөздері қалалықтарға тек осы қақпа арқылы ғана жетуі мүмкін. Шабуылшылар: «Сіздер көктен туылуға тиіссіздер»,⁴¹ – деген құпия сөздерін айтып, жақындай берді. Кернейдің даусы естіліп, шайқас басталып кетті.

Қала тұрғындары Есту қақпасының мұнарасына екі үлкен зеңбіректі сүйреп шығарды, біреуінің аты Тәкаппарлық, ал екіншісі — Қырсықтық.⁴² Жан осы екі қаруға үлкен үміт артты. Зеңбіректерді Лепірме атты құюшы Ібілістің сарайында жасаған болатын. Олар өте сұсты еді. Алайда, Шаддай Патшаның

көсемдері өте сақ болғандықтан, зеңбірек оқтары олардың құлақтарының түбінен ысқыра ұшып жатса да, ешкімге тимеді.

Шаддай сарбаздары батыл шайқасты. Олардың негізгі күштері Есту қақпасына шоғырландырылды. Қолбасшылар ең алдымен осы қақпаларды еріту керек деп шешті. Олар сол жерге тарандар мен басқа ұрыс қаруларын әкелді. Шайқас өте ауыр болды, алайда қала да оңай беріспеді. Ібілістің жанкешті күресі, князь Еріктің жаужүректігі, Сенімсіздік пен Ластағыштың батыл әрекеттерінің кесірінен шабуыл жеңіс әкелмеді. Қоршау ұрысы жаз бойы созылды, бірақ Жанды алу мүмкін болмады. Қыс келгенде Шаддайдың әскері қысқы тұрағына қайтып оралды.

Сонда болған әскери қақтығыстардың бірнешеуін сипаттайық. Шаддайдың көсемдері Жан қаласына жақындап келгенде, өздерін әскер қатарына жазуды өтінген үш жас жігітті⁴³ кездестірді. Олардың есімдері: Аңыз,⁴⁴ Адами даналық⁴⁵ және Адами қиял.⁴⁶ Олар сырт көзге ержүрек болып көрінді. Жігіттердің өтініштерін тыңдаған соң көсемдер оларға тағы жақсылап ойлануға кеңес беріп, өз ниеттерін де анық білдірді. Жігіттер жауап ретінде шешімдеріне берік екендіктерін және олардан еш тайынбайтындарын айтты. Сонда Боанергес келісіп, оларды өз сарбаздарының қатарына қосты. Бір жолғы шайқаста Еріктің әскері қақпадан шығып, Боанергестің адамдарына тап берді. Шабуылға ұшырағандардың ішінде осы үш жас жігіт те бар еді. Жау оларды тұтқындап, қалаға алып кетті. Бұл хабар бүкіл қаланы шарлап, Ібіліске жетті. Ібіліс оларды өз алдына алып келуді бұйырып, олардың кім екендерін, қайдан келгендерін, Шаддайдың әскерінің арасында не істеп жүргендерін сұрастыра бастады. Жауапты тыңдаған соң Ібіліс оларға өзіне қызмет етуі, яғни өздерінің бұрынғы патшалары – Шаддайға қарсы соғысуды ұсынды. Жас жігіттер үшін өмірдегі басты нәрсе сенім емес, бақыт пен тағдыр болғандықтан бәріне келісетіндіктерін және қамалдағыларға қуанышпен қосылатындарын айтты. Ібілістің Немқұрайлылық⁴⁷ атты сенімді әрі адал қызметкері бар еді. Ол жас жігіттерді соған жіберіп, қолдарына мынадай мазмұндағы хат жазып берді:

«Менің айбынды қолбасшым! Өзіңе осы қағазды апарған жігіттер біздің әскеріміздің қатарына өзеріктерімен қосылғылары келеді. Сен менің ең жақсы қолбасшым болғанықтан, оларды саған жіберіп отырмын. Жігіттерді өз қарамағыңа ал».

Немқұрайдылық бұйрықты орындап, Адами қиял атты бозбаланы өзінің ту көтерушісі етіп қойды.

Алайда Шаддай Патшаның әскері жеңілістен көз аспады деуге болмайды.⁴⁸ Оларға қалалық басқарма ғимаратының жоғарғы бөлігін қиратудың сәті түсті. Сол кезде Сенімсіздіктің шынайы болмысы көрініп қалды. Князь Ерік ажалдан әрең аман қалды, ал оның қатарындағы алты сарбаз: Антішкіш, Азғындық, Ашу, Өтірік, Маскүнем мен Сатқын бірден қаза тапты. Шабуылдаушылар екі зеңбіректі де істен шығарды.

Шаддай Патшаның даңқын арттырған әскері қысқы тұрағынан да адасқан қалалықтарды ақылға салып отырды. Жанның тұрғындары бұрынғыдай емін-еркін азғындыққа беріле алмайтын болды. Тек Жатыпішерлер ғана жын-ойнақ жасауды доғармады, ал кернейдің үрейлі үні естілген кезде бәрі абдырап қалатын. Қыстың ұзақ түнінің тыныштығын керней үні жиі бұзатын, кейде қала қабырғасына сақпаннан атылған оқ ұшып кіретін. Қаланы қоршауға алғандардың әскери қиқулары да жиі естілетін. Кейде жараланған тұрғындардың жантүршігерлік айғайы тұрғындарды тік тұрғызатын. Қалалықтар үнемі қорқынышта өмір сүріп жатты. Тіпті Ібілістің де ұйқысы қашты.

Қалалықтардың басына неше түрлі ойлар келе бастады. Кейбіреулері бұлай өмір сүру мүмкін еместігін айтты. Басқалары мұның бәрі жақында аяқталады деп мәлімдеді. Үшіншілері бәрін тоқтату үшін Шаддай Патшаға баруды ұсынды. Төртіншілері Патшаның өздерін кешіретініне күмәнданды.

Кәрі шежіреші Ар-ұждан қатты айқайлап, қайтадан Жанға ақыл айта бастады. Оның сөздері күннің күркіріндей естілді.

Қалада жоқшылық етек жайды, көңіл көтеруге деген құштарлық азайып, тұрғындардың жүздерінен шаршаңқылық байқалды. Жанның тұрғындары тыныштық пен баршылықты аңсады.

Жанға қырсық шал Сенімсіздік пен князь Ерік кедергі жасамағанда, олар Жеңімпаз Билеушіге қайтып оралар еді. Ал қалалықтардың толқығанын көрген Ібіліс ашудан түтігіп кетті. Қаланы үрей мен абыржу басты. Шаддай Патшаның көсемдері

қыс ортасында Жанға тағы да үш рет үндеу хат жолдауға шешім қабылдады.⁴⁹

Үндеуді қалаға жеткізу Боанергестің кернейшісі Мұқият тыңдаушыға міндеттелді.

Бірінші үндеуде Шаддайдың әскері қала тұрғындарын аяп, бағынбаған жағдайда олармен не болатынын ойлап жоқтау айтып жатқандарын хабарлады. Қала тәубесіне келсе, Шаддай оларға мейірімділік көрсететінін айтты. Сондықтан кеш болып, мәңгілік азапқа душар болмай тұрғанда өздерінің айтқандарына көнуді сұрады.

Кернейші кернейін екінші рет қаттырақ тартты. Бұл жолы тұрғындардың Шаддай елшілеріне қақпаны ашудан бас тартуы, олардың әскери намыстарын қоздыратыны жария етілді. Көсемдер Жанды бағындыру үшін қолдарынан келгенді істейтіндерін, тіпті қала қабырғасының түбінде өлуге дайын екендіктерін хабарлады.

Үшінші рет керней дауысы одан да қатты шықты. Соңғы жолдау өте қысқа болды: оларға қақпаны дереу ашпаса, Шаддайдың қаһарына қалатындарын жеткізді.

Бұл үш ескерту қаланы қатты үркітті. Тұрғындар өзара кеңескеннен кейін князь Ерік Есту қақпасына барып, Шаддай әскерімен бітімге келетіні туралы керней үнімен хабарлады. Патша көсемдері әрқайсысы он мың әскерімен бірге қабырғаға жақындады. Ерік олардың үндеулері қала тұрғындарына жеткенін айтып, өз тарапынан қоятын шарттарын мәлімдеді.

Біріншіден, олардың ақсақалдары – шежіреші Жамандық пен қала басшысы Сенімсіздік өз орындарында қалуы тиіс.

Екіншіден, Ібілістің қол астындағы қызметкерлерінің ешқайсысы жұмыстан шығарылмауы керек.

Үшіншіден, қала тұрғындарына Ібіліс патша берген құқықтар мен артықшылықтарды сақтап қалуға рұқсат етілуі керек.

Төртіншіден, ешбір заң қалалықтардың келісімінсіз қабылданбау керек.

Олар осындай шарттар орындалған жағдайда Шаддай патшаға бағынуға дайын екендіктерін айтты.

Көсемдер мұндай арсыз талаптарды естігенде, Боанергестің елшісі арқылы былай деп жауап берді:

– Қайран, бақытсыз Жан қаласының тұрғындары! Сендердің кернейлеріңнің үнін естігенде, қуанып қалып едік.

Алайда ақылсыз шарттарың мен алдамшы ұсыныстарыңды естігенде қуанышым су сепкендей басылды. Сендердің хабарларыңа қуанудың орнына жүрегіме қорқыныш ұялады: сендер өздеріңді опат қылғалы тұрсыңдар. Бұл шарттарды Жанның ескі жауы ойлап тапқан болуы керек. Біз олардан бас тартамыз. Бірақ тағы да қайталаймыз, егер өз еріктеріңмен біздің Патшамыздың билігіне мойынсұнсаңдар, Ол сендерге өздерің елестетіп көрмеген құқықтар мен артықшылықтарды сыйлайды. Ал егер онымен келіспесеңдер, онда қатал әрекетке көшеміз.

Сонда Сенімсіздік бар даусымен айғайлап былай деді:

– Қандай ақымақ жеңілмеген жауының алдында семсерін тастауға келіседі? Біз сендердің Патшаларыңды білмейді деп пе едіңдер? Кейбіреулер Оның қол астындағыларына Өз еркін сәл бұзғаны үшін ашуланатынын айтады. Басқалары Ол тым көп нәрсені талап етеді дейді. Ал егер Жан өзінде бардан айырылса, бостандығын ешқашан қайтарып ала алмайды. Шаддайдың билігіне өз еркімен берілу ақымақтық болар еді. Патшаның кімді жазалайтынын кім білсін? Бүкіл тұрғындарды жойып жіберсе қайтеміз?

Сенімсіздіктің бұл сөздері келісімге нүкте қойды. Сөйтіп, Шаддай патшаның көсемдері өздерінің қысқы тұрақтарына, ал Сенімсіздік өз мырзасының қамалына қайтты.

Ібіліс одан болған жайтты сөзбе-сөз айтып беруін талап етті. Содан соң сенімді қызметкерін құшақтап, оған былай деді:

– Саған уәде беремін, осы жағдайдан аман шықсақ, сенің шеніңді жоғарылатамын. Сені өзімнің орынбасарым етіп тағайындаймын, сонда мен сияқты бүкіл әлемге билік ететін боласың. Барлығы сенің еркіңе бағынатын болады.

Мұны естіген қала басшысы қуанып, Ібілістің сарайынан оның берген уәделерінің орындалуына деген нық сеніммен шықты.

Сол аралықта қала басшысы Сенімсіздіктің Шаддай Патшамен келісім жасаудан мүлде бас тартқанын естіген қала тұрғындары қатты толқи бастады. Сенімсіздік Ібіліспен әңгімелесіп жатқанда, қаланың бұрынғы басшысы Парасат

пен шежіреші Ар-ұждан тұрғындарды елшілердің ұсынысын қабылдауға үгіттеп жатты:

– Шаддай Патшаның сөздеріне соншалықты немқұрайды қарауға бола ма? Ол бізге рақымдылық жасағысы келеді, ал біз Оған сенбейміз.

Мұны естіген қалалықтардың мазасы кетті. Халық бар даусымен Ібіліске наразылық білдіріп, Шаддай мен Оның қолбасшыларын шақыра бастады. Сенімсіздікке бұл туралы хабар жеткен кезде, ол бүлікті тоқтату үшін сол жерге барды. Алайда тобыр қатты ашулы еді. Ол халықтан қорқып үйіне тығылды.

Халық ызаланып, оның үйін қоршап алып, талқандай бастады. Бірақ ғимараттың қабырғалары мықты болғандықтан, бұдан еш нәтиже шықпады.⁵⁰ Сенімсіздік бар күшін жиып, терезеден басын шығарып, бүлікшілерден:

– Неге сонша шулап жатырсыңдар? – деп сұрады.

– Сендер әміршің екеуің бұрыс шешім шығардыңдар. Шаддай патшаның қолбасшыларының ұсынысын қабылдамай, ақымақтық жасадыңдар, – деп жауап берді Парасат. – Біріншіден, сендер не мені не Ар-ұжданды кеңеске қатыстырмадыңдар. Екіншіден, сен олар қабылдай алмайтындай шарттар ойлап таптың. Үшіншіден, Шаддай Патшаның рақымдылық туралы шарттарына берген жауабыңмен сен Онымен келісімге келу мүмкіндігін мүлде жойып жібердің.

Бұл сөздерді естіген Сенімсіздік:

– Сатқындық! Мынау деген барып тұрған сатқындық қой! Қайдасыңдар, Ібілістің сенімді қызметкерлері? Қаруларыңды асыныңдар! – деп айқай салды.

– Мені қалай түсінсең де өзің біл. Ал мен Шаддай сияқты ұлы Патшаның елшілерімен келісемін – деді Парасат.

– Мен өз патшама берген антыма берікпін, ал сендер халықты бүлікке шақырып тұрсыңдар, – деді мұны естіген Сенімсіздік.

Осы жерде әңгімеге Ар-ұждан араласты:

– Парасаттың айтып тұрғаны – нағыз шындық. Сен – Жанның дұшпанысың. Сенің сөздерің қаланы ойсыратып, Шаддай Патшаның қолбасшыларын қорлады, енді осының бәрі бізге қарсы айғақ болады. Әлгі шартты қабылдағанда

құтқарылар едік, бірақ енді сенің кесіріңнен басымызға қауіп төніп тұр.

– Мен дереу Ібіліске бәрін баяндап беремін! – деп айқайлады Сенімсіздік.

– Патшаң да, сен де – жат жерліксіңдер, – деді Парасат. Өздеріңнің қара басыңды құтқару үшін бізді сатып жіберместеріңе кім кепіл? Қалаға өрт қойып, бізді тағдыр талқысына тастап қашып кетсеңдер қайтеміз?

– Өміршілерің Ібілістің алдында мойынсұнғандарың қайда? – деп жалғады Сенімсіздік. – Әлі көресіңдер, бағынбағандарың үшін ол сендерді жазалаудың амалын табады!

Осылай сөз таластырып жатқан кезде князь Ерік, күзетші Теріспікір мен Ұйықтатқыш шешен келіп, ұрыс-керістің себебін білгілері келді. Жиналғандардың шуынан еш нәрсе түсіну мүмкін болмады. Бірақ бәріне үнсіздік сақтауға бұйрық берілді де, кәрі түлкі Сенімсіздік жиналғандарға:

– Парасат пен Ар-ұждан – біздің патшамызға қарсы шықан бүлікшілер.

Тобыр екіге бөлінді: біреулері Ар-ұжданды жақтаса, біреулері Сенімсіздікті қолдады. Сенімсіздіктің жақтаушылары Парасат пен Ар-ұжданды түрмеге жабуды талап етті, ал Ар-ұжданның жақтастары бұған жол бермейтіндерін, өйткені Шаддай Патшаны өз Патшалары деп мойындап, Оның заңына ғана бағынатынын айтып айғайласты. Бұған олар жауап ретінде Ібілістің басқа патшалардың бәрінен жоғары екенін жариялады. Дау-жанжал, бірнеше сағатқа созылып, соңы төбелеспен аяқталды. Ар-ұждан қария екі рет аяғынан шалынып құлады, ал Парасат оққа ұша жаздап, бақытына орай, аман қалды. Ұйықтатқыш басынан жараланды, Теріспікір қария да жерге ұшып түсті. Оны Немқұрайдылық – Ібілістің сүйіктісі қолдаған еді, алайда екі жақтың ешқайсысы да оған сенбеді. Бір сөзбен айтқанда, қарсыластар шығынға ұшырады. Тек князь ғана ешкімге қосылмай, бәріне салқынқанды қарап тұрды, дегенмен үсті-басы сатпақ Теріспікір мен аяғы сынған Немқұрайдылықты көргенде, аздап жымыды.

Халық тынышталған кезде,⁵¹ Ібіліс тәртіпсіздіктің негізгі бастамашылары ретінде Парасат пен Ар-ұжданды түрмеге қамауға бұйырды. Қала өмірі қайтадан бұрынғы қалпына түсті.

Тұтқындарға қатал қарағандықтан, олардың өмірлеріне үнемі қауіп төніп тұрды.

Енді Шаддай әскерінің қолбасшыларына оралайық. Өз тұрақтарына қайта келіп, әскери кеңес ашты. Кейбіреулері қаланы шайқаспен алу керек деді. Көпшілігі соңғы рет ескертуді жөн көрді, себебі Жанның толқуы оның ақылға келуінен үміт күттірді. Бәлкім, тұрғындардың кейбіреулері берілуді қалауы мүмкін, ал егер олардан бас тартса, онда жаудың тұрағына өтуге мәжбүр болады.

Сөйтіп, кернейшіні тағы да Есту қақпасына жіберуге келісті. Қала тұрғындарының құлақтарына мына сөздер жетті:

– О, тәкаппар, әрі бейшара Жан! Сен әлі де өз күнәкар қалпыңда қалмақсың ба? Қашанғы Шаддай Патшаның бейбітшілік туралы ұсынысынан бас тартып, Ібілістің өтірік уәделеріне сенім арта бермексің? Өзіңнің өктем сөзіңмен Билеуші Шаддайды қорқытам деп ойлайсың ба? Ол саған теріс жолдан қайтуды қорыққаннан айтып отыр ма? Немесе өзіңді Одан күштімін деп ойлайсың ба? Сен көкке қарап, жұлдыздардың қаншалықты жырақта екеніне көз салшы. Өзің Күнді тоқтата немесе түнде Айға жарқырауға кедергі жасай аласың ба? Жұлдыздарды санап немесе жаңбырды тоқтата аласың ба? Бұған тек біздің Патшамыз ғана қабілетті. Оның билігін мойындауға көндіру үшін Патшаның атынан келіп отырмыз. Енді саған Оның атынан жіберген елшілеріне берілуіңді талап етеміз.

Бұл сөздерден тұрғындардың есі шықты. Осы сәтте Ібіліс шығып, үнсіздікті пайдаланып, оларға былай деді:

– Сенімді қызметкерлерім, Шаддай патша сендерге үрей мен қорқыныштан басқа ештеңе бере алмайды. Сендерді Өзінің құлына айналдырғысы келеді. Сендер дүниеде құдіреттілік бар дегенге шынында сенесіңдер ме? Мен сендердің патшаларыңмын, бірақ өздеріңмен теңмін, менің алдымда дірілдеп тұруларыңның еш қажеті жоқ. Естеріңе түсіріңдер, бұл теңдікті сендерге мен тегін сыйлағанмын. Егер кернейшінің айтып тұрған сөздері рас болса, бұл әлемнің сенен басқа тұрғындарының бәрі Оның құлдығында. Яғни, сол адамдардан бақытсыз, сорлы ешкім жоқ. Жан, өзің ойланшы, менің сенімен

ешқашан айырылысым келмейді. Сен еркінсің, жақсы патшаң да бар, тек оны сүйіп бағалай біл!

Осы сөздерден кейін қала қайтадан Шаддай патшаға тісін қайрап шыға келді. Оның ұлылығы мен киелілігі туралы туралы ой оларды қатты үрейлендірді. Сондықтан кеңесе келе, олар кернейшіге Ібілістің жағында қалуға нық шешім қабылдап, Шаддайға берілмейтіндерін айтты. Сондықтан алдағы уақытта оларға бейбітшілік туралы ұсыныс жасаудың еш қажеті жоқ, өйткені оларға шегінгеннен гөрі өлгендері артық боп көрінді.

Сонымен, үміттері үзіліп, Жанды құтқаратын басқа жол қалмағандай көрінді. Алайда Патшасының құдіретін білетін Шаддайдың көсемдері өздерін жеңілдік деп мойындаудан бас тартты. Жақын арада олар қалаға жаңа шақыру жіберді, бірақ қаладағылар күнәға табандап тұрудан әлі бас тартқан жоқ.

IV-тарау

ИМАНУИЛ

Патша көсемдері енді үндеу жазбауға, Шаддай патшаның билігіне бағындыруға енді тырыспаймыз деп ұйғарды. Олар әрқайсысы өз пікірлерін айтып, кеңес құрды.⁵² Ең соңында Наным көсем былай деп қорытындылады:

– Достар! Біріншіден, бізге қаланы үздіксіз үрейлендіру үшін, сақпанымыздан оқ атып тұруымыз керек. Бұл Ібілістің өз билігін бұдан да қатайтуына кедергі келтіреді.

Екіншіден, біз Шаддай Патшаға қаланың қасарысып тұрғанын хабарлауымыз керек. Одан өзіміздің сәтсіздігімізді кешіруін өтініп, бізге нанымның үлкен күшін жіберуін сұрайық. Одан біздің ұмтылысымыз босқа кетпес үшін және Патшаның даңқына бола қаланы тез жаулап алуымыз үшін көмекке дана қолбасшысы бар әскер сұрағанымыз жөн.

Барлығы оны бір ауыздан қолдап, Шаддай Патшаға былай деп өтініш жіберді:⁵³

«Шексіз мейірімді және даңқты Патшамыз, Жанның Билеушісі әрі Жаратушысы! Сенің бұйрығың бойынша біз Ібіліспен жан аямай күрестік. Жанды Сенің билігіңе бағынуға

көндіру үшін қолдан келгеннің бәрін істедік, бірақ не тәлім, не рақымдылықтың уәдесі, не қорқыту мен қоршаудың қарулары табысқа жеткізбеді. Қаладағы бүлік пен көтерілістің бастаушылары – Ібіліс, Сенімсіздік және Ерік. О, құдіретті патшалардың Патшасы! Біздің сәтсіздігімізді кешіре гөр, Жанды бағындыру үшін бізге күш-қуат пен зор қабілет сыйлай гөр. Жан Сені бар жүрегімен қайта жақсы көріп, Сенің рақымыңнан түпкілікті айырылып қалудан қорқу үшін, бізге Сенің даңқыңа бола қалай әрекет ету керектігін де үйрететін ұлы қолбасшы жібере гөр. Аумин!»

Бұл жолдау Патшаға Сүйіспеншілік атты шабарман арқылы жіберілді.⁵⁴

Ол оны Патшаның Ұлына⁵⁵ тапсырды. Ұлы жазылғанды оқып, бірнеше жерден белгі қойып, Шаддайға берді.

Қайырымды Патша бұл өтінішке қуанды, әрі оны Жан туралы алаңдаушылықпен және сүйіспеншілікпен айтқан Ұлы әкеліп берді. Сонда Шаддай Имануилге былай деді:

– Сүйікті Ұлым Менің! Сен Жанның тап болған жағдайын және оны ақылға келтіру үшін қандай шаралар қолданылғанын да білесің. Сонымен, Жанды азат етуге Өзің дайындал. Жауды жеңіп, қаланы қайтарып әкел.

Имануил былай деп жауап берді:

– «Мен Сенің еркінді орындағым келеді... және Сенің заңың Менің жүрегімде». Бұл күнді Мен көптен бері аңсап күткен едім. Маған Өз даналығыңмен қажетті деп тапқан күшінді сыйлай гөр, сонда Мен Жанды Ібіліс пен оның зұлым билігінен құтқарып аламын. Менің жүрегім бақытсыз Жанды ойлап қатты ауырып еді, ал қазір ол үмітке толды. Жанды Ібілістің билігінен құтқаруға Сенің Мені таңдап алғаныңа дән ризамын. Жанды өзіне бағындырып алған және оны күнәға батырғаннан кегінді қайтарамын, ал өзін Сенің қол астыңа қайтарып әкелемін.

Осы сөздердің Имануилдің аузынан шығуы мұң-ақ екен, Оның Бас қолбасшы ретінде тағайындалуы төңірекке тарап кетті, көп адамдар Оның қоластына жазылуды өздеріне құрмет деп есептеді.

Шабарман Шаддайдың Имануилді жақын арада сансыз көп, жеңімпаз әскермен жіберетіні туралы шешімді хабарлады. Көсемдер бұл хабарды сөзбен айтып жеткізгісіз қуанышпен

қарсы алды. Бүкіл ғалам шаттанып жатқандай көрінді.⁵⁶ Ал бұдан Ібіліс қатты шошыды.

Жанның тұрғындарының бұл уақытта күнәға қатты батқаны сонша, бұл хабар бір құлақтарынан кіріп, екінші құлақтарынан шығып жатты. Ібіліс өз барлаушылары арқылы Шаддай Патшаның сарайында болып жатқандардың бәрін біліп отырды. Өзі жарық дүниеде Имануилден басқа ешкімнен қорықпайтын, өйткені Оның күші қандай екенін жақсы білетін.

Имануил белгіленген уақытта әскерін бастап, Өзімен бірге тағы да бес көсемді ертіп алып, жолға шықты.

Олардың біріншісі әрі атақтысы – Сенім⁵⁷ көсем еді, оның әскерінің туы қызыл, ал ту көтерушісі – Уәде. Оның таңбасында ақ тоқты мен алтын қалқан бейнеленген болатын. Сенімнің қоластында он мың жауынгер болды.

Екіншісі – Үміт – атағы одан кем түспейтін.⁵⁸ Оның туы көгілдір түсті, туды нөкері Қуту көтеріп жүрді. Ал таңбасында үш алтын зәкірдің суреті жарқырап тұрды. Оныңда қоластында да он мың әскер болды.

Үшіншісі – ержүрек көсем Сүйіспеншілік еді.⁵⁹ Әскердің туы жасыл түсті, ал ту көтерушінің есімі – Мейірімділік болатын. Оның таңбасында жүрек пен оған жабысып тұрған жалаңаш үш жетім баланың суреті бейнеленген. Ал қармағында он мың әскері болды.

Төртінші көсем – Күнәсіздік еді.⁶⁰ Әскердің туы ақ түсті, ал таңбасында үш алтын көгершін бейнесі жарқырап тұрды. Ту көтерушінің есімі Ақпейіл еді.

Бесінші көсем – Шыдамдылық.⁶¹ Оның Төзімділік атты ту көтерушісі қара түсті туды көтеріп жүрді, ал таңбасында алтын жүректі тесіп өткен үш жебе бейнеленген еді.

Сенім көсем өзінің әскерімен алдыңғы қатарда келеді, ал олардың алдындағы күймеде Имануилдің Өзі жүрді. Оның қаруы таза алтыннан жасалған, күнге шағылысып жарқырап тұр. Оның көсемдерінің қару-жарақтары көктегі жұлдыздай жылтылдады. Қамал бұзғыш тарандар, сақпандар, зеңбіректер⁶² – мұның бәрі Жанды жаудан құтқаруға қажетті қару-жарақтар еді.

Олар қалаға жақындап келіп, Жанның қабырғасының қасына тұрақ жасап орналасты. Шабуылдары сәтсіз болған

Шаддай әскерінің төрт көсемі де жағдайды баяндау үшін Бас қолбасшы Имануилге келді. Көсемдер кеңесі екі әскерді біріктіруге шешім қабылдады. Ардагерлер өздеріне күшті қолдың келгенін көргенде, оларды шаттықпен қарсы алды, ал Ібіліс жанын шүберекке түйіп, қатты қорықты. Қала өзінің жағдайы шарасыздықта екенін көрсін деп, Имануил қаланы жан-жағынан қоршауға алуды бұйырды.⁶³ Қаланың маңына екі үлкен тау үйілді: Мейірім тауы – оң жақта және Әділсот тауы – сол жақта. Сонымен қатар, тас атқыш қарулардан құрылған Шындық үйіндісі – Күнәсіздік деген бекет те салынды. Есту қақпасына да төбешік жасалды.

Жан тұрғындары айнала қоршауға алған қаруларды, құрылыстар мен орасан көп әскерді көргенде, егер жеңіліске ұшыраса, өздерін не күтіп тұрғанын жақсы ұғынды.

Содан кейін Имануил Мейірім тауында қойылған қарулар арасына ақ туды⁶⁴ көтеріп қоюды бұйырды. Осы арқылы Ол Жанға, біріншіден, егер олар теріс жолдан қайтса, мейірімін төгетінін, екіншіден, күш қолдануға тура келсе, бұған олардың қырсықтықтары кінәлі екенін түсіндіргісі келді.

Міне, үш алтын көгершін бейнесі бар ақ байрақ тұрғындарға өз жағдайлары туралы ойланып, теріс жолдан бас тартуларына мүмкіндік беріп, екі күн бойы желбіреп тұрды. Алайда тұрғындар оған аса назар аудармады тіпті Имануилге жауап та бермеді.

Сол кезде Әділсот тауында Оның бұйрығы бойынша ал қызыл ту⁶⁵ ілінді. Онда қыздырылған пештің суреті бейнеленген. Сот атты көсемнің басшылығындағы әскердің бұл туы да қала қабырғасының алдында бірнеше күн бойы желбіреп тұрды. Бірақ тұрғындар оған да еш көңіл бөлмеді.

Ақырында Имануил Боанергестің басшылығындағы әскердің туын – қара туды ілуді бұйырды. Бұл әскердің таңбасында жарқыраған үш найзағай⁶⁶ бейнесі бар. Алайда бұларда қала тұрғындарын ойлануға мәжбүр ете алмады.

Имануил не мейірімнің, не соттың қаһарының Жанды қозғай алмайтынына көз жеткізген кезде, қатты ашуланып, былай деді:

– Қала тұрғындарының осыншалықты түйсіксіз қылықтары бізге деген жеккөрушіліктен емес, әскери келісімдерді жүргізудегі тәжірибесіздіктен болса керек, сол себепті егер қалаға қарсы Мен Өзімнің жауым Ібіліске соғыс

ашатын болсам, онда қаланы не күтіп тұрғанын тағы да түсіндіруім керек.

Міне, сөйтіп Ол қала тұрғындарына ілінген жалаулардың мағынасын түсіндіру үшін, Өзінің қызметкерлерін жіберді. Одан басқа, Жанға қосымша ұсыныс та жасалды – ол рақым мен мейірім, не сот пен жаза. Қала қақпалары сол уақытта берік бекітіліп, қарауыл күшейтілген болатын. Ібіліс бар күшімен қалада әскери рухты ұстап тұруға тырысып бақты.

Қала тұрғындары Имануилдің елшілеріне былай жауап берді:

– Ұлы Көсем! Сен Өзіңнің шабармандарыңды бізге таңдау ұсынысымен жібердің: біз Сенің мейіріміңді немесе сотқа түсуді қалауымыз керек. Өз заңымыз бойынша, біз патшамыздың еркінсіз жауап бере алмаймыз, өйткені өзіміз не соғыс жариялауға, не бейбіт келісім жасауға құқығымыз жоқ. Бірақ біз одан Саған жауап беруін өтінеміз.

Имануил осы сөздерді естіген сәтте, олар үшін қабырғасы қайысты. Ол Құдайдың жаратқанының Ібілістің қандай терең шырмауында отырғанын түсінді.

Сол екі арада тұрғындар патшаға барып, өз өтініштерін білдірді. Ібіліс алғашында барудан бас тартып, оларға берілмеуге бұйырды, бірақ іштей біраз сескеніп, Имануилмен кездесуден бас тартты.

Дегенмен, тез арада өзі қарсыласпен тілдесуге баратынын жариялап, Ауыз қақпасының алдына келіп, былай деді:

– О, ұлы Имануил! Бүкіл әлемнің Әміршісі! Сенің ұлы Шаддайдың Ұлы екеніңді білем! Сен не үшін мені өзімнің меншігімнен қууға келдің? Жанның маған тиесілі екенін Өзің де білесің. Біріншіден, мен оны бағындырдым. Олжаны жеңімпаздан тартып ала ма екен? Екіншіден, Жанның менікі болатын себебі, ол өзі маған бағынуды қалады. Ол маған қақпаны өзі ашты және адал болам деп ант ішті. Мені патша етіп ашық мойындады. Ол маған өзінің заңғар биік қамалын беріп, барлық әскери күшін де тапсырды.

Онымен қоймай, қала Сенен өз еркімен бас тартты. Ол Сенің заңыңның күшін жойды, бейнеңді де лақтырып тастады. Сенен және Сенікінің барлығынан бас тартты. Оның орнына ол менің заңымды қабылдады, менің бейнемді ілді, менің атымды

және менікілердің барлығын мойындады. Өзіңнің көсемдерің көргендей, сынақтарда Жан маған деген өзінің сенімділігін, сүйіспеншілігін және адалдығын дәлелдеді. Саған тек жек көруі мен ашуын ғана білдірді. Сен Киелісің, Әділсің әрі қателік істемейсің. Сондықтан Сенен өтініп сұраймын: менен аулақ кет және маған тиесілі олжамды өзіме қалдыр.

Бұл сөзді Ібіліс тек арнаулылар ғана түсінетін бөтен бір тілде айтты. Ал Жанның тұрғындары болса, оның бірде-бір сөзін ұқпады. Олар Имануилдің алдында Ібілістің қаншалықты төмендегенін де білмеді. Олар оны барлық уақытта шексіз билік пен күшке ие деп ойлап келген еді. Ол өзі бағындырып алған қалада тұруға рұқсат сұрап, оған жүргізіп тұрған биліктен айырмауды өтініп жатқан кезде, тұрғындар: «Біздің патшамызбен кім соғысқа түсе алар екен?» – деп оның қайраттылығына тамсана даурықты.

Жалған патша сөзін аяқтаған кезде, Имануил оның алдында Өзінің бүкіл Құдіретті ұлылығымен тұрып былай деді:⁶⁷

– Алдамшы рух! Менің Әкемнің атынан, Менің Өзімнен және бақытсыз Жанның пайдасы үшін Менің саған айтарым мынау: сен оны иеленуге деген өзіңнің құқығыңды, ол аз болғандай заңды құқығыңның да барын айтып жатырсың. Сенің қала қақпасына өтірік айтып, арсыздықпен кіріп алғаныңды бәрі де біледі. Сен Менің Әкемді, Оның заңдарын жамандап, Жанды алдап соқтың. Сені тұрғындар патша, әмірші әрі заңды әміршісі деп мойындады дейсің, бірақ соны да айлакерлікпен іске асырғаныңды білемін. Егер өтірік, зұлымдық пен екіжүзділік өзің сотталатын Менің Әкемнің сарайында жүрген болса, Мен сені Жанның заңды әміршісі деп білер едім. Алайда бұл солай емес! Бұл – жыртқыштық жаулау. Мен сенің сөздеріңнің бірі де дұрыс емес екенін дәлелдей аламын. Сен Менің Әкемді ғайбаттадың Оны өтірікші етіп көрсеттің. Ал Оның заңын саналы түрде бұрмалағаныңа қалай жауап бересің? Сенің Жанды тазалығынан айыруға құқығың бар ма еді? Өз тәжірибеңнен білетініңдей, ол өзінің қиқарлығымен өз жолын мәңгілік өмірге жабатынын біле тұра, сен оған Патшаның заңын аяқ-асты еткені үшін барлық игіліктерді уәде етіп, сатып алған жоқ па едің? Әкемнің суреттерін құртып, өзіңнің сурттеріңмен алмастыруға қалай батылың барды, пасық

азғырушы. Жанның тұрғындары өздерінің заңды Патшасына қайтып оралуды ойлай да алмаулары үшін күнәға белшесінен батырып, Патшаның елшілерінің сөздерін бұрмалап, оларды қарсы қойдың. Мен саған Жанға жасаған жамандығыңның және Әкемнің киелі Есімін қорлауға мәжбүр еткеніңнің қарымтасын өзіңе қайтарайын деп келдім. Сен, тозақ пен түнектің әміршісі, сенен барлығы үшін есеп беруіңді талап етемін. Маған келер болсақ, Ібіліс, Мен сенің қолыңнан Жанды заңды билікпен тартып аламын, ол – Менікі!

Жан – Менің Әкемнің жаратқаны, ол Оған ғана тиесілі. Бұған қарама-қайшыны тек Суайттың ғана айтуға батылы барады. Жанды Әкем Өзінің Жалғыз Ұлына маған берген, онда Менің барлық махаббатым мен қуанышым бар.

Оның Менікі болатын тағы бір себебі, Мен ол үшін қымбат құн төледім: Жан күнәға батқан кезде (ал Әкемнің өзгермейтін заңы бойынша күнәнің жазасы – өлім), Мен Өзімді оның жауапкері болуға ұсындым және оның құтқарылуы үшін өлімге бас тіктім. Әкем оған келісімін берді.

Бүгін Әкемнің бұйрығы бойынша Жанды сенің билігіңнен құтқаруға келдім. Оны құтқарамын да.

Бұл қалаға және өтіріктің қайнары – саған да мәлім болсын: Мен мұнда Әкемнің еркі бойынша келдім.

– Ал енді, қала тұрғындарына да айтарым бар – деп сөзін жалғастырды Имануил.

– Қала тұрғындарының құлағына бұл сөз тие салысымен, олар қақпаларды бұрынғыдан да қаттырақ бекітіп, қарауылды күшейте түсті... Соған қарамастан, Имануил оларға былай деді:

– О, сорлы Жан! Менің саған жаным ашиды. Сен Ібілісті патша деп мойындап, өзің оның құлына айналдың. Сен оған қақпаны ашып, Менің алдымнан оны жауып қойдың. Сен оған ант бердің, ал Менен теріс айналдың. Байғұс Жан! Саған не істесем екен? Сені шаң-тозақ қылып жіберейін бе, әлде Менің рақымымның ұмытылмас ескерткішіне айналдырайын ба? Тыңдашы Мені, Жан! Әкемнің сүйікті жаратқаны, Менің сөздеріме құлақ сал: «Мен құрбандық шалғандарыңнан гөрі, мейірімділік көрсеткендеріңді қалаймын». Сен неге өз Досыңнан қашып, қас жауыңа қарай ұмтыласың? Менің барлық

күш-құдіретім саған жамандық жасауға емес, сенің жауынды құртуға бағытталған. Мен оны қуып шығуға тиіспін, сосын сенің жауың құрсауға алынып, өзің Менің халқым боласың, әрі соған қуанасың да. Әлбетте, Мен сені өлімге тастап кетіп қалуыма болар еді, бірақ сен Маған қымбатсың және Мен Әкеме сені Ібілістен құтқарып алуға уәде еткенмін. Осы сәттен бастап Мен сенің жауыңа қарсы соғыс бастаймын, сен оны естіп әрі көруге тиіссің. Ол сені сұрқиялықпен жаулап алып, бекінісіңе де орналасып алды. Ал оны Мен әшкерелеп, сол жерден қуып шығамын.

Менің сөздерім – шындық. Менің сені құтқаруға және азғырушының қолынан тартып алуға билігім де жетеді.

Бұл сөздер қалаға бағытталып айтылды, алайда бір де бір сөз қалалықтардың құлағына жетпеді. Есту қақпасы мықтап жабылған, ал қатаң қарауыл тұрғындарды оған тіпті жақындатпады да. Өкініштісі, Ібілісті өзінің патшасы деп өз еркімен мойындаған сәттен бастап, Жан осындай соқырлық пен құлдықта өмір кешіп келеді.

Имануил қала тұрғындарының Өзін жібергілері жоқ екеніне көзі жеткенде, Ол Өзінің әскерін шақырып, қаланы күшпен алу үшін қарудың үлкен бөлігін Есту және Көру қақпаларына әкелуді бұйырды.

Сонымен бірге, Ол насихаттары арқылы Жанды өзінің кінәсін мойындатуға тырысты. Ол оған Өзінің шабармандарын берілудің лайықты шарттарының ұсынысымен жіберді. Қоршаудағылар басшысы осы шарттарды талқылау үшін кеңес жинады. Ібілістің Тоңмойын атты сүйіктісі бар еді, Имануилмен тілдесуге сол жіберілді. Ол былай деп сөз бастады:

– О, Ұлы Көсем! Менің әміршімнің қайырымдылығына бәрінің көзі жету үшін, мен Саған оның соғыстан құтылу үшін келісімге баруға дайын екенін және Саған қаланың бір жартысына билік етуіңе келісетінін хабарлауға келдім. Осы ұсынысты қабылдайсың ба, маған соны айта гөр.

Имануил өз шешіміне берік еді:

– Жан маған толығымен тиесілі.

Сонда Тоңмойын⁶⁸ келесі шегіністі жасады:

– Менің әміршім Сенің бүкіл қалаға ресми билік құратынына келісетінін, оған тек біраз бөлігін ғана берсең, сол жеткілікті екенін айтты.

Имануил бұл ұсыныстан да қатаң бас тартатынын айтты.

– Онда, – деп сөзін жалғастырды Тоңмойын, – менің әміршім тіпті Сенің бүкіл қалаға жалғыз билік құрғаныңа келісетінін, оған тек анда-санда Жанға келіп, онда біраз уақыт өткізуге рұқсат беруіңді өтініп сұрайды.

Бұған Имануил бұрынғысынша нық жауап берді:

– Әкемнің Маған бергенінің бәрі Өзіме толық қайтып келеді, Мен Ібіліске қаламның бір бұрышын да бермеймін.

– Онда, – деп айлаға басты Тоңмойын, – менің бастығым бұған келіссе, оған кейде ескі таныстық бойынша мүсәпірдің бейнесінде қалаға екі-үш күнге келуге рұқсат беріле ме?

– Жоқ, – деді Имануил. – Ол Дәуітке мүсәпірдің бейнесінде келіп, онымен бірге аз уақытқа қалып еді, Дәуіт бұл үшін өмірімен жауап бере жаздады. Мен онымен Өз жаратылғанымның арасында ешқандай қарым-қатынастың болуына жол бермеймін.

– Сен өте қатал екенсің, ұлы Көсем! Егер, әміршім өзінің достары мен туыстарына Жанмен іскер әрі сауда-саттық жасауға рұқсат сұраса ше?

– Жоқ! Бұл Менің Әкемнің еркіне қарама-қайшы болар еді. Ібілістің жақтастарының ешқайсысы бұдан былай Жанмен қарым-қатынас жасай алмайды.

– Демек, әміршім қаламен байланысын жоғалтады ғой?

– Иә. Жан Ібіліспен және оның қызметкерлерімен араласуға тиісті емес, олардың арасында еш байланыс болмауы керек. Тіпті ең кінәсіз қарым-қатынас оны былғап, Менің Әкем мен оның арасындағы тыныштық бұзылып, тіпті Маған деген сүйіспеншілігін де азайтады.

– Бірақ, ұлы Әмірші, басшым қаланың кейбір тұрғындарымен жақсы араласады. Тым болмаса кетер алдында оның үстінен ешкім шағымданбай, әркім тыныш әрі бейбіт өмір сүргенінің құрметіне орай, оларға сыйлықтар берсе болмас па екен?

– Жоқ, – деп жауап берді Имануил, – қала қайта Менікі болған кезде, Мен Жанға өткендегі күнелары мен адасуларың есіне түсіретін еш нәрсені сақтауға жол бермеймін.

– Соңғы сұрақ. Егер біздің патшамыз қаланы тастап кеткен соң, қалалықтардың біреуі одан кеңес сұрағысы келсе,

сондай тілекті қанағаттандыратын мүмкіндігі бола ма? Егер қалаға кіретін қақпа оған жабық болса, олар қаланың сыртында бір жерде кездесіп, шерлерін тарқата ала ма?

Бұл залым Тонмойынның соңғы ұсынысы еді, бұған да Имануил алғашқыдай көнбеді:

– Ешқашан, еш жерде, ешбір жағдайда қала тұрғындарына Ібілістен кеңес сұрауға болмайды, өйткені өз мұқтаждықтарын Менің Әкемнен сұрап алады. Мұндай рұқсат Ібіліс пен оның жеңдеттеріне амал болар еді, сөйтіп олар Жанды тағы да күнәға батырып, біржола құртып тынар еді.

Осыдан кейін Тоңмойын Имануилден кетіп, осы әңгімені жеткізу үшін Ібіліске аттанды. Патша мен қалалықтар әңгіменің бүге-шігесіне дейін естіген кезде, бір ауыздан Имануилді қалаға кіргізбеуге, өз шешімдерін Оған жеткізу үшін Сенімдіні жіберуге бел байлады. Елші Есту қақпасына жақындап келіп, қоршауға алушыларға келесі сөздерді айтты:

– Менің әміршім Имануилге Жан мен Ібіліс екеуі бірге өлуге тура келсе де, қасық қандары қалғанша айқасатындарын айтты. Қала ұрыссыз беріледі деп Имануил бекер ойлайды.

Имануил бұған былай жауап берді:

– Мен Өзімнің семсерімнің күшін сынап көремін,⁶⁹ қала тұрғындары қалай қарсыласса да, оны иеленіп, құлдықтан азат етем.

Ол дереу Боанергеске, Нанымға, Сот пен Сенімге кернейлерімен және туларымен бірге Есту қақпасына жақындап, соғыс жариялауды бұйырды. Үміт пен Сүйіспеншілік көсемдерге Көру қақпасына жақындау бұйырылды. Қалғандарына қала қабырғаларының түбіне орналасуға нұсқау берілді.

Әскерге «Имануил» деген құпия сөз хабарланды. Дабыл қағылып, тарандар мен сақпандар іске қосылып, тастар қалаға жаңбырша жауды. Осылай ауыр шабуыл басталып кетті. Тұрғындарды барлық қақпалардың тұсына бөліп, қорғанысты Ібілістің өзі басқарды. Шайқас бірнеше күнге созылды, Имануилдің көсемдері көптеген ерлік жасады.

Боанергес үш рет Есту қақпасына соққы берді. Оған Наным көмектесті, қақпаның ашылуына аз қалғанын көріп, оған

зеңбіректен атуға әмір етті. Наным ұрыс үстінде жараланып та қалды.

Имануил осы екі қолбасшыны алдырып, оларды ер-жүректіктері үшін мақтап, демалуды бұйырды. Нанымның жарасын өзі жуып, таңып берді.

Үміт пен Сүйіспеншілік көсемдер де Көру қақпасына орасан күшпен шабуыл жасағандары сондай, оны басып алуға шақ қалды. Имануил оларға да ерліктері үшін алғыс айтты.

Шайқас кезінде Ібілістің көптеген жақтастары өлтіріліп, қаланың бірнеше тұрғындары жараланды. Мақтаншақтық атты қолбасшы қаза тапты. Ол Есту қақпасының діңгектерін қозғалтуға ешкімнің күші жетпейді және Ібілісті ешкім қорқыта алмайды деп ойлаған. Тағы да Имануилдің әскерін жеңу үшін қаланың соқырлары мен ақсақ-тоқсақтары да жеткілікті екеніне сенімді болған Жайбарақат атты адамы да өлтірілді.

Көсем Наным Жайбарақатты алмас қылышының бір соққысымен-ақ сұлатып салды.

Қоршауға алушыларға жебе мен жанған бұталарды лақтырушы топтың басында Көпірме атты біреу тұрған. Көру қақпасында Үміт көсем оның кеудесін оңдырмай жаралады. Көтерілісті бастаушылардың бірі – Сипапсезудің көзі ағып түсті.

Осы кезде князь Еріктің жүрегі аузына тығылды. Ол қорқыныштан есінен адасып, біресе олай, біресе бұлай жұлқынумен болды. Тіпті өзі аяғынан жараланып шоқаңдап жүрді.

Қаланың көптеген тұрғындары зардап шегіп, талайы қаза тапты. Олар Есту қақпасының діңгектері қисайып, Көру қақпасының қирағанын көрген кезде еңселері түсіп кетті. Солардың бірі – Қайырымсыз да ауыр жараланды, бірақ тірі қалды. Қаланың егде тұрғыны Бетпақ басынан күшті соққы алып, бұрынғысындай берекесіздік тудыра алмады. Теріспікір мен Немқұрайдылық қариялар қашып кетті.

Ұрыс біткен кезде, Имануил Өзінің тұрғындарға, егер олар бағынса, мейірімін сыйлауға деген ниетінен бас тартпағанын көрсету үшін Мейірім тауына ақ туды қайта тігуге бұйрық берді.

Ібіліс ақ туды көрген сәтте, жаңа бір айла ойлап тапты. Ол Имануилге қала түзеледі деп уәде етіп, қоршауға алуын

тоқтатуды сұрады. Қас қарайып, күн ұясына қонған шақта, ол қақпаға келісім жасауға келіп, сөзін былай деп бастады:

– Сен Өзіңнің ақ туыңмен бейбітшілік пен тыныштықты қалайтыныңды түсіндіргендіктен, біз Сенің ұсынысыңды қабылдаймыз. Мен Сенің қаншалықты пәк таза екеніңді білемін. Сол үшін қаланың күнәдан бас тартқанын қалап, оған қарсы соғыс бастадың. Енді қаладан әскеріңді әкетсең, мен оны Саған бағынуға мәжбүр етем.

Мен Саған барлық қарсы әрекеттерді тоқтатып, өзім де Сенікі болам. Қаншалықты Саған қарсы болсам, соншалықты Сенің жағыңа шығып, Саған қызмет ете бастаймын. Мен Жанды Сені өзінің әміршісі деп қабылдауға үгіттеймін және Сенің сеніміңе кіргенімді білсе, олар бұған тезірек келісімін беретіні анық.

Мен олардың адасқандарын көрсетіп, заңның қылмысы мәңгі өмірдің жолын жабатынын түсіндіремін. Олардың осыған дейін бұзып келген және енді орындауға тиісті Сенің киелі заңыңды өзім түсіндіріп беремін.

Одан басқа, өз есебімнен қалада уағыздаушылар мен Сенің Сөзіңді құрметтеушілердің тобын құрамын. Сен бізден Өзің белгілеген табыстың бір бөлігін алатын боласың.

Имануил сонда былай жауап берді:

– О, зұлым әрі алдамшы рух! Сенің қылығың құбылғыштың қылығынан аумайды! Жанды құлдықта ұстап тұру үшін неше түрлі кейіпке ендің! Бірақ сен оның Менікі екенін жақсы білесің! Қасқырдың қылығын жасасаң да, тоқты болғансисың. Енді қазір өтірік нұрдың періштесіне айналып, әділдіктің уағыздаушысы болғым келеді деп Мені алдай алмайсың.

Бірақ біліп қой, Ібіліс, сенің ұсынысыңның бірде-бірі қабылданбайды, өйткені бойыңда арамдық пен өтіріктен басқа ештеңе жоқ. Сенде Құдай алдындағы қорқыныш пен адамға деген махаббат жоқ! Зымиян әрі тұрақсыз екенің сонша, өзіңе сенгендерге өлім тілейсің. Егер әділдікті жақтасаң, ұзақ уақыттан бері неге теріс әрекет етіп келесің?

Сен Жанның түзелуі туралы айтасың, өзің барлығынан қулығыңды асырып, Менің рұқсатыммен түзетуші болғың келеді. Енді сенің өтірігіңнің құйрығы бір тұтам, себебі Мен Жанды әлі де жақсы көремін.

Мен мұнда қаланы Өз Патшалығымның туының астына қайтаруға келдім, Жан өзінің күнәға батуымен Әкемнің қаһарына лайық болса да, Мен оны Әкеммен татуластырғым келеді. Сонымен қатар, Жан рақымдылыққа заңды орындау арқылы ие бола алмайды.

Сен өз қызметіңді ұсынып тұрсың, бірақ бұл тапсырманы сенсіз де орындауға шамам келеді. Әкем Мені Жанды құтқаруға жіберді, сондықтан Өзім істі жеңіспен аяқтағым келеді. Мен сені қуып шығып, қалаға Өз туымды тігемін. Оларды жаңа заң бойынша басқарамын, жаңа әкімдер тағайындап, Өз мақсатыма да жаңа жолмен жетелеймін. Мен мұнда Ғаламның даңқы болатын жаңа қала тұрғызамын.

Ібіліс өзінің шынайы ниетін жасыра алмағанын түсінген кезде, не жауап берерін білмей, ақыр соңында ол ештеңеге қарамастан, Имануилге қарсы күресті жалғастырмақ болды.

Келісім осымен аяқталды.⁷⁰ Ібіліс қаланың орталығына бет алды, ал Имануил Өзінің тұрағына оралды. Екі жақта да шайқасқа дайындық басталды.

Ібіліс сол екі арада шектен тыс шараларға баруға шешім қабылдады. Ол өзінің қолбасшыларына егер кез келген қорғаныс пайдасыз екеніне көздері жетсе, дереу тонап, талқандап, әйел, бала-шағаны аямастан өлтіруге бұйырды. Өйткені қаланы Имануилге бергенше, оны түп-тамырына дейін талқандағанымыз артық деп есептеді.

Имануил қаланы алу үшін соңғы шайқас күтіп тұрғанын біліп, Өзінің көсемдеріне Ібіліс пен оның көмекшілеріне аяусыз болуды, бірақ қала тұрғындарына тиіспей, керісінше оларға көмек пен жанашырлық көрсетуге бұйырды.

V-тарау

ЖАНДЫ БАҒЫНДЫРУ

Белгіленген күні Имануилдің әскері Есту мен Көрү қақпасына шабуылға аттанды. Бұл жолғы құпия сөз: «Жан табылды!»

Таңғы қараңғылық серпілмей тұрса да, шайқас қызған кез еді. Ібіліс пен оның қолбасшылары жандарын сала қорғанды.

Алайда екі-үш күшті шабуылдан кейін Есту қақпасы ашылып, оның құлыптары мен бекіткіштерінің быт-шыты шығып, шашырап қалды. Патшаның кернейшілері кернейлерін тартып, әскер қуаныштан жар сала айғайлап, қалаға бет алды. Ібіліс дереу қамалға тығылды. Содан соң қалаға Имануил салтанатты түрде кіріп, Өзіне бірден тақ орнатуға бұйырды. Ол туын «Мұқиятбол» деп Өзі атаған биіктікке қадауды бұйырды.

Имануил Ібілістің қамалына үздіксіз оқ жаудыртты . Есту қақпасынан шыққан тура жол⁷¹ кәрі шежіреші Ар-ұжданның тұрағына дейін жетелеп апаратын, соның жанында Ібілістің қамалы болған ойнағы бой көтерген. Сарбаздарға бұл жолды әскер қамалға тез әрі кедергісіз өту үшін, шұғыл тазалау бұйырылды. Боанергеске, Наным мен Сотқа Имануил шежіреші шалдың үйіне жедел түрде аттануға нұсқау берді. Олар шалдың үйіне жақындап келіп, қамалды алатын қаруларды орнатты, өйткені ол тұратын үй қамалға бергісіз мықты еді. Дайындық біткен соң, олар есікті қаға бастады. Боанергес есікті ашуды талап етті, алайда жауап ала алмаған соң, есікті атуға бұйырды. Шежіреші қалтырап, төменге түсіп, дірілдеген дауыспен кім екенін және не керектігін сұрады. Боанергес былай деп жауап берді:

– Біз ұлы Шаддай Патша мен Оның жарылқанған Ұлының әскерінің қолбасшылары, сенің үйіңді Соның әмірімен иеленуге келдік.

Осы кезде екінші рет тарс етіп оқ атылды. Шежіреші дірілдеп, есікті ашты, үш көсем де оның үйіне кірді. Бұл үй Имануилге стратегиялық жағынан өте ыңғайлы еді: өйткені Ібіліс тығылып отырған қамалға қарама-қарсы орналасқан. Көсемдер шежіреші шалға болған жайтты баяндап берді, өйткені ол Имануилдің болашаққа деген ниетінен бейхабар еді. Көп уақыт өтпей қалаға Патша әскерінің шежірешінің үйіне орныққаны туралы мәлімет жетіп, онда қатты алаңдаушылық етек алды. Имануилдің Жаннан кек алатыны туралы сыбыс та тарады. Халық шежірешіге келіп, осы хабардың растығына көздерін жеткізгісі келгенімен, оның үйінің айналасындағы тарандарды, сақпандарды және орналасқан сарбаздарды көріп, естерінен тана жаздады. Онымен қоймай шал үздіксіз қайталап, олардың үрейлерін үдете түсті: «Біздің қаламызға

өлім мен талқандалу қауіпі төніп тұр. Біз бәріміз Шаддай Патша мен Оның Ұлына қатысты өзімізді сатқын етіп көрсеткенімізге келісіңдер. Ол енді менің үйімді Өзінің қамалына айналдырды. Маған келер болсақ, мен күнәға баттым, ал күнәдан пәк таза болып қалғандар бақытты. Мен Жанның тұрғындарына сөйлеуім керек кезде үн-түнсіз қалдым. Әрине, Шаддайдың заңдарын біраз уақыт ұстанғаным үшін Ібілістен қуғын көрдім. Мен қасіретке қалдым-ау, барлық кінә өз мойнымда! Жуық арада Ібілістің билігі құлайды, сот болады. Ақыр соңында бізді не күтіп тұрғанын ойласам, төбе құйқам шымырлайды!»

Сол екі арада, Имануилдің көсемдері шежірешінің үйіне орнығып жатқан кезде, көсем Жаза өзінің парызын орындады.⁷² ол өз қолымен Еріктің әскеріндегі үш әскербасшыны жаһаннамға аттандырды. Оның қолынан қаза тапқандар: Есту қақпасының қорғанысы сеніп тапсырылған Теріспікір шал мен құзырында сол қақпаның үстіндегі екі зеңбірек болған «Ерегису» атты біреу мен Сатқындық – Ерік қатты сүйенген арамза әрі оңбаған тұлға. Ол Еріктің шектен тыс маңызды әрі маңғаз, бірақ Ібілістің алдында жарамсақтанып, жағымпазданып тұратын көп сарбаздарын жазалаған. Бұл ұрыста бірде-бір бейбіт тұрғын не жараланған, не өлген жоқ.

Басқа қақпаларда Имануилдің өзге көсемдері де шайқасып жатты. Көру қақпасында Үміт көсем қоластында айбалтамен шайқасатын мыңдаған адамдары бар қақпа қорғаушысы Зағипты қаңбақтай ұшырды. Ал Зағиптың көп сарбаздары қашып кетті. Ібілістің өз ойы атты қызметшісі де сол жерде сеспей қатты.

Алайда Ібілістің кейбір қызметшілеріне жасырынып қалудың сәті түсті.

Осыдан кейін шежіреші қарт, Парасат және тағы бірнеше құрметті қалалықтар қала құлаған жағдайда өздерінің еш күмәнсіз өлетіндерін түсініп, бас қосып, ұзақ мәжілістен кейін Имануил әлі де қақпа түбінде тұрғанда өтініш жазуға келісті.⁷³ Олар, бақытсыз қаланың көрі тұрғындары, өздерінің күнәларын мойындап, соған өкініп, өз Патшаларын қорлағандарына өкініп, енді қазір Оның аяушылық білдіруін жалынып сұрады. Имануил хатты жауапсыз қалдырды.

Имануилдің қамал бұзғыш құралдары қамалды үздіксіз атқылаумен болды. Ақырында Заңғар деген атпен белгілі бір қабырғасы құлады. Осылайша Ібіліс тығылып отырған қамалдың кіре беріс есігі толық ашылды. Шабармандар бұл хабарды дереу Имануилге жеткізді. Бүкіл әскер кернейді қуана тартып, Оның қамалға енуі – соғыстың тезірек бітуі мен Жанның босатыла бастауының кепілі екенін түсінді.

Имануил Өзінің тағынан тұрып,⁷⁴ Өз көсемдері мен сарбаздарын бастап, қаланың ішімен Ібілістің қамалына қарай бет алды.

Оның үстіндегі алтын сауыты жарқырап, семсері күн көзіне шағылысып, туы алдында желбіреп барады. Имануилдің жүзі салмақты, байсалды қалпын сақтады. Сол себепті өз үйлерінен Оның салтанатты шеруіне көз салмақ болып шыққан қалалықтар Оның өздеріне сүйіспеншілік әлде жек көрушілік сезінетінін біле алмай, Оның соңынан үрейлене көз салды. Тұрғындар Оның заңын бұзғанын, өздерінің өлімге лайықты екенін анық түсінді. Олардың Ібілісті өздерінің патшалары етіп, өз еріктерімен мойындағандары да Имануилге белгілі еді. Осының бәрі оларды шошытты, сол себепті Имануил бүлікшіл қаланы қиратып, оның тұрғындарын ажал құшағына бере ме деп қауіптенді. Олар Оның айбынды түріне тамсанып, Оны емес, басқаны патшасы етіп таңдағандарына іштері ашып, Оның алдында тағзым етіп, бас ұрды. Осылай Жанның қайғыдан басы қатып, өзін не күтіп тұрғанын ойлап уайымдады.

Имануил қамалдың қақпасына жақындап келіп, Ібіліске өз еркімен берілуді бұйырды. Енді бұл мақұлықтың Жеңімпаздың көзіне көрінуден жанұшыра қорқып, өзінің тағдырын күтіп қалай қалтырағанын көзбен көру керек... Бірақ оның амалы болмады. Сөйтіп, бойын үрей билеген Ібілісті Имануилге жеткізді. Патша тағайындаған ақыреттік соттан қашып кетпеуі үшін, оған шынжыр байланды.⁷⁵ Сол жерде Алдамшы рух Имануилден өзін тұңғыыққа тастамауын, бірақ қаладан бейбіт түрде шығып кетуге өтініп жалына бастады.

Жеңімпаз оның жалынғанына қарамастан, сату алаңына апаруды бұйырды. Сол жерде күллі халықтың көз алдында оның соншама мақтан тұтқан қаруын тартып алды. Кернейшілер осы

сәтте қуана керней тартты, жеңістің үні естіліп жатты. Ақыр соңында Жан өзінің осынша уақыт үміт артқанының және естен тана сенгенінің кім екенін көрді.

Бүкіл қаланың алдында әшкереленген Ібілісті Имануил шынжырмен күймеге байлап қоюды бұйырды. Боанергес пен Нанымды Ібілістің күзетіне қойып, Өзі күймеге отырып, бүкіл қала арқылы салтанатты шерумен жүріп өтті. Ол зор қошеметпен, Көру қақпасы арқылы Өз әскерінің тұрағына шықты. Имануилдің әскері жалған патшаның мұндай маскара жеңілісін көрген кезде, қуанышты үнмен: «Ақыр соңында Ібіліс сазайын тартып, семсердің күшін білген екен» деп айқай салды. Кернейдің үні, тамаша ән, шаттық айғайы қатты шыққаны соншалықты, тіпті көкке де жетіп жатқандай көрінді.

Қалалықтар да көздерінің алдындағы бетперде сыпырылып түскендей абдырап қалды. Бәрі Имануилден көздерін ала алмады. Олардың жүректері шаттық пен үмітке толды.

Имануил дұшпанын жеткілікті түрде жазалап, оны қаладан қуып, кері келуіне тыйым салды. Ібіліс баспана мен тыныштық іздеуге және оны ешқашан таппауға мәжбүр болды.

Боанергес пен Наным ерекше күшті және қуатты қолбасшы болатын: қаһарлы келбет, зор дауыс... Олар шежіреші Ар-ұжданның үйінде әлі де тұрып жатты. Қала тұрғындары айналасындағылардың қорқынышы мен тебіренісін тудырған, өз міндеттерін үнсіз орындап жатқан Имануилдің бұл екі қолбасшысына мұқият зер сала бастады.⁷⁶ Бүкіл қала өзінің болашағы жөнінен еш хабарсыз жүріп жатты.

Имануилдің Өзі қалада тұрғысы келмеді, Өз Әкесінің әскерінің арасында, Өз тұрағында орналасты. Бір күні Ол Боанергеске қалалықтарды қамалдың ауласына жинап, олардың көз алдында шежіреші Ар-ұжданды, қаланың бұрынғы басшысы Парасат пен князь Ерікті тұтқындап, қарауылға алуға бұйрық жіберді. Ал қала тұрғындары бұрынғыдан бетер сескене бастады. Оларға қаланың құритын уақыты таяп қалған сияқты көрінді. Оған қоса олар өздерінің тұтқындалған қолбасшылары қала мен басшылары үшін уайымдап, олардың жазасы қаланың қирауының басы болатынына сенімді болды. Сондықтан кеңеске жиналып, олар Имануилге хат жазып, оны

Разылық атты біреуден беріп жіберуді ұйғарды.⁷⁷ Ол Имануилдің тұрағына барып, мына өтінішті Оның қолына ұстатты:

«Ұлы және қаһарлы Әмірші, Ібілістің жеңімпазы және Жанның жаулаушысы! Сенен біз жасаған қылмыстарымыз бен күнәларымызды есіңе алмай сорлы қаланың көп азап шеккен тұрғындарына рақымдылық көрсетуіңді өтініп сұраймыз. Өзіңнің орасан зор рақымдылығыңа бола бізді кешіріп, Өз жетегінде өмір сүруімізге рұқсат етіп, біздің өліп қалуымызға жол бере көрме. Ал біз Сенің дастарханыңнан түскен қоқымдарды теріп жеуге дайын, сенімді әрі адал қызметкерлерің боламыз. Аумин».

Имануил хатты оқып болып, ештеңе айтпастан үнсіз қалды. Бұл барлық қалалықтарды қатты абыржытты. Өз жағдайларын ойластыра келе, екінші өтінішті жіберуді ұйғарды.

Өтінішті екінші рет жазып, оны кімнен беріп жіберетіндерін білмей, қатты абыржыды. Бірінші жіберген адамдары Имануилге жақпай, Ол өтініштерін жауапсыз қалдырдыма деген ойға келді. Олар Наным көсемнен өздері үшін араша түсуін өтінді, бірақ ол сатқындар үшін өтінбейтінін айтып, бас тартты. Әйтсе де, Имануил қайырымды, Оған осы өтінішпен тағы да барсаңдар болады – деді.

Қорқыныштан олар уақытты тиісті мерзімінен артығырақ созып жіберді, алайда өз жағдайларын бұдан да қиындатып алудан қауіптеніп, өтінішпен өздерінің Оянуғатілек атты отандастарын жіберуге шешім қабылдады.⁷⁸ Ол шет жақта тұратын, шақырғанда келіп, тез Жанның құтқарылуы үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге келісті...

Имануилдің Өзі оны қарсы алды. Оны көрген өтініш беруші жерге жығыла тағзым етіп: «Жанға өмір сыйлай гөр!» – деп дауыстады да, өтініш хатты ұсынды. Ханзада өтінішті оқып, көзіндегі жасты іркіп, көрсетпеу үшін теріс бұрылды. Сосын етпеттеген елшіге бұрылып: «Қалаға қайт, сендердің өтініштеріңмен қалай болу керектігін ойланамын!» – деді.

Қала тұрғындары өтініш берушінің оралуын қауіптеніп күтті. Қайтып келген ол Имануилдің жауабын қаланың тұтқындалған адамдарының көздерінше айтатынын хабарлады. Оянуғатілек бірнеше тұрғынмен бірге түрмеге беттеді. Елші бәрін бүге-

шігесіне дейін қалдырмай баяндап берген кезде, Еріктің өңі қуарып кетті, ал шежіреші Ар-ұждан қалшылдап қоя берді. Ең соңында ол былай деді:

– Ханзада сондай сұлу әрі тамаша адам екен. Көрген адам Оның ұлы махаббатын бірден сезінеді. Менің қолымнан тек Оның алдына барып, аса зор құрметпен етпетімнен құлап: «Жанға мейірім ете гөр!» – деп жалбарынуға ғана шамам жетті.

Осыдан кейін тұрғындар үйді-үйіне тарап кетті, ал қамауда отырғандар Имануилдің жауабын талқылай бастады. Қаланың бұрынғы басшысы Парасат бұл жауапты аса қаһарлы және айрықша қауіпті көрген жоқ. Князь Ерік бұның жаман нышан екенін айтты, ал шежіреші Ар-ұждан бұл жауаптан өлім үкімін көрді.

Қалаға істің шынайы барысынан тым алыс үрейлі сыбыс тарап кетті. Бәрі толқуда еді. Біреу ашына айғайлады: «Біз бәріміз өлеміз!» деп, екіншісі керісінше: «Біз бәріміз құтқарыламыз!» деп жар салды. Үшіншісі: «Біз Имануилге қажет емеспіз!», төртіншісі: «Тұтқындағылар жақында өлтіріледі!» – деді. Күн ұзағына дау-дамай мен талқылау толастамады. Түн болды, ал бүкіл қала келесі таңға дейін болжам айтумен аласұрды.

Барлық осы талас-тартыс Ханзаданың жауабын өлімнің үкімі деп тапқан шежірешінің болжамынан туындаған еді. Қала Ар-ұжданның сөздеріне құрметпен қарайтын, өйткені ол арқылы Құдайдың Өзі сөйлеп тұр деп есептейтін.

Жанның тұрғындарын кінә мен қорқыныш сезімі билеп алды.

Ақыр соңында ұзақ талқылаудан кейін, Имануилге үшінші жолдау⁷⁹ жазылды, оның мәтіні төмендегідей болатын:

«Ұлы Имануил, мейірімге толы әлемнің Өміршісі! Біз, Жанның байғұс тұрғындары, Сенің алдыңда өз күнәмызды мойындаймыз, Жанның даңқты атына лайықты емес екенімізді және өзіміздің мейірімге татымайтынымызды сезінеміз. Егер Саған бізді өлтіру ұнаса, біз үкімді лайықты жаза ретінде қабылдаймыз, өйткені Сен әділсің. Сенің үкімің тіпті қатал болса да, біздің шағым айтуға еш құқығымыз жоқ. Бірақ Саған жалынамыз: бізге Өзіңнің мейіріміңді сыйлап, біз Сенің рақымың мен мейіріміңді даңқтай алуымыз үшін, рақымыңды төгіп, барлық күнәмызды кешіре гөр. Аумин!»

Имануилге өтінішті кім жеткізеді деген сұрақ қайта бой көтерді. Қайырымдыістер атты көрі қалалықты бітімгерлікке ұсынды.⁸⁰ Дұрысында бұл ат оған еш келіспейтін, себебі оның болмысында еш қайырымдылық жоқ болатын. Бұл бітімгерлікке Ар-ұждан қарсы сөйледі:

– Біз қауіпті жағдайдамыз және аяушылық сұрап жалынып отырмыз. Сонда өтінішті неге аты затына сай келмейтін адамнан беріп жібереміз. Қайырымдыістер қалай бізге рақымдылық сұрап араша түсе алады? Бізге мейірім керек, ал қайырымды істерге біз тойдық, бізді тығырыққа тіреген – нақ солар. Егер Имануилге осы өтінішті берушінің атын сұрау ойына келе қалып, Қайырымды істер деген жауапты естісе, Ол бұған: «Ау, Қайырымдыістер әлі тірі ме, онда Жан өзі құтқарылсын» деп жауап беретініне сенімдімін.

Сонда бітімгер етіп Оянуғатілекті қайта жіберуге ұйғарды.

Оған дереу кісі жіберді. Сол кезде ол өзімен бірге Көзжасын,⁸¹ өзінің көршісін, осы тапсырмаға өте лайықты, ақ пейілді кедейді бірге жіберуді сұрай бастады. Оянуғатілек мойнына бұшақ салды, ал Көзжасы кеудесіне қолдарын айқастырып қойды. Осылай олар Имануилге аттанды.

Имануилдің алдына келгенде, олар өздерінің беймазалықтары үшін кешірім сұрай бастады. Оған себеп – ұяттан опық жеу: олар өздерінің Шаддай Патша мен Оның Ұлының алдында қалай жазықты болып қалғандарын естерінен шығармай, күндіз де, түнде де тыныштық таба алмайтынын мойындады. Сосын Оянуғатілек Имануилдің аяғына жығылып, былай деп дауыстады: «Аяушылық жасап, бейшара Жанға рақымды бола гөр!», – деп өтініш білдірді.

Имануил өтінішті оқып, көзіндегі жасты көрсетпеу үшін бір сәтке теріс айналды да, шабарманнан оның аты кім екенін және қала неге оны өтінішті беруге таңдап алғанын сұрады. Ол былай жауап берді:

– Саған мендей соншалықты сорлы жанның, есімі не үшін керек? Сен бәрін білесің, мен Саған жағымды боламын деп ешқашан үміттенген емеспін. Мен және менің отандастарым өмір сүргіміз келеді, сондықтан мен барлығымыздың атымыздан, Өзіңнен өмір сыйлауыңды сұрауға келдім. Мейірімді қолдарыңды бізге, лайықсыз құлдарыңа соза гөр.

– Ал сенің жолдасыңның есімі кім? – деп сұрады Имануил.

– Оның есімі – Көзжасы, ол менің көршім, байғұс азалы қария.

Сол кезде Көзжасы да Ханзаданың аяғына жығыла кетті.

– Дат, Қожайыным! Менің есімімнің солай болған себебі, әкемнің аты Тәубе ету болған. Әрине, көбінесе жақсы әкешешенің балалары жаман болады, мен де өзімнің лайықсыз екенімді мойындаймын. Сонда да Өзіңнен жалынып сұраймын (қарттың көздерінен жас сорғалап қоя берді): жас кезімізде жасаған күнеларымызды есіңе түсіре көрме, құлдарыңыздың лайықсыз істеріне назар аудармай, қайта Өзің жаратқан Жанға аяушылық жасап, Өз мейірімінді қастерлеуге рұқсат ете гөр!

Имануилдің бұйрығы бойынша олар орындарынан тұрды, дегенмен Оған жанарларын көтеріп қарауға батылдары бармады. Ол былай жауап қатты:

– Жан Менің Әкеме, өзінің Жаратушысы мен Билеушісіне қарсы бас көтеріп, өзіне – өтірікші әрі қанішерді таңдады. Өйткені сендер құдіретті және күшті деп есптегендеріңді Менің Әкем көзге түртсе көргісіз түнекке қуып жіберген. Содан кейін ол сендерге келді, ал сендер оны қабылдадыңдар. Өздерің сол үшін Менің Әкемнің елшілерімен шайқастыңдар, ал олар Әкемнен көбірек күш жіберуді сұрады. Сол кезде Мен үлкен әскермен келдім. Бірақ сендер Менің қызметкерлеріме не істеген болсаңдар, Өзіме де солай еттіңдер. Сендер Маған құлақ аспай, тіпті қарсы соғыстыңдар. Мен сендерді жеңдім. Маған Әкем Өзі сыйлаған толық билікке ие екеніме көздерің жетпейінше, сендер менен аяушылық сұрап жалбарынбадыңдар. Енді сендер қасірет шегіп, көз жастарыңды төгіп отырсыңдар, ал Мен мейірімділіктің ақ туын, әділ сот – қызыл ту және жазалаудың белгісі – қара туды ілуге бұйырғанымда, сендер үн қатпадыңдар. Мен сендердің өтініштеріңді қарап, Әкемнің және Өзімнің даңқыма бола шешім қабылдаймын. Боанергес пен Наным Менің тұрағыма тұтқындарды алып келсін,⁸² ал Сот пен Жаза қамалға аттанып, қаланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Елшілер қалаға еңселері түсіп қайтты, өйткені аяушылыққа ешқандай үміт арта алмаған еді. Қасірет-қайғы оларды басып алғаны сондай, олар қамалға дейін әрең жетті...

Өткен жолғыдай Имануилмен әңгімелерін олар түрмеде, тұтқындағылардың көзінше айтуға шешті.

Ханзадамен әңгімесін олар сөзбе-сөз жеткізді. Оның тұтқындағылар туралы бұйрығын естіген кезде, олар қатты қайғырды. Үшеуі өлімге дайындала бастады, ал қалалықтар жыртық кенепке оранып бастарына күл септі. Түн осылай өтті.

Таң атқан кезде, тұтқындар мен күзетшілер Имануилдің тұрағына аттанды.⁸³ Боанергес шерудің басында, ал Наным артында жүріп отырды, ту көтерушілер жеңіс туын көтеріп келеді. Олардың араларында тұтқындар аяқтарындағы және мойындарындағы шынжырларымен келе жатты. Олардың сыйқы өте аянышты еді. Өз кеуделерін соғып, көздерін көкке көтеруге батылдары да бармай: «О, бейшара бақытсыз Жан!» – деп дауыстап келе жатты. Зарлаған айғаймен араласқан шынжырлардың сылдыры айналаға қорқыныш ұялатты.

Олар Имануилдің тұрағына жеткен кезде, бәрі ұяттан беттерін басып, Жеңімпаздың алдында етпеттерінен жығылды.⁸⁴ Ол Боанергеске қарап былай деді:

– Оларға орындарынан тұруға бұйыр!

Олар қалт-құлт етіп орындарынан тұрды.

– Ібіліске өздеріңді арамдауға рұқсат берген сендерсіңдер ме? – деп сұрады Имануил.

– Біз рұқсат бергеннен де ары кеттік, Өмірші, оны өз еркімізбен сайлап алдық.

– Сендер бүкіл өмірлеріңді оның тепкісінің астында өткізе алар ма едіңдер?

– Иә, Тәңірім, өйткені оның заңдары біздің тәнімізге жағымды болды, біз дүниеде бұдан өткен рахат жоқ деп ойладық.

– Мен сендерді құтқаруға келген кезде, шынымен-ақ, Менің жеңілгенімді тіледіңдер ме?

– Өкінішке орай, солай тіледік! – деп жауап қатты олар.

– Ал сендер, бүліктерің мен басқа да қылмыстарың үшін қандай жазаға лайықсыңдар?

– Өлім мен мәңгілік азапқа, Тәңірім.

– Өздеріңді ақтауға бір нәрсе айта аласыңдар ма?

– Жоқ, Тәңірім! Сен әділеттісің, біз күнә жасадық.

– Сендер неге мойындарыңа бұршақ салып алғансыңдар?

– Бұл бізді тұңғыыққа тартып тұрған күнәларымыз.

– Бүкіл қала осы пікірде ме? — деп сұрады Имануил.

– Бізге, қалалықтарға қатысты айтсақ, иә. Бірақ қалада Ібілістің қызметкерлері де бар, олар үшін жауап бермейміз.

Сонда Имануил барлық жерде Шаддай Патшаның Ұлы Өз Әкесінің атымен және Оның даңқы үшін Жанды толығымен жеңіп, оны бағындырғаны туралы жариялайтын жар салушыны шақыруға бұйрық берді. Ал бүкіл қала әр жар салудан кейін, Аумин деп қайталау керек болатын.

Осы сәтте көктен жұмақтың әуені төгілді, Имануилдің әскері өз Көсемін дәріптеді. Тулар желбіреп, жүректерді қуаныш биледі.⁸⁵ Өкінішке орай, шаттыққа бөленген бұл тобырға қаланың барлық тұрғындары бірдей қосыла алмады.

Имануил қалшылдаған тұтқындарды шақырып былай деді:

– Менің Әкемнің еркін бұзған Жанның барлық қылықтары мен заңсыздықтарын Оның атымен кешіремін.

Осыны айтып, Ол жеті мөрмен бекітілген жарғақ шиыршықты оларға тапсырды, сөйтіп қаланың бұрынғы басшысы Парасатқа, князь Ерікке және шежіреші Ар-ұжданға ертең таңсәріден мөрді ашып, бүкіл қалаға оқып беруді бұйырды.

Имануилдің әмірі бойынша олардың жұлым-жұлым киімдері жарқыраған аппақ киімдерге алмасты. Қайғылары қуанышқа ауысты...

Үшеуі де сыйлыққа асыл тастары бар алтын әшекейлер алды. Мойындарына жіптің орнына алтын алқа тақты. Тұтқындар Жеңімпаздың мейірімді сөздерін естіп, Оның сыйлықтарын көрген кезде қатты састы, ал князь Ерік мұндай мейірімге шыдай алмай, есінен танып қалды. Имануил оны Өзінің сүйіспеншілікке толы қолдарымен сүйеп, есін жиғызды. Үшеуін де беттерінен сүйіп, Өзі былай деді:

– Менің сүйіспеншілігім мен мейірімімнің белгісі ретінде осы тартуды қабыл алыңдар. Ал саған, Ар-ұждан, Жанға бәрің хабарлауды тапсырамын.

Олардың шынжырлары шешіліп, көз алдарында ұсақ бөліктерге талқандалды. Олар сол жерде көздеріне қуаныштан жас алып, «Біздің Тәңіріміз бен Патшамызға даңқ пен мадақ!» – деп қатты дауыстап, Имануилдің аяғына жығылды. Сосын бәрі кері қайтуға жиналды. Имануилдің бір қызметкеріне олардың алдында жүріп, сырнай мен даңғырада ойнау бұйырылды. Құлақ естіп, көз көрмеген керемет осылайша іске асты.

Түрлі-түсті жалауы бар қуанышты шеруді басқару Сенімге бұйырылды. Шежіреші қаладағыларға жарлықты оқып жатқан сәтте, Сенім өзінің он мың әскерімен Көру⁸⁶ қақпасы арқылы өтуі керек. Сол жүріспен Ібілістің қамалына жетіп, соған орналасып, Имануилдің келуін күтуге тиіс болды. Сот пен Жазаға қаланы дереу тастап, тұраққа қайтып оралу бұйырылды.

Осылай Жан соңғы екі көсем мен олардың әскерлері төндірген қорқыныштан құтылды.

Ештеңе білмейтін қаланың тұрғындары әлі де үрейленуде. Олар тұтқындардың өлтірілгенін көз алдарына елестетіп, өздерінің пешенелеріне жазылған тағдырлары туралы сұмдық ойға берілді. Тек кей кездерде, иненің жасуындай үміт қара бұлттардың арасынан сыздықтай көрінді. Ақыры, олар тағдырлары шешілетін шалғайға көз салған кезде, көкжиектен таңғажайып нәрсе көрінді. Қорқыныш, зарығу мен үмітті олардың көздерінен сол сәтте оқуға болатын еді. Міне, адамдардың сұлбалары анығырақ көріне бастады да, қала үлкен шаттық шеруін байқады. Ақыр соңында олар Парасатты, Ар-ұждан мен Ерікті анық байқады. Бірақ мынау не? Олар Имануилдің тұрағына жыртқы киіммен кеткен еді, ал қайтқанда жалтыраған аппақ киімдері бар! Олардың мойындарында бұршақ болған, енді оның орнына алтын алқа тағылған. Олардың аяқтары шынжырланған еді, ал енді жүрістері еркін, адымдары ширақ. Олар кеткенде жүздері тұнжырап кеткен, ал енді қуанышқа толы жарқын жүзбен келе жатыр. Ауыр мұңмен аттанып еді, ал енді сырнай мен даңғыраның қуанышты үнімен келе жатыр. Көру қақпасына жиналған жұрт ұзақ күткен уайым және болашақ үшін қорқыныш шымбайына батып әлдері құрығанына қарамастан, өздеріндегі шалқыған қуаныштарын, шаттықтың даусын баса алмады. Айбалта мен дар ағашының орнына өмір, жұбаныш пен шексіз қуаныш келді...

Мерекелік шеру қала қақпаларына жақындаған кезде, олар Жан тұрғындарына амандасып: «Қуаныңдар, қуаныңдар! Сендерге Рақымдылық Етуші жарылқансын!» – деді. Ал жауап орнына: «Біз сендерге жақсы болғанын көріп тұрмыз, бірақ қалаға не болады? Қуанышты хабар бар ма?» – дегенді естіді. Шежіреші мен Парасат: «О, біз байғұс Жанға Ізгі хабар мен

зор қуаныш әкеле жатырмыз!» – деп жауап берді. Сөйтіп олар өздерінің Имануилмен кездесулері жайлы әңгімелерін бүгешігесіне дейін баяндап берді. Тұрғындар Оның даналығы мен мейірімділігіне таңғалмай тұра алмады. Шежіреші өздерінің азаттық қағазын алғандарын, ертең оның базар алаңында оқылатынын хабарлады.

Қала тұрғындарының толқынысы мен қуанышын қалай суреттеуге болады? Олар бақыттан ұйықтай алмады, мадақтау жырларын айтып шаттанды. «Мұндай бақытты біздің қайсымыз күттік? Кім ерлердің кісенделіп кеткенін көре отырып, олардың ақ киіммен оралатындарын көз алдына елестете алды? Мұның себебі олар кінәсіз деп мойындалғандықтан емес, тек олардың күнәларын кешіріп, кейін даңғыра мен сырнай үнімен қайтарған Имануилдің мейірімінің арқасы. Шынымен бұлай істей алатын тек қайырымды Патша Шаддай мен Оның Ұлы Имануил ғана!»

Таң атып, шежіреші Ар-ұждан, әмірші Парасат және князь Ерік белгіленген уақытта базар алаңына келгенде, халық әлдеқашан жиналып алған еді. Олар өздеріне сыйланған жарқыраған аппақ қардай киімдер киінген.

Қаладағы ер адамдар көнеден бері халыққа сөз айтылатын Ауыз қақпасына беттеді. Барлығы Ізгі хабарды естуді шыдамсыздана күтуден толқып тұрған.

Шежіреші орнынан тұрып, қолымен жиналғандарға тынышталуға белгі берді. Сосын бар даусымен Имануилдің берген марапаттамасын оқи бастады. Сөйтіп ол: «Мейірімі шексіз Құдай Ие ізгі, заңсыздықтарды, қылмыс пен күнәларды кешіруші; Жанның барлық күнәлары мен артық сөздері кешірілсін», – деген сөздерге жеткен кезде, қалалықтар өздерін кернеген сезімді жасыра алмай, қуаныштың шаттық үні аспанға шарықтады. Имануилдің марапаттамасында барлық тұрғындардың есімдері аталып, олардың әрқайсысы жеке-жеке кешірім алды.

Шежіреші жолдауды оқып болғанда, Имануилге бәрі де бір ауыздан алғыс айтты. Қоңыраулар сыңғырлап, айналада өлең мен ән естіліп жатты.

Имануил кешірім алғандарды қалаға жібергеннен кейін, Ол келесі күні таңсәріде Өзінің көсемдеріне және күллі әскерлерге дайын тұрып, жарлығын күтуді бұйырды. Сөйтіп Ар-ұждан

қалада Оның марапаттамасын оқып болған сәтте, Ханзада Мейірім тауында және Әділет тауында Өз туларын көтеруге бұйырды. Ал көсемдер әскерлерімен бірге салтанатты әскери киіммен қаланың алдында сап түзеуге бұйрық алды. Қолбасшы Сенім Имануилге де, тұрғындарға да қамалдың ең биік мұнарасынан құрмет көрсетті.

VI-тарау

ИМАНУИЛДІҢ ЖАН ҚАЛАСЫНА КІРУІ

Осылай, Имануил Жанды зорлықшыл Ібілістің шеңгелінен құтқарып алды.

Осыдан кейін Ол Шаддай Патшаның әскерінің байқауын өткізуге шешім қабылдады, бүкіл қала шеруді қуана шаттанып бақылады. Сарбаздар күрделі жаттығуларды анық және тез жасап, мергендіктерін көрсетті.

Байқау аяқталған соң, қалалықтар Имануилдің алдына шығып, Оның бүкіл әскерімен бірге өздерінде тұруларын сұрады. Олар Оның алдында ерекше кішіпейілдікпен тағзым етті. Имануил:

– Сендерге тыныштық болсын! – деді.

Тұрғындар Оған жақындап келіп, алтын асатаяғына қолдарын тигізіп, былай деді:

– Ханзада Өзінің көсемдері және сарбаздарымен бірге Жанда мәңгіге тұрақтап қалса екен.⁸⁷ Ол мұнда Өзінің даңқы үшін және қаланы қорғау үшін қаруларын қойса екен, ол үшін бізде орын бар.⁸⁸ Әмірші, Жанға келіп, бізге мәңгі билік ете гөр, ал біз Сенің қызметкерлерің болып, заңдарың бойынша өмір сүреміз! Егер Сен бізді тастап кетсең, күніміз не болады? Қалада әлі де Ібілістің бірнеше жақтастары жасырынып жүргені белгілі. Сен кеткен кезде, олар бізді өздерінің әміршілеріне ұстап береді де, біз оның қол астына қайта түсеміз. Сондықтан Сенен жалынып сұраймыз, біздің қамалымызда орналаса гөр!

Имануил олардың бұл жалынышына былай жауап берді:

– Егер Мен қалаға орналасатын болсам, Менің жүрегіме жиіркенішті көрінгендерді кедергісіз қуып шыға аламын ба?

Бәрін де Мен сендер үшін істеймін. Сендер Маған сол істе шынайы және адал көмектесесіңдер ме?⁸⁹

Қалалықтар ойлана жауап қатты:

– Бір кезде өзіміздің қайырымды Патшамыз Шаддайға опасыздық жасау қолымыздан келеді дегенді ойламағанымыз тәрізді, алда да не істейтінімізді біле алмаймыз. Ол біздің сөзімізге толық сенбесе екен, одан да осы тұрғындардан Өзіне әскери бөлім жасақтап, біздің қамалымызға орналассын. Бізді Сенің көсемдерің мен сарбаздарың басқарсын, ал Сен бізді кешірім туралы хабарды оқыған кездегідей Өзіңнің сүйіспеншілігіңмен және мейіріміңмен басқар. О, Әміршіміз, біз Сенің даналығыңның тереңдігін толық бағалай алмаймыз! Соншама ащы сынақтардан кейін, тәттінің дәмін татамыз деп кім ойлаған. Тәңір Ие! Нұрыңмен бірге Өз сүйіспеншілігіңді де көрсете гөр! Бізді қолымыздан ұстап жетелеші, сонда Сенің еркіңмен жүреміз. Біздің бастан кешетініміздің барлығыда өз пайдамыз және өз игілігіміз үшін екенін естен шығарып алуымызға жол бере көрме. Өзің бізбен бірге қалсаң ғой, шіркін.⁹⁰ Өйткені тек Сен ғана Өз алақаныңда бізді күнәдан сақтап, адал әрі сенімді қызметкер ете аласың.

Имануил бұған:

– Тыныштықпен қайтыңдар, – деп жауап берді. – Мен сендердің өтініштеріңді орындаймын. Ертең Өзімнің барлық әскерімді жинаймын да, Көру қақпасына бет алып, сол арқылы қалаға кіремін, сендердің қамалдарыңда орналасып, Өз сарбаздарымды бақылаушы етіп қойып, Жанда аспан астында еш нәрсе де тең келмейтін ғажайыптар жасаймын.

Қалалықтар мейірімді Ханзаданың сөздерін қуанышты айғаймен қарсы алып, осы керемет хабарды туыстары мен достарына жеткізіп жатты.

Имануилдің Көру қақпасынан қамалға дейінгі жүретін жолға тұрғындар өз бақшаларынан құшақ-құшақ гүлдер әкеліп төсеп тастады. Олар Имануилді салтанатты түрде қарсы алу үшін көшелер мен үйлерді гүлдермен, безендіріп, әр түрлі аспаптарда әндер шырқады. Келесі күні таңертең Имануил Өзінің әскерімен алдынан кең ашылған Көру қақпасына қарай беттеп, қалаға кірді.⁹¹ Оған бірінші болып, басшылар мен ақсақалдар сәлем берді. Имануил иығына патшалық шапан

жамылған, белінде алтын қаруы да ілініп тұрды, Ол Өзінің патша күймесіне отырды. Жүздеген кернейлердің дауысы шеруді сүйемелдеп, желбіреген тулардың астында мыңдаған сарбаздар сап түзеп келе жатты. Көпшілік Имануилді жақсырақ көру үшін қабырғаларға шығып алды.

Жеңімпаз Ар-ұжданның үйіне жеткен кезде, барлық көсемдер мен сарбаздар бірге Ханзаданы қарсы алуға шықты. Тұрғындардың зор бақытына орай, Имануил бүкіл сарбаздарымен бірге осы түнді қамалда олармен бірге өткізді.⁹²

Келесі күні қалалықтар әскерді қалай орналастыру туралы ойластыра бастады.⁹³ Олар өздерінің жаңа Әміршілері мен Оның қолбасшыларына риза болғандары соншалық, оларға қалай жағудың жолын іздеді. Ақыры көп дау-дамайдан кейін Күнәсіздік көсемді Парасаттың үйіне, ал Шыдамдылық көсемді Ар-ұжданның төңкеріс кезіндегі және содан кейінгі хатшысы Пікірдің үйіне орналастыруды ұйғарды. Сүйіспеншілік көсемді Сезім, ал Үміт көсемді – қала басшысы Парасат қабылдады.

Қамалмен көрші тұрған және Ханзададан ең бірінші қауіп кезінде қоңырау соғып белгі беруге тапсырма алған Шежіреші Ар-ұжданға келсек, ол өзі екі көсем Боанергес пен Нанымды көптеген әскерлерімен бірге өз үйіне орналасуға шақырды.

Сот пен Жаза көсемдерді князь Ерік өз үйіне орналастырды, өйткені оның міндеті Ханзаданың бақылауында, Жанның игілігі үшін қаланы басқаруда болды. Өзәзілдің патшалығы тұсында ол Жанға көп зиян келтіріп, нашар басқарған еді.

Қаланың барлық тұрғындары Ханзадаға қарап, Оған көздері тоймады. Сондықтан Одан үйлеріне қонаққа келуін жалына сұрады. «Өйткені Сіздің арамызда болуыңыз, жігерлі сөздеріңіз – біздің өміріміз, күшіміз бен қорғанымыз», – деді олар.

Оған қоса олар Өзіне еркін келуге рұқсат беруін өтінді, сөйтіп Ол Өзіне келетін қақпаның үнемі ашық болуын бұйырды. Ол сөйлеген уақытта толық тыныштық орнайтын, себебі тыңдаушылар Оның бір сөзін жіберіп алудан қорқатын. Ол қайда барса да, бүкіл қала Одан қалып қоядан қауіптеніп, Оның соңынан еріп жүретін.

Бір күні Имануил той жасады.⁹⁴ Оған барлық қала тұрғындары шақыру алды. Бір тамақтан соң тағы біреуі әкелінді, олардың әрқайсысы ерекше дәмді болатын. Мұндай тамақтың дәмін ешкім ешқашан татып көрмеген еді, су шарапқа айналып, бәрінің де көңілдері шалқыды. Күй ойнап тұрды... Осылай Жан жұмақтың дәмін татты...

Тойдың соңына қарай Имануил қонақтарға Шаддай Патшаның сарайында құрылған бірнеше жұмбақты айтып берді.⁹⁵ Бұл жұмбақтар Патшаның Өзі және Оның Ұлы Имануил туралы, Олардың Жан үшін жүргізген соғыстары мен ол үшін жасаған ұлы ерліктері жайында болатын.

Имануил қалалықтарға олардың кейбіреулерін Өзі түсіндіріп берді. Тұрғындар қуанып, ғажап нұр олардың саналарын жарқыратты. Алғашында олар осыншама аз сөзде соншалық мол даналық бар екенін көздеріне де елестете алмаған. Сосын олар кейбір жұмбақтардың Имануилдің Тұлғасына қатысты екенін түсінді де, Ханзаданың жүзіне қарап: «Міне Сол – Тоқты! Міне Сол – Жартас! Міне Сол – Жол!» – деп қуана дауыстады.

Осыдан кейін Имануил Өзінің қонақтарын қоя берді. Естігендерін талқылап, олар қуана тарқасты. Тіпті түнде де тыныштала алмай, Оны түстерінде мадақтады.

Сол екі арада Имануил сыртқы жаулардың ғана емес, ішкі жаулардың да шабуылдау қаупі тым жоғары болғандықтан, қаланы толықтай қайта құруды ұйғарды.⁹⁶

Әкелінген қарулар қаланың ескі қабырғалары мен қайта салынған мұнараларына құрылды. Қару-жарақтың ішінде қамалдан Ауыз қақпасына тасты деп ататын, Шаддай Патшаның Өз Ұлының туындысы да болды. Сенімнің қарауында болғандардың ішінде ешбірі де бұл қарумен теңесе алмайтын.

Имануил қаланың барлық қақпаларының күзетін және қаладағы тәртіпті Ерікке тапсырды. Оған қоса, қалада жасырынған Ібілістің жақтаушыларын іздеп табуды да жүктеді.

Имануил сосын Шаддай Патшаның кезінде қала басшысы болған Парасатты шақырып алып, бұрынғы міндетіне оны өмір бойына бекітті. Сонымен қатар, Көру қақпасына жақын жерден ғимарат салу да тапсырылды.

Шежіреші болып Таным тағайындалды, бірақ бұл Ар-ұжданнның кінәсі басқалардан ауырырақ болғандықтан емес,

қайта Имануил оның өзін кейінірек білуге тиісті, басқа бір міндетке тағайындауды ұйғарған еді.

Имануил базар алаңындағы Ібілістің бейнесін алып, қала қабырғасының сыртында оны ұсақтап турап, желге ұшырып жіберуге, ал Өзінің Әкесі – Шаддай Патшаның бейнесін бұрынғы орнына қайта ілуге бұйырды. Өзінің атын қаланың орталық қақпаларына ойып жазып, әріптерді сап алтынмен бояуға бұйырды.

Содан кейін Имануил Ібіліс тағайындаған екі қалалық ақсақалдарды – Сенімсіздік пен Азғындықты және шежіреші Жақсыныұмытуды тұтқындауды бұйырды. Құдайсыздық, Тасжүрек, Жалғантыныштық, Шындыққақарсылық, Аяусыздық, Асқақтық және басқалары тұтқындалып, түрмеге қамалды. Олардың бәрі Имануилдің қарт қызметшісі Сенімділіктің қол астына жіберілді.

Ақырында Имануил Ібіліс қалаған үш қамалды да іргетасына дейін күл-талқанын шығаруды бұйырды. Жұмыс көп уақытқа созылды, өйткені, олар қаланың қабырғаларынан домалатып тастауға тура келген дәу қара тастардан қаланған еді.⁹⁷

VII-тарау

СОТ

Жоғарыда айтылғандардың бәрі орындалып болғанда, Имануил Сенімділіктің қарауында отырған тұтқындарға қоғамдық сот⁹⁸ жүргізуді қаланың басшысы мен ақсақалдарына тапсырды.

Белгіленген уақытта сот пен тұрақты кеңесшілер жиналды. Сот басталды. Сенімділікке айыпкерлерді залға кіргізу бұйырылды. Сол кездегі дәстүр бойынша қос-қостан кісенделген тұтқындар айыптылардың орнына отырды. Шақырылған тұрақты кеңесшілер ант қабылдады. Олар он екі болатын: Илану, Адалдық, Шыншылдық, Зұлымдықжауы, Құдайсүйгіш, Шындықкөргіш, Көктіаңсаушы, Сабырлылық, Ризашылық, Шарапат, Құдайғаадалдық және Мойынсұнғыш.

Куәгерлер Жанның келесі тұрғындары болды. Білімділік, Шыншылдық, Өтіріккежау, князь Ерік және оның хатшысы.

Жоғарғы сот Әділеттілік соттың отырысын Құдайсыздықтың ісін тыңдаудан бастауды ұсынды.

– Құдайсыздық, қолыңды көтер!⁹⁹ Сен Жанға бұқпантайлап кіріп алып, Құдай жоқ, сондықтан қалай қаласаң, солай өмір сүруге болады дегенді арсыз түрде жарияладың. Сен біздің Патшамыздың даңқына кір келтіруге тырысып, қаланың тыныштығы мен игілігін бұзып, Оған қарсы әрекет еттің. Сен өзінді кінәлі деп есептейсің бе?

– Жоқ, мен кінәлі емеспін, – деген Құдайсыздықтың жауабы естілді.

Сот куәгерлер Білімділікті, Шыншылдықты және Өтіріккежауды шақырды.

– Құрметті куәгерлер, сотталушыға қараңыздар, сіздер оны білесіздер ме?

– Иә, оны білемін, – деп жауап қатты Білімділік. – Оның аты Құдайсыздық. Бұл Жанда бірнеше жыл бойы тұрып келеді.

– Оны білетініңізге сенімдісіз бе?

– Әрине. Алғашында мен, өкінішке орай, уақытымды оның қасында жиі өткіздім. Ол – Ібілістің жақтасы. Бір күні мен онымен бірге Бейпілауыздық көшесінде келе жатқанымда, ол арсыз түрде: «Мен Құдайдың жоқ екеніне сенімдімін, бірақ қажет болса, Оның бар екенін айтып, тіпті Оны өте әділ деп таныған түр көрсете аламын. Барлығы мен тұрып жатқан қоғамға және жағдайларға байланысты», – деп жариялады.

– Сіз мұны өз құлағыңызбен естідіңіз бе?

– Өз сөзімді растауға дайынмын.

Сосын Шыншылдықты шақырды.

– Алғашқы жылдарда мен оның жолдасы болдым, – деп куәгер өзі мойындады, – қазір сол үшін қатты өкінемін. Ол Құдай да, періштелер мен рухтар да жоқ деп жариялаумен болды.

– Сіз мұны одан қай жерде естідіңіз?

– Құдайды балағаттау қатарына көршілес Қараауыз көшесінде және тағы басқа жерлерде.

– Сіз ол туралы тағы не білесіз?

– Оның – Ібілістің ынталы жақтаушысы екенін білемін, өз әкесінің аты – Қасиетсіз, оның бұдан да басқа балалары бар.¹⁰⁰ Менің бар білетінім осы.

Ең соңында куәгер Өтіріккежау шақырылды.

– Сіз мына айыпталушыға қараңыз, оны білесіз бе? – деді сот төрағасы.

– Бұл Құдайсыздық өмірімде кездестіргендердің ішіндегі ең оңбағаны. Ол Құдайдың бар екенін жоққа шығарып қана қойған жоқ, сонымен қатар өлгеннен кейінгі өмірді де жоққа шығарды, ол бірде-бір азғындықты күнә деген емес және ақыреттегі сотқа да сенген емес. Онымен қоймай, ол ғибадатханаға бару мен сыраhanaға кірудің еш айырмашылығы жоқ дейтін.

– Мұны сіз одан қай жерде естідіңіз?

– Алаяқтық көшесінің аяқ жағындағы Мас көшесіннен, Құдайдыбалағаттау мырзаның үйінде.

– Сенімділік, айыпкерді өз орнына апар, – деп бұйырды сот. Екінші болып Азғындық есімді қалалықтың ісі қаралды.

– Айыпкер, сен біздің өлкемізде жатжерліксің. Сен Жаннның тұрғындарын тән құмарлықтарына берілу үшін адамға рұқсат беріп қана қоймай, сонымен бірге ол денсаулыққа пайдалы деп, еліктіргіш сөздеріңмен арбап алыпсың. Тіпті сен күнәкар тілегінді қанағаттандырудан бас тартқан емессің және бас тартатын ниетің де жоқ. Сен өзінді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Мен, рақымды мырза, атақтылар әулетіненмін, – деп жауап берді Азғындық, – сондықтан аяғымды алшаң басып, шалқып өмір сүруге үйреніп қалғанмын. Мен еш нәрседен бас тартып көрген емеспін. Сондықтан мен басқалардың барлығы құпия, тіпті ашық түрде де істеп жүрген тәни рахат істер үшін өзімді айыптап жатқандарыңа аң-таң болып тұрмын.

– Бізге сенің атағың маңызды емес. Адам атақты болған сайын, ізгілену керек екенін ескерте кетейін. Сотқа жауап бер: сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Жоқ, мойындамаймын.

Сот куәгерлерден шындықты қалпына келтіруге көмектесулерін өтініп, оларға тағы да сұрақ қойды.

– Білімділік, сіз айыпкермен таныссыз ба? – деп сұрады сот олардың алғашқысынан.

– Иә, мен оны білемін. Оның аты – Азғындық, Айуандықтың ұлы және өзі Тәндік көшесінде туған. Оның шешесі Тәнқұмарлықтың қызы болған. Мен олардың бүкіл әулетін білем.

– Сіз оны не үшін айыптайтынын естідіңіз. Сотқа ол туралы не айта аласыз?

– Мен оны балағаттаушы, суайт, Тәңірге бағынбайтын адам ретінде білем. Оның кез келген арам ниетке толған, құмарпаз екенін де растаймын.

– Бірақ ол өзінің арам істерін қалай істейді: жасырын ба, әлде ашық па?

– Әрқалай.

– Шындық, сіз не қосасыз?

– Мен бірінші куәгердің айтқандарының бәрінің шын екенін растаймын.

– Айыпкер, саған қарсы куәліктерді естідің бе?

– Мен әрқашан адам үшін ең ұлы бақыт өзінің кез келген тілегін орындаудан бас тартпау деген пікірді ұстанып келгенмін, – деп Азғындық ашық жауап берді. – Мен осы ережелерге сәйкес әрекет еттім және өмірімді үздіксіз рахатпен өткіздім. Сол кезде мен өзімшіл болған емеспін және барлық білімім мен тәжірибемді өзгелерге беріп отырдым.

Сонда сот төрағалары оның сөздері өзін жеткілікті айыптайды деп шешіп, сол себепті күзетшіге оны орындыққа апарып, Сенімсіздік атты үшінші тұтқынды алып келуге бұйырды.¹⁰¹

– Сенімсіздік, сені мұнда барлығы осы атпен біледі. Сен біздің елімізге қулықпен кіріп алып, қалада Шаддай патшаның әскерлеріне зұлымдықпен қарсыласқаныңа бола айыпталасың. Ібіліске бағына отырып, тұрғындарды өздерінің заңды Патшаларына қарсыласып, Оның жіберген қолбасшыларын қабылдамауға үгіттедің. Сен өзінді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Мен Шаддайды білмеймін, – деп жауап берді Сенімсіздік. – Мен өзімнің қожайынымды жақсы көремін және оған адал болып қалуды борышым деп білем. Сіздер дұрыс айтасыздар, мен қала тұрғындарын жатжерліктерден қорғануға көздерін

жеткізуге барлық күшімді салдым. Өз көзқарасымды сіздер айтты екен деп, ешқашан өзгертпеймін.

– Бұл адам көріп отырғандарыңыздай өзгермейді: ол өз сөздерін төкаппар дауыспен мәлімдеп, бағынбаушылығына мақтанады, – деп анықтап айтты сот төрағасы.

– Күзетші, – деді сот Сенімділікке, – оны орнына апар, бері қарай Жақсыныұмыт шықсын.¹⁰²

– Сен Жақсыныұмыт деген атпен белгілісің, – деп бастады сот, – өзің барлық істердің басында Сенімсіздікпен бірлесе отырып, қалада тұрғындардың игілігі үшін ештеңе істемегенің үшін айыпталасың; керісінше сен Ібіліспен бірігіп, Өмірші Шаддайдың әскерімен қарсыластың. Өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Мырзалар, сіздер қазір менің соттаушымысыздар. Мен өзімнің ақталуыма бір нәрсе ғана айта аламын: мен істеген қылмыстарымды егде тартқан жасымның кесірінен, ұмытшақ болғандығымнан деп түсініңіздер. Мен зұлымдықты әдейі істеген жоқпын және сіздердің аяушылық көрсететіндеріңізге үміттенемін.

– Жоқ, Жақсыныұмыт – деп жауап берді сот, – сен жақсылық жасауды ұмытуды санаңның әлсіз болғанынан емес, әдейі істедің. Жақсылықты ұмыттың, ал жамандықтың бәрін жадында сақтадың. Сен өзіңнің жасыңның кәрілігін сылтау етіп, ақталғың келеді. Бірақ куәгерлердің не айтатынын көрейік...

– Мен айыпкердің жақсылықты ойлауға қабілетті емес екенін өз аузынан естідім, – деп куәлік етті Өтіріккежау.

– Білімділік, бұл айыпкердің ісі бойынша сіз не айтасыз? – деп сұрады сот келесі куәгерден.

– Мен оны жақсы білем. Оның әкесінің аты Жамандықсүйгіш. Оның өзі менің көзімше жақсылық туралы ойлаудың өзі ауыр екенін бірнеше рет айтты.

– Ол мұны қай жерде айтты?

– Тәндік көшесінде, ғибадатхананың маңында.

Шыншылдық сен не дейсің?:

– Мен одан Киелі Жазбаның тәлімдерін еске түсіргеннен гөрі, ең лас істер туралы ойлау әлдеқайда жағымды деген сөздерін жиі еститінмін. Ол мұны көп жерлерде, әсіресе Қараңғы көшесіндегі Ұятсыздың үйінде, сонымен қатар, сайға түсер жердегі, Лас көшесіндегі, Қарғыс атқанның үйінде айтты.

Жақсыныұмытты орнына отырғызып, Сенімділік күзетші Тасжүректі шақырды.¹⁰³

– Тасжүрек, сені бүкіл қала тұрғындарына Шаддай Патшаға қарсы жүректерін қасарыстыру тілегін ұялатып, олардың жүректеріне өздерінің сатқындықтары мен Оның заңдарына қарсы бас көтергендері үшін өкініш пен тәубе етудің ұшқынын да жібермей қойған адам ретінде біледі. Сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Маған өкініш сезімі бейтаныс, сондай-ақ ұят дегенді де білмеймін. Мен ешкімге жаным ашымайды және мені ешкімнің қайғысы толғандырмайды: бөтеннің қайғысы маған қуаныш әкеледі, біреудің көз жасы маған көңілді әуендей...

– Сіздер көріп тұрсыздар ғой, мырзалар, айыпкер өз кінәсін жоққа шығармайды, тіпті өзінің күнәларын мақтан тұтатындай, – деп қорытты сөзін сот төрағасы.

Тасжүрекке отыруға рұқсат етілді. Алдыға айыпкер Жалғантыныштық шақырылды.¹⁰⁴

– Жалғантыныштық, сен біздің өлкемізде рұқсатсыз тұрып жатқаныңмен қоймай, тұрғындарды Шаддай Патшаға қарсы толқуларында зұлымдықпен және сұмдықпен қолдағаның үшін айыпталасың. Сен оларға қауіпті сенімділік пен негізсіз үміт ұялатып, ақылға келіп, тәубе етулеріне бөгет жасадың... Сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Сот мырза, менің атым – Тыныштық, есіміме жалған деген тіркес қосылмаған. Мені туылғаннан бері білетін адамдардың бәрі мұны растайды. Олар мені Жалған тыныштық деп атап көрген емес. Мен жай адаммын, әрқашан тыныш әрі сабырлы өмір сүргенді жақсы көрдім, сондықтан өзіме қымбат нәрселерді басқаларға да тіледім. Жақындарымның бір нәрсеге абыржығанын көрсем, оны дереу тыныштандыруға тырысатынымын. Шаддай Патша мен Ібілістің арасында соғыс оты бұрқ ете қалған кезде, көптеген тұрғындар өздеріне төніп тұрған апат пен бәледен үрейлері ұшып қорықты. Ал мен қолымнан келгенше, барлық шындықпен де, өтірікпен де олардың астаңкестең болған жан дүниелерін тыныштандыруға тырыстым. Демек, мен әрдайым шарапатты адам болғанмын, өйткені нағыз бітімгерлер осындай болады. Тіпті бітімгер құрметке лайықты. Сіздерден, менің әрекетім бүгін де айыптауға, қатаң

жазалауға емес, барлық мақтау мен қолпаштауға лайықты екенін бар дауыстарыңызбен жарияласаңыздар деп өтінемін. Ал мен өзімді айыптаушыларға тұлғамды жәбірлегендері үшін талап-арыз беруге құқым бар.

Сот айыпталушы Жалғантыныштықтың шынайы сықпытын анықтауға көмек берулерін сұрап, қатысушыларға өтініш айтты. Сотқа көмек беруге мына екі адам алға шықты. Біріншісінің аты – Шындықжақтаушы, ал екіншісінің аты – Шындықкуәгері.¹⁰⁵

Сот екі ерікті куәгерлерді ант беруге әкелді. Бірінші, Шындықжақтаушы сөйледі:

– Мен бұл айыпталушыны бала кезімнен білетінмін, оның аты әрқашан Жалғантыныштық екеніне куә боламын. Мен оның әкесін де білетінмін, әкесінің аты – Жағымпаздық. Оның шешесінің қыз кезіндегі тегі – Шолжаң болатын, сөйтіп олар балаларының атын – Жалғантыныштық қойғылары келді. Мен оның шешесінің: «Тезірек кел, Жалғантыныштық, әйтпесе саған өзім барамын», – дегенін жиі еститінмін. Ол оны тізесіне отырғызып, бетінен сүйіп: «Сүйікті менің балапаным – Жалғантыныштық, тәп-тәттім, сен мен үшін сондай қымбатсың!» – дегенді жиі қайталайтын. Кіндік атасы мен шешесі де солай атайтын.

Сосын Шындықкуәгері куәлік берді.

– Алдыңғы куәгердің айтқандарының бәрі – шынайы ақиқат. Айыпкердің аты – Жалғантыныштық, ол Жағымпаздық пен Шолжаңның ұлдары. Мен оның өзін басқа атпен атаған кезде, ашуланғанын бірнеше рет көрдім.

Сот Жалғантыныштыққа тағы да былай деді:

– Айыпкер, сен атыңның Жалғантыныштық емес екеніне сендіруге тырысуың бекер болды. Қалада тыныштық сақтау өздігінен өте жақсы іс. Сондықтан сені бұл істе айыптай алмаймыз. Бірақ сен біздің қайырымды Патшамыз Шаддайдың заңына қарсы тыныштықты уағыздадың. Сен Жанды егер ол күнәмен өмір сүретін болса, тыныштық болады деп үйреттің. Сен біздің сотты әділетті деп атадың ғой, сондықтан бізге тағы бірнеше куәгерлерді тыңдау керек.

Сот бірінші болып куәгерлердің ішінен Білімділікке сөйлеуді өтінді.

– Маған мәлім, – деп жариялады ол, – айыпкер ұзақ уақыт бойы қолдан келгенше Жан қаласындағылардың жүрегінде тыныштық орнатуға тырысты. Мен, мәселен, оның әр түрлі азғындыққа берілген адамдарға былай дегенін естігенмін: «Мұның бәрі түкке тұрмайды, алаңдамаңдар, болашақтың қамы үшін уайымдамаңдар. Ең бастысы – тыныштық, өйткені мақсатқа жету жолындағы әрекеттің барлығы да дұрыс».

– Құрметті Өтіріккежау, сіз бізге қандай куәлік бересіз? – деп сот келесі куәгерге мойын бұрды.

– Мен оның азғындық жолындағы тыныштық, шындық жолындағы ар азабынан әлденеше есе артық екенін айтқанын бірнеше рет естідім.

– Ол мұны қай жерде айтты?

– Ақылсыздық алаңындағы Өзін еліктіру үйіне көрші тұратын Надандықтың үйінде. Мұны мен бір рет емес, жиырма шақты рет естіген шығармын.

– Бізге куәліктер жеткілікті, – деді сот, – сондықтан, күзетші, айыпкерді орнына апарып, келесі Шындықсызды шығар.¹⁰⁶

– Шындықсыз – біздің өлкемізде бөтен әрі шақырылмаған қонақ, – деді сот өзінің алдына келесі айыпкер келген кезде. – Сен біздің ұлы Патшамыз Шаддайдың атын Жаннан өшіріп тастауды ойлап, Оның заңдарын бұрмалағаның үшін айыпталасың. Сен Ібілістің билігіне берілген қаланың өз басын қатерге тіккенін білдің, алайда бұған жол бердің. Сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Жоқ.

Сонда куәгерлер қайта шақырылды.

– Мен, – деп мәлімдеді Білімділік, – айыпкердің Шаддай Патшаның жазылған заңдарынан қалғандарды отқа жағып, жыртып, тіпті аяғымен таптаған. Ол осы бұйрықты Ібілістен алған сәтте, мен оның маңайында тұрғанмын.

– Бұл әрекеттің куәсі болған сізден басқа тағы кім бар?

– Мен, – деп Өтіріккежау орнынан көтерілді, – тағы көп адамдар бар, өйткені ол солай етуге еш қысылған жоқ, Ібілістің бұйрықтарын ашық әрі ынтамен орындады.

– Айыпкер, егер бүкіл қала осылай істегеніңді көрсе, өзіңді кінәлімін деп мойындаудан неге бас тартасың?

– Менің сізге қандай да бір жауап беруім керек қой, атым Шындықсыз болғандықтан, өз атыма сәйкес әрекет етемін.

Осы уақытқа дейін сол әрекетімнен көптеген пайда көрдім, қазір де шындықты айтпасам, пайдасын көремін.

Шындықсыздың кінәсы осылайша дәлелденіп, сот күзетші Сенімділіктен оны айыпкердің орындығына апаруды сұрады.

Келесі болып жауапқа Аяусыздық шақырылды.¹⁰⁷

– Айыпкер, сенің атың – Аяусыздық. Сен біздің өлкемізге заңсыз орныққан кірмесің. Сен қала тұрғындарын өздерінің заңды Әміршісіне қарсы тұруға, бұл үшін олардың өздеріне қандай қауіп төндіретіндерін біле тұра, айдап салғаның үшін айыпталасың. Сен тәубе етудің тұрғындар үшін құрып кетуден құтылудың жалғыз жолы екенін біле тұра, оларға ес жиып, өз қылмыстарына өкінуге жол бермедің. Сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Мен кінәлы емеспін. Менің әрекетім тұрғындардың еңсесін көтеруге бағытталған, өйткені мен олардың ауыр қайғыдағы жүздерін көргенде, шыдай алмадым. Менің атым да Аяусыздық емес, Рухты қоздыру.

– Қалай? Сен өз атыңнан бас тартпақпысың? Куәгерлерді шақырыңдар!

Бірінші болып сөзді куәгер Білімділік алды:

– Мен оның аты Аяусыздық екенін растаймын. Ібілістің барлық қызметкерлерінің өз есімдерін былайша өзгертетіні маған мәлім: мысалы, Дүниеқоңыздық өзін Қамдаушы деп айтса, Тәкаппарлық өзін сәті келгенде Сәнқой немесе Ізгітекті деп атайды.

– Шыншылдық, сіз бұған не айтасыз?

– Оның есімі – Аяусыздық. Мен оны бұрыннан білемін, ол тағылған айыптың бәрін де істеген. Ол жасаған қылмысы үшін өкінбейтін, қарғыстан қорықпайтын, сондықтан күнәға өкінуді көңілі түсу деп атайды.

Айыпкер Аяусыздықтың ісі осылай айқын болды, оған да отыруды өтінді. Міне, соңғы болып айыпкер Өркөкірек шақырылды.

– Айыпкер Өркөкірек¹⁰⁸ – деді оған сот. – Сен біздің қаламызда заңсыз тұрғаның үшін және тұрғындарды тәкаппарлыққа мәжбүрлеп әрі Шаддай Әміршінің көсемдерінің барлық ұсыныстарына өркөкіректене жауап бергіздіргенің үшін айыпталасың. Сондай-ақ, Патша туралы жеккөріп сөйлеуге үйретіп, Жанның тұрғындарына Имануилге қарсы қарумен шығуға дем бердің. Сен өзіңді кінәлімін деп мойындайсың ба?

– Мен табиғатымнан қорықпайтын адаммын, – деп Өркөкірек ақтала бастады, – қандай қауіп төнсе де, ешқашан еңсемді түсірмеймін және сатқындық жасау қолымнан келмейді. Маған өзінің пікірі жоқ, жеңімпаздың әнін айтып, жырын жырлайтын адам жиіркенішті. Мен ержүрек адаммын және өзімнің жауым кім екенін ойлап көрген емеспін. Маған маңыздысы – өзімнің арыстан сияқты ержүрек әрекет жасап, жеңімпаз болып шығатыным.

– Өркөкірек сені соғыстағы қорықпайтының мен ержүректігіңе бола емес, өзіңнің заңды Патшаң Шаддайға қарсы күрескенің үшін соттап жатыр. Саған таңылған қылмыс осы.

Соттың бұл ескертуіне жауап болмады.

Сотталушыларды тергеп болған соң, сот сайланған кеңесшілерге қарап:

– Сайланған кеңесші мырзалар, сотталушыларға қарсы тағылған айыптар мен олардың жауаптарын және куәгерлердің куәліктерін естідіңіздер. Енді сіздерден кеңес бөлмесіне өтіп, бәрін салмақты талқылап, дұрыс және бет жүзге қарамайтын әділ шешім шығаруларыңызды өтінемін, – деді.¹⁰⁹ Олар оңаша ақылдасты.

Олардың ішінде ең үлкені Илану еді, ол бірінші болып сөз алды:

– Мырзалар, меніңше, сотталушылардың барлығы өлім жазасына лайықты.

– Дұрыс, – деп Шынайы жүрек оны қолдады, – менің де пікірім сондай.

– Қандай жақсы, – деп Зұлымдыққажау өз пікірін білдірді, – бұл арсыздардың түрмеде отырғаны.

– Құдайға шүкір, Шаддай Патшаның жаулары жеңіліп, өз сазайларын тартып жатыр, – деді Құдайғасүйіспеншілік.

Шындықтыкөру де өз пікірімен бөлісті:

– Егер біз оларға өлім жазасын шығаратын болсақ, Шаддайдың Өзі оны қолдайтынына сенімдімін.

– Мен де шүбәланбаймын, – деп қосты Көктіаңсаушы, – осы зұлымдар қаладан құрыған кезде, Жанда тыныштық пен береке қайта орнайтынына сенімдімін.

– Әншейінде тез пікір айтпайтын едім, – деді Тыныштық, бірақ мына айыпкерлердің қылмыстары дәлелденген әрі

куәгерлердің пікірлері де бірдей болғандықтан, олардың жазаға лайықты екені анық.

– Құдай жарылқансын, – деп дауыстады Ризашылық, – қылмыскерлер жазаланады.

– Мен де Оған алғыс айтам, – деп Мойынсұнуда тізесін бүкті.

– Мен бұған сіздерден кем қуанбаймын, – деді Шарапат.

Қызуқанды Құдайға қызғаныш та өз сезімін іркіп қала алмады:

– Сотталушылар кінәлі. Олар бір қарын майды шірітетін құмалақтың өзі.¹¹⁰ Егер осы “құмалақтар” жазаланса, қала халқы құтқарылатын еді.

Шешім қабылдап, олар сот залына қайта оралды.

Сот олардың аттарын жеке-жеке атап, үкімді кім жариялайтынын сұрады. Олар мұны өздерінің араларындағы ең үлкені Илануға тапсырды.

– Олардың бәрі айыпты, – деді Илану салтанатты түрде.

– Күзетші Сенімділік, сотталушыларды алып кет, – деп әмір етті сот.

Күзетші оларды тағайындалған жаза іске асатын келесі күнге дейін түрмеге қамап тастады. Бірақ түнде, тұтқындағылардың бірі – Сенімсіздікке түрмеден қашып кетудің сәті түсті.

Күзетші тұтқындардың біреуі жоқ екенін көргенде қатты састы. Ішіндегі ең қауіптісі қашып кеткенін білген ол, сол сәтте қала басшысына, шежірешіге және князь Ерікке болған жайтты айтуға аттанды. Олар дереу іздеу салды, алайда еңбектері зая кетті. Тек бір мәлім болғаны – ол қала қабырғасының сыртында қалалықтардың жүрегінде күмән тудырудың сәтін іздегені. Біраз уақыт өткенде Сенімсіздік Тозақ қақпасының маңайында өзінің бастығы Ібілісті көріп, оған болған жайтты түгелдей баяндады.

Ібіліс сарайда Имануил орныққаннан кейінгі болған оқиғалардың бүге-шігесіне дейін естіп, арыстанша ақырды. Ол Жаннан кек қайтаруға ант беріп, Сенімсіздікпен бірге өш алудың жоспарын ойластыра бастады.

Жазалану күні туды.¹¹¹ Қылмыскерлерді ағашқа шегелеуді ұйғарды. Тұтқындарды айқышқа әкелгенде, қорқыныш олардың бойларына күш бітіріп, олар аянбай қарсылық көрсетті. Тек Имануилдің сарбаздарының көмегімен ғана Жанның тұрғындарына әділетті жазаны жүзеге асырды.

VIII-тарау

ӨЗГЕРІСТЕР

Жаза жүзеге асқан соң, Имануил қала тұрғындарымен жиі кездесіп, оларды жақсы сөздермен жұбатып, рухани нығайтты.¹¹² Ол қаланы қорғау үшін тұрғындарға өзінің қоластында мың сарбазы бар қолбасшыны тағайындайтынын жариялады. Ол Өзіне Күту атты қалалықты шақырып, оған сол сәтте қамалға барып, сарайға Сенім көсемнің қоластындағы Тәжірибе атты сарбазды ертіп келуді тапсырды.¹¹³

Күту бұйрықты орындауға аттанып, Имануилге орта жастағы сарбазды ертіп әкелді. Оны барлығы батылдығы, саналы, абаймен әрекет ететіні мен ізгілігі үшін жақсы көріп құрметтейтін.

Имануил Тәжірибе сарбазға оны мың сарбаздың үстінен қолбасшы етіп тағайындайтыны жазылған, мөрмен бекітілген хаттаманы тапсырып, онысын салтанатты түрде жариялады.

Сол сәтте қолбасшы еріктілерді шақырып керней тартты.¹¹⁴ Көптеген жас жігіттер оған қызмет етуге келе бастады: қаланың ең жақсы отбасылары өздерінің ұлдарын оған жіберді. Осылайша Тәжірибенің қол астына мың адам жиналды. Өзінің қосшысы етіп Ұғым атты жас сарбазды, ал ту көтерушісі етіп Жадыны тағайындады. Әскердің туының түсі ақ, ал таңбасында өлі арыстан мен өлі аю бейнеленген.

Әскер жиналып бола салысымен, қаланың ақсақалдары Жанның бүкіл тұрғындарының атынан Имануилге құтқарғаны үшін және өздеріне көрсеткен ұлы мейіріміне алғыс айту үшін сарайда жиналды.

Осыдан соң біраз уақыт өткенде Имануил заң жарлықтарына түзетулер енгізіп, Өз халқына көбірек құқық пен артықшылық бергісі келетін тілегін хабарлады. Заңның ескі жинағын көріп Ол: «Зат ескірсе талқаны шығады. Жан өзінің қазіргі жағдайына сәйкес жаңа заңға ие болады», – деді. Міне, бұл – Имануилдің таңғаларлық ұлы және мәңгі мейірімінің қысқаша дәлелі: «Имануил Жанға деген сүйіспеншіліктен Өзінің Өкесінің атынан және Өзінің мейірімі бойынша сүйікті Жанға жаңа заң сыйлайды.¹¹⁵

1) Менің Әкеме және өз жақынына жасаған барлық қылмыстары мен жәбірлеріне толық және мәңгі кешірім алады;

2) Менің оған деген сүйіспеншілігімнің дәлелі ретінде өмірлік күшін нығайту үшін Киелі Заң мен Өз өсиетімді тарту етемін;

3) Әкем мен Менің жүрегімдегі рақымды дарытамын;

4) Ол Әкем мен Менің даңқым үшін бүкіл әлемді билесін. Сонымен қатар, оған қазір де, болашақта да өмір мен өлімнің үстінен билік жүргізу құқығын беремін;

5) Маған кез келген уақытта келсін. Ол маған өзінің мұқтаждықтарын әкеле алады, ал Мен Жанды естуге және оған көмек беруге уәде беремін;

6) Оның мазасын алған Ібілістің қызметкерлерінің жазасын беретін шексіз билік беремін.

7) Ешбір жатжерлікке онда орналасуға және Мен берген артықшылықтарды пайдалануға тыйым саламын, өйткені олар қала тұрғындары мен олардың мұрагерлерінің ғана құқығы болып табылады.

Ібілістің қызметкерлері болса, тегі, тайпасы және тұрғылықты жеріне қарамастан, Құдай мейірімінің мұрагерлері бола алмайды».

Бұл құжатты шежіреші оқып шықты да, жұртқа мәлім болуы үшін қамал қабырғаларына алтын әріппен жазылып ілінді.

Халық шаттыққа бөленді. Барлық көшелерде тулар желбіреп, керней тартылып Патша мадақталды. Мұны көрген Ібілістің тығылып жүрген жақтастары жеккөрінішін әрең жасырды.

Біраз уақыт өткенде Имануил қала ақсақалдарын шақырып, олармен бірге қалада қандай билік мекемесін құру керектігін талқылай бастады.¹¹⁶

– Өйткені, – деді Ол, – ақылға келтіретін тәлімгерлер болмайынша, сендер Менің Әкемнің еркін не түсінбейсіңдер, не орындамайсыңдар.

Сол кезде Ол екі оқытушыны тағайындағанын хабарлады: біреуі – Патшаның жанындағы адам, ал екіншісі – қаланың байырғы тұрғындарының бірі.

– Менің тағайындағандарымның біріншісі, – деп жалғастырды Имануил, – Менің Әкемнің үйіндегі Ұлы әрі

Жоғарғы Тәлімгер. Ол бәрін Білуші, Оған Менің Әкеме және Маған белгілі болғаны сияқты, барлық құпиялар мәлім. Ол бізбен бір тұлғада, біз сияқты Жанды сүйеді және оған қамқорлық жасайды. Ол сендердің басты ұстаздарың болады, өйткені сендерге терең рухани шындықтарды анықтауға тек сол ғана көмектеседі. Жанға барлық уақытта оң көзімен қарап, қаншалықты Әкемнің оны сүйетінін көрсетеді. Адам жанын тек адамда өмір сүретін рух қана біледі. Солайша Менің Әкемнің ойын Жоғарғы Тәлімгерден басқа ешкім де білмейді. Ол сендерге ұмытқандарыңды еске түсіріп, болашақты ашып көрсетеді. Ол сендердің ойларың мен сезімдеріңді басқаруға тиіс. Сендер Оны жақсы көріп, Өзін еш нәрсемен ашуландырып алмауға тырысып, тіпті Оған қорқынышпен, сүйіспеншілікпен мойынсұнуға тиіссіңдер. Ол бәріне өмір мен күш береді, Өзі болашақта қаншалықты қажет болса, соншалықты аша отырып, сендерді жақсы істерге шабыттандырады. Оның тағылымы бойынша Менің Әкеме өтініштеріңді әкелесіңдер, Оның рұқсаты мен кеңесінсіз өздеріңе ешкімді жуытпаңдар. Тағы да қайталаймын, Оны қорлаудан сақ болыңдар, өйткені егер Ол сендерге қарсы көтерілсе, сендер Әкемнің сансыз көп әскері шабуыл жасағаннан да күшті азап шегетін боласыңдар. Бірақ сендерге айтамын: егер Оның кеңесіне құлақ салып, Оны сүйсеңдер, бүкіл әлемді иеленгеннен артық игілікке ие боласыңдар. Ол сендердің жүректеріңді Әкемнің сүйіспеншілігімен суарады және Жан бүкіл ғаламдағы данышпан және жарылқанған қала болады.

Осыдан соң Имануил Өзіне бұрынғы шежіреші Ар-ұжданды¹¹⁷ шақырып, оны қаланың әр жолы Шаддай Патшаның еркімен сәйкестендіруге тиісті барлық күнделікті ағымдағы істерге жауапты екінші тәлімгері етіп бекітетінін айтты.

– Бірақ, – деп сақтандырды Имануил, – азаматтық, адамдық және отбасылық игіліктердің қамын жей отырып, күрделі құпияларды түсіндіруші болма, бұл Жоғарғы Тәлімгердің ғана құқығы. Сен – қаланың тумасысың, ал Ол – Әкемнің көмекшісі. Сондықтан сенің билігіңде тек жер мәселелері, ал Оның билігіңде – көктікі. Сондықтан, Ар-ұждан, сен де басқалармен қатар Оның шәкірті бол. Сен барлық рухани сұрақтармен Оған

баруға тиіссің, өйткені Ол ғана Жанға шынайы түсінік бере алады. Сол себепті, Ар-ұждан, өзіңді барынша кішіпейіл ұста, көкірегіңді көтеріп кетпе, өйткені Ібілістің жақтаушылары солай істеп тәкаппарлықтарының кесірінен бақытты жағдайларынан айырылып, тұңғыққа тасталды. Сені Әкемнің жер бетіндегі белгілі бір тапсырмаларын орындаушы орынбасар етіп тағайындадым, сол себепті Жанды оқытып, тәрбиеле, ал егер ол сенің тәліміңе мойын бұрмаса, қажет кезінде қатаңдыққа жол беріп, қамшымен саба. Бірақ сен қартайып, күш-қуатың азайғандықтан, Мен саған қалаған уақытыңда Өзімнің бұлағыма келіп тұруға рұқсат беремін. Сен одан көбірек ішкен сайын, өзіңді кез келген азғындық пен зұлымдықтан тазартып, көзіңнің көруі, еске сақтау қабілетің жасарып, өзіңді Жоғарғы Тәлімгер үйрететін нәрселердің бәрін қабылдап сақтауға қабілетті боласың.

Ар-ұждан өзіне тапсырған міндетін үлкен ризашылықпен қабылдады. Содан кейін Ханзада қалалықтарға ерекше сөзін арнады:

– Қараңдар, – деді Шаддайдың Ұлы, – Менің сендерге деген сүйіспеншілігім қандай зор. Мен сендер білуге тиісті нәрселердің бәрін үйрететін екі оқытушы тағайындаймын. Жоғарғы Тәлімгер сендерге адамның ақылы жетпейтін ғажайып құпияларды түсінуге көмектеседі. Сендердің екінші оқытушыларың – Ар-ұждан – сендерге кез келген күнделікті әрекеттеріңде тәлім береді. Оларға бағынып, ден қойыңдар. Сүйіктілерім Менің өздеріңе тағы да бір нәрсе айтуым керек. Сендерге ақылгөйсіп, әлемнің болашақ тағдыры мен келешегін шешудің қажеті жоқ. Мен Жанға осы патшалық құлап қираған кезде, басқа жаңа Патшалықты беретін ниетім бар. Сендер Менің заң жарғымның – Өмір Кітабының қағидаларын дәл орындауларың керек. Сен де, Ар-ұждан, мәңгілік өмірді тек өзіңнің игі істерім үшін аламын деп үміттенбей-ақ қой. Бәрі Шаддай Патшаның билігінде. Мәңгілік өмірді сендерге Өзінің Жоғарғы Тәлімгері арқылы сөйлейтін Көктегі Әке ғана бере алады. Осы екі оқытушының айтқандарына ден қойыңдар, сонда сендер Шаддай Патша уәде еткенді иелене аласыңдар.

Осы тәлімдерден кейін Имануил қала тұрғындарына Әкесінің жіберген көсемдеріне қалай қарау керектігін түсіндіре бастады.¹¹⁸

– Бұл көсемдер, – деді ол, – Менің Әкемнің айналасындағылардан таңдап алынды. Олар сендерді шынайы сүйеді және Шаддайдың тапсырмасын – орындауға әрі Өзәзілге қарсы күресуде басқалардан гөрі қабілетті. Сондықтан, азаматтар, оларға игі ниетпен және достық көңілмен қараңдар. Өйткені олар Патшаның атынан күрескенде батыл болса да, Жанның тарапынан болатын қорлау оларды терең қайғыға батырып, батылдықтарын әлсіретеді. Бауырластар, оларды құрметтеңдер, сүйіңдер, оларға көмектесіңдер. Егер олардың біреуі аяқ астынан ауырып немесе бұрынғы күшін жоғалтып алса, сөйтіп өзінің міндетін атқара алмайтын болса, оны табаламандар, керісінше, қолдандар, жігерлендіріңдер, өйткені олар ғана сендердің күнәға қарсы күрестеріңде сүйеніштерің бола алады. Бүгін сендер әлсірегенге жәрдемдессеңдер, ертең олар да қол ұшын созады. Өмірші Шаддайдың әскерінің қандай ерлікке қабілетті екенін білесіңдер! Онымен қоса, олар күшті болған кезде, Жан да күшті. Сендердің қауіпсіздіктерің – олардың амандықтары мен сендердің оларға деген қарым-қатынастарыңа байланысты.

Бұлардың бәрін Мен өздеріңе деген ұлы махаббатыммен айтып тұрмын. Сүйіктілерім, өз игіліктерің үшін және Әкем мен Менің қуанышым үшін кеңестерім мен насихаттарымды орындандар.

Сендердің тәубе етулерің шынайы болса да, тағы бір нәрседен сақтандырғым келеді.¹¹⁹ Араларыңда сендерді өз патшаларына бағындырып, түпкілікті құртуға тырысып, кез келген зұлымдыққа итермелейтін Ібілістің жақтастары қалғандарын білесіңдер. Олардан сақтаныңдар, қырағы болыңдар! Олар өздерінің басшылары сендерге патшалық еткенде қамалға орналасқан. Қала басшысы етіп, Ібіліс Сенімсіздікті тағайындады. Енді оның жақтастары қала қабырғасының сыртында, үңгірлер мен жертөлелерде уақыт келгенше бой тасалап отыр. Сондықтан, Жан, сенің алдында ауыр іс тұр: сен оларды іздеп тауып, тұтқындап, аяусыз көзін жоюға тиіссін. Менің Әкемнің еркі осылай. Оларға батылдықпен шабуыл жасаңдар, өздеріңе жақындауға жол бермеңдер, бейбітшіліктің қандай шартын ұсынса да, оларды қабылдамаңдар. Сендер оларды біліп, айыра алуларың үшін

олардың басшыларының есімдерін атап берейін: Азғындық, Құмарлық, Өлім, Ашу, Өтірік, Күндеу, Маскүнемдік, Құтыру, Пұтқа табынушылық, Сиқырлық, Алакөздік, Қызғаныш, Ысырапшылдық, Жүгенсіздік, Ренжу және Жалғандық.

Олар сендерді құрту үшін бар күш-жігерлерін салады. Олар қазір ешкім танымас үшін бетперде киіп алған, бірақ олардың сыртқы сипаттары бүге-шігесіне дейін сипатталған Әмірші Шаддайдың Кітабына қараңдар, сонда оларды оңай танысыңдар.

Олар мүмкіндік бола қалысымен, қақпалардың құлыптарын бұзып-жарып, қалаға ентелей кіреді. Олар сенің өміріңді күшіңді құрт сияқты кеміріп, өз басшыларыңды әлсіздендіріп, қазір гүлдеп тұрған қаланы әп-сәтте күлге айналдырады. Қала басшысы Парасат, әскербасы Ерік пен Ар-ұждан, сендерге басқа қалалықтармен бірге Ібілістің бетперде киген жақтастарын іздеп тауып, олардың көзін жоюға тапсырамын.

Менің Әкемнің Ібіліске қарсы күресуге жіберген төрт қолбасшысы сендерді өз міндеттеріңді орындауда нығайту үшін күн сайын сендерге уағыздайтын болады.

Мен сендер сақтануға тиісті және мүмкіндік туған сәтте жазалауға тиісті жауларыңды көрсеттім, алайда сендерді басқа да жаулардан сақтандыруым керек. Олар өздерін Әмірші Шаддайдың ең берілген қызметкері ретінде көрсетеді, бірақ ол Менің Әкеме де, Маған да ұнамды емес. Егер сақ болмасаңдар, олар сендерге көздеріңе елестете алмайтын зұлымдық жасайды. Дегенмен, қайталаймын, олар Мен сендерге сипаттап берген Ібілістің қызметкерлерінен мүлдем басқаша болып көрінеді. Сол себепті, Жан, сергек болып, өзінді алдауға жол берме.

Имануил тәлімін аяқтаған соң, қалалықтардың Өзінің сарайына жиналатын күнін белгіледі, сол күні олар әлемнің бүкіл халықтарынан ерекшелеп тұратын айрықша белгіні табыстайды. Белгіленген күні Ханзада халыққа былай деді:

– О, сүйікті Жан! Менің қазір істеуге ниеттенгенім, сені бүкіл әлемге Өзімдікі деп есептейтінімді білдіреді. Менің ажырату белгім сені өздерін тұрғылықты тұрғын ретінде көрсетуге тырысатын алдамшы жымысқылардан оңай айыруға мүмкіндік береді.

Ол Жанның тұрғындарына арнайы дайындалған жарқыраған ақ киімдерді Өзінің киім қоймасынан алып келуге бұйырды.¹²⁰

Имануилдің қызметкерлері оларды қалалықтардың алдына жайып салды, сөйтіп әрқайсысы өзінің бойы мен тұрқына шақ киімді алды. Осылайша бәрі қардай аппақ киімге оранып шыға келді.

– Сендерге Менің қызметкерлерімнің ақ киімі берілді, ол сендерді Ібілістің қызметкерлерінен ажыратады. Бұдан былай сендер Менің алдыма тек осы киімде келе аласыңдар. Сол арқылы сендерді бұл дүние де білетін болады, – деді сөзінің қорытындысында Имануил. – Бірақ киіммен бірге сендерге оларды таза ұстауларың үшін тәлім де беремін:

Оны өздеріңді жауларыңның қызметкерлерімен шатастырып алмау үшін үнемі киетін болыңдар.¹²¹ Оның кіршіксіз ақтығын сақтауға тырысыңдар,¹²² өйткені олардағы кез келген дақ – Менің атыма келген кір. Сондықтан киімдерің жерге тимес үшін, белдеріңді бекем буыңдар. Әйтпесе оған жердегі кір мен шаң жұғып қалады.¹²³ Менің алдыма жалаңаш келмес үшін, оны жоғалтып алудан сақ болыңдар.¹²⁴

Егер, Мен сыйлаған киімге дақ түсіріп алсаңдар, онда тазару үшін, Менің бұлағыма қарай асығыңдар. Бұл Менімен бірге қалудың, Менен алыстап кетпеудің жалғыз ғана мүмкіндігі...¹²⁵

Осыдан кейін Жанның барлық тұрғындары ақ киіммен жарқырап кетті, өйткені бүкіл қала толығымен Имануилге тиесілі еді. Бұл қаламен қандай жаратылған теңесе алар еді?¹²⁶

Ібілістің билігінен босатылған, Өз Ұлын оны құтқаруға жіберген Шаддай Патшаның сүйіспеншілігіне бөленген Жан басында қарсы болса да, қайтадан Ханзаданың тұрағы болды. Ол енді патшалардың Патшасы мен Оның сүйікті Ұлының барлық игіліктері мен рақымына бөленіп жатыр.

Жоғарыдағы күллі өзгерістерді аяқтап, Имануил қаланың осыдан бастап Өзіне тиесілі екені алыстан көрініп тұру үшін, қамалдың мұнарасына Өзінің туын тігуді бұйырды.

Ханзада қалалықтармен жиі кездесіп, Өзінің алдына қаланың ақсақалдарының күн сайын келіп тұруын талап

етті.¹²⁷ Ол жиі қала басшысы Парасатпен және шынайы уағыздаушы Ар-ұжданмен ұзақ уақыт бойы әңгімелесетін. Қала көшелерімен өтіп бара жатқанда Ол бәрін жарылқап, әрқайсысына жылы сөздер айтатын. Қайыршылардың бәрін тыңдап, сыйлықтар беріп, егер олар сырқат болса, оларды сауықтырды. Көсемдермен және сарбаздармен ерекше етене амандасатын, Оның күлімдеген жарқын жүзі мен мейірімді көзқарасының өзі олардың рухтарын көтеруге жеткілікті еді. Ол тұрғындарды Өзіне шақырғанда, ешқайсысын құр жіберместен қонақ ететін. Оған Жан сондай қымбат еді.

Оған қоса, Өзінің дастарханынан ақсақалдарға дәм татуға: бәріне жететіндей етіп ет, шарап және нан жіберетін.

Егер Имануил тұрғындардың Өзіне деген қарым-қатынасының салқындай бастағанын байқаса, онда оларға Өзі барып, есіктерін қағатын. Мына көрініс керемет емес пе:

Жанды зұлым жаудың шеңгелінен босатып, оның сатқындығын кешіріп, енді тұрғындарды Өзінің игілігінің иелері етіп, сонда тұрып жатыр?! Оның тостағаны ешқашан сарқылып көрген емес: дастарханында үнемі нан мен шарап жеткілікті болатын...

Имануил қаланың әкімі етіп Өзімен бірге келген Құдайдың тыныштығы¹²⁸ атты біреуді тағайындады. Құдайдың тыныштығы Сенім және Үміт көсемдермен достық қатынаста еді, бәлкім олардың арасында әлдеқандай туыстық та болса керек. Оның билігінің тұсында қала бақытты ғұмыр кешті. Ешқандай жамандық болған емес, әркім өз ісімен шұғылданды.

Бүкіл ғаламда Жаннан артық бақытты қала жоқ сияқты еді. Осылай жаз да өтті.¹²⁹

IX-тарау

ҚАЛАҒА ҚАУІП ТӨНДІ

Алайда қалада Ібілістің Өзінесенімділік атты бір қызметкері тұрып жатқан еді.¹³⁰ Ол бүкіл қауымның көптеген қасіретіне кінәлі еді. Мынау оның шежіресі.

Ібіліспен қалаға келгендердің арасында Қорықпасқа үйленген Тоқмейілділік атты біреу болған. Олардың Өзінесенімділік атты ұлы дүниеге келді. Әкесі жағынан ол Ібілісші, ал шешесі жағынан – қала тұрғыны болып есептелетін, себебі оның шешесі князь Еріктің жақын туысқаны еді.

Мінезі жағынан ол ата-анасының екеуіне де ұқсайтын. Кім жеңсе, соның жағына шығатын әдеті бар. Ібілістің патшалық құрған тұсында ол тұрғындарды Шаддай Патшаға қарсы айдап салатын, бірақ Имануил жеңіске жеткен кезде, Имануилді жақтап, елді үгіттеді. Табиғатынан арсыз, Имануилдің заңымен үстірт таныс ол тұрғындармен осы тақырыпқа жиі әңгіме-дүкен құратын. Ол айтқандарының бәрін жария етіп көрсететіні сондай, тіпті сөздері көбіне жалған болып көрінетін. Ол тұрғындары қалаға енді қайтып ешқашан қауіп төне қоймайды деп сендірді. Әр көшеде, әр үйде ол өзінің даурықпа әңгімелерін көпіртті. Дегенмен, көбі тез арада-ақ оның сөзіне айрандай ұйып, айтқандарына бас шұлғып тұрды, сөйтіп сол өзі сияқты өзіне сенімді болуға айналды. Әңгіменің соңында ішімдік ішумен аяқталу жиіледі. Имануил мұның бәрін қайғыра бақылады.

Тек қатардағы қалалықтар ғана емес, тіпті қала басшысы Парасат, князь Ерік пен жаңа шежіреші Таным да Имануилдің өздерін Жан үшін ең бастысы қару мен бекініс емес, олардың қамалдарында Имануилдің болуы екенін айтып, көп рет сақтандырғанын ұмытып, дұрыс жолдан тайып кетуге жол берді. Ханзада оларды Шаддай Патшаның махаббаты мен Оның мейірімі туралы ұмытпауды үйретті, себебі тек солар ғана жанға мәңгі тыным бере алады.

Имануил қала тұрғындарының Өзінесенімділіктің ықпалына әбден түскеніне көзі жеткен кезде, оларға Жоғарғы Тәлімгерді жіберді. Өзі Жанның адасуына қайғырды.¹³¹ «Олар неге Маған келуді тоқтатты? Менің өздеріне деген сүйіспеншілігімді және Мен сыйлағандардың бәрін қалай ғана ұмытып кетті?» Осыдан кейін Ол қаланы тастап, Жан есін жиғанша Әкесіне кететіні туралы шешімін хабарлады. Ол Жоғарғы Тәлімгерді қалалықтарға тәлім беруге екі рет жіберді, алайда Оған ешкім назар аудармады. Керісінше, Ол Өзінесенімділік өткізіп жатқан көңілді думан кезінде уағыздаған шақта, тіпті Оған тіл тигізді.

Сонымен, тұрғындардың жақсылықты ұмытып кеткеніне жәбірленген Имануил қаладан теріс айналууды жөн деп тапты. Ең алдымен, Ол бұрынғы достық қабылдауларын тоқтатып, қамалда оңашаланды. Содан кейін қаланың ақсақалдарына патша дастарханынан тамақ жібергенді тоқтатты. Ақыр соңында келулерін біртіндеп сиреткен. Тұрғындар келе қалса, оларды бұрынғыдай құшағын жая қарсы алудың орнына бір емес, бірнеше рет есікті қағуға мәжбүр етіп, салқын қабылдайтын болды.

Имануилдің бұлай еткен себебі, Ол қалалықтар ақылға келер деген үмітте болып еді. Өкінішке орай, олар Оның жақсылықтарын, өздеріне деген сүйіспеншілігін де ұмытты, тіпті Оның мұңын да байқамады. Міне, енді Ханзада қамалды тастап, қақпаға беттеп, қаладан шығып кетті. Оның соңынан қала әкімі Құдай тыныштығы да дереу аттанды.

Бірақ тұрғындар бұл уақытта Өзінесенімділіктің сөздерімен көздерін шел қаптап, Ханзаданың кеткенін де әрең байқаған және Оны тез арада еске алуды да доғарды.

Бірде Өзінесенімділік үлкен қонақасы берді. Оған қожайын өзі қаймығатын Құдайданқорқыныш¹³² атты біреуді шақырды. Өзінесенімділік оны ішімдікке сылқитып тойдырғысы келген, бірақ ол шарапқа да, асқа да қолын тигізген жоқ, тойлап жатқандарға үнсіз қарап отырды. Сол кезде қонақжай қожайын оған:

– Сіздің денсаулығыңыз болмай отыр ма? Жүзіңіз бозарып кетіпті. Менде Жақсыны ұмыт кеңес еткен тамаша дәрі бар. Оның бір жұтымы сізді көңілдендіріп әрі сауықтырып жібереді, – деді.

– Көрсеткен қамқорлығыңыз бен назарыңызға рахмет, – деп жауап берді Құдайданқорқыныш, бірақ мен қала ақсақаладарына бір нәрсе айтуым керек... Біздің қаламыз осыншама апатты жағдайда тұрғанда, сіздердің желпініп көңілді қалыпта жүргендеріңіз мені таңдандырады.

– Сіз әбден қажыған екенсіз. Одан да барып ұйықтаңыз да, бізге көңіл көтеруге мүмкіндік беріңіз, – деп жауап қатты Өзінесенімділік.

– Сенің жүрегің тым қатал, Өзінесенімділік! Біздің қаламызда таяуда ғана жеңімпаздың Өзі болып еді. Ал енді

жағдай өзгерді. Мен үндемей қала алмаймын. Сенің кесіріңнен, қала мұнаралары талқандалып, қақпалар қирап, құлыптар мен кілттер сынып қалды. Қала ақсақалдары сенің билігіңе түсіп қалғалы бері Шынайы Күш пен қаланың Тірегі бізді тастап кетті... Ханзада Имануил қайда? Сендердің қайсыларың оны жақында көрдім деп айта аласыңдар? Қауіп бізге сырттан емес, іштен келді. Ішкі жау сендерді өзіне біртіндеп бағындырды.

– Жетер! – деген жауап естілді. – Біздің тыныштығымызды шайқалтып, мейрамымызды бұзғанды доғарыңыз! Біз бүгін көңіл көтергіміз келеді!

– Мен шын мәнісінде ауыр қайғыдамын, өйткені Имануил бізді тастап кетті, – деп сөзін жалғады Құдайданқорқыныш. – Ол бізді ескертпестен кетіп қалды. Бұл қаһарының белгісі емес пе? Ал сендер, ақсақалдар, жақсылықты ұмытып Оны кетуге мәжбүр еттіңдер. Менің сендерге кеңесім: тойламаңдар – қайғырыңдар, көңіл көтермеңдер – қайта көз жастарыңды көл еттіңдер.

Сонда Ар-ұждан атты бұрынғы шежіреші естігенінен зәресі ұшып былай деді:

– Шынында да, достар, Құдайданқорқыныш дұрыс айтып тұр. Біз де Ханзаданы көптен бері көрген жоқпыз, тіпті Оны соңғы рет қашан көргенімізді есімізге түсірудің өзі қиын. Біздің өзімізді өзіміз құртып жатқанымыз анық.

Ар-ұжданның иықтары селкілдеп үнсіз жылап жіберді. Сол жерде болғандардың бәрі кенет өздерінің қандай бәлеге душар болғандарын түсінді. Бұл уақытта Өзінесенімділік қас пен көздің арасында ғайып болған еді. Өздерінің сорына кінәліге не істеу керектігін және Имануилдің сүйіспеншілігін қалай қайтару керектігін сұрап, Құдайданқорқынышпен дереу ақылдасқан олар, көп ойланбастан азғырушының үйін өртеп жіберді. Өзінесенімділіктің әрекеті масқараға айналды.

Сосын бәрі Имануилді іздеуге аттанды, бірақ бәрі бекер болды. Сонда олар Ханзада өздерін азғын әрекеттеріне бола тастап кеткенін түсініп, пасық қылықтарына өкіне бастады.

Олар алдымен Жоғарғы Тәлімгерге барғылары келген, бірақ Ол қабылдаудан бас тартты.

Бірнеше күн қамығу мен қорқынышта өтті.¹³³ Қалалықтар Ханзаданы өздерінің пасықтықтарымен қатты қорлағандарын түсінді, алайда қайғыдан қалай шығудың жолын білмеді.

Міне, Тәңірдің күні – тыныштық пен мінежат күні де келді. Бәрі ғибадатханаға тәлім беріп уағыздаушы Ар-ұжданды тыңдауға аттанды. Оның алғысты білмеу туралы айтқан сөздері бәріне күннің күркіріндей болып естілді. Оның уағызының мәтіні Жүніс пайғамбардың жазбасынан алынған болатын: «Жарамсыз да жалған тәңірлерге табынушылар безеді өздеріне рақым көрсетпек болған Құдайынан...» Ар-ұжданның сөздері мірдің оғындай болды, тыңдап отырғандардың барлығының бастары төмен салбырап, әлдері құрып, тіпті үйлеріне тарай қалмады. Халыққа тәлім берген уағыздаушы өзін де аяған жоқ. Ол өзіне Имануил сеніп тапсырған халықты, Оның өсиеттерін орындауға үйретпей, қайта жаппай адасуға өзінің де беріліп кеткенін мойындады.

Осы уақытта қалада оба індеті басталды. Тұрғындар біртіндеп ауыра бастады, тіпті көсемдер мен сарбаздар да әлсіреп, өздерінің күштерінің жоғалғанын сезді. Егер дәл осы сәтте қалаға жау шабуыл жасаса, олар қарсыласпастан берілуге мәжбүр болар еді... Көшелерде күрсіне ыңқылдап, жүздері бозарып кеткен тұрғындар кібіртіктеп кетіп бара жатты. Үстілеріндегі Имануил берген аппақ киімдердің жұлым-жұлымы шығып, қатты кірлеп кеткен.

Біраз уақыт өткенде уағыздаушы Ар-ұждан халыққа жаппай ораза тұтып, тәубе етіп сиынатын күнді белгілеуді ұсынды. Ол Боанергестен халыққа арнап уағыз айтуды өтінді. Ол жеміссіз інжір ағашы туралы уағыздап, құтқарылудың жалғыз жолы – Шаддай патшаға қайта оралу екенін баса айтты.

Оның уағызы күшті болғаны сондай, барлық тұрғындарды қалтыратты. Қалалықтардың зар еңіреп, аһылап-үһілеп опық жеген дауыстары естіліп жатты.

Осыдан соң қаланың барлық ақсақалдары уағыздаушы Ар-ұжданның үйінде кеңеске жиналды. «Енді не істеу керек?» деген сұраққа жауап беру маңызды болды. Ар-ұждан қалаға өзі көмектесе алмайтынын біліп, Құдайданқорқынышпен ақылдасуды ұйғарды.

– Ол біздің бөрімізден гөрі Ханзадаға жақынырақ болған, – деп түсіндірді өз пікірін уағыздаушы, – сондықтан Имануилдің көңілін қалай табуға болатынын бізден гөрі ол жақсы білері сөзсіз.

Қайырымды қария бұл өтінішке бірден құлақ асып, былай деп жауап берді:

– Меніңше, біз Құтқарушымызға мойынсұнған өтініш жазып, өзіміздің шын жүректен тәубе ететінімізді айтуымыз керек.¹³⁴ Сонымен қатар, теріс жолдан қайтқан Жанға оралуын сұрап, Имануилдің Өзіне жалбарынуымыз керек.

Бәрі бір ауыздан келісіп, өтінішті жазды да, Имануилге баратын өкіл ретінде қала басшысы Парасатты сайлады. Ол өтінішті алып патша сарайына аттанды, бірақ жақындап келген кезде, оның жабық екенін, ал оның алдында қарулы күзетшілер тұрғанын көрді. Өтінуші ұзақ уақыт не істерін білмей әрі қорқып тұрып қалды, ақыры өзі туралы Патшаға айтуын сұрауға батылы барды. Бірақ Имануил кіргізуге рұқсат бермеді, қайта былай деп жауап беруге бұйырды: «Олар Менен теріс айналды, ал енді азап кезінде Маған бізді құтқар деп жалбарынып жатыр. Жоқ, егер Өзінесенімділікті Менен артық көрсе, қазір соған, өздерінің таңдап алған достарына өтініш етсін. Олар шалқып-тасыған сәттерінде Мені қажет етпейді, қиындыққа тап болғанда ғана керек қылады».

Бұл жауап бейшара өтінушіні есінен тандыра жаздады. Ол енді құтқарылуға еш үміт жоқ екеніне көзі жетіп, кеудесін ұрып, зарлап қалаға қайта оралды.

Бүкіл қала оның алдынан шықты. Тұрғындар оның соншалық ұнжырғасы түскен түрін алыстан көргеннен-ақ терең қайғыға батты. Олар бастарына күл сеуіп, кенеп киім киіп, зар еңіреді.

Ақыры олар Құдайданқорқыныштан¹³⁵ үміт үзбеу керек деген кеңес алды: «Шаддай патша Өзінің даналығы бойынша кінәлі болғандарға солай етуді қажет деп табады, бірақ сендер Одан өтінуді жалғастырыңдар».

Сөйтіп, Оған өздерінің өтініштерін қайта-қайта жіберді, күн сайын маңайды керней үнімен дүбірлетіп, Шаддай мен Имануилге кешірім сұраған өтінішті алып, салт аттылар аттанып жатты.

Мұның бәрі қыстың қатал, суық әрі ұзақ кезеңіне созылды.¹³⁶

Х-тарау

ІБІЛІСТІҢ АСТЫРТЫН СӨЗ БАЙЛАСУЫ

Имануил қаланы басып алғаннан кейін Ібілісшілердің көпшілігі¹³⁷ қаланың ішіндегі және қабырғасының сыртындағы жертөлелерде, шұңқырларда, үңгірлер мен шатқалдарда тығылып қалғаны сіздің есіңізде шығар. Олар Имануилден кек қайтарудың ыңғайлы сәтін күтіп тына қалған еді. Солардың ең атақтылары мыналар: Өлтіру, Ашу-ыза, Азғындық, Құмарлық, Өтірік, Жүгенсіздік, Күндеу және кәрі алаяқ Қанағатсыздық.

Имануил, бұл зұлымдарды қайтсе де тауып алып, дереу өлтіруді бұйырған болатын, өйткені олар Өзінің және жанға орасан зор зұлымдық жасауы ықтимал жауы еді. Алайда Ханзаданың бұл бұйрығы толық орындалмады. Ібілісшілер қалаға біртіндеп еніп, тұрғындардың сорына оларға кейбір тұрғындармен байланыс орнатудың сәті түскен болатын.

Бұл алаяқтар тұрғындардың Ханзадаға салқындағанын, сосын Оның кетіп қалғанын көрген кезде, шұғыл түрде қимылдауды ұйғарды. Сөйтіп бір сәтті күні олар Қараниет¹³⁸ деген біреудің үйінде жиналып, қаланы Ібіліске қалай қайтарып беруді талқылады. Біреулер бір ұсыныс айтты, басқалар басқа ұсыныс жасады, ақыры Құмарлық өзінің қызметін қаланың ең атақты адамдарына ұсыну туралы пікірін айтты.

– Сонда, – деп қосты ол, – бізге қаланы өзіміздің әміршіміз Ібіліске қайтару аса қиынға соқпайды.

Алайда Өлтіру бұған қарсы шықты:

– Жоқ, бұл енді мүмкін емес. Қазір Жан абыржуда, өздерін Ханзадамен араздастырып қойғаны үшін, Өзінесенімділікке қатты ашулы. Тіпті Жан Имануилден бізді көздеріне көрінсек өлтіруге бұйрық алған. Ал өлікке айналар болсақ, біз қалаға қандай зиян келтіре аламыз? Өзірше тірі тұрғанымызда көп нәрсе біздің өз билігімізде.

Дау-дамай мен тартыс ұзаққа созылып, ақыры олар өздерінің әміршісіне былай деп хат жазуды ұйғарды.¹³⁹

«Біздің ұлы мырзамыз Тозақтың тұңғиығындағы Ібіліс әміршіге.

Біз, – сенің сенімді қызметкерлерің, атыңды абыройдан айырған, ал бейнеңді батпаққа былғаған және өзіңе қарсы көтерілген бүлікшіл қалаға біз бейжай қарап тұра алмаймыз. Бізге сенің арамызда жоқтығың қазір қатты батуда.

Сенің мазаңды алған себебіміз: «Саған қаланы қайтаратын үмітіміз бар. Жан біраз уақыттан бері Имануилге салқын қарап, сол үшін Ол оған қолын бір сілтеп кетіп қалды. Тұрғындар Оған өздеріне оралуын сұрап өтінішті үсті-үстіне жолдап жатыр, бірақ бәрі бекер. Сонымен қатар, қалада оба індеті етек алды. Қалалықтардың Имануилден бас тартуы және жалпы босаңсуы – аурудың салдары, Біздің ойымызша, осы жағдайлар сенің қайтып оралуыңа мүмкіндік береді. Олар қазір сенің алдамшылығыңа қарсылық көрсетуге дәрменсіз. Егер сен өзіңнің сенімді қызметкерлеріңмен бірге Жанды қайта басып алуға шешім қабылдасаң, онда біздің көмегімізге толықтай арқа сүйей аласың. Бұл өте қолайлы кез. Біз бұған сенің қалаулың Жан қаласындағы Қараниеттің үйінде қол қойдық». Хатқа бәрі қол қойды.

Пасықтық¹⁴⁰ хатты алып Ібіліске аттанды, сөйтіп ол Тозақ тұңғиығының қақпасын қаға бастады. Шербер атты қарауыл хатты алып, қожайынына беріп жатып: «Біздің сенімді достарымыздан келген хабар», – деді.

Бұл хабар түнек патшалығына тез тарады. Бұл жолдауды оқу үшін Ібілістің жақтастары түгелдей жиналды. Алдымен Белзевул, Люцифер және Аполлион жүгіріп жетті. Өтініштің мазмұны Ібілістің санасына жеткен кезде, ол өлім қоңырауын қағуды бұйырды.¹⁴¹ Қоңыраудың әрбір қағысы Жанның таяуда тағы да шайтанға тиесілі болатынын білдіріп тұрды.

Сөйтіп, бәрі жиналып, хатқа былай деп жауап жазды:

«Біздің балаларымызға, Жан қаласында тұрып жатқан ақылды әрі нағыз шынайы Ібілісшілерге Ібілістің өзінен, біздің ортақ ісімізде жедел табыс тілейміз.

Сүйікті біздің балаларымыз бен шәкірттеріміз! Сендерден қуанышты хабар алып, зор бақытқа бөлендік. Өлім қоңырауы қалада біздің әлі де достарымыз қалғанына шаттанып, өз бағынушыларымызға жаңалықты салтанатты түрде жариялады. Бізге Ханзаданың қаланы тастап кеткені және онда қазір обаның етек алып тұрғаны жанымызға майдай жақты. Біз,

әрине, өзімізден бас тартқан қаланы жаулап алу үшін, барлық айла-тәсілдерімізді іске қосамыз. Сендердің адалдықтарың мен сенімді қызметтерің үшін, өздерінді Тозақ тұңғиығының әміршілері етіп тағайындаймыз. Сенімді болындар, Жанды екінші рет иеленген кезде, біз оны уысымыздан шығармаймыз, өйткені біз күшімізді жеті еселейміз. Сонымен, сенімді достарымыз, батылданыңдар және мақсатымызға жетуден күш аямаңдар. Сендер мынаны өздерің шешу керексіңдер: қала тұрғындарына күдік пен үмітсіздік ұялату керек пе немесе азғындық пен көңілді думанға толы өмір сүруден ұялмауға үгіттеген дұрыс па, әлде өзімшілдік пен паңданудан көкке ұшып, аспандап кетуге мүмкіндік бересіңдер ме?¹⁴² Мақсатқа жету жолында сендерге табыс тілейміз. Біздің тұңғиықтың барлық тұрғындарының тілеуін және өз әміршіміз бен әкеміздің сендерге деген жылы шырайын қабылдаңдар. Тозақ қақпасында Жанның жауы Ібіліс әміршінің атынан түнектің барлық әміршілерінің келісімімен, Жан қаласында тұрып жатқан біздің тілектестерімізге осы хатты арнаймыз».

Пасықтық еш аялдамастан Ібілісшілер үнемі жиналатын Қараниеттің үйіне қарай беттеді, жиналғандар оны аман-есен көргендеріне қатты қуанды. Жауапты оқыған соң, алда не істеу керектігін жоспарлай бастады. Ең алдымен, өздерінің қалада тұрып жатқандарын өте құпия ұстауға келісті. Сосын Өтірік орнынан тұрып, қатысушыларға былай деді:

– Мырзалар, тозақтың зор күштері, мені тыңдаңдар! Егер біз қалалықтардың жүректеріне өзімшілдік пен тәкаппарлық себетін болсақ, дегенімізге жетеміз, бұл оларды азғын өмір салтына көндіруден кем емес. Бірақ, меніңше, табысқа жетудің ең мықты құралы – оларды үміттерінен мүлдем айыру. Олар Имануилдің махаббатынан күдер үзіп, біздің жағымызға өтіп, Одан рақым және аяушылық сұрап өтініш жіберуді доғаратын болады. Нәтижесінде олар мынандай қорытындыға келеді: Имануилдің алдында сүмірейгенше Одан ештеңе сұрамаған жақсы.

Өтіріктің ұсынысын бәрі де бірауыздан қолдады.

Содан кейін Ібілісшілер іске қалай кірісетіндерін талқылай бастады. Араларында ешкім Өтіріктен жақсы кеңес бере алмады:

– Біздің арамыздағы адамдар қала тұрғындары киетін киім киіп, атақты қалалықтарға қызметке тұрғысы келетін алыс ауыл тұрғындары ретінде басқа атпен базарға барсын. Жұмысқа тұрған соң қожайындарының көңілдерінен шығып, олардың ықыластарын иемдену керек, сөйтіп, тез арада солар арқылы қала тұрғындарын азғырып түбіне жетеміз. Сонда Имануил қаһарланып олардан теріс айналады. Сол кезде біздің әміршіміз өз олжасын тер төкпестен, еш қиналмастан жаулап алады: Ал Жан өзі келіп оның торына түсіп, жалманады.

Бұл ұсыныс Ібілістің жақтаушыларына ерекше ұнады. Дегенмен олардың бәріне бірдей бұл іспен айналысудың қажеті жоқ деп шешті. Сол себепті олар араларынан тек үшеуін ғана таңдап алды. Олар: Қанағатсыздық, Жүгенсіздік және Ашу-ыза. Біріншіден, Қанағатсыздық өзіне – Ақылменжинау, Жүгенсіздік – Ақкөңіл, ал Ашу-ыза – Мақтаулыұмтылыс деген аттарды таңдап алды.

Базар күні қала алаңында тұрғындардың киімдеріне ұқсас, қойдың ақ терісіне оранған үш жігіт пайда болды.¹⁴³ Олар қала тұрғындарының тілінде өте жақсы сөйлей алатын. Сол себептен, әлгі үш адам базарда өздерінің жалшы болғысы келетінін, шағын төлемақы сұрап, сенімді және адал қызмет ететіндеріне уәде берген соң, қаладағылар оларды сол сәтте-ақ жалға алды. Пікір, князь Еріктің бұрынғы хатшысы, өзіне Ақылменжинауды Құдайданқорқыныш, Мақтаулыұмтылысты таңдап алды. Ал, Ақкөңіл сол уақытта ораза болғандықтан жұмысқа тұра алмай, басқалардан гөрі ұзағырақ жүріп қалды. Алайда ораза соңына тақап қалды да, князь Ерік әлгі Ібілісшіні өзіне малай етіп алды.

Осылайша үш алаяқ сол тәуір үйлерге орналасып алып, қожайындарына жаман ықпалдарын тигізіп, оларға өздерінің азғындықтары мен қулық-сұмдықтарын жұқтырды. Бақытқа орай, Құдайданқорқынышты Мақтаулыұмтылыстың өз торымен шырмап алуының сәті түспеді, себебі ол өзінің қызметшісінің екіжүзді зұлым екенін тез-ақ байқап қалды. Өзінің қулығы ашылып қалғанын түсінген қызметші үйден жасырын қашып кетті, әйтпесе қожайыны оны өлтіруі әбден мүмкін еді.

Ібілістің ізбасарлары алғашқы табысқа жеткен кезде, әміршісінің қай күні қаланы басып алғаны жөн болатыны

туралы талқылай бастады. Олар базар күні ыңғайлы сәт деп ұйғарды: халық сол кезде абыр-сабыр болып, қырағылықты жоғалтады. Сонымен қатар, ешкімге күдік тудырмастан бірге жиналуға болады, өйткені сол күн әркім өз ісімен әуре болатын кез. Тіпті әрекеті іске аспай қалса, қашып кетіп жасырынып қалуға да мүмкіндік туады.

Сол күні олар Ібіліске екінші рет хатт жазды: Пікір Қанағатсыздықтың, ал Ерік Жүгенсіздіктің ықпалына толық түсті. Тек Ашу-ыза ғана Құдайдан қорқынышты еліктіре алмады.

Ібілісшілер өздерінің басшысының пайдасы үшін айла-амалға толы әрекеттерін істеп жатқан кезде, қаланың жағдайы өте нашар еді.¹⁴⁴ Оған себеп – тұрғындардың қайырымды Шаддай Патшасы мен Оның Ұлын қорлаған әрі рақымдылық туралы соншама өтініштеріне Имануилден еш жауап алмағаны еді.¹⁴⁵ Қала тұрғындарына олардан Ханзаданы жасырып тұрған қара бұлт Ібілістің избасарларының зиянды ықпалдарынан одан ары қарайып, қоюланып кеткендей көрінді. Індет те үдей түсті, тек Имануил мен қаланың жауларының дымы кеткен жоқ.

Ібілісшілердің хатын тапсыру тағы да Пасықтыққа жүктеліп, ол Түнек патшалығына асығыс аттанды. Қақпаны оған сол баяғы Шербер ашты.

Пасықтық түнерген үңгірге кіріп, Ібіліске тағзым етіп, хатты оның қолына ұстатты.

– Қош келдің, сенімді қызметкерім, – деп сәлемдесті Түнек әміршісі.

– Жан сенің билігіңе өтсе екен, сөйтіп сен оған мәңгіге патшалық ете гөр, – деп жауап берді Пасықтық.

Осы сөздерді айтқан кезде, тозақтың терең қойнауынан құлаққа жағымсыз өкірген үн естіліп, сол маңайды дүр сілкіндірді.

Хатты оқыған соң, оны талқылау басталды. Ібіліс бірінші болып сөйледі:

– Менің сенімді қызметшілерімнің істері мақтауға тұрарлық, олардың тұрғындарды азғыруға деген ниеттері – Жанды әлсіретудің ең дұрыс әдісі. Алайда базар күні түнде немесе күндіз шабуылдауға асықпаған жөн. Мүмкін, қалалықтар базарға кеткен кезде, қақпаға сенімді күзетшілер қоятын шығар. Егер солай етсе, біз мүлде қауқарсызбыз.

– Иә, дұрыс айтасыз, – деп келісті Белзебұл, – сондықтан абайлап әрекет еткеніміз дұрыс. Алдымен, қала өзінің дәрменсіздігін сезініп, біздің шабуылымыздан қорқып, қырағы күзетшілер дайын тұрғанына көз жеткізуіміз керек. Өлде тұрғындар қырағылықты жоғалтып алғандары сонша, өздеріне төніп тұрған қауіпке мазасызданбай ма, оны да білуіміз керек.

– Бірақ мұны қалай білеміз? – деп сұрады Ібіліс.

– Бұған бізге Пасықтық жәрдемдеседі, – деді Белзебұл.

– Маған мәлім болғаны, – деп сөзге араласты Пасықтық, – қаланың жағдайы мынандай: қала тұрғындарының сүйіспеншілігі мен сенімі суып қалды, Имануил олардан теріс айналды. Олар үздіксіз өтініш айтып жатқандарына қарамастан, Ол жауап беруге асығар емес. Тіпті, оларды ұмытып кеткен сияқты.

– Бұған мен шынымен қуаныштымын, – деп масаттанды Ібіліс, – дегенмен, мені олардың Имануилге жиі өтініш айтып жатқандары шошытады.¹⁴⁶ Әрине, сол өтініштердің жауапсыз қалып жатқанының себебі, олардың өз өтініштерін Оған шын жүректен жібермей жатқанын баяндайды. Ал шын жүректен шықпаған нәрселердің бәрі шынайы бола алмайды... Сендер қалай ойлайсыңдар?

Қатысып отырғандардың кейбіреулері өз пікірлерін білдірді.

– Егер Жанның күйі Пасықтық суреттегендей болса, – деді Белзебұл, – онда бізге базар күні ме, әлде жұмыс күні ме, қашан шабуылдау керектігі маңызды емес.

– Меніңше, шабуылдауды тоқтата тұрған дұрыс сияқты. Жанды күнә мен азғындыққа белшесінен батыруға итермелей берген дұрыс болар еді. Ол күнәға неғұрлым байлана түскен сайын, соғұрлым тезірек қырағылықты жоғалтып, Имануилден алыстай түседі. Уақыт өте келе Оны мүлдем ұмытып, оралмастай болады. Біздің сенімді көмекшіміз Өзінесенімділік өз істерімен Имануилді қаладан кетуге мәжбүр етті емес пе. Сендер де менен кем білмейсіңдер: егер екі-үш Ібілісші¹⁴⁷ істі ақылмен жүргізсе, ашық айқасқа шығатын бүтін әскерден гөрі, Жанға көбірек зиян келтіре алады. Жан өзіне азғындықты сіңіріп, соған әдеттенгенше, күте тұрайық. Сонда Имануил Өзінің көсемдері мен әскерлерін Өзі-ақ шақырып алады.

Қорғаушыларсыз қалған Жан бізді құшағын айқара аша қарсы алып, қуана-қуана өз қақпасын ашады.

Бірақ мұның барлығы бірер күннің ішінде іске аспас, сондықтан бізге шыдамдылық қажет.

Бұған Ібіліс қарсылық білдірді:

– Достарым мені тыңдаңдар. Сендердің ұзын сонар сөздерің менің қанымды қайнатты. Менің жүрегім қаланы дереу жаулап алуды қалайды. Не болса да, жеңсек те, жеңілсек те, маған барлық күштеріңмен көмектесулеріңді өтінемін, өйткені, мен айқасқа шығуға бел байладым.

Қатысушылар әміршісінің қаланы иеленбек тілегін естіген кезде, талқылауды тоқтатып, оған қолдарынан келгенше көмектесуге уәде етті. Табан астында қалай, қашан және кімнің басшылығымен жорыққа шығатындарын шешуге кірісті. Аздаған талас-тартыстан кейін олар Күмәнданушылардың¹⁴⁸ жеңімпаз әскерін жинап, ол туралы қалада тұратын жақтастарына Пасықтық арқылы хатпен хабарлауды шешті. Қатардағы әскердің саны отыз мыңға дейін жетуге тиісті болды. Ібіліс дауылпазды соғып, Тозақ қақпасы тұрған жотаға таяу жерде жатқан Күмән елінің тұрғындарын шақыруға бұйырды. Әскерді басқаруды Түнек патшалығының әміршілері өз қолдарына алды. Олар өзара келісе отырып, қаладағы өздерін тағатсыздана күтіп отырған Ібілісшілерге Жанды әр түрлі азғындықтармен әлсірете түсуге кеңес берді. Ібілісшілер қаланы Ібілістің келуіне дайындап, әскерді кез келген күні күтіп алуға әзір болулары қажет еді.

Пасықтық хатты алып кері қайтты, Шербердің тұсынан өтіп бара жатқан кезде, қалаға қарсы әміршінің жақында жорыққа шығатыны жөніндегі жағымды жаңалықты құлаққағыс етті. Қалаға кіргенде ол бәрі жиналып отырған Қараниеттің үйіне беттеп, оларға тағзым етіп, әміршінің хатын ұсынды.

Жанның аянышты күйін¹⁴⁹ сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Ол Имануилді қорлап, өзінің ақымақтығымен тозақ күштерінің өзін жеңуіне жол берді! Шын мәнінде, тұрғындар өз кінәларын түсінді, бірақ дұшпандары олардың бойына терең еніп алған еді. Тұрғындар зарлап еңіреп Имануилге жалбарынды, бірақ Ол алыста болатын, олардың жалбарынған үндеріне жауап болмады. Ол енді оралама жоқ па соны да Ібілісшілердің

астыртын жоспар құрып жатқанын да білмеді. Олар Имануилге өтініштерін бірінен соң бірін жіберіп жатты, бірақ жауап болмады, өйткені Шаддай мен Имануил қалалықтардың жүректері Өздеріне толықтай тиесілі емес екенін білетін. Осылай Жан күн өткен сайын әлсірей берді. Қалалықтардың жүректерінде адамдық және өзәзілдік пиғылдың араласып кеткені сондай, қайсысы қандай екенін ешкім айыра алмады. Тұрғындар тыныштықты қалады, сондықтан тіпті Имануилдің жауларымен де тату-тәтті тұра берді. Олардың әлсіздіктері жауларының күшіне алмасты, ал азғындықтары – біртіндеп көбейіп келе жатқан Ібілісшілердің салтанатына айналды. Жергілікті тұрғындар мың-мыңдап қырылып жатты. Соңғы уақытта әр түрлі жастағы он бір мың адам індеттен көз жұмды.¹⁵⁰

XI-тарау

ҚОРШАУ

Қаладағылардың барлығы бірдей Имануилге опасыздық жасаған жоқ. Жанда Шаддай Патша ерекше оң қабағымен қарайтын біреу тұратын. Оның аты Өткіркөз еді. Ол басқалардан қырағырақ болып, Ібілісшілер қалалықтарға ешқандай зиян келтірмеуін ұдайы қадағалап отырды. Бірде түн ішінде ол әр дыбысты тыңдай отырып, Арамза тауына таяп келді, сол жерде оның құлағына бір сыбыр шалынды. Ол жақындап келіп, Ібілістің таяуда қаланы тағы да басып алатынын және сол кезде талай адамның қаны судай төгілетінін өз құлағымен естіді. Сонда Өткіркөз естігенін жеткізу үшін, дереу қала басшысына аттанды. Ол өз кезегінде уағыздаушы Ар-ұжданды шақырып, осы үрейлі хабарды естіртті. Уағыздаушы алаңға шақыратын қоңырауды соғуды бұйырып, бүкіл халықты аяғынан тік тұрғызды.¹⁵¹ Халық шұғыл жиналды, уағыздаушы өздеріне төніп тұрған қауіп жайында айтып, бұл хабарды қайдағы бір өсекші емес, өзінің әділ де адал өмірімен әйгілі болған Өткіркөздің өзінен естігенін мәлімдеді. Содан кейін Өткіркөздің өзі Жанның

қас жауларынан ойда-жоқта естіп қалғанын тұрғындарға өзі айтып берді.

– Өкінішті, – деп аяқтады әңгімесін Уағыздаушы, – бізге бұған сену қиын емес, өйткені біз Шаддай Патшаны қаһарландырып, Имануилді сол үшін қорладық, Ол бізді тастап кетті. Онымен қоймай, осы уақыттың ішінде Имануилдің өсиетін аяқ асты етіп, Ібілістің жақтаушыларын жазаламай, сол арқылы оларды қолпаштадық. Біздің ішкі және сыртқы жауларымыздың бізді құртуды жоспарлағандары таңғаларлық емес! Індет бізден санасы дұрыс талай адамды алып кетті, ал Ібілісшілер болса енді күшейіп алды.

Қала тұрғындары мұны естіген кезде, күнелары үшін қатты өкініп, Имануилге өтініштерін бұдан да жиі жібере бастады. Бұдан басқа, қалалықтар өкімет басындағыларға қақпадағы күзетті күшейтіп, қаланы нығайтып, шабуылға төтеп бере алу үшін қорғаныс қаруларын әскери дайындықта ұстау керектігіне өтініш білдірді.

Патша қолбасшылары бірге жиналып, қаланы қалай нығайтып, жауға қалай қарсы тұруға болатыны жөнінде кеңесті. Олар Жанды шынымен жақсы көрді, алайда рухани әлсіздік оларға да жұғып, өзгелердей өлім құшпасада қатты титықтап қалғандары білініп тұрған еді. Дегенмен, дайындалып жатқан шабуыл туралы хабар оларды дүр сілкіндіріп, іске екі еселенген күшпен кірісті. Осы кеңесте Жанды құтқарудың шаралары жасалып, олардың сөзсіз орындалуы жайында шешім қабылданды.¹⁵²

1) Қаланың барлық қақпалары үнемі жабық болуы тиіс. Сатқындарды ұстап соттау үшін қалаға кірген-шыққандардың бәрі мұқият тінтілуге тиісті.

2) Қаланың барлық үйлерін мұқият тексеру қажет. Табылған Ібілістің жақтаушылары мен оларға жасырын баспана бергендерді қатаң жазалау керек.

3) Ораза мен жалпы халықтың жаппай тәубе ету күнін белгілеу. Егер қалалықтың әлдебіреуі шынайы тәубе етпесе, оны Ібілістің ізбасары ретінде соттау.

4) Өткіркөзге мәлім болған жайтты Имануилге хат арқылы хабарлау.

5) Өткіркөзге бүкіл халық алдында қаланың атынан алғыс жариялап, одан күзет бастығының орнын қабылдауын өтіну.

Өткіркөз өз міндетіне аса мұқият кірісіп, осы қаланың маңайында болып жатқандардың бәрін біліп отыру үшін Жаннның сыртына шығып, барлауды жүзеге асырды.

Бір күні ол Тозақ қақпасына¹⁵³ жақын жердегі Күмән еліне жетіп, сол жерде олардың барлығының Жанға қарсы жорыққа дайындалып жатқанын анық білді. Ол қалаға асығыс оралып, барлық қала басшыларын шақырып алып, жаңа хабармен бөлісті. Оған қоса, жау әскерінің жиырма мың адамнан тұратынын және оларға тәжірибелі қолбасшы Сенімсіздік басшылық ететінін де жеткізді. Сенімсіздік – Ібілістің сенімді қызметшілерінің бірі, әрі ол қаланы басқалардан гөрі жақсы білетін. Бұдан басқа қалада Имануил болған кездегі өзіне жасалған қорлық үшін кек алғысы келетін.

Қаланың басшылары мен ақсақалдары бұл хабардың бүге-шігесіне дейін естіген кезде, олар патша қолбасшылары шығарған қаулыларды орындауға дереу кірісу қажет деп тапты. Тінту жүргізіліп, сол кезде Пікір мен Еріктің үйінен екі Ібілісші табылды: біріншісінде – Қанағатсыздық (бүркеншік аты – Ақылменжинау), ал екіншісінде – Жүгенсіздік (бүркеншік аты Ақкөңіл). Олар тұтқындалып, Сенімділік атты түрме бастығына тапсырылып кісен салынды. Біраздан соң сол екі тұтқын қамауда күрт ауруға ұшырап¹⁵⁴ қайтыс болды. Оларды жасырған қожайындарын базар алаңына әкеліп, оларды ұялтып әрі қорқытып, жұрт алдында тәубеге шақырды.¹⁵⁵ Айыптарын естіп, олар бәрінің алдында өздерінің кінәлі екендерін мойындап, түзелуге уәде етті.

Көсемдер мен ақсақалдар Ібілісшілерді жер астындағы үңгірлерден, шұңқырлардан, жертөлелерден іздетуді тоқтатпады. Жауды ұстап алу да оңайға соқпады: іздері шатасып кеткен әрі айлакерлігі сонша, олар көбіне сытылып кетіп отырды. Олар күндіз жергілікті тұрғындар арасында емін-еркін жүре беретін еді, ал енді кірерге тесік таппай жүр. Осының барлығы Өткіркөздің қырағылығының арқасында іске асты.

Сол екі арада Ібіліс әскерді қаруландырып болды.¹⁵⁶ Бас қолбасшы болып Сенімсіздік бекітілді. Оның қарамағындағы он алты қолбасшы бар болатын. Мынау олардың кейбіреулерінің аттары:

Ашу-ыза – таңдалғанына күмәнданғандардың бастығы. Жасақтың туы қызыл түсті, оны көтеріп жүрген Талқандау атты сарбаз. Ал оның таңбасында – үлкен қызыл айдаһардың суреті бар еді.

Өлермендік – Тәңірдің аянына күмәнданғандардың бастығы. Ту көтерушісі – Түнек. Туы күңгірт түсті. Таңбасында ұшып бара жатқан отты жылан бар.

Қарғыс – Құдайдың рақымына күмәнданушылардың бастығы. Туы қызыл түсті, оны көтеріп жүруші – Өмірсіз. Таңбасы – қараңғы тұңғиық.

Тойымсыздық – сенімге күмәнданушылардың бастығы. Туы қызыл түсті, оны көтеріп жүрген – Жалмаушы, ал таңбасында – ашылған аран бейнеленген.

Күкірт – Құдайдың тұрақтылығына күмәнданушылардың бастығы. Оның да туы қызыл түсті, оны көтеріп жүрген Жалын, таңбасы – жағымсыз күкірт иісі бар алаулаған көк түсті жалын.

Азап – өлілердің қайта тірілуіне күмәнданушылардың бастығы. Туы бозғылт түсті, оны көтеріп жүрген Ұятты өлтіру, таңбасы – қара құрт.

Мазасыздық – мәңгі сотталудан құтқарылуға күмәнданушылардың бастығы. Туы қызыл түсті, оны көтеріп жүрген – Зарығу, таңбасы – өлімнің күңгірт бейнесі.

Қабір – мәңгі даңққа күмән келтіргендердің бастығы. Туы бозғылт түсті, оны көтеріп жүрген – Бықсу. Таңбасында айқасқан жіліктер мен бассүйектің суреті бар.

Үмітсіздік – о дүниедегі рақымдылыққа күмән келтіргендердің бастығы. Туы қызыл, оны көтеріп жүрген – Торығу. Таңбасы – балқытылған темір мен қатал жүрек.

Осы қолбасшылардың үстінде тағы да шені жоғары алтауы болды; олар Белзевұл, Люцифер, Легион, Аполлион, Шербер және Питон. Олардың барлығының үстінен қатал және қырсық шал Сенімсіздік тұрса, бүкіл әскердің басында – түнек патшасы, өмірші Ібілістің өзі тұрды.

Барлығы Жанның жауларының жалпы жиналысы тағайындалған Тозақ қақпасына беттеді. Бірақ қала Өткіркөзден алынған ескертудің арқасында сақ отырған еді. Қақпаларға күшейтілген күзет қойылып, қабырғаларға сақпан мен зеңбірек қойылып, бәрі әскери дайындықта тұрған. Қала өте сергек

отырған. Десе де, байғұс тұрғындар дауылпазды ұрып, қызыл туларын желбірете таяп келе жатқан жауды көргенде, қатты ұрейленді.

Ібіліс Жанға жақындап келді, сөйтіп бүкіл әскер қаланың ішіндегі ниеттестері бәрін дайындап қойды деген есеппен Есту қақпасына¹⁵⁷ өршелене ұмтылды. Бірақ қақпа жабық тұр екен, әрі тозақ әскеріне қабырғадан тас бұршақтар жауып кетті. Ібілістің әскеріне кері шегінуге тура келді. Сонда Ібіліс бірнеше мықты бекіністер салуға бұйырды, олардың ең бастысына өзінің атын берді. Оның үстінде ол Жанның тұрғындарына қарсы өзінің қауіп төндіретін сықыпытымен көрінді, алайда ауруларынан толық арылмаса да, қолбасшылар өте шебер әрекет еткендіктен, Ібіліс кері шегінуге мәжбүр болды.

Қаладан солтүстікке қарай өзінің атындағы бекіністің үстіне түнек әміршісі Жан қаласы өртеніп жатқан, алаулаған орасан зор жалын бейнесі бар туды тігуді бұйырды. Ал дауылпазшы әр түні қала қабырғасына таяп келіп, бітімгер жіберуді талап етіп дауылпазын соқты. Алайда күндіз мұны істеу қауіпті болатын. Осы дауылпазшы арқылы Ібіліс қала тұрғындарымен келіссөз бастауға бел байлағанын және шудан қажыған олар осыған келіскенге дейін дауылпазды соға беретінін хабарлады. Сөйтіп, қалалықтар қанша қорықса да, Ібілісшілердің үгіт-насихатына көнбеді. Бірде дауылпазшы оларға былай деді: «Менің әміршім оған өз еріктеріңмен бағынсаңдар сендерге жердің барлық игіліктерін беруге уәде ететінін, ал қырсықсаңдар, сендерді күшпен алатынын хабарлауға бұйырды».

Дегенмен, бұл сөздер тұрғындардың құлақтарына жетпеді, себебі олар қамалда өз көсемдерінің қасына жиналған болатын. Дауылпазшы осы талапқа ешқандай жауап алмастан, кетуге мәжбүр болды.

Ібіліс дауылпаздың үні күткен нәтижені бере алмайтынына көзі жеткенде, бітімгерді дауылпазсыз жіберді. Бірақ қалада ешкім орнынан қозғалып, оған жауап бермеді, өйткені олар оның азғыруына ден қоямыз деп қымбат құн төлегені естерінде болатын.

Сонда Ібіліс осы қызметпен өзінің елшісі – Қабір қолбасшысын¹⁵⁸ жіберді, ол қабырғаға тақап келіп, былай деді:

– Жанның есі шыққан тұрғындары! Әмірші Ібілістің атынан сендерге өздеріңнің заңды әміршің және басшыңа қақпаны дереу ашуды бұйырамын. Егер сендер мұны орындамасандар, онда біз қаланы басып алған кезде, өздерің жер асты түнек патшалығына түсесіңдер. Маған ақырғы сөздеріңді айтыңдар. Мен сендердің заңды әміршілерің Ібіліс екенін айтуға келдім. Бір кезде осыны өздерің де ашық мойындағансыңдар. Имануилдің уақытша жеңісі, патшаларың Ібілістің сендердің үстеріндегі билігін жойған жоқ. Ойлан, Жан, сен бейбітшілікті қалайсың ба, әлде соғысты ма? Егер бағынсаңдар, қайтадан дос боламыз, ал қырсығуды ары қарай жалғастырсаңдар, от кешіп, қан төгесіңдер.

Қабірдің осы сөздерін естіген. Жан тұрғындары қатты күйзеліп, торығуға түсті.¹⁵⁹ Алайда елші еш жауап ала алмай, құр қол қайтуға мәжбүр болды.

XII-тарау

ЖАННЫҢ СИЫНУЫ

Қаланы Ібілістен қорғау шаралары құрылған жиыннан кейін, Жоғарғы Тәлімгерден кеңес сұрау ұйғарылды. Алайда Ол біраздан бері еш жерден көрінбеген. Дегенмен, қалалықтарға Оған өз өтініштерін үш рет білдірудің сәті түсті:¹⁶⁰

1) Жұбату сөздерін айтып, олардың шағымдары мен қайғыларына назар аудару. Ол бұдан Өзінде соған сәйкес көңіл-күй болмағандықтан, бас тартты.

2) Өздеріне өте ауыр кезеңде кеңес беруден бас тартпауын өтінді, өйткені Ібіліс қаланың қабырғаларының түбіне күмәнданушылардан құралған жиырма мың әскерін бастап келді. Олардың тасжүректіктерін білетін қалалықтардың бәрі қатты үрейленуде. Бұған жауап мынау болды: «Сендерде Имануилдің заңдар кітабы бар, сонда не істеу керектігі анық жазылған».

3) Шағдай Патша мен Оның Ұлы Имануилге өтініш хатты жазуға көмектесіп, Оның өз жақтарында екенінің дәлелі ретінде мөрін қоюын өтінді. Өйткені, бұған дейін көптеген өтініштер жіберілді, бірақ олардың бірде-біріне жауап берілген емес. Мөр

басылып, қол қойылған өтініш жауапсыз қалуы мүмкін емес. Алайда Ол қаланың Имануилді қорлап, Оны қатты ренжіткенін, сондықтан қазір өздерінің әрекеттерінің жемісін жеуге тиісті екенін айтып, тілектерін орындаудан бас тартты.

Өтініштері үш рет қабылданбаған тұрғындар не істерлерін білмеді, алайда өздері жаумен келісім жасаудан тартынды. Олардың жағдайы шынымен де қиын еді: бір жағынан өздерін бағындыруға ұмтылған дұшпан, ал екінші жағынан Жоғарғы Тәлімгердің өздеріне қол ұшын беруден бас тартуы.

Қала басшысы Парасат мұңайған қалалықтардың назарын жауап хаттағы бір орынға аударды: «Сондықтан өздерінің әрекеттерінің жемісін жеуге тиіссіздер». Бұл «қазір» мұндай жағдайдың мәңгілік емес екеніне, болашақта Имануил қалаға тағы да қайтып келетініне үміт бергендей. Бұған тұрғындардың еңселері көтерілді. Олар Парасаттың шындыққа сай сөйлейтінін білетін. Шаддай патшаның көсемдері Парасаттың байқауын растап, бәрі бірге шыдамдылықпен, бағынушылықпен қаруланып алып, қалада жасынырып қалған Ібілісшілерді табан астында өлімге бұйыра отырып, бұрынғыдан да қатты ұмтылыспен іздеуге кірісті.

Шаддайдың әскері босаңсудан толықтай айығып, Ібілістің ұсынысына қабырғада тұрған сақпандардан атылған тас бұршақтарымен жауап берді. Айта кету керек, Ібілістің дауылпазының үні қалаға қаншалықты қатер болса, Жанның сақпанынан атылған тастар легі де соншалықты қайыстырардай болды. Сөйтіп, Ібіліс қабырғадан тағы да кері шегінуге мәжбүр болды, бұл жолы бұрынғыдан да алысқа шегінді. Сонда қала басшысы қала қоңырауларын қағып, Арұждан уағыздаушыға Жоғарғы Тәлімгерге қалалықтардың атынан Оның үміттендіретін жауабы үшін алғыс айтуды тапсырды.

Ібіліс өзінің қолбасшылары мен әскері сасқалақтап тығырыққа тірелгенін байқағанда, басқа бір әдісті қолдануды ұйғарды – ол Жанды пасықтықпен жарамсақтану арқылы алу еді.

Ол қаладағы ақсақалдардан оңаша сөйлесуді мәймөңкелей өтініп, Есту қақпасына үн-түнсіз жақындап келді. Дауылпаздың үні де естілмеді, жанында көмекшілері де жоқ...

Жанның тұрғындарын Ібіліс тағы да мынадай сөздермен арбады:

– О, менің қалаулым, атақты Жан! – деп бастады Ібіліс. – Саған пайдалы жағын іздеп, өз махаббатымды шынайы дәлелдеу үшін, қаншама түндер көз ілмей, қаншама күндерді зарығып өткіздім десеңші. Егер сен қайтадан мендік болуға келіссең, мен саған қарсы соғысу туралы ойымнан бас тартамын. Сен бір кездерде менікі болғаныңды ұмытқан жоқсың ғой. Есіңе түсірші, мен патшалық еткен кезде сендер рахат өмір кештіңдер, өздерің мені, ал мен сендерді мақтан тұтып, өмірдің қуанышына шаттандық. Сендер сол кезде қазіргі сияқты құр қол отырып, азап шегіп пе едіңдер? Егер маған қайтып оралмасаңдар, сендерде тыныштық пен бейбітшілік енді болмайды! Мені өздеріңнің әміршің ретінде қайтадан мойындаңдар, сонда мен сендерге бұрынғыдан да көп құқық пен еркіндік берем, шығыстан батысқа дейінгі қалаған нәрселеріңнің бәрі сендердікі болады. Маған жасаған опасыздықтарың жайлы ешқашан есіме алмаймын, тіпті қазір үңгірлерде тығылып отырған достарымның сендерден кек алуларына тыйым саламын. Олар сендердің сенімді жалшың болады, өйткені олармен бірге болу қандай жағымды екені сендердің естеріңде ғой. Енді мені дос ретінде мойындаңдар, өйткені мен әрқашан сендерге дос болғанмын. Сендерге деген адалдығым мені әскери қимылға итермелейді, алайда менің негізгі мақсатым – сендердің аман-саулықтарың ғана. Мені ашуға берілуге мәжбүр етпеңдер, өздеріңді үрейлі, қиын жағдайдан сақтасаңдаршы. Сендер бәрібір менікі боласыңдар, бұған еш күмәнданбасаңдар болады. Өздеріңнің қолбасшыларың, тіпті, Имануилдің Өзінің де сендерге жәрдемдесуге күші жетпейді. Өйткені мен сендерге қарсы қуатты әрі қаһарлы әскермен, түнек әміршілерінің басшылығындағы өзімнің ең таңдаулы күштермен қарсы шығамын. Олардың қолынан бәрі келеді.

Жанның тұрғындарының атынан қала басшысы Парасат былай деп жауап берді:¹⁶¹

– Ей, Ібіліс, түнектің әміршісі және барлық өтіріктің бастауы! Біз сенің зұлым әрі алдамшы сөздеріңе әбден тойдық, тіпті оның ащы зардабын да өзіміз тартып жатырмыз. Біз сенің алдамшы сөздеріңе ден қоюдан, сенімен келіссөз жүргізуден

және өзіңмен қандай да бір қарым-қатынас жасаудан бас тартамыз. Біз өзіміздің Патшамыз Шаддайдың бұйрығын аяқ асты етуді қаламаймыз, өйткені сондай жағдай бола қалса, Оның Ұлы Имануил бізден мәңгілікке бас тартады. Оның саған арнап дайындаған орнына біз баруды қаламаймыз. Сенің сөздерінде шындықтың көлеңкесі де жоқ, біз өзіңнің жәдігөй әрі алдамшы ұсыныстарыңа берілгенше, күнәға қарсы күрес жолында қаза болған артық деп есептейміз.

Дұшпан өз сөздерінің ешкімді сендіре алмағанына көзі жеткенде, қатты қаһарланып, өзінің Күмәнданушылардың бүкіл әскерімен бірге тағы да шабуыл жасауға шешім қабылдады.

Ол өзіне дауылпазшыны шақыруды бұйырып, оған бүкіл сарбаздарды жинауға әмір етті. Сол сәтте-ақ дауылпаздың дауысы құлақты жарды. Бәрі жиналған кезде, Ібіліс оларға әскери тапсырманы түсіндірді.¹⁶² Долоылық пен Азап қолбасшыларды Сезіну қақпасының алдына қойып, оларға жеңілу қаупі төнсе, көмекке қолбасшы Мазасыздықты шақыруға бұйырды. Иіс сезу қақпасының алдына Күкірт пен Қабір есімді қолбасшыларды қойды. Көру қақпасының алдына Үмітсіздік Ібілістің қорқынышты туымен жайғасты.

Тойымсыздық қаланы тонау әрекетіне жетекші болып белгіленді.

Ауыз қақпасы айрықша бекінген еді. Сол арқылы тұрғындар Имануилге өтініш жіберетін. Бұл қақпада Ібілістің жасағының үстінен тасты қарша борататын сақпандар құрылған еді. Ібіліс оны тас қылып бітеп тастауды бұйырды.

Ібіліс шабуылға дайындалып жатқанда,¹⁶³ тұрғындар қорғаныс шебін күшейтті. Князь Ерік те қалғыған жоқ: жан-жақтан Ібілістің тыңшыларын ұстап, оларды өлім жазасына кесті. Ол өзіне қызметке екі Ібілісшіні қабылдағаны үшін, базар алаңында тәубе еткеннен бері қолынан келгенше өзінің айыбын жуып-шаюға тырысып бақты. Ерік өзінің бұрынғы қызметкері Ақкөңілдің ұлдары Қалжыңбас пен Сауыққойды¹⁶⁴ өз қолымен жазалады. Ібілістің бұл ізбасарларының жазалануы Көру қақпасын аңдып отырған Үмітсіздіктің тісін қайрап, ызалануына түрткі болды.

Ібіліс пен оның қолбасшыларын бұл іс¹⁶⁵ қатты абыржытты. Себебі бұл, тұрғындардың жаудың азғырып, араларына іріткі

салуына жол бермейтіннің куәсі еді. Ал, қала тұрғындарына Еріктің осындай әрекеті игілікті әсер етті. Мәселен, Пікірде бұрын Ақылжинау деген қызметкер тұрған еді, оның Пікір мырзаның үйінде некесіз туған қызы мен әйелі Зұлымдықты-ұстадан туған екі ұлы қалған болатын. Сол бозбалалардың аттары Тапбер мен Пайдағабат еді.¹⁶⁶ Олар Қалжыңбас пен Сауыққойдың бастарынан өткендерін білген кезде, қорқып жасырынуға бел байлаған. Алайда қырағы Пікір оларды өз үйіне құлыптап, келесі күні таңертең Көру қақпасының алдында өлімге кесті.

Сонда тұрғындар қорқыныштан тіпті түнде өздерінің баспаналарынан шығуға қорқып отырған Ібілісшілерді бұрынғыдан бетер құлшына іздеуге кірісті.

Ібіліс пен оның әскері қатты ашуға булықты. Олар қалалықтардың жанкешті қаһармандықтарын, өздерін жеңуге еш жол бермеуге анық бел байлағандықтарын сезінді.

Ақыры Ібіліс өзінің дауылпазшысына дауылпазын соғуды бұйырды. Қала көсемдері өз кезектерінде кернейшілерге күміс кернейлерін тартқызды. Таңғажайып дыбыс қаланың үстіне төгілді. Ібілістің әскері қаланы басып алуға ұмтылды, ал қабырғалардан сақпандар атқан тастар жаңбырша жауды. Ауа Ібілістің әскерінің құтырынған ашуына куәлік ететін құлақ тұндырар айқайға толды. Қалалықтар Забур жырларын айтып, мінәжат етті. Жанның шабуылы бірнеше күнге созылды. Шайқастар арасындағы кідіріс өте қысқа болды.

Имануилдің көсемдері күміс сауыт киінген, ал олардың сарбаздары сынақ сауытта болды; Ібілістің сарбаздары болса, қаланың қабырғаларынан ұшқан тастардан қорғайтын темір жамылған. Қалалықтардың арасында жараланғандар бар еді. Өкінішке орай, қалада бірде-бір мамандандырылған дәрігер болмаған, дегенмен жараға емдік ағаштың жапырағын басқандықтан, жаралар тез арада жазылып кетіп отырды.¹⁶⁷ Жараланғандардың ішінде атақты¹⁶⁸ қалалықтар да аз болмады. Парасат басынан жараланды, Пікір – ішінен, тіпті қайырымды уағыздаушы Ар-ұждан кеудесінен жарақат алды. Қарапайым қалалықтар арасында қаза тапқандар көп болды.

Ібілістің тұрағында көпшілігі жарымжан күйге түсіп, өлгендер де аз болмады. Қаһар мен Долылық қолбасшылар да

ауыр жараланды. Қолбасшы Қарғысқа кейін шегінуге тура келді. Ібілістің туы құлатылды, өйткені түнек патшасының ту көтерушісі басына тиген тастан тіл тартпай кетті. Ібіліс терең қайғыға батты. Қалаға қауіп төндіретін Күмәнданушылар әлі де жеткілікті болғанмен, көпшілігі шайқаста қырылды. Бұл күні Жан жеңіс туын қолына алды.¹⁶⁹ Түнек патшасының тұрағында қайғы мен қасірет орнады. Ал келесі күні әуеде қоңыраудың шат-шадыман үні сыңғырлады және күміс кернейдің шаттық үнімен тұрғындар бір-бірін қуана құттықтап жатты.

Ерік бір сәт те қол қусырып отырмады: ол қаладан Ібілісшілерді және олардың жасырынушыларын іздеуді жалғастырды. Оған Имануилдің үш сарбазын шынайы жолдан тайдырып, Ібілістің жағына өтуге көндірген Бәрібір¹⁷⁰ атты әйгілі Ібілісшіні тұтқындаудың орайлы сәті түсті. Сонымен қатар, ол жаудың барлаушысы Бұзылу деген біреуді ұстап алды. Бұл екеуі де өлім сағаттарын күтіп, абақтыға қамалды.

Қала басшысы Парасат жарақатына қарамастан, қалалықтарды өздерінің міндеттерін мүлтіксіз орындауға шақыруын жалғастырды.

Уағыздаушы Ар-ұждан өзінің барлық сөздерін қаланың ба-тыл қорғаушыларының жүректеріне терең енуін қамтамасыз етті.

XIII-тарау

ТҮНГІ ШАБУЫЛ

Біраздан кейін қаланың көсемдері мен ақсақалдары жаудың тұрағына түнде шабуыл жасауды ойластырды. Бұл ақылсыздық еді,¹⁷¹ өйткені түнгі уақыт дұшпан үшін ең қолайлы мезгіл, ал Жан үшін керісінше еді. Бірақ таяудағы жеңістеріне құлшынған олар осы қадамға бел байлады.

Белгіленген түні патшаның қолбасшылары түнгі шабуылдың басшыларын таңдау үшін жеребе тастады. Жеребе Сенімге, Тәжірибелілік мен Үмітке түсті. Түнде олар дұшпанның ең негізгі тұрағына шабуыл жасады. Алайда Ібіліс пен оның сарбаздары қапы қалған жоқ. Қызу ұрыс басталып

кетті, дауылпаз соғылып, күміс кернейлер тартылды. Ібілістің Тойымсыздық атты қолбасшыларының бірі бай олжадан дәмеленіп те қалды.

Жанның қолбасшылары жан сала айқасқандары соншалық, жауды кері шегінуге мәжбүр етті. Расында үшеуі де жараланды. Сенімді аяғынан қатты ұрғандықтан,¹⁷² ол біреудің көмегінсіз орнынан тұра алмай қалды. Оған көмекке Тәжірибелілік жүгіріп келді. Жаралы аурудан ыңырсыған Жан қатты абдырады. Жаудың тұрағында жөнсіз бір нәрсе болғанын түсіне қалып, Ібіліс кері шегінген сарбаздарды тоқтатып, айқасқа қайта шығуды бұйырды. Нәтижесінде Жанның әскері мен оның жаралы қолбасшылары қала қабырғаларының тасасына шегініп кетуге мәжбүр болды.

Ібіліс өзінің жеңісіне масаттанғаны сондай, келесі күні ол Жанның қабырғасына жақын келіп, қаланың берілуін талап ете бастады. Қала басшысы түнек әміршісіне, Ханзада Имануил тірі тұрғанда, қазір Оның араларында жоқ болғанына қарамастан, өздері Оған адал болып қала беретінін айтты. Өздерінің үстінен Одан басқа ешқандай билікті мойындамайды.

Ал князь Ерік былай деді:

– Әй, Ібіліс, жақсылықтың жауы! Біз, қаланың бейшара тұрғындары, кезінде саған бағынғанымыз үшін қатал сабақ алдық, егер сенің қоластыңда болсақ, ақыр соңымыз қандай болатынын анық білеміз. Бір кездерде, тәжірибесіз біздер сенің ұсынысыңды қабылдағанбыз. Ол кезде торды байқамайтын құс сияқты едік. Бірақ түнектен нұрға оралғаннан бері, біз Құдайға жақындау үшін сенен аулақ кеттік. Өзіңнің зұлымдығыңмен бізге көп зиян келтіріп, Жанда күмән тудырсаң да, енді бізді саған беріліп, сені әмірші ретінде мойындайды деп күтпе. Біз өліспей, беріспейміз! Өз Патшамыздың рақымы бойынша құтқарылатын ғажап сәт туады деген үмітіміз бар, сондықтан сенімен қасық қанымыз қалғанша айқасамыз.

Ерік пен Парасаттың жауабы¹⁷³ Ібілісті қатты абыржытты, тіпті ол ашудан терісіне сыймай кетті. Ал Еріктің осы жауабын естіген Сенім дән риза болып, тәуір бола бастады.

Ерік сол аралықта көптеген Ібілісшілердің көздерін жойды: ол Арсыздықты, Беймазаны, Күңкілдеуді, тағы басқаларды

өлім құштырды. Ібілістің шабуылына демеу болғандар аяусыз жазаланып, көздері жойылды.

Осылай Ерік қаланың Ібіліске бағынбайтынын дәлелдеді.

Сол кезде түнек әміршісі қалаға тағы да шабуыл жасап, бұл жолы Сезіну қақпасына қарсы күш жұмылдыруды ұйғарды. Оның өз ізбасарларына берген құпия сөзі: «Тозақ оты». Ол өз сарбаздарына қала қақпасын аша салып, оған басып кірген бойда, барлық көшелерде: «Тозақ оты, тозақ оты!» деп үздіксіз айғайлауға бұйырды. Дауылпаздың соғылуы мен желге желбіреген ту астында олар қасық қаны қалғанша шайқасуға тиіс болды.

Түн шыға салысымен қаланы қоршау басталды. Бірнеше күшті соққыдан кейін қақпа айқара ашылды, өйткені ол осал болатын.¹⁷⁴ Ібіліс өзінің Азап және Мазасыздық есімді қолбасшылары арқылы қаланың берілуін талап етті. Бірақ қалалықтар берілуді ойларына да алған жоқ, олар жан аямай күресті. Ақыр соңында қоршауға алынғандар кері шегініп, өздері қамалға бой тасалауға мәжбүр болды.

Байғұс Жан!¹⁷⁵ Қамал Имануилдің қолбасшылары мен қала ақсақалдарын ғана сыйдыра алатын. Қалалықтар жеңімпаздың қоластына өтті. Маңайда қанның алқызыл түсіндей киімдері бар Күмәнданушылар көлбеңдеп жүрді. Тұрғындар өз үйлерінен қуылды. Ар-ұждан мен Таным жараланып қалды. Ерік қолбасшылармен бірге қамалда жасырынып үлгерді, соған да Құдайға шүкір, әйтпегенде оны Ібілістің аямайтын анық еді.

Дегенмен, жеңімпаздар өздеріне сенімсіз болатын.¹⁷⁶ Қала тұрғындары олармен ортақ тасуды мүлде қаламады және өздерінің олардан жиіркенетіндерін де жасырмады. Сол аралықта қамалға жасырынған Имануилдің қолбасшылары дұшпанды сақпан мен зеңбіректен мергендікпен көздей атып, мазаларын алумен болды. Ібіліс қамалдың күлін көкке ұшыру үшін барын берер еді, бірақ оның барлық бейнеті босқа кетті: қаладағы Құдайданқорқыныш қорғанысты шебер ұйымдастырғаны сондай, қамал бүтін әрі сау күйінде қалды.

Мұндай аянышты күйде қала екі жарым жылын өткізді.¹⁷⁷ Енді Ібілісшілер емес, керісінше қала тұрғындары үңгірлерге жасырынды. Өткендегі Жанның даңқынан ештеңе қалмағандай. Тыныштық пен қуаныш кетіп, Ібілістің қалада

нық орныққаны соншалық, оны қуып шығу мүмкін болмайды-ау деген қорқынышты ойдан барлығы мұңайып жүрді. Қалалықтар Өзінесенімділіктің зұлым азғыруына бейқам ден қойған өз жеңілтектіктері үшін бармақтарын тістеп зар еңіреп жүрді.

XIV-тарау

ИМАНУИЛДІҢ ЖАУАБЫ

Имануил Жанның бірде-бір жолдауына жауап бермеген еді. Ұзаққа созылған азапты кезеңнен кейін, ақсақалдар жиналып, Оған тағы да бір хат жазуды ұйғарды.¹⁷⁸ Бірақ әкім Құдайданқорқыныш өзіне белгілі болғанындай, Имануилдің Жанның шақыруына жауап бермейтін себебі, оның жолдауын Жоғарғы Тәлімгер жазбағандықтан екенін ашық мәлімдеді. Тіпті Оның қолы да қойылмаған еді.¹⁷⁹

Барлығы Құдайданқорқыныштың ізгі ақылы үшін шынайы алғыстарын айтты. Олар Жоғарғы Тәлімгерге келіп, өз өтініштерін айтқан кезде, Ол былай деп сұрады:

– Мен сендер үшін қандай өтініш жазуым керек?
– Ұстаз, Сен мұны бізден жақсы білесің, – деп жауап қатты олар. – Саған біздің мүшкіл жағдайымыз, әлсіздігіміз, жаумен күрестегі сәтсіздіктеріміздің бәрі де аян. Сондықтан Өз даналығың бойынша, біз үшін Өзің қажет деп тапқан өтінішті жазып бере гөр.

– Жақсы, Мен өтініш жазып, астына қолымды қоямын.¹⁸⁰
– Ол үшін бізге қашан келуді бұйырасың?
– Оны жазарда келіңдер Оған өз жүректеріңдегі барлық тілектеріңді қосуларың керек. Әрине, жазу мен қол Менікі, бірақ сия мен қағаз сендердікі болуы тиіс, әйтпесе Мен өтінішті сендердікі деп қалай айтамын? Маған өз басыма еш нәрсе сұраудың қажеті жоқ, өйткені Мен Ханзадаға да, Шаддай Патшаға да тіл тигізген жоқпын. Егер Менің атымнан сұраған тілектеріңде оған барлық жүректерің мен жандарыңды салмасаңдар, онда ол Ханзадаға да, Ол арқылы Оның Әкесіне де жетпейді. Ал, шын жүректен жазылмаған өтініш ақиқат емес.

Бұл шарттарға бәрі қуана келісіп, өтініш жазылды. Бірақ оны кім апару керек? Жоғарғы Тәлімгер мұны Сенімге тапсыруға кеңес етті. Барлығы одан өтінішті дереу апаруын сұрады. Ол былай деп жауап берді:

– Мен сендердің тапсырмаларыңды қуана-қуана орындаймын, тіпті ақсаңдап жүрсем де, мұны мүмкіндігінше тезірек орындауға тырысамын.¹⁸¹

Өтініштің мазмұны төмендегідей:

«Уа, Тәңіріміз, құдіретті Имануил, төзімді Әміршіміз! Біз Сенен мейірім мен кешірім күтеміз, өйткені Сенің алдында бәріміз де кінәліміз. Біз Сенің жаратқаныңбыз деп аталуға да лайықсызбыз және Өзіңнен игілік күтуге тиісті де емеспіз. Алайда біз Сенен және Шаддай Патшадан жалынып сұраймыз: біздің күнәларымызды кешіре гөр! Сенің Өз әділдігің бойынша бізден бас тартуың мүмкін екенін түсінеміз, алайда Өз атыңның ұлылығы үшін бізге рақымды болып, Өзіңнің мейіріміңді көрсете гөр. Біз Сенен теріс айналғаннан бері, жаудың құрсауында қалдық, сөйтіп тозақтың күштері бізді қоршап, басымызға қорқыныш пен қайғы әкелді. Сенің рақымың ғана бізді құтқара алады және бізге Өзіңнен басқа ешкім көмектесе алмайды.

О, мейірімді Көсеміміз, Сен сыйлаған игіліктерді: сенім, сана, ерік, жігер, ұятты ұмытып кеткенімізді мойындаймыз. Біз әлсізбіз, көп адамдар жаралы, ал жаудың күші әлі мықты. Сансыз шүбә мен күмәндар Сенің бізбен бірге болған кезіңнен қалған барлық таза әрі қасиеттілердің бәрін өлтіріп, бізді қатты азаптауда, біз олардан қалай құтылуды білмейміз. Сен бізді тастап кеткеннен бері, әліміз жоқ және ақылымыздан адастық, бізде күнә, ұят пен рухтың қажуынан өзге ештеңе жоқ. Өзіңнің мейірімің мен назарыңды сала гөр. Бізге Өзің рақым ете гөр, Тәңір Иеміз, Өзіңнің құрып бара жатқан жаратқаныңды жау қолынан құтқарып ала гөр. Аумин».¹⁸²

Көсем Сенім өтінішті алып, Ауыз қақпасы¹⁸³ арқылы Ханзадаға бет алды. Қалай екені белгісіз, бірақ Сенімнің Ханзадаға жаңа өтінішпен жіберілгені туралы хабар Ібіліс пен оның ізбасарларының құлағына жетіп, олар қатты бұлқанталқан болды. Түнек патшасы қаланы үрейге батыратын дауылпазын соғуға әмір етті, сосын өзінің ізбасарларына бұрылып:¹⁸⁴

– Ержүректерім, мені тыңдаңдар! Мен Жанның Имануилге тағы да өтініш жібергенін білдім. Сондықтан қалалықтарға қысымды күшейтуді бұйырамын. Бағынбайтындарды құртыңдар, мойынсұнбайтындарды өлтіріңдер!

Дегенмен, Ібілістің бұл нұсқауы ойламаған кедергіге тап болды.

Түнек әміршісі қамалдың қақпасына таяп келіп, өзін дереу кіргізулерін талап етті. Бұған Құдайданқорқыныш үзілді-кесілді қарсы жауап беріп, Ібілісті Жаннан өздеріне көктен келетін бір ғажап күш қуып шығады деп жариялады.

Ібіліс оған өзінің әскері қаланы тастап шығатынына уәде етіп, жолдауды құрғандарды ғана өзіне тез арада шығарып беруін ұсынды.

Осы кезде әңгімеге Ібілістің қолбаласы Ақымақ араласа кетті:¹⁸⁵

– Біздің әміршіміз сендерге пайдалы шарт ұсынып тұр; қаланың талқандалуын қаламасаңдар, келісіңдер!

Бұған Құдайданқорқыныш былай жауап берді:

– Жан сатқындықтан кейін өмір сүре ала ма? Бұл өліммен тең.

Ал Ақымақ бұған еш жауап бере алмады. Сонда Парасат Ібіліске:

– Арсыз әрі қанішер! Біз сенің сөздеріңе ден қоймаймыз және сақпанды оқтауға болатын соңғы тасқа дейін сенімен айқасамыз! – деді.

Ібіліс бұған шыдамсызданып, қасарыса түсті:

– Сендер әлі де Имануилдің көмегіне арқа сүйеп, құтқарылуға үміт артасыңдар ма? Ханзадаға жалбарынып жатырсыңдар, бірақ сендердің күнәларың мінәжаттарыңды Оның құлағына жеткізбейді. Сендер дегенімізге жетеміз деп шынымен ойлайсыңдар ма? Жоқ! Сендердің үміттерің алдамшы, әрі тілектерің орындалмайды: мен ғана емес, Имануилдің Өзі де сендерге қарсы, өйткені сендердің тұтқындалуларыңа Оның Өзі жол берді ғой. Тағы неге сенім артып, қалай ғана менен құтқарылмақсыңдар?

– Иә, біз күнә жасадық, – деп келісті Парасат, – бірақ Имануилдің Өзі: «Маған келгендерді қуып жібермеймін», – деген. Тағы да біз Одан егер адам күнәсына өкінсе, кез келген

күнә мен кез келген балағат кешіріледі дегенді естігенбіз. Сондықтан біз үміт үзбей, құтқаратынына сенім артып, Оған жалбарынамыз.

Сол кезде қолбасшы Сенім қолына орама қағазды алып қайтып оралды. Бұл туралы біле салысымен, қала басшысы оны қарсы алды. Оны көрген кезде Сенімнің көзі жасқа толды. Бірақ ол былай деп дауыстап үлгерді: «Жігерлен, достым, уақыт өте келе бәрі жақсы болады!». Ол Имануил беріп жіберген орама қағазды көрсетті. Рақымдылықтың уақыты келгенін сезген көсемдер мен ақсақалдар бірге жиналды¹⁸⁶, Сенім ораманы ашып, бірнеше хатты оларға таратып берді.¹⁸⁷

Бірінші хат қала басшысы Парасатқа арналған. Онда Имануил оның өз міндетін атқаруға деген талпынысын, оның Ібіліске қорықпай жауап бергенін, сөйтіп ақыры сол үшін жақында сый алатыны айтылған.

Екінші хат князь Ерікке арналыпты. Онда оның қалғымайтынын, Жанның игілігі үшін қам жеп жүргенін, Ібілісшілердің баспаналарын тауып, оларды өлім жазасына бұйырып жатқанын, сол үшін сый алатынын, өзінің Шаддай Патшаның қайырымды да, адал қызметкері екенін ашық айтыпты.

Үшінші хат уағыздаушы Ар-ұжданға жазылыпты. Оны Ханзада қалалықтарды үнемі үйретіп, қиын-қыстау уақытта ораза ұстап, бастарына күл себуге көндіргені үшін мақтаған. Тағы Ол Ар-ұжданды өздеріне көмекке Боанергесті шақырып алғаны үшін мақтаған. Осының бәрі үшін оған сыйлық беруге уәде еткен.

Төртінші хат Құдайданқорқынышқа арналып жазылыпты. Ханзада оны халықты Өзінесенімділікке қарсы көтеріп, қалалықтардан аластағаны үшін мақтапты. Сонымен қатар, оны қолбасшыларға Шаддай мен Оның Ұлына ұнамды өтінішті жазған кезде, кімнің көмегіне жүгіну керектігін дәл айтқанын ерекше атап, тіпті қамалды қорғау кезінде де ержүректік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткенін айтып, сол үшін оған сыйлық беретінін жариялапты.

Содан соң Сенім Жанның барлық азаматтарына арналған бесінші хат-жолдауды ашты. Онда Имануил Өзіне үздіксіз жіберілген бұрынғы өтініштерге назарын аударыпты және

таяуда олар соның жемісін көретіні айтылған. Ол рухтары мықты, шыдамды болғандары үшін, Ібілістің алдамшы сөздері де, қоқан-лоққысы да Өзіне деген олардың сенімін шайқалтпағандары үшін мақтапты. Хаттың соңында Ханзада қаладан кетіп бара жатып, оның тұрғындарын Жоғарғы Тәлімгер мен Сенім көсемге тапсырған, сондықтан Жанға олардың кеңестеріне ден қоюды жалғастырып, сол үшін уақыты келгенде сыйларын алатынын айтыпты.

Барлық хаттарды берген Сенім көсем өзін ерекше мейіріміне бөлеген Жоғарғы Тәлімгерге аттанды. Бұл екі қалалыққа Имануилдің ойлары мен әрекеттері басқаларға қарағанда анығырақ түсінікті еді. Қолбасшылар мен қалалықтар үмітсіздіктен торығуға берілген кезде, Сенімнің Жоғарғы Тәлімгерден өзін жігерлендіретін жұбаныш алып отыруы жиі болатын. Жоғарғы Тәлімгер Сенімді жақсы қарсы алды. Ол Жоғарғы Тәлімгерден Ібіліске қарсы соғыста өзін қала әскерінің бас қолбасшысы етіп тағайындайтынын білді.

Сенім Имануилдің ерекше құрметіне бөленгеніне көздері жеткен қала тұрғындарының өтініші бойынша, ол бас қолбасшы¹⁸⁸ болып тағайындалды. Қалалықтардың атынан Арұждан оның сөзін сөйлеп құптады. Мұның барлығы да, әрине, Ібіліс пен оның ізбасарларынан құпия түрде жүзеге асырылды.

XV-тарау

ЖАННЫҢ ОЯНУЫ

Ібіліс қала басшысы Парасат пен қамал күзетшісі Құдайдан қорқынышқа қатты ашуланды, себебі олар оның ұсынысынан үзілді-кесілді бас тартқан еді. Енді ол қаланы қалай басып алу туралы мәселені талқылау үшін әскери кеңесті шұғыл шақырды.¹⁸⁹ Кеңеске Сенімсіздік бастаған барлық қолбасшылар түгелдей жиналды. Ібілістің мақсаты өз қаланың қожайыны болу үшін енді қамалды жаулап алу еді. Жан-жақтан ұсыныстар айтылып жатты. Ақырында кеңес мүшесі Аполлион сөз алды:

– Достар! Сендерге ұсыныс айтқым келеді. Біріншіден, біз қаланы тастап шығуымыз керек,¹⁹⁰ өйткені қамалды Құдайданқорқыныш сияқты қолбасшы қорғап тұрғанда, бізге оны басып алудың сәті түспейді. Біздің кетіп бара жатқанымызды көрген қамалдағы қырсықтар тынығудың мүмкіндігіне қуанып, одан өздері шығады. Бәлкім, бізге оларды қала қабырғасының сыртына алдап алып шығудың сәті түсер, олардың анық жеңілетін жағдайларын көздеп, шетінен талқандармыз. Содан кейін, біз еш қиындықсыз қамалға басып кіреміз.¹⁹¹

Белзебұл онымен келіспеді:

– Бізде олардың бәрін бірдей қамалдан еліктіріп алып шығудың мүмкіндігі жоқ. Онда көпшілігі қалып қоятынына сенімдімін. Сол себепті басқа жолды таңдау қажет. Ең сенімдісі, тұрғындарды күнәға батыру. Бұл мақсат үшін бізге қалада жасырынып жүрген достарымыздың көмегі қажет. Біздің достарымыз қамалға кіруімізге көмектессін. Ал, әзірше біз өз тұрағымызға қайтып күте тұрамыз.

Люцифер де өзінің пікірін білдірмей тұра алмады:¹⁹²

– Мен құрметті Белзебұлдің ұсынысын қолдаймын, бірақ бір нәрсе қосқым келеді. Қаланы енді қиындықпен де, қауіп-қатермен де қорқытудың қажеті жоқ, қайта оларды жердегі игіліктерді иемденуге азғыруымыз керек. Жан – сауданың қаласы. Таяуда жәрмеңке болады, ол жерге біздің бірнеше жігіттерімізді әр алуан тауарлармен жіберу керек, сөйтіп, олар оны арзандатып сатсын. Көрейік, олардың соған қалай қаптап келерін. Мен ол жерге кімді жіберетінімізді ойластырып та қойдым. Олар қу әрі епті: бірінің аты – Шығындалғыш, ал екіншісінің аты – Ұтылу. Олармен бірге тағы да мына екеуін жіберуге болады: Дүние сүйгіш және Күйбең тіршілік. Олар қалалықтармен сауда қарым-қатынасына түсіп, тұрғындардың баюына көмектессін. Осының өзі-ақ біз үшін жетіп жатыр. Өздерің ойлаңдаршы, осы қармаққа қанша қалалық түседі! Олар өздеріне төніп тұрған қауіпті ұмытады, ал егер біз оларды қорқытып-үркітпесек, олар қалғып кетеді, жалқауланып, қамалды қорғағанды қойып, ақырында өз қақпаларын да қорғай алмай қалады.

Біз адамның мойнынына жердің байлығын артып қоя аламыз, ал ол қамалды сауда дүкеніне айналдырады.¹⁹³

Өміршілерге сол жерден орын табылмау үшін дүкенді тауармен толтырып тастау керек. Мына сөз сендердің естеріңде жоқ па: «Байлық пен осы дүниелік рахат Сөзді ығыстырып тастайды». Тағы да: «Той-думан жасап, мас болып немесе күнделікті тұрмысты уайымдап, жүректерің шеменденіп кетпесін!» Көп тауарлары бар тұрғындар сауда жасай бастайды, ал есепшісіз, сатушысыз сауда қалай жүреді? Дәл осы мақсатты жүзеге асыру үшін біздің мына адал достарымыздың көмектері керек болады: Шашқыш, Ысырапшылдық, Құмарпаз, Бей-берекет, Атаққұмарлық, Көлгірсу және тағы басқалар. Біз орасан зор әскери күштен гөрі, осындай құйтырқы жолмен қаланы тезірек иемденеміз.

Люцифердің ұсынысымен барлығы да келісті. Жанды осы дүниелік қам-қарекетке тарту жоспары, олардың бәріне дана жоспар болып көрінді.¹⁹⁴

Осы сәтте олардың ешқайсысы алдын ала болжамаған оқиға болды. Сенім көсем Имануилден жазбаша жолдау алды. Онда үш күннен кейін Сенімді қаланың қабырғасының сыртында ашық алаңда Ханзаданың Өзі күтетіні айтылған. Сенім сол сәтте Жоғарғы Тәлімгерге кеңес алуға келіп, Одан мына хабарды алды;¹⁹⁵ Ібілісшілер өздерінің жақтастарын шақырып, Жанды қалай құртуды ойластырды. Олар қаланы өзін-өзі құртатын күйге жеткізуге шешті. Сондықтан Ібіліс қаланы уақытша қалдыра тұрады. Жан шайқасқа дайындалуға тиіс. Үш күннен кейін Имануил күн шығар алдында сансыз көп әскерімен қалаға жақындап келеді. Оның Өзі жауға қарсы шайқасуға шықпақ, ал сендер Оның жеңіске жетуі үшін артқы жақтан көмек бересіңдер.

Бұл хабарды естіген Сенім көсем оны дереу басқа қолбасшыларға жеткізді. Бәрі зор қуанышқа кенелді. Кернейшілер қабырғаға шығып өздері білетін ең тамаша әуенді ойнауға бұйрық алды. Ал Ібіліс бұл әуенге таң қалды.

– Бұл ненің құрметіне? – деп сұрады ол. – Олар бір нәрсеге қуанып жатқан сияқты?

Оған біреу былай деп жауап берді:

– Бәлкім, оларды басқару үшін Имануилдің Өзі келіп, олардың құтқарылатын сәті келетініне қуанғандарынан болар.

– Онда біз не істейміз? – деп жалғастырды абыржыған әмірші.

– Ең жақсысы, кеңесте шешілгендей, шегінуіміз керек,¹⁹⁶ – деп жауап берді оның көсемдерінің бірі.

– Егер Ол қалалықтарға көмекке келетін болса да, бізге ашық алаңда соғысқан оңай болады.

Келесі күні Ібілістің әскері қаладан шығып, Көру қақпасының қарсысына жайғасты. Егер жеңіліп қалатындай жағдай болса, онда қолбасшылар қала қабырғасының астында тұрғаннан гөрі, өздеріне кейін шегінудің жеңілдігіне арқа сүйеді.

Белгіленген уақытта Сенім көсем қаладан шығу керектігін және Ханзаданың Өзі оларды қарсы алатынын жариялады. Қуаныш үні жан-жақтан шарықтап, Сенім бастаған әскер Ауыз қақпасы арқылы сыртқа шықты. Әскердің құпия сөзі: «Имануилдің семсері және сенім қалқаны» болды, жергілікті тілде: «Құдай Сөзі және сенім» дегенді білдіретін. Сөйтіп, бүкіл әскер Ібілістің жасағына шабуыл жасады.

Қала қолбасшыларының арасынан тек Тәжірибелілікке ғана үйде қалуға рұқсат етілді, себебі алдыңғы соғыстарда ол қатты жарақаттанған еді. Бірақ ол үйінде қала алмай, балдағына сүйеніп, олардың соңдарынан еріп келе жатып:

– Ханзаданың Өзі келуге уәде еткен мына ұлы жорықта мен бола алмаймын ба?! – деді налып.¹⁹⁷

Сөйтіп шайқас басталды. Шабуылдаушылар құпия сөзді қатты айғайлап айтты: «Имануилдің семсері және сенім қалқаны!»

Шабуылдаушылардың арасынан тіпті Тәжірибелілікті де көрген Ібілісшілер қатты аң-таң болып, бір-бірінен абыржи сұрады: «Тіпті ақсақтар да балдақпен бізге қарсы шығатындай, оларға мұндай көзсіз қаһармандық қайдан келген?»

Ібілістің әскері қоршауға алынған кезде, түнек патшасы «екі жүзді семсердің» соққысынан құтыла алмайтын шығармын деп ашуланып, қарсыластарына дүрсе қоя берді. Алдымен Ібіліс Сенім көсеммен және Ерікпен айқасты. Олардың екеуі де беріспеді. Үміт те жанкештілікпен соғысып, бірнеше күмәнданушылармен жекпе-жекке шықты. Ақсаңдағанына қарамаған Тәжірибелілік оған көмекке келіп, олар екеулеп жүріп дұшпан әскерін шегінуге мәжбүр етті. Соғыс қызу жүріп жатты,

екі жақ та өліспей беріспеді. Сол кезде Жоғарғы Тәлімгер соғысқа қала қабырғаларында орналасқан сақпаншыларға кірісуге әмір етті, сол сәтте-ақ тастар дұшпанның басына бұршақша жауды. Біраз уақыт өткенде, Ібілістің шашырап кеткен сарбаздары қайта топ болып бірігіп, Имануилдің әскеріне тап берді. Жанның сарбаздары бөгеліп қалып,¹⁹⁸ бірақ өздерінің Имануилді жуырда көретіні тез арада естеріне түсіп, дұшпанға жаңа күшпен жұлқына ұмтылды. Көсемдер «Имануилдің семсері және сенім қалқаны!» – деп қатты айғайлады Сонда оларға көмек келді деп шешкен Ібіліс кері шегінді. Алайда Имануил әлі келген жоқ еді. Шайқастың сәттілігі алма-кезек ауысып тұрды. Сенім өз әскерін Ханзаданың тайяп қалғанын айтып жігерлендірді, ал Ібіліс те өз әскерін көтермеледі. Ақырында Сенім сарбаздарына былай деді:¹⁹⁹

– Сарбаз бауырлар, сендердің ашық соғыста осыншалықты ерлік көрсеткендеріңе қуаныштымын! Сендер өздеріңді шындық үшін батыл күрескерлер ретінде кешікпей келетін Ханзаданың лайықты сарбаздары ретінде көрсете алдыңдар. Алға, шайқасқа аттанайық, сонда Имануилдің Өзі көмекке келеді.²⁰⁰

XVI-тарау

ИМАНУИЛДІҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ

Сенім өзінің сөзін аяқтаған бойда, Имануилдің жақындап келе жатқанын айтып Асығыс шабарман жетті.²⁰¹ Қуанышты хабар бүкіл әскерге жайылып кетті. Сарбаздар «Имануилдің семсері және сенім қалқаны!» – деп айғайлай бастады.

Ібілісшілер де бар күштерін жинады, бірақ олар айбынсызданып, көптеген Күмәнданушылар қырылып қалды.²⁰² Жанжағына қараған Сенім Имануилдің жақындап келе жатқанын көрді. Тулар желбіреп, кернейлер тартылып, сарбаздардың аяқтары тиер тиместей болып келе жатыр екен – олар жүріп келе жатқан жоқ, Сенімнің ержүрек әскеріне көмек беруге ұмтылып, құрақтай ұшып келе жатты.

Ібілісшілер осы екі жасақтың арасында қоршауда қалды да, қайтадан тайсалмай қорғанумен болды. Біраз уақыт өткенде Имануил мен Сенімнің әскерлері бір-біріне қосылды. Жер

сілкіндірер үнмен: «Имануилдің семсері және сенім қалқаны!» – деген ұранды жер асты жаңғырығы да мың рет қайталап жатқандай болды. Имануил мен Оның жеңімпаз әскерін көрген Ібіліс, әскерін тағдыр тәлкегіне тастап, тозақтан келген өз әміршілерімен бірге, сол жерден табанын дереу жалтыратты. Барлық Күмәнданушылар тегіс қаза болды, ал майдан даласы мәйіттерге толды.

Шайқастан кейін қаланың қолбасшылары мен ақсақалдары Имануилге келіп, Оның қайта оралғанына алғыс айтты. Ол мейірлене күлімсіреп былай деді: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!» Осыдан кейін олардың бәрі бірге қалаға қарай беттеді. Қақпалар шалқасынан ашылып, барлық қалалықтар Ханзаданы қарсы алуға шықты.

Сонымен, қаланың барлық қақпалары, тіпті қамалдың да қақпалары толық ашылды. Ақсақалдар мен тұрғындар шаттанып, Имануилге зор қуанышпен амандасты.

Көсемдер келесі кезекте келе жатты: алдында Сенім мен Үміт, олардан сәл кейінірек Сүйіспеншілік те өзінің жолдастарымен бірге келе жатты. Салтанатты шерудің соңында Шыдамдылық жүрді. Тулар желбіреп, айнала шаттық үнге толды. Міне, алтын сауытын киіп, иығына қызыл күрең шапанын жамылып алған Ханзаданың Өзі де күміс арбамен келе жатыр.

Тамаша үйлесімді хор таңғажайып өлең айтып, Имануилді қала ортасымен алып жүрді: «Олар Сенің істеріңді көрді, о Құдайым менің Құдайымның, киелі орнындағы Патшаның!». Өуезді ән даңғыра мен сырнайдың үнімен бірге үйлесіп жатты.

Имануилдің жолы лала гүлдерімен және ағаштардың жасыл бұтақтарымен көмкерілді. Бәрі бар дауыспен былай деп ұрандады: «Өз Әкесінің, Шаддай Патшаның атынан келе жатқан, біздің Иеміз жарылқанған!».

Қамал қақпасының алдында қала басшысы Парасат, князь Ерік, уағыздаушы Ар-ұждан, шежіреші Таным мен хатшы Пікір Имануилді қуана қарсы алып, Оның мейірімі мен кеңпейілділігіне алғыс айтты. Қамалда барлығы Имануилдің орналасуына дайындалып қойылған. Жоғарғы Тәлімгердің Өзі мұны қамтамасыз еткен болатын.

Халық өткен іске өкініп, Имануилдің артынан жылап еңіреп келе жатты. Оған барлығы жеті рет тағзым етті, алдында

өздерінің кінәларын мойындап, мейірім етуін сұрап, Оның өздерінің қамалдарында қайта орналасуын жалбарына өтінді.

Бұған Ханзада былай жауап берді:

– Жыламаңдар, Мен сендерге бейбіт ниетпен келдім! Өздеріңе дайындалған тағамнан дәм татыңдар, оны жағдайы төмендермен бөлісіңдер, қайғырмаңдар, өйткені Құдайдың қуанышы – сендердің күштерің. Мен Жанға мейіріммен келдім, Менің атым даңқталатын болсын!

Сонымен қатар, Ол әскербасылар мен ақсақалдардың әрқайсысына бір-бір алтын алқа мен сақина, ал олардың әйелдері мен балаларына әр түрлі асыл әшекейлер тапсырды да, былай деді:

– Барыңдар да, киімдеріңді тазалаңдар.²⁰³ Мен сыйлаған әшекейлерді тағыңдар. Ал содан кейін Менің қамалыма келіңдер.

Олар барып, өздерінің киімдерін бұлаққа жуып, әшекейлерін тағынып, Имануилдің алдына келді. Қалада қуаныш пен шалқыған көңіл салтанат құрды. Әдемі күй ойнап, қоңыраулар соғылып, бәрі шаттанып ән шырқап жатты.

Қалалықтар Ібілістің жасырынған ізбасарларын іздеп табуды жалғастырды. Оларды ұсталған жерлерінде табан астында өлтірді. Князь Еріктің аты жауды қалтыратты...

Тұрғындар Жанның ауасын жаман иіс бұзбау үшін және тұрғындардың бұрынғы адасуынан ешқандай естелік қалмау үшін, өлген Күмәнданушылардың,²⁰⁴ мәйіттерін көмуге нұсқау алды. Көмуді бақылауға мына екеуі тағайындалды: Құдайданқорқынышпен Адалдық. Сөйтіп, Күмәнданушылардың мәйіттері жер қойнына берілді. Олардың әскербасылары түнек әміршісі Ібіліспен бірге қашып кеткен еді. Ібілістің таңбалары мен тулары және шайқас даласында одан қалғандардың бәрі бірге көмілді.

XVII-тарау

ҚАНИШЕРЛЕРДІҢ ӘСКЕРІ

Түнек әміршісімен бірге Сенімсіздік масқара жеңілістен кейін, жын-шайтанның ойнағына қайтып оралды. Сол күні

Ібіліс әскери кеңесті шақырып, Жанға шабуыл жасаудың жаңа жоспарын құрмақ болды. Кеңестің мүшелері ызадан тістерін қайрап, Имануилден кек алуға ант берісті. Люцифер мен Аполлион бұл жолы Қанішерлер мен Күмәнданушылардан әскер жинауды ұсынды.²⁰⁵

Күмәнданушылар өздерінің аттарын, біріншіден, мінездеріне бола, екіншіден, өздері тұрып жатқан жерге қатысты алған болатын. Болмыстары бойынша олар Имануилдің әр шындығына күмән келтіреді. Олардың елдері Күмән Жері деп аталып, солтүстікте, түнек елі мен Ажал көлеңкесінің алқабы деген атпен мәлім елдің арасында жатыр. Бұл екі елді көбінесе бір ел деп қабылдайды, бірақ ол дұрыс емес. Бұл аралары өте жақын жатқан, екі дербес ел. Күмән жері – Ажал көлеңкесі алқабының кіреберісі.

«Қанішерлер» атауы – адамға зиян келтіру, олардың басты мақсаты. Олардың жерлері өздерінің көзқарастарын, ойлары мен істерін басқаратын Дәу төбет шоқ жұлдызының астында орналасқан. Қанішерлер Күмән жерімен шектесетін Жақсыға қарсыласу елінде тұрады. Бұл екі елдің тұрғындары өзара тығыз байланыста, өйткені екеуі де Жанның сенімін мойындамайды және түнек әміршісіне талмай қызмет етеді.

Бұл екі елде Ібіліс тек Күмәнданушылардың өздері ғана он мыңдық құрайтын жиырма бес мыңдық әскер жинақтады. Түнек әміршісі оларға аса көп үміт артпады, өйткені ол бір кезде бұл сарбаздарды соғыста сынаған. Оның басты арманын атының өзі-ақ Жанды шошытатын Қанішерлер ғана іске асыруға тиіс. Сенімсіздік қайтадан әскердің бас қолбасшысы болып тағайындалды. Қолбасшылардан тірі қалғандары тек бесеуі ғана: Белзобұл, Люцифер, Аполлион, Легион мен Шербер. Олар тағы да әскербасы болып тағайындалды. Қанішерлердің топтарын Қабыл, Нимрод, Ысмағұл, Есау, Саул, Абессалом және Яһуда Исқариот басқарды.

Қабыл бір өзі екі топтың басшысы болып бекітілді: күншілдер мен жауыздар тобы. Топтың туы қызыл түсті, ал таңбасында темір тұтқасы бар шоқпар бейнеленген.

Нимрод та екі шоғырға басшылық етті, олар: жендеттер мен қарақшылар. Тулары қызыл түсті, ал таңбасында – тазы ит бейнеленген.

Ысмағұл өзінің басшылығына кекетушілер мен қорлаушыларды алды. Туы қызыл түсті, ал таңбасында Ыбырайымның ұлы Ысқақты жәбірлеушінің бейнесі бар.

Есаудың жасағы Құдайдың таңдаулыларынан мәңгі бақи кек алуға ант берген. Оның да туы қызыл, ал таңбасында Жақыптың өміріне қастандық жасап жатқан адамның бейнесі таңбаланған.

Саул Имануилдің жағына шыққандардың бәрін өлтіруге ант еткен сарбаздарды басқарды. Туы дәл сол қызыл түсті, таңбасында – Дәуіт патшаға атылған үш жебе бар.

Абессалом осы дүниелік атақ-даңқ үшін туған әкесін немесе ең жақсы досын өлтіруге дайын Қанішерлердің бастығы болды. Бұл сарбаздар қызыл ту көтеріп жүрді, ал таңбасында әкесін өлтіруші бейнеленген.

Яһуда адам өмірін ақшаға сататын әрі өзінің жарылқаушысына опасыздық жасайтын баскесерлердің басында тұрды. Туы қызыл түсті, таңбасында – 30 күміс теңге мен арқан болды.

Ібіліс патшалығының нығаюына бірнеше рет болысқан Қанішерлердің сенімділігіне оның көзі әлденеше рет жеткен. Олар қасқыр алатын бөрібасарлар сияқты, өзінің әкесі немесе досы болса да, кез келгенге тап беріп, парша-паршасын шығаруға дайын еді. Бәлкім, ол тұрғындар кейін Имануилді де Жаннан қуып шығара алар деп ойлады.

Бүкіл әскер дайын болған кезде, Ібіліс олардың қалаға жорығына сәттілік тіледі.

Бұл аралықта Жанның қарауыл басшысы²⁰⁶ қауіпті дер кезінде байқау үшін, жан-жақты бақылауға жиі шығып тұрды. Түнек патшасы әскерінің жақындап келе жатқанын көргенде ол дереу әскербасыларды ескертті. Қалалықтар қақпаны мықтап бекітіп, қорғанысқа әзірленді.

Жаудың әскері қала қабырғасының түбіне тақап келді. Күмәнданушылар Сезіну қақпасының түбінде, ал Қанішерлер – Көру мен Есту қақпасының түбіне орналасты.

Сонда Сенімсіздік қожайыны Ібілістің, өзінің және әскері Қанішерлердің атынан тұрғындарға арналған үндеуді оқып берді. Жанды тітіркентер суық сөздер қаланы селк еткізді – онда егер қала өз еркімен берілмесе, оның өртелетіні айтылған.

Қанішерлер қаланың берілуін еш тілемеді, өйткені олар қан төгуді аңсады. Ібілістің күткені де осы еді – Қанішерлер оның соңғы үміті болатын.

Қалалықтар үндеуді естіп, Имануилге оның мазмұнын жазып жіберуді ұйғарды. Олар өз хаттарының соңына былай жазды: «Біздің Патшамыз, Өзің жаратқаныңды Қанішерлерден құтқара гөр!»

Ханзада өтінішті қабылдады, Ібілістің үндеуімен танысып шықты да, төменгі жағындағы қосымша мәліметті көріп, Сенім көсемді шақырып алды. Оған Шыдамдылық көсеммен бірге Қанішерлер тұрған жақтан қалаға қорғаныс ұйымдастыруды тапсырды. Бұйрық орындалды.

Үмітке, Сүйіспеншілік көсем мен Ерікке Имануил қаланы Күмәнданушылардан қорғауға нұсқау берді. Ханзаданың Өз туын қамалға тігіп, Тәжірибелілік көсемге қала алаңында бүкіл тұрғындарға арналған әскери сынақ өткізуді бұйырды.

Қоршауға алу ұзаққа созылды. Қанішерлер қалаға бірнеше рет арсыз шабуылдар жасады, бұдан көптеген қалалықтар жараланды, әсіресе Имануил Есту мен Көру қақпасын сеніп тапсырып, мың сарбаз берген Жанкешті,²⁰⁷ әскербасы ауыр жараланды. Ол өз жауынгерлерімен талай шабуыл жасап, әлденеше рет Қанішерлердің зәресін алған жаужүрек, нағыз батыр жігіт еді. Ол жаудың көпшілігін өлтіріп, біразын жаралады, бірақ өзі де солардан жапа шекті, оған өне-бойындағы көптеген тыртықтар кұә.

Біраз уақыт өткенде Имануил Өзіне көсемдерді шақырып, оларға екі топқа бөлінуді бұйырды. Бірінші топ Күмәнданушылармен шайқасып, оларды аяусыз қыруы тиіс. Екінші топ Қанішерлермен соғысып, оларды өлтірмей, тірідей тұтқынға алуы тиіс.

Келесі күні таңсәріде Үміт, Сүйіспеншілік, Күнәсіздік және Тәжірибелілік бастаған әскер Күмәнданушыларға қарсы, ал Сенім, Шыдамдылық пен Жанкешті көсемдер өз әскерімен Қанішерлерге қарсы аттанды.

Күмәнданушыларға шайқас ашық алаңда болды. Қарсыластың күшті тегеурініне шыдамаған Күмәнданушылар алдындағы сәтсіздіктерін еске түсіріп, кері шегіне бастады. Ханзаданың әскері жауды тықсыра қуды. Жаудың көпшілігі

соғыс алаңында қаза тапты, бірақ қашып құтылғандар да аз болмады. Өлімнен қашып кеткендер басқа тайпалар мен ұлыстарға зорлық-зомбылық жасап, оларды өздеріне бағындырды. Күмәнданушылар кейде Жанның қабырғасының түбіне жақындайтын, бірақ қала қабырғасында Сенім, Үміт және Тәжірибелілік көріне салысымен, олар дереу қашып кететін.

Қанішерлерге қарсы соғысқан жасақ Имануилдің талабын қатал орындады: олар ешкімді өлтірмеді, тек тұтқынға алды. Қанішерлер әскердің басында Имануилді көрмегендіктен өздерін енді жеңімпазбыз деп шіренген. Алайда сол сәтте оларға Күмәнданушылармен соғысып қайтып келе жатқан жеңімпаз сарбаздар көмекке келе қалды. Сөйтіп тез арада тізе қосумен Қанішерлерді қоршап алудың сәті түсті, олар біраз қарсыласудан кейін, амалсыз берілді.²⁰⁸ Қанішерлердің қолында билік болса, тасжүрек екенін, ал өздерінен күшті біреу табылса, онда қорқақ та бейшара екенін атап өткен дұрыс.

Қанішерлер тұтқынға алынып, Имануилге әкелінді. Ол оларға көз салып, олардың бір елдің әр аймағынан екенін бірден анықтады.

Кейбіреулері Соқырлар аймағынан шыққан, сондықтан пасық істерін өздерінің білімсіздіктері мен көрсоқырлықтарынан істей беретін. Басқалары “Топасынта” аймағынан шыққан және ырымшыл болғандықтан тым қатігез еді. Үшіншілері Күншіл аймағындағы Зұлымдық қаласынан болды. Олар жеккөрініш пен шыдамсыздықтың жетегінде өмір сүрді.

Соқырлар аймағынан келгендер өздерінің кімге қарсы соғысқандарын, кімге өлім тілегендерін біліп, қатты үрейленді. Олар тіпті ұяттан өртеніп, үн-түнсіз жастарын төгіп, өз тағдырларының шешімін қалтырай күтті. Алайда Өзіне мойынсұнып, рақымшылық сұраған әркімге Имануил толық кешірім берді.

Басқа аймақтан келген Қанішерлер өздерінің осылай істеуге қақылары бар екенін айтып бақты, өйткені олардың шынайы деп таныған дәстүрлері мен заңдары Жан қаласының дәстүрлері мен заңдарына сәйкес емес еді. Олардың аз ғана бөлігі өздерінің адасқандарын түсініп, рақымшылық сұрап

жалбарынды. Өз күнеларына тәубе еткендерге Имануил кешірім берді.

Зұлымдық қаласының тұрғындары болса қиналып өкінбеді, алайда, олар Жанды құртудың сәті түспегеніне ызаланып, тістерін қайрады. Бұл жауыздарды өз кінәларын шынайы сезінбегендермен бірге бүкіл әлемге жарияланатын Ақырзаман сотының күніне дейін қос-қостан бұғаулап тұтқындауға жарлық берді. Сол кезде олар өздерінің қаскөй әрекеттері үшін жауап беретін болады.

Ібілістің Жанға қарсы жасалған екінші шабуылы да осылай абыройсыз аяқталды.

XVIII-тарау

ЖАН, САҚТАН!

Өлімнен қашып құтылудың сәті түскен бірнеше Күмәнданушылар қаланың айналасын ұзақ шарлап жүрді. Олар қабырғаның сыртында бірнеше Ібілісшілер тұратынын білді, сөйтіп бір күні әлгілер арсыздықпен Жанның ішіне кірді. Олар қалалықтардың құпия жауы әрі Ібілісшілер қоғамының мүшесі Зұлым Күмәншілдің²⁰⁹ үйіне қарай беттеді. Ол құшақ жая қарсы алып, олардың туған жерлері қайда екенін, есімдері кімдер екенін сұрастыра бастады.

– Мен, – деді біреуі, – Құдайдың таңдауына Күмәнданушылар қатарынанмын.

– Ал, мен – деп таныстырды екіншісі өзін, – Құдай аянына Күмәнданушылар.

– Мен болсам мәңгі айыптаудан құтқарылуға Күмәнданушыларданмын, – деп таныстырды өзін үшіншісі.

– Мен Құдайдың рақымына Күмәнданушылар, – деді төртіншісі.

– Жарайды, – деп іліп әкетті қожайын, – қайдан болсаңдар да, көріп тұрмын, сендер барлығың азаматсыңдар: бойларың да менікіндей, ойларың да менікіне ұқсас. Сол себепті, маған қонақ болыңдар.

Олар қожайынға алғыс айтып, бірден соңғы кезде болған оқиғалар жайында сөз қозғады.

– Қалай болды, – деп сұрады қожайын, – сендер он мың сарбаздарың бола тұра, жаудан қашуға мәжбүр болдыңдар ма? Онда, шамасы, сендердің қолбасшыларың жаман болғаны ғой?

– Жоқ, оны жаман деменіз, – десті Күмәнданушылар, – осы ұрыста бірінші болып табанын жалтыратса да, әмірші Ібілістің Сенімсіздіктен асқан адал қызметкері жоқ. Егер де біздің жауымызға оны тұтқындаудың сәті түссе, олар оны дереу өлтірер еді...

– Маған он мың Күмәнданушыларды қол астыма берсе, – деп Зұлым күмәншіл бөсе бастады, – сендер менің қолымнан не келетінін көрер едіңдер.

– Оны көрген жақсы болар еді, – деп қонақтар сөзді бөліп жіберді, – дегенмен мұның бәрі бос сөз.

– Тыныш, қатты сөйлемендер, – деп қожайын қорқа дауыстады. – Сендер білмеуші ме едіңдер, қазір Имануил Өзінің Жоғарғы Тәлімгерімен бірге осында, олардың жандарында барлық Ібілісшілерді ұстап, өлтіруге бұйрық алған князь Ерік те бар. Біздің әңгімемізді олардың тыңшылары естіп қойса қалай болады? Онда құрыған жеріміз осы.

Осы әңгімені Еріктің ең сенімді сарбазы Ынта-зейін естіп қалды.²¹⁰ Ол түнде барлауға шығып, жасырынған Ібілісшілерді іздейтін. Ынта-зейін осыны Ерікке жеткізуге жедел аттанды.

Князь дереу киініп, екеуі Зұлым күмәншілдің үйіне беттеді. Тың тыңдап алып, Ерік әңгімелесіп отырған бес Ібілісшінің үстінен түсті. Оларды тұтқындап, Сенімділік атты күзетшіге тапсырды. Қала басшысы келесі күні болған жайтты естіген кезде, қатты қуанды, ол Зұлым күмәншілдің тұтқындалғанына риза болды, себебі ол тұрғындарға өзінің арандатушы сұрақтарымен әрі Имануилдің шындықтарына күмәнданып жұртқа көп зиян тигізіп еді.

Еріктің тұтқындарды дереу өлтіруге қақысы бар еді, алайда ол тұтқындарды ашық сотқа берген дұрыс деп шешті.²¹¹ Сот отырысы келесі күнге белгіленді. Күзетші кінәлілерді кісенделген күйлерінде сот залына енгізіп, айыпкерлер орындығына отырғызды.

Зұлым күмәншілдің ісі бірінші болып тыңдалды. Сот оған былай деді:

– Сен біздің қалаға келген бөтен адамсың және Зұлым күмәншіл деген атпен мәлімсің. Сен келесі дәлелдермен айыпталасың:

– Сен біздің заңымыздың шынайылығына күмән келтірдің;
– Біздің қалаға он мың Күмәнданушыларды құпия шақырғың келді;

– Біздің қаламыздың жауларын жасырып, қолпаштадың.

– Сот мырза, – деп жауап берді айыпкер, – бұл айыпты кімге тағып жатқаныңызды мен білмеймін. Менің атым Зұлым күмәншіл емес, Шынайы зерттеуші. Бұл есімдердің шатасып кетуі бір рет емес, бірақ сіз олардың арасындағы жер мен көктей айырмашылықты байқайтыныңызға сенімдімін. Менің ойымша, адам өзіне күмән тудырған шындықтарды зерттеуге құқылы деп ойлаймын және сол үшін өлтірілуге тиіс емес.

Ерік куәгер мынаны жариялады:

– Мен бұл адамды жақсы білемін және оның аты Зұлым күмәншіл екенін толық растаймын. Міне, отыз жыл бойы біз таныспыз, әрі ұят болса да мойындауға тиіспін, мен біздің қаламызда Ібіліс патшалық құрған кезде, онымен достық қатынаста болғанмын. Ол Имануилдің қас жауы, өйткені біздің заңымыз бен тәртібімізді мойындамайды.

Сот айыпкерден:

– Сен бұл жайында не дейсің? – деп сұрады.

– Әрине, – деп жауап берді айыпкер, – әзірше тек бір куәгер ғана сөйледі, ал қаланың жазылмаған заңы бойынша айып тағылу үшін бір куәгердің жауабы жеткіліксіз.

Сол кезде куәгер Ынта-Зейін шақырылды, ол сотталушы мен Күмәнданушылардың арасындағы өзі естіген әңгімені үтір-нүктесіне дейін баяндап берді. Куәгер өзінің сөздерін антпен бекітті.

Сот айыпкерден:

– Кінәлі Зұлым күмәншіл, міне, екінші куәгер сені айыптап жатыр. Сен өзінді ақтау үшін не айтасың? – деді.

– Құрметті сот! Маған жолаушылар келді, оларды қонақ еттім. Қашаннан бері қонақжайлылық қылмыс болып есептелген еді? Рас, мен оларға ас бердім, алайда қайырымдылық жасауға тыйым салынған ба? Мен өзімнің қол астымда он мың Күмәнданушылар болса дегенді куәгерлерге айтқан

жоқпын, ол туралы талқылауға қандай қақылары бар? Оларды сақтандырғаным рас, өйткені осындағы өлтірілгендерді көру сондай ауыр.

– Қонақжайлылық – жақсы қасиет, – деді бұған қала басшысы, – бірақ Имануилдің жауын қабылдауға болмайды. Сен Ібілісшілердің әулетіненсің, ал бұның өзі сенің өлім жазасына кесілуіңе жеткілікті.

– Маған сіздің ниетіңіз түсінікті болды. Несі бар, мен өзімнің қайырымдылығым мен қонақжайлылығым үшін өлуге дайынмын.

Сосын ол өзін ақтауға тырысып тіс жармады.

Содан кейін Күмәнданушылар бірінен соң бірі шақырылды.

Біріншісі өзін таңдап алынуға Күмәнданушы деп таныстырды:

– Мен сондай нанымда тәрбиеленгенмін, егер мен өзімнің сенімім үшін өлуге тиісті болсам, онда азап шегушінің өлімін қабылдауға әзірмін.

– Таңдалуға күмән²¹² демек, Ізгі хабардың ұлы шындығын жоққа шығару, – деп қарсылық айтты сот, – яғни, бәрін Білуші, Құдіретті Құдайды және Оның еркін жоққа шығару. Сонымен қатар, Құдай Өзінің жаратқаны арасында таңдау құқығын мойындамайды. Күмән Сөзге деген сенімді шайқалтады, сөйтіп адам Құдайдың рақымымен емес, өзінің істері бойынша құтқарылуға тырысады. Өзіңнің күмәндарыңмен сен Жанның түбіне жетесің, сондықтан өлімге лайықсың.

Бұдан соң кезек Құдайдың аянына Шүбәланушыға келді.²¹³ Тағылған айыпты тыңдап алып, оның айтқаны мынау:

– Мен ешқашан Құдайдың аянына сенген емеспін. Киелі кітапта жамандықты істеуге тыйым салынып, мәңгі рақымдылық уәде етілген жақсы әрекеттер қолпаштанады.

– Сен нағыз Ібілісшісің, – деді сот, – өйткені сен Имануилдің негізгі шындықтарының біреуін қабылдамайсың. Ол Жанды шақырды, Жан Оның шақыруын естіді. Жаңа өмірге Онымен бірге үздіксіз қарым-қатынаста болуға, Оның еркін орындай отырып, Оған қызмет етуге ие болды. Ал сен болсаң өлімге лайықсың.

Ақыры Құдайдың рақымына²¹⁴ Шүбәланғанның кезегі келді, ол өзін ақтау үшін былай деді:

– Мен Күмән елінде тұрсам да, әкем парызшыл болған. Ол өте беделді дін мұғалімі еді. Сол елдің тұрғындарына Жан тек қана рақымдылықпен құтқарыла алмайды деп үйреткен.

– Алайда Имануилдің заңында: «Оның рақымдылығының арқасында құтқарылдыңдар» делінген. Ал сенің сенімің тәннің қалауына негізделген, өйткені заңның істері – тәннің істері. Сен күнәкар ой-пікірің арқылы, Құдайдың даңқына қол сұғасың. Сен Мәсіхтің адамға айналуының қажеттігін жоққа шығарасың, Оның өлімі біздің құнымызды төлеген жоқ және ол ақталуымызға жеткіліксіз, адам тек өз ісімен ғана құтқарыла алады деп бәрін жалған айтасың. Сен Құдай Рухының әрекетін кемсітесің және тәннің еркі мен сыртқы заңдылық рухын дөріптейсің. Сен Ібілісшісің және Ібілісшінің баласысың, енді өзіңнің адасуыңдағы тоңмойындығың үшін өлім жазасына кесілуге тиіссің.

Сол кезде орнынан шежіреші тұрды:

– Айыпкерлер, сендер Жанның тыныштығын бұзғандарың үшін кінәлі деп танылдындар. Сонымен қатар, сендер біздің Әміршіміз Имануилді қорладындар. Өздеріңнің қылмыстарың үшін сендер өлімге кесілесіндер.

Үкім дәл сол күні жүзеге асты.

Алайда қалада әлі де Ібілісшілер тұрып жатқандықтан тыныш өмір сүре алмады. Сондықтан Ерік пен Ынта-зейін іздеуді жалғастырды. Аз уақыттың ішінде оларға Ақылсыздық, Құлдық қорқыныш, Махаббатсыздық, Сенімсіздік, Алаңсыз, Нәпсіқұмарлықты табудың сәті түсті. Оған қоса, Зұлым күмәншілдің ұлдары да тұтқындалды: Сенімі жоқ, Күмән, Заңшылдық, Мәсіх туралы жалған пікір, Уәдесіз, Құмарлық рухы, Сезімге берілу, Өзімшілдік. Олардың бәрі Тығырық атты бір ананың балалары болатын, ал Тығырық Сенімсіздік шалдың туысқаны.

Ақылсыздық көшеде тұтқындалды, Махаббатсыздық – өз үйінде. Қалғандары Жанның байырғы адамдарының кейпіне енуге тырысты. Тұтқындалған Ібілісшілердің тәркіленген дүние-мүліктері Құдайшылдық атты әйелімен және Көргенділік атты ұлымен қарапайым және адал өмір сүріп жатқан Толғаныс атты құрметті тұрғынға берілді. Қала басшысы тек Толғаныс

қана қаланың игілігі үшін осы қазыналарды жұмсай алады деп есептеді.

Ерік ең алдымен Уәдесізді өлім құштырды және Мәсіх туралы жалған пікір мен Құмарлық рухын түрмеге қамауды бұйырды. Ал Құмарлық рухы кейін түрмеден қашып кетті және тұрғындар қанша тырысып іздесе де, оны еш таба алмады. Тұрғындарға оның тұрып жатқан жерін көрсеткенді зор сыйсияпат күтіп тұр деп жарияланса да, бәрі бекер болды. Мәсіх туралы жалған пікір түрмеде арып-ашып қайтыс болды.

Өзімшілдік те жергілікті атқамінерлерге туыс болса да, тұтқынға алынды. Бірақ Жанкешті егер бұл жексұрын рақымшылық алатын болса, қызметтен кететінін және бұл қалада қала алмайтынын үзілді-кесілді жариялады. Ақырында кейбіреудің қарсылығына қарамастан өзімшілдік өлтірілді.

Алайда Сенімсіздік қулығын асырып кетті. Ол тағы да қалаға зып етіп кіріп кетудің жолын тапты. Онымен бірге тағы да бірнеше Ібілісшілер осы әлемде Жан қаласы тұрған кезде қалада тығылып жүрді. Дегенмен оларға өз баспаналарынан шығудың сәті түсе бермейтін. Олар бір жерде көрінсе-ақ болды, тіпті балалар да оларға тас лақтыратын.

Міне, ақыры, Жан үшін тыныштық пен берекенің дәуірі келді. Имануил қамалда тұра берді. Оның әскербасылары өз міндеттерін орындауда. Қала басқа қалалармен сауда жасай бастады және өзі де көп тауарлар өндіруге кірісті.

XIX-тарау

ИМАНУИЛДІҢ ЖАНҒА АРНАҒАН СӨЗІ

Қала ақырында өзінің тыныштығын біржолата бұзу қаупін төндірген жауларынан құтылған кезде, Ханзада бүкіл тұрғындар сауда алаңына жиналсын деп ақсақалдарға нұсқау берді. Имануил белгіленген уақытта нөкерлерімен келіп, халыққа келесі сөздерді айтты:²¹⁵

– Қымбатты, Жан, Жүрегіме ыстық, сүйікті өзімнің жаратқаным²¹⁶! Мен саған дарытқан құқықтар орасан зор. Мен сені Өзімнің жаратқандарымның арасынан артықшылығыңа

бола емес, Өзімнің саған деген шексіз сүйіспеншілігіме бола мәртебенді жоғары көтердім. Мен Әкемнің өзіне лайықты қаһарынан сені құтқарып, Ібілістің қолынан тартып алдым. Мен сенің Шаддай Патшаның Патшалығына кіруің үшін қымбат құн төледім – сенің Мендік болуың үшін күнәкар жерге Өз қанымды төктім. Әкемнің Өз мекеніне сені қабылдауы үшін Әкеммен тек осылай ғана татуластыра алдым.

Бұдан басқа, Мен сені өзіңнің қарсылығыңа, Менімен ұзақ күрескеніңе қарамастан, жауыңның қолынан тартып алдым, өйткені өз өліміңді тілегеніңді түсінбестен азғырушыға беріліп, онымен бірге қалғың келді. Алдымен Өзімнің заңыммен, сосын Өзімнің Ізгі хабарыммен саған шындықты ашқым келді. Мен сені тастамадым, Сенің қорлықтарыңды көтердім, өйткені, сенің құрып кетуіңді, қаламадым. Мен сені Өз махаббатыма бөледім, алайда сенен азап пен қасіретті алып кетпедім. Мен сенің көмек сұрап Маған жалбарынғаныңды қаладым. Сөйтіп сен Маған қайтып оралып, күнәларың үшін кешірім сұраған кезде, Мен сені кешірдім.

Көріп тұрсың ғой, Өзімнің жаратқаным, көктің қаншама күштері сені қорғап тұр – Менің бүкіл әскерім сені күзетуде. Оның міндеті – сені жаулардан қорғау, Менің Әкемнің алдында Оның батасы мен даңқын қабылдауға сені дайындау, өйткені сен сол мақсатпен жаратылдың.

Мен сені сауықтырдым. Бірақ сен Менен бас тартқан кезде, сені ұмытпасам да, Мен аулақтап кеттім. Сені сақтандырып үйрету үшін, Құдайдың Қорқынышын жіберген де – Менмін. Сен көзің ашылып, шындықпен өмір сүруің үшін Мен Ар-ұжданды оятып, санасы күңгірттенген Парасатқа сәуле беріп, Ерікті де нығайттым. Сөйтіп, Сен Менің Рухымның әрекет етуі арқылы Мені іздей бастадың, сосын тапқан кезде, амандық, тыныштық пен құтқарылуға ие болдың. Мен Ібілісшілерді қаладан екінші рет қуып шығып, оларды өлтіруді ұйғардым, өйткені Әкем мен Маған кез келген азғындық пен залымдық жиіркенішті.

Енді, міне, саған тыныштықпен келдім, Өзімнің сүйікті жаратылғаным, сенің қылмыстарыңды енді қайтып есіме алмаймын. Сенің болашағың өткеніңнен қуанышты болады. Біраз уақыт өткен соң, Мен Жанды көшіремін: қабырғаларын да, тастарын да, тұрғындарын да Әкем екеуміз тұратын мекенге

алып кетемін. Оның сені осы әлемде орналастырған кездегі негізгі мақсаты сол болған. Сонда Біздің Патшалығымызда сен сүйіспеншілік пен даңққа бөленесің. Сен Менімен, Менің Әкеммен және Жоғарғы Тәлімгермен үздіксіз қарым-қатынаста боласың, сөйтіп, бүкіл ғаламда, тіпті мың жылдан аса тұрсаң да, ақылға сыймайтын рахатты көретін боласың.

Ол жерде сен қорқынышты білмейсің, қастандық та, зұлым ниет те болмайды. Азап пен, қасірет те, ауру мен мұқтаждық та онда болмайды. Онда сен көз алдыға елестете алмайтын қуанышқа, даңқ пен шаттыққа толы мәңгілік өмір сүретін боласың.

Онда өзің сияқтыларды – көптеген азаптардан өткен таңдаулы және құны төленгендерді және қазір Мен Әкеме таныстырғандарды көресің.

Сені көшіргім келетін сол жерде, саған Әкем дайындап, өзің барып алғаныңша сақтаулы тұрған қазыналар бар. Сонда тұрып жатқандардың бәрі саған деген сүйіспеншілікке толы. Сол жерде сен тыныштық пен қуанышқа кенелесің.

Міне, Менің қымбатты жаратылғаным, сенің болашағың осындай. Енді сен осы әлемде тұрып жатқанда және Жазбада айтылғандай, Мен саған Өзім келіп алып кеткенге дейінгі сенің міндеттеріңді²¹⁷ көрсетемін.

Мен берген киімді осыған дейінгіден де бетер таза сақтауың керек. Бұл саған даналық пен құрмет әкелсе, Маған одан да үлкен даңқ әкеледі. Сенің киімің аппақ қардай болып тұрғанда, әлем сені Менікі деп ойлайды, ал Мен сенімен жұбанамын. Өзіңді кіршіксіздікпен әрлеп, Менің заңдарымды Өзім көрсеткен жолдағы қадамыңды нығайту үшін қолдан.

Егер киіміңді былғап алсаң, Мен көрсеткен тірі судың бұлағына сол сәтте жуатын бол. Бұған немқұрайды қарап, киіміңнің одан да кірлеуіне жол берме, өйткені сол арқылы сен Менің даңқымды төмендетіп, өзіңе де бәле тілеп аласың. Бұл дүниенің былығы сенің киіміңе жұқпасын және сенің басың әрдайым зәйтүн майымен майланып жүрсін.

Қымбатты Менің жаратылған, Мен сені Ібілістің шеңгелінен қаншама рет құтқардым! Мен сенен бір нәрсе сұраймын: Менің жақсылығыма жамандықпен жауап берме, қайта өзіңе деген махаббатым мен ізгілігімді ұмытпа. Осы әлемде сен үшін өмір

сүріп, өлдім. Мен тірі болғандықтан, сен де өмір сүресің. Мен сені айқышта төгілген қаныммен Әкеммен татуластырдым, сондықтан татулықта сен де өмір сүретін боласың. Мен сен үшін сиынамын, дұшпандарыңмен шайқасамын, Менің ізгілігім шексіз.

Саған күнәдан өзге ештеңе де зиян келтіре алмайды, дұшпаныңның алдында күнәдан басқа ештеңе де қорлай алмайды!

Бірақ сенің жасырын орындарыңда тығылған Ібілісшілерді не үшін жоймағанымды білесің бе? Сені сергек болуға мәжбүр ету үшін, сенің сүйіспеншілігіңді сынау үшін және Менің құдіретім мен құрбандығымды бағалауға үйрету үшін. Бұлар саған түнектің күштері өзіңе билік жүргізген және сенің қамалыңда тұрған уақыт туралы есіңе түсірсін.

Егер Мен сенің ішкі жауларыңды құртар болсам, сенің қайтадан ұйықтап кетуің ғажап емес еді. Көптеген сыртқы жаулар саған ұйықтап жатқан кезінде бас салып, қолдарына түсірер еді. Сол себепті сен қырағылықты жоғалтып алмауың үшін, сенің жауларыңның кейбіреулерін сақтап қалдым. Біліп қой, олар саған қарсы не ойластырса да, Менің мақсатым – тек Менің Әкем мен Мен ғана оларға қарсы соғыста жеңіске жетуді үйрете алатынымызға сендіру, сондықтан олардың болуы сені Бізден алыстата алмайды, керісінше, сені Біздің көмегімізге жиірек жүгінуге мәжбүр етеді.

Менің өзіңе деген игіліктерім үшін Маған деген өзіңнің сүйіспеншілігіңді дәлелде, Біздің қымбатты жаратылғанымыз. Менің қасымда қала бер, ал Мен Өзімнің Әкемнің алдында сен үшін жауап беремін. Азғыруларды жеңу үшін Мені қатты сүйетін бол, сонда сенің әлсіздігіңе қарамастан, өзіңді сүйетін боламын.

Есіңде болсын, тауқыметке шыдай отырып, сен үшін айқасқан Менің әскербасыларыма да көп борыштарсың. Оларды қамқорла. Олар аман-сау болғанда, емін-еркін өмір сүресің. Егер олар ауырып әлсіреп қалса, сенің басыңа қара бұлт үйірілді дей бер. Әрқашан өз еркіңмен әрекет ете беремін деп ойлама. Менің Сөзімді ұстан, тіпті егер ол саған түсініксіз болса да, кейінірек бәрін толыққанды түсінетін боласың. Маған сен, Мені көз алдында көріп тұрмасаң да, Менің саған

деген сүйіспеншілігім бәсеңсімейді, Мен сені Өз жүрегімде сақтаймын.

Мен сені сергек болуға, сиынуға, дұшпаныңмен күресуге үйреткенімдей, енді Менің саған деген сүйіспеншілігім ешқашан өзгермейтініне сенуіңді бұйырамын. О, Менің сүйікті, құны төленген жаратылғаным! Сергек бол! Қазір көтеріп жүргеніңнен басқа жүкті саған артқым келмейді. Мықты бол, Жан!

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Жан қаласы – Джон Буньянның осы тұспалының әрекет ету орны. Жанның жағдайы – бұл адам өміріндегі ең бастысы. Ол үшін жанын жоғалтқаннан жаман күй жоқ. Автор жанды құтқару үшін болатын ауыр да азапты күресті баяндайды.

2. Аспан және жер әлемінің екі ортасындағы адамның жағдайы. Қаланың сәулетшісі және құрылысшысы – Шаддай патша (құдіретті Құдайдың еврейше аты. Ол «Жаратушы» дегенді білдіреді).

3. Қаланың қабырғалары мен қақпасы өте берік. Қаланың қауіпсіздігін тұрғындардың өздері қамтамасыз етеді. Қалада Шаддай билік құрады және қала тұрғындарының өздерінің келісімінсіз қаланы ешкім жаулап ала алмайды.

4. Ібіліс (дьяволос) – еврейше «шайтанға» сәйкес келетін грек сөзі. Ол «қарсылас», «жала жабушы», «азғырушы» дегенді білдіреді. Күнә оған қалай кірді және зұлымдық аспанға қалай өтті – бұл біз үшін жұмбақ. Мұның жауабын табуға көбі талпынды, бірақ та біз тек Киелі кітапқа ғана сене аламыз. Сірә, алғашында Ібіліс періштелер жасағының басшысы болса керек. Кейіннен ол періштелерді Құдайға қарсы көтеріп, сол үшін олармен бірге аспаннан қуылған (2 Петір. 2:4; Яһуда 1:6).

5. Құдай бәрін біледі және бір мезгілде барлық жерде бола алады. Ол бүлікшілердің ойларын біліп, оларды жазаға тартты. Ібіліс көктен қара түнекке қуылды және қарғысқа ұшырады. Бірақ ол өлмейтін күйінде қалды және оның Жаратушыға деген жек көрініші де сол күйінде қалды. Міне, Ібіліс енді өзінің және соңынан ерушілердің түбіне жеткен наразылық пен төкаппарлық сезімін кімге сіңірсем деп дүниені кезіп жүр.

6. Есту қақпасы. Азғырушының сөздері жүрекке есту мүшесі арқылы өтеді. Оны тыңдау – бұл шайтанға бағыну жолына қарай, алғашқы қадам жасау деген сөз. Ібілістің сөздеріне құлақ асқан қала ақсақалдары сол арқылы күнәмен қатынасқа түседі. Ол Құдайды ғайбаттап, халыққа үйіп-төгіп уәделер береді. Мақтау сөздер адамға ұнайды... ол бұл сөздерге құлақ салады, осы уақытта Ібілістің жебесі Қарсылықты өлтіре түйрейді. «Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді». Ал адамның қарсылығын өлтірген Ібіліс оның бойына еш қорқынышсыз еніп, билігін жүргізеді.

7. Шешен Ұйықтатқыш. Зұлымдықтың рухы өз мақсатына жетудің көптеген құпия тәсілдерін біледі. Адам күнәның мақтау сөздеріне құлақ аса бастаса болды, ол рухани тазалығын және қарсыласуға деген барша еркін жоғалтады, сөйтіп, күнәнің улы жебесінен қаза болады. Ібілістің шешені азғырылу кезіндегі адамның жағдайын бейнелейді.

8. Қаланың тұрғындары қақпаны ашты. Қаланың рухани діңгектері – Сұлулық пен Күш, Қарсылық пен Пәктік қирады! Қарсылық әлсіздікке, ал Пәктік – күнәға орын босатты. Қала тұрғындары азғырушының сөздеріне құлақ салды, яғни, Есту қақпасын ашты. Тыйым салынған жеміс көзге жағымды, енді Көру қақпасы да ашылды. Жеміс дәмді болып шықты. Дана болу тілегі оянды, ал оған тек мойынсұнбаушылық арқылы ғана қол жеткізуге болады: жүрек тыйым салынған жеміске қарай ұмтылады және ақырында адам оның өлтіретін уы бар екенін білместен жемістен дәм татады.

9. Ібіліс қаланың ортасына қарай бет алады. Өзі патшалық құрғысы келген адамның жүрегіне енбейінше, зұлымдықтың рухы өзінің жеңісіне сенімді бола алмайды.

10. «Соры қайнаған, бейшара Жан!» Ібілістің адамды сырттан және іштен азғыруының арасындағы айырмашылық өте үлкен. Сырттай ол адамға мақтау айтады және Жаратушыны жамандайды; іштей ол өзінің көмегімен Құдайдың қаһарынан қалай құтылуға болатыны туралы кеңестерін ұсына отырып, адамды Жаратушыға бағынбауға үгіттейді. Күнә адамның жанын бұлдыратады да, ол азғырушының сөздерінің шынайы мәнін түсіну қабілетінен айырылады, сөйтіп, зұлымдықтың торына шырмала береді.

11. Қаланың қайта құрылуы. Жан көмектен бас тартып, Құдайдың билігін мойындамаған кезде, ол бірден шайтанның билігіне өтеді. Онда бұрынғы күш пен киеліліктен ештеңе қалмайды, енді онда күнәкар биліктің таңбасы болады. Парасат пен Ар-ұжданға кісен салынып, азап тартуға кесіледі, жақсы сезімдер өлтіріледі, ал уәде етілген даналық – жоғалтқан рахатты түсінудің ащы сезімі ғана болып шығады.

12. Парасат – қаланың басшысы. Парасат – жанның жолбасшысы. Күнә оны әлсіретіп, барша биліктен ажыратады және ақыр соңында оны қараңғы түнекке қамайды. Ол жерде ұғым адамдарға көмектесу қабілетінен айырылады.

13. Ар-ұждан – адам жүрегінің рухани жадысы. Жанның құлдырауы тек оның жұмысын көбейтті, себебі ол адамның өткені туралы куәлік етіп қана қоймайды, сондай-ақ ол қазіргі құлаудың шежіресін де жазады. Ар-ұждан – күнәкар жүректі соятын пышақ. Ар-ұжданды қуып жіберуге, төмендетуге, өтірік айтуға мәжбүрлеуге болмайды. Оны аз уақытқа күнәмен тұншықтыруға болады, бірақ түбінде ол бәрін ашық түрде жария етеді. Ар-ұждан ештеңені ұмытпайды; баяғыда өтіп кеткен нәрсе ол үшін дәл қазіргідей маңызды, ол жер бетінде шаршамайды және мәңгілікте өшпейді.

14. Ерік – жанның жетекшісі. Алғашында Құдайға (Шаддайға) бағынған ол енді шайтанның оң қолына айналды. Ерік адамның әрекеттерін айқындайды. Бірбеткей, тәкаппар, өз еркімен жүруді қалайтын ол, азғырушының торына бірінші болып түсті. Азат Ерік өзінің билігіне бағынғандықтан, шайтан оған құлып – жүрек, тән – қабырғалар және бес сезім мүшесі – қақпалардың үстінен қарау билігін берді. Азат Ерік қазір біздің жүрегімізге, тәнімізге және сезімдерімізге билігін жүргізіп отыр.

15. Пікір де ерікке бағынышты. Шайтанның мақсаты Ерік пен Пікірді біріктіріп, оларды өзіне бағындыру. Енді адамда қасиетті міндеттер жоқ, ол жүрегінде сақталып қалған Құдай сөзінің өскінінің көзін жояды және ар-ұяттың айыптауына бар күшін сала қарсыласады.

16. Құмарлықтар адамның еркіне бағынбаған кезде, олар ұятты нәрселерге айналады. Құмарлықтың жетегіндегі адам зұлымдық жасайды: күнә күнәні тудырады. Ал күнәнің жазасы – өлім.

17. Шайтанның адам жүрегінде емін-еркін патшалық құруы үшін оған ең алдымен, ондағы Құдайды еске салатын нәрсенің бәрін құрту қажет. Заңдар жойылды, Құдайдың бейнесінің орнын азғырушының бейнесі басты. Азат Ерік тек назарын Шындықтың Күніне аударғанда және Оның заңдарын мойындағанда ғана дұрыс болады. Бұл Күннен теріс айналғанда ол күнәға үйретеді және түнекті іздейді. Жақсылық пен Құдай заңдарының шежірешісі – Ар-ұжданның бұзылғаны сондай, ол тек анда-санда ғана мазасызданған үн шығарып қояды және көбіне онысы жөнді естіле бермейді. Парасатты түнек басқан. Қарсыласу мен Пәктік өлтірілген. Құдай өзіне

ұқсас етіп жаратқан пендесінің жанында енді Оған орын жоқ. Қазір адамның жаны салтанат құрып тұрған шайтанға ұқсауға ұмтылады. Тәкаппарлықтың және өз Жаратушысымен бірдей болу тілегінің кесірінен ақылсыз айуанға айналған адамның нақты бейнесі осындай. Бірақ қазіргі уақытта өзінің шайтанға құл болып жүрген қорлық жағдайын көпшілігі түсіне ме? Шын жүрегінен: «Тәңір Ием! Маған, күнәкар пендеңе қайырымдылық көрсетші!» – деп жалбарынған адамдарды жиі кездестіріп жүрміз бе?

18. Бәрін Білуші және бір мезгілде барлық жерде Болушы Құдайдың Жан қаласында не болып жатқанын білмеуі мүмкін бе? Ол бәрін көрді, бірақ араласқан жоқ, себебі Ол Өзінің жаратқандарына еркіндік сыйлады. Өзінің Жаратушысымен бірге бола ма, жоқ, әлде Одан бас тарта ма, ол оның өзіне байланысты. Құдай алдымен періштелердің, содан соң адамның күнәмен құлдырағанына, азғырушының айлакерлігіне, Өзінің көмегіне жүгінуді қойған адамдардың әлсіздігіне қайғыра көз тастады. Сөйтіп, күнәлары үшін өкінетіндерді, Ұлының атымен кешірім сұрағандарды кешіруге бел байлады.

19. Шабарман баяндап тұр. Адамның мойынсұнбағаны үшін Құдай қайғырып және оған қаһарланып тұр. Бірақ Оның Ұлы (Оның Сөзі) Жаратушы мен жаратылыстың арасына дәнекер болды. Ол адамның күнәсын Өзінің мойнына алып, Өзінің қанымен тазартуға және тәубеге келу арқылы Құдайға әкелуге даяр Ұлдың сүйіспеншілігі мен құрбандығы үшін кешіруін сұрап жалбарынуда.

20. Бас Тәлімгер – Киелі Рух, Құдайдың үш Тұлғасының бірі – пайғамбарларға шабыт берді және құлдыраған адамзатқа Құдай Өкенің және Ұлдың оған деген шексіз сүйіспеншілігін жеткізу үшін көктен хабаршылар жіберді. Киелі Рух күнә үшін жазаның – өлім екенін, бірақ Өзінің ұлы мейірімділігінен Құдайдың өзінің күнәкар жаратылғанының өлгенін қаламайтынын және Оның Ұлының алғашқы Адам күнә жасағанға дейін қандай пәк, қандай киелі болса, дәл сондай күйде жаңа Адамның бейнесінде жер бетіне келетінін түсіндірді. Егер адам өзінің күнәсін мойындап, Құдай Ұлының – осы дүниенің күнәсын мойнына алған Құдайдың Тоқтысы екенін мойындайтын болса, онда жаңа Адам өзінің өлімі және Қаны арқылы оны күнәсінен

ақтап алады. Бірақ Ол Өз пенделерім деп келді, олар болса Оны қабылдаған жоқ!

21. Құдайдың Өз жаратылысына деген шексіз сүйіспеншілігі мен мейіріміне тіпті Ібілістің өзі таң қалды. Ол мұндай сүйіспеншіліктің құдіретті екенін және ең қатал деген жүректің өзін жібіте алатынын, сондықтан бұл хабардың адамның жүрегіне жетуіне жол беруге болмайтынын түсінді. Шайтан өз құрбандығының құлақтарын бітеп, көздерін жауып тастайды. Құдайдың істеріне көздерінді ашыңдар! Біздің рухани көздеріміз алдау мен өтіріктің кесірінен көрмей қалған! Құдайдың Сөзіне құлақ салыңдар және өзгелерді де үйретіндер, үнсіз қалмай, Ізгі Хабарды ары қарай таратыңдар.

22. «Құтқарылудың дулығасының» (Ефес. 6:13-17) орнына Ібіліс Жанға сананың шындықты тануына кедергі жасайтын тәкаппарлықтың дулығасын киюді ұсынады.

23. «Әділдіктің» сауытын емес – өз-өзіне сенушіліктің сауытын ұсынады. Ол қатігез жүректі, жанның өлуін, ар-ұяттың болмауын, Құдайдың сүйіспеншілігіне деген немқұрайдылықты, алдағы Құдай сотынан қорықпауды суреттеп тықпалайды.

24. Мәсіхшілердің семсері – Құдай сөзі, шындық. Сенбеушілердің семсері – өтіріктің, алдаудың, кекшілдіктің сөздері. Киелі Рухтың көмегімен мәсіхші шындықты және Құдайдың Сөзін мадақтайды; тәубеге келмеген күнәкар өтірікті таратады, себебі оны шайтан басқарады.

25. Сенімнің емес, сенімсіздіктің қалқанын ұсынады. Сенім жанды шайтанның жебесінен қорғайды, сенімсіздік адамның жанына сенімділіктің жебесінің даруына кедергі жасайды. Өзәзілдің ілімі мынандай: ештеңеге сенбе, ештеңені мойындама және ар-ұяттың айыптауы мен Құдайдың аузынан шығатын бар сөз атаулыдан сенімсіздіктің қалқанымен қорған. Сенімсіздіктің рухы Құдайдың сүйіспеншілігін де, Оның қаһарын да, Мәсіхтің Өзін құрбан еткенін де, мәңгілік азап қатерін де мойындамайды. Осылайша, Құдайдың жанға әрекеті жеміссіз күйде қалады.

26. Мылқау рух – мінажат етуге кедергі жасайды және Жаратушының алдында мойынсұнушылықпен тізе бүгуге ерік бермейді. Мінажат – мәсіхшінің күшті қаруы. Мылқау рух жүректі қыспақта ұстайды, ол Құдайдың алдында мылқау күйде болады

және ешқандай рухани қажеттіліктерді сезінбейді, игіліктер мен бата сұрамайды және Оған қызмет еткісі келмейді.

27. Шаддай әскерін дайындықта ұстады. Ұлдың Әкемен бірлігі Ібілісті шошытады, жүрегіне не Киелі Рухтың, не Ізгі хабардың еніп кетуіне жол бермеу үшін ол адамның жанын түнекке орайды. Сондықтан, Ақтап алушы құтқару ісіне жол дайындау ісіне жол дайындау үшін алдымен қызметшілерін жібереді.

28. Шаддайдың әскербасылары – бұлар Көне Өсиет пайғамбарлары. Адамдарға Құдай солар арқылы сөйледі. Көне Өсиетте Жаратқан Ие хабаршылары арқылы халықының Өзіне тәубеге келгендерін қалады. Уағыз адамдарды Сөзге сенім артуға шақырды. Сенім артқысы келмеген адамды сот, үкім және үкімнің орындалуы – жаза күтіп тұрды. Шаддайдың әскербасылары ержүрек және күшті, себебі Оның хабаршылары адамның жүрегін ашып, оны ештеңені жасырмастан лас күйінде көрсетулері тиіс. Олар адамға Құдайдың құдіретін, билігі мен әділ сотын сезінуіне мүмкіндік берулері тиіс. Шайтанның бекінісін бұзу үшін, күштің орасан зор болып шындыққа үйретуші дауыстың күннің күркірегеніндей қатты болуы; насихаттаушылардың кеңестері адамды тыңдауға өзінің күнәкар еркінің қабырғаларын бұзып, жанның құлпын ашып ішіне кіруге күші жетіп пендені сол тұрғанымен Имануилге табыстауы тиіс.

29. Қалаға апаратын жол қашық еді. Адам Құдайдан тым алыстап кетті. Құдайдың жанды құтқарғысы келеді. Ол Өзінің хабаршыларына жаратқанының назарын Өз Сөзіне аудартуды бұйырады. Қорқып кеткен шайтан Сөзді өзінің жалған уәделерімен естіртпеуге тырысады және осылайша адамды шындықтың жолынан алшақтатып, торына түсіреді. Ол адамды Құдайдың Сөзіне қарсы шығуға және құдіретті Жаратушыға қарсы қорғанысты күшейтуге үгіттейді.

30. Құдай адамға еркіндік берді, сондықтан ол Мәсіхті қабылдауға немесе қабылдамауға ерікті. Бірақ ерік шайтанға бағынышты болып, оны өзінің қожайыны ретінде мойындады, ол өз кезегінде ерікті жүректің, тәннің және сезімдердің үстінен қарайтын етті. Құдай Өзінің қызметшілеріне Ізгі Хабарды таратуды және Оның атынан адамдармен келіссөз жасауды

бұйырады. Құдай адам мен шайтанға әр түрлі қарайды. Өзінің даналығы мен әділдігінен Ол адамды құтқаруға, ал шайтанның көзін жоюға бел байлады.

31. Керней үнінің күшеюі Құдай Сөзі ерекше күшпен ағыздалған кезеңдерді бейнелейді.

32. Сөз бірінші кезекте ақыл-ойға бағытталған. Бірақ ақыл-ой күнәнің құлдығында, сондықтан ол сөзді естімейді.

33. «Боанергес» Жанға Құдайдың еркін жариялайды. Сөз Синай тауындағы күндей күркірейді. Ол өзінің мөрі – Киелі Жазбадағы Киелі Рухтың мөрін көрсетеді. Адам абыржулы, ол не істерін білмей үнсіз қалды, оның жан дүниесінде Ар-ұждан мен күнәнің арасында күрес басталды.

34. Сендіру назарды күнәні айыптайтын заңға, адам өміріндегі Құдайдың еркіне қарсы бағытталған әрекеттерге аударады.

35. Сот сендіру жеміссіз болған кезде жүзеге асады.

36. Соттан кейін өлім Жазасы болады. Ол – әділ соттың нәтижесі, Адам үстінен балта төнген жеміссіз ағашпен теңестіріледі. Құдай ұзақ төзеді, бірақ үгіт-насихат тәубеге әкелмесе, онда соққы міндетті түрде жасалады.

37. Құдайдың мейірімді шақыруына адам сенімсіздікпен жауап қайырады. Сенімсіздік Құдай Сөзін, Оның хабаршыларын, Құдайдың осы біздің өмірімізге араласуын мазақ күлкіге айналдырады және ақырында Есту қақпасынан алыстап кетеді, яғни, бұдан былай Ізгі Хабарды тыңдауды қаламайды.

38. Адамның азат еркі... Біздің азат еркіміз сенімсіздіктің үйретуін не қабылдайды, не қабылдамайды. Сенбеушінің еркі Құдайдың барша насихатына қарсы шығады, өйткені ол өз өмірін өзгертуді қаламайды.

39. Шежіреші Жамандық біздің тыныштығымызға себін тигізеді, ал бірақ шын мәнінде жалған және жанды ұйқыға кетіретін әсер етеді. Ал Құдайдың сотының алдында жауап берер кездегі ояну тым қорқынышты болады.

40. Теріс пікір есту қабілетін мұқалтады. Ол қаншама жүректер мен жандардың түбіне жетеді десеңші! Құдай Сөзі рухани құлаққа жетпейді, себебі «сенім есту арқылы келеді». Теріс ұғым адамды ең басты нәрсе – мәңгілікке тас керең және немқұрайлы етеді.

41. «Көктен туылуға тиіссіндер» деген құпия сөз – Жаратушының Құдайға қарсы шыққан адамның жанын шақыруы.

42. Тәкаппарлық – Құдай мейірімділігінің қас жауы. Ол адамға мәңгілік рахатқа жақсы істер арқылы қол жеткізуге болады деген ойды сіңіреді. Оған қырсықтық көмектеседі, осылайша көне адам жоғарыдан туылған жаңа адаммен үнемі күресте болады. Бұл күресте тән мен рух кезек-кезек жеңіске жетеді, бірақ түбінде рух жеңеді, себебі ол Құдайдан бастау алады.

43. Үш бозбала жағдайға байланысты Құдайға немесе шайтанға қызмет етуге көмектесетін үш басты қағиданы бейнелейді.

44. Аңыз ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Жазу әлі болмаған көне заманда оқиғалар ауызша беріліп келді. Бірақ та шайтан біртіндеп ақпаратты ауызша беруді өзіне бағындырды, сондықтан Мәсіх: «Сендер Құдайдың өсиеттерінен бас тартып, адам ойынан туған дәстүрлерді ұстанып жүрсіндер», – дейді.

45. Алғашқы адам дана болды және даналығы оны қорғап жүрді, бірақ ол шайтанның тұзағына түсіп қалды және оның билігіне бағынды.

46. Құдай адамның өз Жаратушысын және Оның еркін танығанын қалады. Бірақ адамның танымы да шайтанның қарамағына өтіп кетті. Жалған ілім мен пұтқа табынушылық – адамдардың қиялының нәтижесі.

47. Немқұрайлылық қазір де тірі және өзіне қызмет еткісі келетіндерді қуана қабылдайды. Жалған ілімге қарағанда немқұрайдылықтың кесірінен көптеген адамдар қаза болды.

48. Бұл рухани қақтығыстар жеміссіз емес. Сенімсіздік қалтырайды, Ақыл-ойдың тәкаппарлығы қорланды. Құдай сөзін тыңдаған кезде күнәкардың жаны үрейленеді. Ар-ұяттың керней үндерінің жиі және қатты шығатыны сондай, оны мазасынан айырады! Оның негізі шайқалды, осылайша адамның бойында Құдайдың Рухы мен адамдық тәннің күресі басталады. Жан сұмдық жағдайда, егер де Сенімсіздік пен Еріктің қарсылығы болмаса, сірә, ол қайталап айтылған насихатқа құлақ асқан болар ма еді.

49. Құдай Сөзі жанды Құдайдың еркіне бағынуға шақырады. Ол жанды өзінің күнәмен құлдырағанын түйсінуге мәжбүрлейді, бірақ адам шарт қоя бастайды. Ерік тыныштықты қалайды, сондықтан жеңілдіктерді талап етеді. Адамның бір мезгілде екі қожайынға – Құдай мен тәнге қызмет еткісі келер еді. Құдай құрметтелсін, бірақ тәнім де зардап шекпесін дегендей. Біз жиі Оған да, тәнімізге де қызмет етуді қалаймыз. Бірақ олай болмауы тиіс! Жаңа шарапты жаңа ыдысқа құю қажет және ескі көйлекке жаңа жамау жасамайды. Үйді бір мезгілде тастың да, құмның үстіне де тұрғызуға болмайды.

50. Жанның толқуы мен үрейленуі ұғым мен ар-ұятты оятады да, олар бір дауыстан тәннің әрекеттерін әшкерлей бастайды. Сана түректе, ар-ұят ұйқыда, бірақ ең көмеске деген жарық сәулесінің өзі жанға толқыныс бере алады. Күнәкар тән бір нәрсені айтса, ар-ұят пен ақыл-ой басқаны талап етеді. Ұйқыдан оянып келе жатқан күнәкар жанның жағдайы осындай болады. Адамның ойлары мен сезімдері абдыраулы. Әдетте жан қарсыласа бастайды, содан соң Құдайға жағу үшін шарттарын қоя бастайды. Құдай ешқандай шарттарды қабылдамайды сенімсіздік жанды арпалысқа салады. Бірақ қорқыныш оның Құдайға қарсы бүлік шығаруына жол бермейді, ал ар-ұят пен ақыл-ес оны Құдайға бағынуға және Оның уәделеріне сенім артуға үгіттейді. Бұл өте ауыр қантөгістің күресі.

51. Дауыл басылды. Тыныштықты пайдаланып шайтан ақыл-ес пен ар-ұятты қайтадан «темір торға тоғытады». Бұл күштер әлі тірі болса, оның билігіне қауіпті және адам күнәда жайбарақат өмір кеше алмайды.

52. Көсемдер кеңесі Мұса Синай тауында алған заңды бейнелейді және оны бұзған адамды өлім күтеді. Одан кешірім және рақымдылық алу үшін, Құдайға бет бұруына Құдайдың Өзі сөз арқылы адам жанына әрекет етеді.

53. Патшаға өтініш жасау – ол дұға оқу. Заң адамды шынайы жолға түсіре алмайды. Мұны Өзінің Сөзінің уағызы арқылы Құдай ғана және бұған тек Иса Мәсіхтің Өзі қатысқан кезде ғана жасай алады.

54. Өтініш ету мінажатты бейнелейді, ал өтінішті Патшаға жеткізуді мойнына алушы – мінажаттың рухы. Мінажаттың

рухы сүйіспеншіліктің қанатында қалықтаған күйі Құдайға жетеді. Иса Мәсіх – Әкесінің алдында адам жанын Өз атымен Сұраушы.

55. Патшаның Ұлы – Иса Мәсіх. Мәсіх біздің өтініштеріміз бен мінажаттарымызды қабылдап, оларды күнәкарлардың емес, Өзінің өтініші ретінде Құдай Әкенің алдына алып келеді. Күш мінажат етушілерде емес, олар үшін Сұраушыда. Ол Өзін біздің бауырымыз деп атағандықтан, мінажат тек Мәсіх арқылы ғана күшке ие. Біз жиі қажетсіз нәрсені сұраймыз. Ол тыңдап тұрады және мінажат шын жүректен және сеніммен шықса, онда Ол оны Өзінікі ретінде жеткізеді.

56. Имануилдің серіктері адамның күнәдан және қарғыстан азат болғаны туралы хабарға қатты қуанды және жер бетіне адамзатқа рақым-шапағат деген әнді алып кетті.

57. Сенім – Сенімсіздіктің қарсы мағынасы. Сенім уәделерге сүйенеді. Тудың қызыл түсі Тоқтының қанын, алтын қалқан – сенімнің қалқанын бейнелейді. Сенім жоқта Иса Мәсіхті ешкім жүрекке қабылдай алмайды.

58. Көсем Үміт. Тудың көгілдір түсі және ондағы үш алтын зәкір тіпті жанды түнек қоршап тұрса да, ол үшін құтқарылу үміті бар екенін білдіреді.

59. Көсем Сүйіспеншілік. Оның туының жасыл түсі, сенімнің жемісі болып табылатын Құдайға және жақыныға деген сарқылмайтын сүйіспеншілікті білдіреді. Оның сүйіспеншілігі таңбадағы үш жетім бейнесінде.

60. Көсем Күнәсіздік Мәсіхке сенім артқандарды бейнелейді. Таңбадағы көгершін – мәсіхшінің бейнесі. Тудың ақ түсі рухани тазалықты білдіреді.

61. Көсем Шыдамдылық біздің құнымызды Төлеушінің төзімді мінезін бейнелейді. Тудың қара түсі болашағымыз бізге қаншалықты қараңғы болып көрінсе де, сенушінің Құдай жіберген қайғыға жайбарақаттықпен және төзімділікпен шыдайтынын білдіреді.

62. Тарандар, сақпандар және зеңбіректер Құдайдың құдіретінің көмегімен күнәның қамалын бұзуға қабілетті Киелі Жазбаның кітаптарының жиынтығын бейнелейді.

63. Қала барлық жағынан қоршауға алынған. Күнәкар жанды құтқарғысы келген кезде Мәсіх қашуға ешқандай

мүмкіндік қалдырмай, оны барлық жағынан қоршап алады. Адам одан қанша тығылуға тырысса да, қанша қарсыласса да Мәсіх міндетті түрде жеңіске жетеді. Ол күнәкар тәнді де, сезімдерді де, жүректі де сауықтырады.

64. Ақ ту. Құдай жанға мейірімін ұсынады.

65. Ал қызыл түсті ту – әскербасы Соттың туы – Әділ сот тауының басына тігілген. Күнә жүректе тас болып жатқан кезде ол өлі.

66. Жарқылдаған үш найзағайлы қара түсті ту қорқынышты сот туралы куәлік етеді.

67. Имануил Ібіліске сөйледі. Мәсіх шайтанның айлакерлігін біледі. Ол оның жалған уәделерін, Құдайды қаралауын естіді. Ол адамның күнәға батқаны үшін одан жауап алады және өзезілдің көзін құртады. Ол адамның Құдайдың жаратқаны екенін, сондықтан Оған тиесілі екенін, Өзінің Құдай Ұлы екенін және сол себептен Оған көктегі және жердегі барша биліктің берілгенін еске салады.

68. Келіссөз жүргізуге шайтан Тоңмойынды жібереді. Мәсіхтің еркіне бағынбастан Оған өтініш жасау, бұл мінажат емес, тәкаппарлық. Шайтан адамның бойына үнемі бір мезгілде екі қожайынға қызмет ету туралы ойды сіңіреді. Ал Мәсіх болса, адамның жанының толықтай өзіне тиесілі болғанын қалайды.

69. Құдай Сөзі – екіжүзді семсер. Күркіреген күннің ұлы Боанергес Ізгі хабарды жариялайды. Соғыс біздің құтқарылғанымызды қалайтын Мәсіх пен біздің өлгенімізді қалайтын шайтанның арасында жүреді. Дүние көзге көрініп бар кезінде бұл шайқас ұзаққа созылады.

70. Имануилден Өзі мен адамның тәнінің арасында ешқандай байланыс болмауы тиіс екенін естігенде шайтан кейін шегінді. Мәсіх тек біздің жанымызда патшалық құрғысы келеді. Біздің Құдайымыз – бізді ешкімге қимайды. Оның даңқы арта берсін!

71. Естуден жүрекке қарай ар-ұят арқылы өтетін тура жол бар. Сөз ар-ұятқа терең әсер еткеннен кейін ар-ұят адамның жанын қинай бастайды. Ақыр аяғында Құдайдың іліміне және өсиеттеріне жүректің есігі ашылады.

72. Өлтіру – Құдайдың қаруы. Құдай Сөзінің күркірегенін естігенде және күнәкар ойларының құрығанын көргенде ар-ұят пен ақыл-ой үрейленеді.

73. Жауапсыз қалған мінажат. Мәсіх кешірімді ұзақ ұсынды, бірақ одан бас тартылды, себебі адамның жүрегінде шайтан өмір сүреді, ал Мәсіхті кіргізгісі келмейді.

74. Өкінішке орай, Мәсіх жүрекке Өзі қалағандай – шақырылған және күтілген жағдайда енбейді. Жүрекке Ол Жеңімпаз және қаһарлы Сот ретінде енеді.

75. Мәсіх жүрекке енбес бұрын алдымен ондағы дұшпанды қуып шығару қажет. Шайтанды өлім күтіп тұр; оған үкім шығарылған, қол-аяғы байланып, сотты күтіп жатыр.

76. Қорқыныш пен тебіреніс. Күнә әлі де адамның бойында өмір сүріп жатыр, ол әлі кешірім алған жоқ. Мәсіх жүрекке Құтқарушы емес, Жеңімпаз ретінде енді. Ерік, ар-ұят пен ақыл-ой біздің жанымызды басқарды және олар оны күнә жасауға жібермеуге тиіс еді, бірақ олардың өздері де шайтанға бағынып кетті және қамаудағы олар өз Соттарының үкімін күтіп отыр. Мәсіхтің мейірімді үгітіне ұзақ уақыт бойы құлақ аспаған адамның рухы зарығады, мінажаттан тыныштық ала алмайды. Тыныштыққа қол жеткізуден бұрын жан бірқатар азаптар арқылы өтуі және Мәсіхтен кешірім сұрап шын жүректен жалбарынуы қажет.

77. Адам Құдайға мінажат етті, бірақ мінажатының рухы, оның мақсаты – тек осы дүниелік өмірді аңсау ғана. Есін жинаған жанның зары мынандай болады: «Бізді кешіре көрші, Құдайым!»

78. Келесі мінажаттың деңгейі жоғарырақ. Жан өзінің ұйқыдан оянып, түнектен шығуы керектігін сезінеді. Жүрекке енді тәкаппарлыққа орын жоқ, онда тек Құдайдың әділ сотын мойынсұнуы ғана бар. Мінажатты өкініштің рухы ауызға салады және Мәсіх мойынсұнған, жалынып тұрған жанды көрген кезде жылайды.

79. Үшінші өтініш. Адам «үздіксіз мінажат етуі керектігін» түсінеді. Оған жауап әлі берілген жоқ, сондықтан ол тағы да өтініш жасауы тиіс. Бұл жолы ол өз лайықсыз өмірін шынайы мойындайды.

80. Егер де өзінің жақсы істері арқылы құтқарылуды қалайтын болса, онда мінажат етуші жан сұрағанының орындалуын күте алмайды. Тек өз күнәларын мойындап өкінген

және Мәсіхті Құтқарушы ретінде сеніммен, сүйіспеншілікпен қабылдаған жан ғана құтқарылуға қол жеткізеді.

81. Болашақ үшін үрей күшейеді және өкініш шын жүректен шығады. Мәсіх Жанның зарына құлақ асады, Әкесінің және Өзінің дақына бола оған жауап береді.

82. Жан бірден азаттық алмайды: ол өз күнәсінің ауырлығын сезінуі тиіс. Ар-ұждан, Парасат және Ерік өздерінің адасқандарын түсінді, бірақ күнәларын мойындаған Жанды Мәсіхке алып келуден жасқанады.

83. Сөз басында келеді және күнәкар Жанға жол көрсетеді. Мойындағы шынжыр мен арқан Жанның тәубеге келуін бейнелейді.

84. Өзінің түкке тұрғысыз екенін және Мәсіхтің киелілігін сезіну Жанды «ұяттан бетін жабуға» мәжбүрлейді. Мәсіх Жанды өзінің бұрынғы өмірін талдап, күнәкарлығын ұғуға мәжбүр етеді.

85. Мәсіх шайтанды жеңді және құлдыраған Жанды Өзінің сүйіспеншілігімен бағындырды. Ол Жанға кешірім мен тыныштық берді. Шайтан билігінен айырылды. Адам азаттық алды және күнәкар жанның құтқарылғаны үшін көктегілер үлкен шаттыққа бөленді.

86. Сенім Көру қақпасына беттеп келеді. Ол адамдарға кешірім мен құтқарылу туралы Ізгі хабарды алып келеді.

87. Шайтанды қуып шыққаннан кейін Жанға Мәсіх енді. Сенуші Жанның алғашқы қадамы – өзінің Құтқарушысын мадақтап, Оған алғысын білдіру. Бірақ Мәсіх әлі Жанға енген жоқ, сондықтан Жан мойынсұна Одан Өзі тазартып, дайындап қойған орынды иеленуін өтінеді.

88. Жүрек Мәсіхке кенелуі тиіс. Шайтан жанға әлі де шабуыл жасай алады, сондықтан да ол үнемі қорғануға дайын жүруі тиіс. Өзәзілдің қызметшілері жасырын әрекетке көшкенімен, алған беттерінен қайтқан жоқ. Құдай Жанды азат етті, бірақ оның нығаяуы және қарулануы тиіс, себебі рухани шайқас әлі аяқталған жоқ. Бұл шайқас зұлымдық толықтай және мәңгілік жеңіліс тапқанға дейін жалғаса бермек.

89. Мәсіх бізді Өзінің бәрін жеңетін сүйіспеншілігімен және Киелі Рухтың күшімен басқаруды қалайды. Ол біздің ойларымызды киелілендіргісі, сезімдерімізді тазартқысы, міне-

зімізді түзеп, жанымызды қайтадан Өзіне ұқсас еткісі келеді. Оның шексіз билік құрғысы келеді, ал бұл үшін бұрын Жанға қуаныш әкелген нәрселердің көпшілігін шығарып тастау қажет. Жан Оның еркіне мойынсұнушылықпен бағыну тиіс.

90. Құдайға бет бұрған Жан Мәсіхтің – өмір екенін, ал Онсыз өмірдің мәңгілік өлімді білдіретінін түсінеді. Ол өзінің бұзылғандығын түсінеді және Оның күші мен сүйіспеншілігін сезінеді және сондықтан Одан бір нәрсені – өзінің бойына еніп, басқаруын сұрап жалбарынады. Өйткені күнә жасаудан және шайтанның билігінен тек Мәсіх қана құтқара алды.

91. Мәсіх жүрегімізге енген сәтте жан дүниеміз: «Қара, сенің Патшаң саған келе жатыр!» – деп шаттанады.

92. Сенім біздің жүрегімізді Мәсіхті қабылдауға даярлайды. Жүрек алдымен сеніммен тазарады және киеліленеді. Тек содан кейін ғана сенім Мәсіхті жанға енгізіп, жүрекке орнықтырады.

93. Мәсіхпен бірге жанға қуаныш және үмітпен күту енеді. Бейкүнәлік дұрыс санамен пікір төзімділікпен, сүйіспеншілік сезіммен, үміт ақыл-еспен байланысты. Сот пен өлім ерікпен байланыста, себебі олар адамның еркіне тәуелді. Бәрінің басында сенім тұр.

94. Жаннның Құтқарушысымен тығыз байланысты болып, Одан айырықша рақымдылық алған кездерін той бейнелейді: Құдай Сөзін оқу оған күш және өмір береді, жексенбілік мінажат айырықша рухани күйді жүзеге асырады.

95. Жұмбақтар – Киелі Жазбаның мәні. Оның тойына келген қонақтар Иса Мәсіхтен барша пайғамбарлықтардың орындалуы мен барлық кереметтердің түсіндірмесін көреді.

96. Қаланың қайта құрылуы. Шайтан біздің жанымызды өзінің қалауына сай өзгеріске ұшыратты, сондықтан Мәсіхке біздің бойымызда көп нәрселерді өзгерту қажет. Оның қаруы – Киелі Жазба. Ал ең басты қару – мінажат, егер ол шынайы болса, әрекеті өте күшті болады. Мәсіх жоғарыдан туылған адамның барлық сезімдерін өзгертеді. Ерік тән мен сезімдердің үстінен қарау билігіне ие болады, енді ол тек Мәсіхке ғана қызмет етеді. Бұрын шайтанның билігінен есеңгіреп қалған Ақыл енді аяндарды зерттеп, оларды адамдарға түсіндіру үшін, үйін Көру қақпасының алдына сала бастайды.

97. Қаладағы өзгерістер жанның өз бойынан барша күнә атаулыны ойып алып шығарып жатқанын бейнелейді.

98. Шайтанды танып, оның жақтастарын тұтқынға алған Жан өзін Құдайдың қарамағына берді. Ал Құдай оны бойында әлі де қалып қойған жамандыққа бейімділік атаулының бәрінен тазарта бастады.

99. Құдайсыздық немесе атеизм өзге тұтқындардың бәрінен бұрын шақырылды. Күнәкар әлсіз болмысының кесірінен өз көзқарастарына сәйкес келмейтіннің бәрінен аулақ жүруге тырысады, өзін де, өзгелерді де Құдай жоқ, сондықтан күнәкарлықта өмір сүре беруге болады деп сендіруге ұмтылады.

100. Азғындық – сенушінің өмірінінен түп тамырымен жұлып алынуға тиісті сұмдық күнә. Осыған үйрету арқылы шайтан жанды елеусіз өлімге душар етеді. Жан тәнмен күресуге қауқарсыз болып қалады.

101. Сенімсіздік – шайтанның оң қолы. Адамның бойына терең де жетілген ақылдың күмәндану мен теріске шығарудан тұратынын сіңіріп, оның жанын жаулап алуға тырысады.

102. Жақсыныұмыт – шайтанның шежірешісі. Мұндай кемістік біздің бәрімізде дерлік бар: біз Жаратушымыздың ілімі мен Құдай Сөзінің ақыл-кеңестерін жиі ұмытамыз, Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі және өзіміздің Мәсіхтің қаны арқылы ақталғанымыз жайында ұмытып кетеміз. Адам Иса Мәсікке алғыс білдіру мінажатына уақыт таппаған кезде оның жаны шайтанға қызмет етуге кетеді.

103. Тасжүрек шынайы мәсіхшіге мүлде лайықсыз нәрсе. Жүрегі қатігез адам тәубеге келе алмайды, сүйе алмайды және алғыс та білдіре алмайды.

104. Жалғантыныштық бар күшті шайтанға қарсы күреске жұмылдыру қажет шақта Жанға жалған тыныштық сезімін сіңіреді. «Неткен аманшылық болсын?! Өз шешең Езабел әлі де (Жаратқан Иеге) опасыздық жасап жалған тәңірлерге табынып, сиқырлықпен молынан айналысуда емес пе?!» (4 Патш. 9:22). Жалғантыным жамандықты бар жоғы әрбір адамға тән табиғи әлсіздік қана деп атайды. Ол күнәкарлардың санының тым көптігін және Өзін мейірімдімін деп атайтын Құдайдың осыншама жанды өлімге қиюы мүмкін емес екенін, сондықтан ақыр соңында бәрінің кешірілетінін айтып жанды тыныштандыруға тырысады.

105. Шындықты жақтаушы және Шындық куәгері – Жалғанымының шынайы бейнесін тек осылар ғана ашып бере алады. Адамға Құдайдың бар екенін және Құдайсыз оның кімге айналатынын айқын көрсету арқылы олар кез-келген адасудың тамырына балта шауып отырады. Құдай Сөзін оқыңыздар, сонда шындыққа көздеріңіз ашылады: өздеріңізді лайықсыз, рақымсыз, өлімге кетіп бара жатқан адамдардың арасынан табасыздар және жандарыңыздың соншалықты бұзылып кеткенін көріп қатты шошынасыздар. Сонда жүректеріңіздің тереңінен: «Тәңірім, мен секілді күнәкарға рақымыңды түсіре көрші! Мен барлық күнәкарлардың ішіндегі ең біріншісімін!» – деген тәубеге келудің зары шығады. Сол кезде біздің мейірімді Куәлік етушіміз: «Қорықпа, тек сенімің болсын!» – деп жауап береді.

106. Шындықсыз құлдыраған жан барған сайын күнәға тәуелді бола түседі. Шайтан Құдайдың заңын орындалуы мүмкін емес, сондықтан ессіздік нәрсе ретінде көрсетуге тырысады. Оның тез қаһарланбайтындығын шайтан Өзінің балаларына немқұрайдылығы деп түсіндіреді. Ол Құдайдың Сөзі адамның ақылы жетпейтін, түсініксіз деп сендіреді. Осылайша өмірдің тірегі мен жарығынан айырылған жан қара түнекке барған сайын тереңдеп бата береді.

107. Тән құмарлықтары мен осы дүниелік рахаттану қаншама жақсы ниеттерді, өз күнәлары үшін өкінуді және сондай-ақ өзінің лайықсыз екендігін сезінуді басып-жаншып, құрдымға жіберді десеңізші! Тәубеге келу сезімсіз жан жақында ғана өзі солар үшін қатты қайғырған, шынайы өкінген нәрселеріне салқын қандылықпен, тіпті, мысқылдай қарайды.

108. Өркөкіректік – Мәсіхтің құтқарушы құрбандығын жоққа шығарушы бірбеткей, тәкаппар рух. Менмен адам өркеуделігінің кесірінен барша сенімді, Құдайдың қаһары алдындағы қорқынышты жоққа шығарады... Менмендікке бой алдырған адам Құдайдың еркін мойынсұна, адалдықпен орындайтындарды мазаққа айналдырады. «Менмендік — күйреудің басы, асқақтық – құлаудың алды» (Нақылдар 16:18).

109. Алқа билер кеңесі өзінің күнәкарлығының себептерін іздейтін және оларды табатын жанның өз-өзін сарапқа салуын бейнелейді. Жасырынған зұлымдық жарыққа шығып, соттың алдына баруы керек.

110. Жаңарған жүрек күнәкар ойлардың бәріне үкім шығарады. Бұл көрініс Мәсіхші мен оның досы Сенімдінің үстінен болған сотты еске түсіреді (Д. Буньян «Діндардың саяхаты»). Бірақ онда күнә және осы дүниелік құмарлықтар Мәсіх үшін бәріне төзуге дайын жаңарған жанға өлім жазасын кеседі. Ал бұл жерде – жаңарған жан күнәні өлім жазасына кеседі. Күнәні сезіну жеткіліксіз, оны түп тамырымен жұлып тастау қажет. Сенімсіздіктің жазаға ілінбей жүруі кездейсоқтық емес. Ол өте өміршең және үнемі жанға кесірін тигізуге қолайлы сәтті іздеп жүреді. Ал үнемі күрестегі жан Құдайдан: «Мен сенемін. Сенімім жетіспегенде оны нығайта гөр!» – деп өтінеді.

111. Жан өзін зерттеп, бойынан тапқан кемістіктерді айыптаған кезде күнәға өлім жазасын кеспей тұра алмайды. Бұл жаңарған жанның парызы. Үкімді орындау оңай шаруа емес, бұл жерде адамның жанына деген сүйіспеншілікпен осындай жазалау кезінде үнемі қатысып отыратын Киелі Рухтың көмегі қажет болады.

112. Имануилдің қала тұрғындарына келуі, жүрегімізді Мәсіхке берген кезде Оның бізге рақымын көрсетіп, Өзінің қатысуын сездіретінін куәлік етеді.

113. Соғыста жеңгеннен кейін ерлік көрсеткендердің сыйлық алатыны және дәрежелерінің көтерілетіні секілді, рухани шайқастан кейін жан тәжірибеге ие болады. Ол жанның күнәмен күресіне қажет: бұл оның Мәсіхтің соңынан еруінде жолбасшылық жасайды. Тәжірибе шайқастан шайқасқа нығая беретін сенім арқылы келеді.

114. Кернейлердің дыбысы арқылы Тәжірибелілік мәсіхшінің жанының сезімдерін өз туының астына жинайды. Өмір – тәжірибе мектебі. Құдай Сөзі – оның басшылыққа алатын құралы, ал Киелі Рух – тәлімгері.

115. Бойында Мәсіх өмір сүре бастаған кезде адам жаңа құқықтар, міндеттер мен артықшылықтар алады. Бұл күнә мен айыптаудың билігінен адамның рухани азат болуы ғана емес, сондай-ақ жаңа рухани қуаныштарға қол жеткізеді – бұл тек Иса Мәсіхті өзінің Иесі, Құтқарушысы және Ұстазы ретінде қабылдағандарға ғана тиесілі игіліктер.

1. Күнәлардан толықтай арылу. Адамның шайтанның билігінде жүрген кезінде істегендерінің бәрі Иса Мәсіхтің қаны арқылы сызылып тасталды.

2. Жұбаныш пен қуаныштың Сөзі – Киелі Жазбаның сыйлары. Ол ақыл-кеңес береді, жұбатады және өмірге қуаныш сыйлайды.

3. Біз Мәсіхтен алатын рақымдылық.

4. Осы дүниенің үстінен қарау билігі. Алғашқы адам дүниедегінің бәрінің иесі және билеушісі болды. Күнәмен құлдырағаннан кейін ол бұл билігінен айырылды. Күнәларды Өзінің мойнына алу арқылы Мәсіх сол құқықты оған қайтарып береді.

5. Патшаның алдына еркін бару мүмкіндігі. Құдайдың балалары өздерін асырап алған Өкенің алдына барша мұқтаждықтарымен мінажат арқылы бару құқына ие болады.

6. Жаңарған жүрекке Мәсіх тәнді басқару билігін сыйлайды.

7. Бұл құқықтардың бәрі тек Иса Мәсіхте қайта жаңғырғандарға ғана тиесілі болады.

116. Мәсіхшінің жолында оған екі тәлімгер берілген, оларсыз ол балаша сүрініп, дұрыстап жүре алмайды. Оның біреуі – Көктегі Ұстаз, екіншісі – жердегі ұстаз. Басты Ұстаз – Киелі Рух. Ол Әкемен және Ұлмен бірге, Ол Құдайдың жолдарын біледі және оларды түсіндіріп бере алады. Ол бізге Құдайдың еркін көрсетеді, ақыл-кеңес береді, сенімде нығайтады, шындық жолымен алып жүреді және қайғы-қасіретте жұбаныш береді. Ұстаз-адамның ісі – адамды күнәның билігіне тастап кетуге мәжбүрlemeу үшін адамның жүрегіне Құдайдың еркінсіз ешқандай сезімдердің еніп кетуіне жол бермеу, сол арқылы Оған тіл тигізбеу.

117. Мәсіхте қайта жаңғырған адамның ар-ұяты жоғарғы тәлімгер – Киелі Рухтан күш алады. Ар-ұжданың міндеті – адамның әрбір әрекетіне бақылау жасау және оны шындық жолына қарай бағыттау. Өмірде ар-ұяттың билігін, күшін және қаталдығын сезінбеген кім бар? Ар-ұждан ақыл береді, жанды күнә жасаудан сақтайды және бағынбаған жағдайда оны қатал сот секілді жазаға тартады. Киелі кітапта мұның мысалдары жеткілікті. Күнә жасағаннан кейін Адам мен Хауа тығылып қалды, бауырын өлтіргеннен кейін Қабыл көңілсіз күйге түсті, Балташасар патша тойдың үстінде қатты шошынды, Яхуда асылып қалды, Феликс елші Пауылдың уағызын естігенде

қатты үрейленді және т.б. Осылардың бәрі ар-ұяттың билігінің орасан екенінен куәлік етеді. Қандай да бір әрекет жасамас бұрын әрбір адам өзінің ар-ұятымен кеңесуі қажет, сонда ол дұрыс жолдан таймайды. Бірақ егер біз оның басты Ұстаз – Киелі Рухтың кеңестерін тыңдауына тыйым салатын болсақ, онда бұл ұстаздың да шындықтан тайып кетуі мүмкін.

118. Исаның Өзі келіп орын тепкен Жан ақыл-кеңеске мұқтаж. Құдайға бет бұрғандар Мәсіхпен бірге келген Сенім, Үміт, Сүйіспеншілік, Төзімділік және Пәктік секілді Оның «қызметшілерінің» қамын ойлаулары тиіс. Олар өздеріне мұқияттылықпен қарауды талап етеді.

119. Бұл ескерту өте маңызды. Тіпті Мәсіх жүрегімізден орын алған күннің өзінде шайтанның жанға жүргізетін билігі әлі толықтай талқандалған жоқ. Рас, Мәсіхте рухани қайта туылғаннан кейін біз енді күнәні жақсы көрмейміз. Бірақ шайтанның жақтастарының үңгір қабырғаларының арғы жағына тығылып алғаны секілді, күнә да тәнде жасырынып қалады. Сол себептен де Имануил бізді сергек болуға шақырады.

120. Ақ киімдер – Мәсіхтің Қаны арқылы ақталудың белгісі.

121. Біз жексенбі және мереке күндері ғана емес, өміріміздің барлық басқа күндерінде де мәсіхші болуға тиіспіз.

122. Күнәмен бүлінген және азғындыққа толы дүниеде өмір сүріп жатсақ та, біз өзімізді елші Жақыптың сөздеріне сай «осы дүниелік арамдықтардан кіршіксіз пәк ұстауға» тиіспіз.

123. Мәсіхтің жауынгері күнәдан сақтанып жүруі тиіс. Елші Пауыл да осыған шақырған.

124. Рухани бейшаралықтан жалаңаштанып қалмау үшін ақ киімдеріңізді жоғалтпаңыздар.

125. Егер күнә жасап қойған болсаңыздар, кешірім сұрап Исаға келіңіздер. Ол күнәні шаяды, сонда киімдеріңіз қайтадан әппақ қардай болады.

126. Мәсіхтің бізге өзімізге бұрын белгісіз болған орасан зор күш сыйлайтыны сондай, күнәмен, азғырулармен және өз-өзімізбен күресте жеңімпаз болып шығамыз! Мәсіхте ақталған және киеленген сенуші күнәкар болмысының әсерінен бұрын жақсы көрген нәрселерін енді жек көреді және бұрын жек көргендерін қазір бар жан-тәнімен жақсы көреді.

127. Адамның жанын Өзінің сүйіспеншілігімен жаулап алған және оны шайтанның билігінен азат еткен Мәсіх енді оның қамын көбірек ойлайтын болады. Әлсіреген кезінде Ол оған күш береді, ауырғанда сауықтырады. Немқұрайдылықтың жанды өзінен алыстатып бара жатқанын байқай сала Ол есікті қағады. Адам Исамен жан тыныштығы мен берекеге кенеледі. Жүректен жаман ойлар шығып жатқандықтан, Ол оны Өзінің қатысуымен киелендіру және сақтау үшін жүректен орын тебеді.

128. Құдайдың ең жақсы сыйы – жан тыныштығы.

129. Автор жаз деп жан Шындықтың Күні – Иса Мәсіхтің жағымды әсерінің астында болған кезеңді айтады. Шайтан қуылды. Сенім, үміт және сүйіспеншілік жанда билік құруда, жақсы тұқым өнім әкелуде және Құдайдың тыныштығы ойлар мен әрекеттерді толықтай үйлесімділікке алып келді. Мәсіхті жүрегіне қабылдаған, Оның ақтап алуы мен өзгермейтін сүйіспеншілігіне сенетін және Оған өзінің Патшасы ретінде бағынатын әрбір тәубеге келушінің жағдайы осындай болады.

130. Тыныштық пен мамыра-жайлықтың арасында да адам өзімшілдік дертіне ұшырау қаупіне душар болады. Адам игілік болып табылатын Мәсіхті өз еркімен қабылдады және Одан сүйіспеншілігі мен қамқорлығының дәлелдемесін үнемі алып тұрады, бірақ соған қарамастан, оның жүрегінде әлі жамандық жасырынып жатыр. Жан өзімшіл бола бастайды, күнәні жеңуді Мәсіхтің емес, өзімнің еңбегім деп есептейді және өзін бұдан былай еш жеңілмейтіндей елестетеді. Мінажат етуі сирейді, содан кейін: «Онсыз да Мәсіхке тиесіліміз ғой, мінажат етудің қажеті қанша?» – деген секілді ойлар келеді. Құдайдың заңдары ұмытылып, жанға күнә енеді.

131. Құдайдың Рухы адамға ақыл береді, бірақ өзімшіл жан бұған назар аудармайды. Сонда Ол Өзінің әсер етуін тоқтатып, алыстап кетеді. Оның артынан жанды Құдайдың тыныштығы да тастап кетеді.

132. Жан Құдайдан тағы да аулақтап қалды, бірақ олардың арасында әлі де байланыстырушы нәрсе қалды – бұл Құдайдан қорқыныш. Бұл қорқыныш ұйықтап қалған жан мен ар-ұятты оятады және олардың құлдырағандарын көрсетіп береді.

133. Оянған ар-ұят – бұл шындықтың көрсеткіші, күнәнің бұлыңғыр толқындарының үстіндегі жер асты қауіпті жартастарды көрсетіп тұратын шамшырақ. Ар-ұяттың үніне құлақ аспау оңай емес, оның айыптаулары біздің өмірімізге қолайсыздықтар әкеледі.

134. Мәсіхтің өзінен теріс айналғанын түсінген жан азап шегеді және Оған мінажатта бет бұруға мұқтаж екенін сезінеді. Құдайдан қорқу оның бойына тіпті мінажаттары ұзақ уақыт бойы жауапсыз қалып жатса да, үнемі мінажат ете беру тілегін сіңіреді.

135. Құдайдың алдындағы қорқыныш – жанның ұстазы. Інжіл секілді, Құдайдың алдындағы қорқыныш та бізді «үздіксіз мінажат етуге» үйретеді, кейде біздің назарымызға іліне бермейтін Құдайдың мейірімділігін есімізге салады.

136. Ұзақ әрі суық қыс келді. Ол қатал, өйткені жалғыздығын сезіну жанға ауыр тиеді, Мәсіхтен өз кінәсінің кесірінен аулақтағаны оның еңсесін басады. Қиындықтар, азғырулар мен қауіптіліктердің арасында оның денесі қалтырайды, Шындықтың Күні оны жылытпайды. Ол ар-ұятының айыптауынан, өзі жоғалтқан игіліктер туралы ойлардан, жауапсыз мінажаттардан, болашақ алдындағы қорқыныштан әбден шаршаған. Қазір ол өзімшілдіктің, өзәзілдің кеңестерін тани біледі және бұл тұйықтан өз күшімен шыға алмайтынын түсінеді.

137. Адамның жанында ескі және жаңа, үлкен және кіші, бір-біріне ұқсас және бір-бірінен мүлде өзгеше күнәлар өмір сүреді. Жанға енгеннен кейін күнә онда тамырын жаяды да, Шындықтың Күнінің өмір беруші сәулесі мен жылуын өткізбей қояды. Адам өз бойындағы жамандық атаулыны мұқият іздеп тауып, оларды Айқышқа керуі тиіс.

138. Жанның үміті мен қуаныштарына қаяу түсіруді ойлаған олар Қараниеттің үйіне жиналды. Адамдардың жандарын ластап, барша қуаныштарын су сепкендей басып, бар үміттерін күл талқан етіп әлсірету үшін олар жақсы үйлерге қызметке кіру мәселесін талқылауда. Зұлымдықты жақсылықтан ажырата алмау – жан үшін ең үлкен қауіп.

139. Шайтанға хат – зұлымниеттер өздерінің бастықтарымен бірлесе әрекет жасайды. Адамның күнәкар болмысы ақылды шайтаннан іздейді. Адамға еркіндік берілген: ол Мәсіхтің билігін немесе шайтанның билігін таңдауға ерікті.

140. Пасықтық – бұл есіммен жанның бұзық қасиеттері әрекет етеді. Пасықтық Құдаймен бірге өмірге немкетті қарайды және өзгелерді де шайтанға ұнамды бұзылған өмірге тартуға тырысады.

141. Тозақ адамның құлдырауына қатты қуанады. Қоңырау үні жанның өлімінен хабар береді.

142. Мақсаттарға қол жеткізудің құралдарын талқылау. Күнәнің бірінші шарты – өзінің қатысуын құпия ұстау. Біз мүлде байқамайтын, бірақ белгілі бір жағдайда өздерінен хабар беретін күнәлар бар. Шайтанның басты көмекшілері – алдау, төкаппарлық және өз-өзіне ризашылық. Олар өз мақсаттарына бәрінен жақсы жетеді: ар-ұятты тұмшалайды, ерікті басып тастайды және ақылды алжастырады. Алданған жүрек зұлым ниеттердің билігіне оңай бағынады; Мәсіхтің сүйіспеншілігінің барша дәлелдерін ұмытады және шайтанның Мәсіх сені мәңгілікке тастап кетті, әйтпесе мінажаттарына жауап беретін еді ғой деген сөздеріне сенеді.

143. Азғындық қайырымды жанның бейнесінде жанға енеді де, оны арамдайды. Ашкөздікті күнә деп атайтын адамдардың шын мәнінде пайдақұмарлық дертіне ұшыраған. Олар кәрілік шақтарының қамын (олардың ол жасқа жетпеулері де мүмкін ғой) немесе отбасыларының болашағын ойлайды. Жеккөрушілікті тудыратын ашумен де осылай. Өз әрекеттерін дінге шын берілушілік деп атайтын мәсіхшілерден қаншама мәсіхші азап шекті десеңізші?! Және көпшілігі жастықтың кінәсіз күнәлары деп атайтын азғындық қазір барлық елдерде және қоғамның барлық салаларында патшалық құрып тұр.

144. Қала ауыр жағдайда. Жан өзінің Мәсіхтен ажырап қалғанын қаттырақ сезінуде, ол қайғыға беріліп, күнәға қарсыласу қабілетін жоғалтуда.

145. Шайтан сақтықпен және айлакерлікпен әрекет етеді. Ол адамның күнәмен құлдырағанын қалайды және мұны баяғыдан күтіп жүр, бірақ оның жағдайынан хабардар бола тұра, ол оның Құдайдың Мәсіх арқылы болатын көмегіне деген сенімінің жоғалғанына көз жеткізбей, оған шабуыл жасауға батылы бармайды. Бірақ, өкінішке орай, егер адам осы дүниеге қызмет ететін болса, онда ол Мәсіхке қызмет ете алмайды. Ол өз кезегінде сақтық көрсетіп, адамның әлсіздігіне тағы

бір рет көзін жеткізгісі келетін шайтанға бағынады. Адамның азғындығы мінажаттың Құдайға жетуіне кедергі жасайды және тіпті адам әдеті бойынша әлі мінажат ете берсе де, оның өтініші Құдайға жетпейді.

146. Шайтан адамдардың Имануилге бағытталған өтініштерінен бекерге қауіптенбейді. Шынайы мінажаттың табы бар жерде сенім әлі де бар, онда өзінің әлсіздігін түсіну бар және Құдайдың құдіретіне деген үміт әлі жоғалған жоқ.

147. Сырттан болатын кемістіктерге қарағанда адамның еркін үнемі іштен бұзып отыратын бір-екі кемістік жанға әлдеқайда көп зиянын тигізеді. Ішкі кемістік адамды жаман әрекет жасауға мәжбүрлейді, содан соң оны ар-ұяты азапқа салады. Адам торығуға ұшырап: «Менің құлдырап кеткенім сондай, қайта көтеріле алмаймын, сондықтан азғын өміріммен өле берейін», – дейтін кездері жиі кездеседі. Жасалған күнә – шайтанның жақсы одақтасы. Ол адамның бойындағы күнәға қарсыласу тілегін әлсіретеді және оны Құдайдың көмегі мен мейірімділігіне деген үмітінен айырады.

148. Жеңілмейтін Күмәнданушылар жасағы – осы кітаптың авторын жиі азаптаған күмәнданудың белгісі. Буньян күмәнданумен және торығумен ұзақ күресті. Күмән – білместіктің нәтижесі және ол торыққан және рухани әлсіреген кездерде пайда болады. Өліп бара жатқан Мәсіхке қараңыздар, күш сұрап жалбарынңыздар! Автордың пікірі бойынша, құрт секілді ішті жегідей жейтін, жігерді құм етіп, сенімнен айыратын және торығуға жетелейтін күмәнданудан асқан өлтіргіш қару жоқ.

149. Жанның бейшара халі: ол сұрайды, бірақ ала алмайды. Ол күнәні сезінеді, бірақ одан бас тартуға қауқарсыз. Шынайы емес мінажат, бет бұрусыз тәубеге келу, Құдайды қорлайды. Көне мен жаңа бірге өмір сүре алмайды.

150. Тұрғындардың саны азайды, яғни жақсы ойлар мен сезімдер жанды тастап кетті. Кемістік пен күнә ақырындап жанға енеді де, ондағы жақсының бәрін ығыстырып шығарады.

151. Тәжірибелілік пен сұңғылалықты көмекке шақырған адамның ар-ұяты жанға оның Иса Мәсіхтен алшақтап кеткенін көрсетіп береді. Сонда жан ішкі бұзылудың барлық бұрыштарды жайлап алғанын және өзінің толықтай күнәға

бағынышты болғанына көз жеткізеді. Сенім әлсіреген кезде үміт күңгіртеніп, сүйіспеншілік суынды, төзімділік түгесіліп, патшаның әскербасылары ауыр ұйқыдан оянып, әрекетке кірісті.

152. Мәсіхтен аулақтап қалып ұйқыдан оянған жан дұшпаннан қорғанудың жоспарынегжей-тегжейлі ойластырады.

1. Қақпадағы күзетті күшейту. Біздің бес сезім мүшелеріміз не Құдайдың еркін, не шайтанның еркін өткізуші қызметін атқарады.

2. Жүректе бұғып жатқан кемістіктер мен жамандықтар өз аттарымен аталып, түп-тамырымен жұлынып тасталуы тиіс.

3. Ешқандай азғыруға ермей, Құдайдың алдында тәнмен, жанмен және рухпен мойынсұну. Рухани және тәни ораза, тәубеге келу мен мінажат рухты нығайтады.

4. Күнәны күнә деп атаудан қорықпай, мінажатта кінәсін Құдайға толықтай мойындау және онымен күресте күш беруін сұрау.

5. Құдайға күнәмызды көрсетіп бергені үшін алғыс айту.

153. Сұңғылалық сол жақтан күмәндану, қорқыныш пен қайғылы ойлар шығып тұрған қалаға бет алады. Сол жерде ол қорқынышты әскердің басшысы – Имануилдың патшалығы кезінде Оның тұтқынынан қашып шыққан қарт Сенімсіздік екенін біледі. Барша күмәндану, қорқыныш пен торығу атаулы сенімсіздіктен туындайды. Сенім – сенімсіздік пен күмәнді қуып шығып, жанға тыныштық пен қуаныш әкелетін нұр.

154. Буньян шайтанның қызметшілерінің бірден емес, біртіндеп өлетіндері туралы бекер айтпайды. Тек уақыт өте келе құтылуға болатын күнәлар бар. Сол кезде оларды түгел жоюдың маңызы зор.

155. Шынайы тәубеге келу – бұл жай ғана күнәларды мойындау емес, сондай-ақ бұл өмір салтын толықтай өзгерту. Тәубеге келуді ең қызу, шынайы сөздерден гөрі әділетті өмір анығырақ көрсетеді.

156. Шайтан жанды күмәндар мен сенімсіздік арқылы жаулап алуды қалайды. Мұны оның әскербасыларының аттары дәлелдейді. Доылылық – өздерін Құдайдың таңдап алғанына күмәнданушылардың бастығы. Бұл күмәндар қорқыныш пен үмітсіздік әкеледі және жанды өлімге душар

етеді. Рақымсыздық Мәсіхтің данышпандығына күмән келтіретіндерді басқарады. Мұндай жандар түнекте өмір сүреді. Қарғыс Құдайдың құтқарылу сыйлайтын рақымдылығына күмәнданатындардың басшысы. Тойымсыздық – өздерінің сенімдеріне күмәнданатындарды басқарады. Күкірт өзінің қарамағына Құдайдың мәңгілік екендігіне күмәнмен қарайтындарды жинап алған. Оларды мәңгілік отқа тасталу күтіп тұр. Азап өлгендердің қайта тірілетіндеріне күмәнданатындардың басшысы. Мазасыздық құтқарылу мен мәңгілік өмірге күмәндана қарайтындарға жетекшілік етеді. Қабір көктегі мәңгілік даңққа күмәнданатындарды басқарады. Ақырында Үмітсіздік о дүниедегі рахатқа күмәнмен қарайтындарға басшылық жасайды. Күмәнданудың осындай әскерімен күрес өзімізге тек Құдайдың рақымы ғана сыйлай алатын бар күшімізді жұмылдыруды талап етеді. Біз Мәсіхтен күмән атаулымен күресте бізбен бірге болуын үздіксіз өтінуіміз қажет.

157. Шайтан күшті, бірақ жанның өзінің көмегінсіз ол оны жаулай алмайды. Іштегі дұшпан ең күшті деген сыртқы дұшпаннан әлдеқайда қауіпті. Күмән азапқа салған жанқалшылдап тыныштық таба алмайды.

158. Бұл шайтанның жанды қорқытуға соңғы ұмтылысы. Күмәндар қорқынышты және бойға арпалыс әкеледі, бірақ мәңгілік өлім мен мәңгілік азаптар одан өткен сұмдық.

159. Жан әбден қажыған. Оның құтылатын сәті әлі келген жоқ: оның қорқынышы мен арпалысы зор. Жан күресін жалғастыруда және егер Құдай оның өтініштерін естіп, құтқарады деген үміті қалмаса, онда тозақтың осындай күштерімен күресіп ол көтере алмас еді.

160. Қауіптілікті көріп, Мәсіхтің алыстағанын сезгенде адам мінажатта Киелі Рухқа жүгінеді. Адам Одан өтініштеріне, зарына құлақ асуын, күмәннен арылтып, шындықтың жолына бағыттауын және қауіп-қатерде көмектесуін сұрайды.

161. Осы дүниенің жалған тәңірі сенбеушілердің ақылын мұқалтқан кезде, адам зұлымдыққа ұмтылады. Ал шындықтың нұры жанға жарығын түсіргенде сана күнәның алдамшы кеңестеріне берілмейді.

162. Сезіну қақпасы қоршауға алынды. Жанға күнәның қатігез және азапты шабуылдары ауыр тиеді, ол мазасыздыққа

бой алдыра бастайды. Ол мәңгі жанып тұратын күкірттің сасық иісі мен молада шіріп жатқан денелердің жағымсыз иісін сезгендей болады. Ауыз қақпасының мінажатпен күшейтілгені сондай, дұшпанның талпыныстары еш нәтиже бермейді. Дұшпан оны Құдайға тіл тигізумен және бейпіл сөздермен бекітіп тастауға тырысады, бірақ қала тұрғындарының мінажаттары жанды қорғап қалады. Осы қақпалар арқылы жанды қорғаушы мінажат жіберіледі, ал мінажат етушінің алдында шайтан қауқарсыз. Қақпадан лақтырылған тастар дұшпанның көзін жояды, себебі бұл тастар – Құдай Сөзінің нақылдары.

163. Шайтан шабуыл жасауға қашан да дайын тұрады. Жан күмәндануға және азғырылуға ұрынып, қорқынышқа бой алдырған кезде өзін қатаң тәртіпке бағындыруы тиіс. Мұндай кездерде адамның еркі үлкен роль атқарады: оның келісімі бойынша жанға жаман ойлар, ал содан соң жаман әрекеттер енеді. Жан жиі күнәға қарсы шығады, бірақ еркі оны сатып кетеді. Ал егер адамның еркі Мәсікке бағынатын болса, онда ерік адамға қызмет ететін болады.

164. Қалжыңбас пен Сауыққой – бұл есімдер арқылы автор сырттай бейкүнә болып көрінетін, бірақ шын мәнінде жанды бүлдіріп, қалжыңмен бүркелген жаман ойлар мен бұзық әрекеттер туралы айтып отыр.

165. Күнәні өз бойында жазалауға құдіреті жететін жан барша күмән атаулыны жеңе алады және шайтан мен оның құйыршықтарын әбігерге түсіреді.

166. Тапбер және Пайдағабат. Егер де жан бойына еніп келе жатқан ашкөздікке әлсіз қарсылық көрсететін болса, онда оның бойында осы дүниелік игіліктерді қамтып алсам деген тойымсыз тілек пайда болады.

167. Құдайдың көмегінсіз жан өздігінен сауыға алмайды. Егер де жан Құдайдың атымен күресетін болса, онда Құдай олар жарақат алған күннің өзінде өлулеріне жол бермейді және Өзінің «ізгі жауынгерлерін» құтқарылу қуанышымен жұбатады.

168. Жанның күмәндармен және күнәмен күресі ол үшін із-түзсіз өтпейді. Сеніміне селкеу түскендіктен, сана күмән салған жарақаттардан зардап шегеді. Пікір енді Құдайдың Сөзінен рухани азық алмайды. Қорқыныштың кесірінен ар-ұят жүректі сақтандыру қабілетінен айырылады. Қуанышымызға қарай,

бұл жарақаттар өлімші емес және шынайы өмір ағашының жапырақтары оларды сауықтыра алады. Қаза болған қала тұрғындары – үзілген үміттер, өйткені күмәндану мен торығу үмітті де, Құдайдың уәделеріне сенімді де жоқ қылады.

169. Сақпаннан атылып, көздеген жеріне тиген тастар – бұл күнәнің көзін жоюшы Құдай Сөзі. Ол – түнекте жүргендер үшін жарық сәуле, күмәнданушылар үшін үміттің бастауы, әлсіздердің тірегі, уайымға салынғандардың жұбанышы, күнәмен күрестегі ең сенімді қару.

170. Жан күнәмен адал күрескен кезде ол өзінің бойынан болмашы күнәларға дейін іздеп табады. Немқұрайдылық бірінші кезекте жойылуы тиіс, себебі сенім немқұрайдылыққа төзе алмайды. Қазіргі кезде көбі барлық діннің жақсы екені туралы айтады. Бұл тек олардың шындыққа мүлде немқұрайды қарайтындарын және Құдай Сөзін зерттеу арқылы шындықтың және адасушылықтың қайда екеніне көз жеткізуге тырыспағандарын көрсетеді. Рухани мәселелерге немқұрайды қарау сеніммен қайта жаңғырған жүректе тіршілік ете алмайды.

171. Жанның азғыруларға еріп, өзін қауіпке ұрындыруы оның тарабынан ессіздік болып табылады. Шабуылдың бетін қайтаруға адам барлық уақытта дайын болуы тиіс, бірақ бірінші болып бастау – бұл менмендік болып табылады. Біз өзіміз туралы жоғары пікірде болған кезде түнекте өмір сүреміз, ал тозақтың күштеріне керегі де осы.

172. Жанға түскен бақытсыздық сенімнің әлсіреуінің нәтижесі және бұл әлсіреу зұлымдықпен күрес кезінде емес, кейінірек, ол өзін жеңілместей сезіне бастаған кезде пайда болды. Сенімнің міндеті өзінің күшін дәлелдеу емес, жүректі күнәның еніп кетуінен қорғау. Жаралы сенім күнәға қарсы тұра алмайды, сол кезде үміт те жоғалады, ал жан қайғыға батады...

173. Сенім әлсіреді, бірақ сана адам жанын тастап кеткен Құтқарушының тірі екенін біледі. Сондықтан да жан өзге ешкімге тиесілі бола алмайды.

174. Қақпа мықты емес. Сенімнен әл кеткенде ерік те әлсірейді. Жарақат алған жақсы қасиеттердің қорғанысы нашарлайды, сол кезде шайтан жанға оңай еніп кетеді.

175. Шайтанның билігіндегі жанның өмірі аянышты. Ең таза ойлар мен сезімдер тумай жатып қыршынынан қиылды, жақсы талпыныстар тамырынан қиылды, ар-ұят жанды азаптауда.

176. Күнәнің жанды жеңуінің артынан шайтанның үстемдігі, ал онымен бірге қайғы-қасірет келеді.

177. Осы кітаптың авторы Джон Буньян күмәнданудан көп зардап шекті. Өзінің қолжазбасының бір бетінде ол екі жылдан астам уақыт күмәнданудан азап шеккенін жазды.

178. Мінажаттарына жауап ала алмаған жан көмек сұрап Киелі Рухқа жүгінді. Осындай жағдай туралы пайғамбар былай дейді: «Мен оларды шақырған кезде олар құлақ салмаған еді. Сондықтан олар Мені шақырған кезде Мен де құлақ салмадым, – дейді Әлемнің Иесі».

179. Сиыну саналы болуы қажет, сонда ол шынайы және сәтті болады. Адамның рухы Құдайдың Рухымен байланыста болуы тиіс. Мінажатты бойға Ол сіңіруі тиіс, Ол – мінажатқа шабыт беруші. Құтқарушымыз куәлік еткен мінажаттарды Құдай қабылдайды. Киелі Рух бізге сиынуды үйретеді, мінажатқа өмір және күш береді.

180. Әкесі Ұлдың бетін ешқашан қайтармайтынын білетін Киелі Рух Ұлдың алдында куәлік етеді. Өзінің әлсіздігі мен кінәсін сезінген адам Киелі Рухтан өзі үшін куәлік етуін өтінеді, бірақ ол мұны шын жүректен істеуі қажет.

181. Киелі Рух адамға сеніммен сиынуды үйретеді. Құдай үшін адамның басқа ешқандай сезімі дәл сенімділіктей қымбат емес. Құтқарушы Жайырдың қызын сауықтыруға кетіп бара жатқан кезде бір науқас әйел келіп, Оның шапанының артынан қолын тигізді. Сонда Құтқарушы былай деді: «Біреу Маған қолын тигізді! Өйткені Менен біраз сауықтыру құдіретінің шыққанын сездім». Елші Жақып былай дейді: «Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ».

182. Өтініш жасау – бұл күнәларын, әлсіздігін мойындау және Мәсіхтің көмегі мен құтқаруына үміт арту. Онда жасаған күнәлары үшін өкінетіні және Оның рақымына сенетіні жайында айтылады. Сонда сенім осы жанның Киелі Рухтың мөрімен бекітілген шынайы мінажатын адамның жалғыз Жақтаушысы – Құдай Ұлы Иса Мәсіхке жеткізеді.

183. Мінажат жүректен ауыз арқылы шығады. Құдай біздің барлық құпия ойларымызды біледі, бірақ мінажат кезінде адамның мұқият болуы үшін біздің ойымыздағы емес,

аузымыздан шыққан мінажатты күтеді. Мұның сыртында, дауыстап айтылған мінажат айналадағы адамдарды ақылға келтіре алады. Өзінің шәкірттерімен бірге Мәсіх дауыстап сиынды. Ол Өзінің Әкесінің алдында етбеттей жатты. Біз рухта және шындықта сиынуға тиіспіз, тізімізді мойынсұна бүгіп, мінажатты сөздермен білдіруіміз қажет.

184. Шайтанды жанның мінажатынан артық ештеңе қорқыта алмайды. Оның мінажатта Құдайға келуіне кедергі жасау үшін шайтан бірден жанда жасырынып жатқан кемістіктерге жүгінеді.

185. Өзінің жан ұшыра ұмтылуына қарамастан адам көбіне бойындағы әлі түгелдей өліп болмаған «ескі Адамның» дауысын естиді. Сенімсіз жан өлімге ұшырайтындықтан, шайтан сенімді шығарып беруді талап етеді.

186. Жан үшін түнек пен қайғы-қасіреттің кезеңі ол Мәсіхті қорлаған кезде келеді. Бірақ егер ол сынаққа соңына дейін шыдаса және мінажаттың рухы төмендемесе, онда ол қайтадан рақымдылыққа ие болып, өзінің Қорғаушысының жақындығын сезінетін болады.

187. Бірінші хат санаға бағытталған. Даналықтың бастауы болып табылатын Құдай Сөзін зерттеу арқылы осы өмірдегінің бәрі өзіміз үшін игілік екенін түсінеміз. Екінші хат өзінің бар күші мен бар билігін жанның жасырын кемістіктерін жоюға жұмсаған ерікке арналған. Үшінші алғыс хат жан күнәда және күмәнда өмір сүрген кезде оны үздіксіз айыптап тәрбиелеп отырғаны үшін ар-ұятқа табысталды. Құдай Сөзін жанның есіне дәл осы ар-ұят салды. Төртінші хатты Құдайдан қорқу алды, себебі Құдайдан қорқу күзетте тұрғанда күнәның өтуі оңай емес. Бесінші хат күнәнің алдамшы кеңестеріне құлақ аспай, үздіксіз мінажатта Құдайдың алдындағы жалғыз Жақтаушымыз – Иса Мәсіхке жүгінген жанның барша жақсы сезімдеріне арналды. Бәріне Құдайдың рақымы марапат ретінде уәде етілді.

188. Сенімді жаңарған адамның көсемі Киелі Рухтың өзі бекіткен, себебі қайта жаңғырған жанның барша ұмтылыстарын Ол басқаруы тиіс.

189. Жанды бүлдіру үшін шайтан көбіне адамның оны құтқаруға тырысқанынан көбірек және шыдамдылықпен еңбектенеді. Сондықтан Құдай Сөзі бізді қырағы болуға және сиынуға үйретеді, өйткені шайтан – жанды құртуды аңсайтын, бәрін жалмайтын зымиянның өзі.

190. Сұрқия Аполлион адам жанының сақ екенін және оның қорғаушысы – Құдайдан қорқу екенін біледі. Сондықтан ол Жанға менменсуді ұсынады, сонда Жан қауіп-қатерді байқады және мінажат етуді доғарады.

191. Аполлионның ойы дұрыс: адамның жүрегі таза және киелі болған кезде жан қорғануға қабілетті. Ал күнә жанды әлсіретеді, сондықтан Құдайдың мейірімділігінен үміт үздіру үшін оның бойына күнә жасау тілегін сіңіреді.

192. Люцифер де күмәндардың жүрекке еніп алулары үшін жанның қырағылықты ұмытуына уақыт беру керектігін айтады. Құдайдың алдында қорқынышты білмейтін жан көп ұзамай осы дүниелік әбігершіліктерге жан-тәнімен беріліп кетеді. Осы дүниеліктердің бәрі адам үшін ең бастыға айналады, ал бізді күтіп тұрған көктегі мәңгілік артқа ысырылады. Шайтан үшін бұл жанға шабуыл жасауға ең қолайлы сәт.

193. Жан – Мәсіхтің тұрағы және ғибадатханасы. Егер де адам үшін көктің қазыналарынан гөрі осы дүниенің қазыналары маңыздырақ болса, онда оның жаны қарақшылардың ордасына айналады.

194. Шайтанның бұл жоспары өзі үшін дұрыс. Күнәға батқан жан құр бекершіліктің жәрмеңкесінде өлім құшады.

195. Жанның азабы Құдайға жасырын емес. Ол оның әлсіздігін көріп тұр көмек көрсетуге қашан да дайын. «Сенімдеріңе сай беріледі», – дейді Құдай.

196. «Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды». Жан көмек сұрап үздіксіз сиынды және уақыты келді деп өзі есептеген кезде Құдай оның тілегін орындады. Кейде Құдай жауап беруге асықпайды, бірақ егер біз мінажатымызды Жақтаушымыз – Оның Ұлы арқылы жіберетін болсақ, Ол бізді үнемі естіп тұрады. Бірақ мойынсұнып сиынайық: менің қалағанымдай емес, Сенің қалағаныңдай болсын, Тәңірім!

197. Жан өз сенімінің дәлелдемесін алды. Ол Мәсіхтің уәделеріне, Оның көмегі мен қатысуына сенім артып күресуде.

198. Сенім үнемі адамның рухын сүйеп тұрады, оны жұбатады және төзімділікке шақырады.

199. «Қара, сенің Патшаң саған келе жатыр!» Жанда Мәсіхтің қатысуы оның жараларын бірден сауықтырады

және жүректі сенбеушінің қолы жетпейтін көктің қуанышына кенелтеді.

200. Міне, Имануил келе жатыр. Мінажат ақыры Құдайдың құлағына жетті, қайғымен сыналған жан қалағанына қол жеткізеді! Ойдың менмендігінің салдары – Өзімшілдік рухы Құтқарушыны жүректі тастап кетуге мәжбүрледі. Бірақ мойынсұну, төзімділік пен мінажат жанға Мәсіхті қайтарып әкелді. Мәсіхсіз ол күнәмен күресте табысқа жете алмайды.

201. Жан өзінің Құтқарушысына сеніммен көз тастайды. Ол жеңілуді білмейтін күшпен жақындайды және кешірім мен сүйіспеншілік алып келеді. Күн шыққанда түнектің ыдырап кететіні секілді, жанды ұзақ уақыт бойы азаптап келген күмән да жоғалады. Жан Оған көз салады және Оның нұры жанды шындықтың сәулесіне бөлейді.

202. Күнә Мәсіхті жүректен ығыстырып шығара салысымен жанды күмәндану мен жамандық жайлап алады да, онда өз биліктерін жүргізеді. Бірақ жүрек Оның қатысуын аңсайды. Міне, ұзаққа созылған сынақтардан кейін адасқан жан оған кешірім мен тыныштық әкелетін өзінің заңды Патшасына және Құдайына қайтып оралады.

203. Жан қаласының тұрғындарының ақ киімдері күмән мен тозақтың үгітімен ластанды. Мәсіхтің алдына келмес бұрын, олар алдымен тәубеге келумен және бәрін тазартушы Мәсіхтің қанына деген сеніммен тазарулары қажет.

204. Күнә түп-тамырымен жұлынып тасталуы тиіс. Адамның басты дұшпаны – оның өзі. Бұл жауды ол тек Мәсіхті жүрегіне қабылдау және Оны өзінің Құтқарушысы және Билеушісі ретінде мойындау арқылы ғана жеңе алады.

205. Шайтанның бұл жаңа құлығы мәсіхшілерді қуғындау кезеңін және қуғындаушылардың қатігездігін бейнелейді. Күмәнданулармен жасаған сәтсіз сынағынан кейін шайтан жанды тәни азаптардың көмегімен қылыш пен отпен жаулап алуға тырысады.

206. Сынақ кезінде жан өзінен дұрыс жолда келе жатырмын ба, Мәсіхке деген бұрынғы сенім мен сүйіспеншілігімді жоғалтып алған жоқпын ба деп сұрайды. Азаптары қанша ауыр болса да, ол өзі үміт артқанның Құдіретті екенін біледі. Мәсіх қауымының азап шегушілері сенімде және Оған деген

сүйіспеншілікте берік болды, олардың сенімдері өлгендерінше шайқалған жоқ. Жазаның қаруы да, қинау да, мақтау сөздер мен осы дүниелік игіліктерді уәде ету де оларды жандардың Бағушысы – Иса Мәсіхке деген сенімдерінен тайдыра алмады.

207. Мәсіхші жанқияр, кез келген уақытта күреске дайын болуы тиіс. Жанкешті мәсіхші бүгінгі жауын-шашыннан гөрі ертеңгі жайма-шуақ күн туралы көбірек ойлайды. Азап шегушілер қашан да жанқияр адамдар болған және солай бола береді.

208. Күмәнданушылар талқандалды – бұлар біздің күмәндарымыз, жанның ішкі дұшпандары. Ал сыртқы дұшпандар – бұлар сенушілерді қудалаушылар. Адамдардың мәсіхшілерді қуғындаушыларға айналуының түрлі себептері бар. Біреулері – Құдай Сөзін білмегендіктен және түсінбегендіктен қуғындаушы болады. Екіншілері – Құдайға ұнамды іс істеуге деген ессіз және жалған берілгендіктің әсерімен істейді. Үшіншілері – зұлымдық пен көреалмастықтың әсерімен қудалайды. Сондықтан да Құдай қуғындаушыларды әр түрлі жазалайды.

Түсінбей қудалайтындар – бұлар Мәсіх айқышта олар үшін сиынғандар: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді». Құдайға бет бұрғанға дейін елші Пауыл да сондай болды.

Топастықпен өршеленген қуғындаушылар туралы Мәсіх былай дейді: «Тіпті көздеріңді құртқан әркім Құдайға қызмет көрсетіп жатырмын деп ойлайтын күн де туады».

Зұлымдықпен, көреалмастықпен қудалаушылар – бұлар шындықты білетін, бірақ оны жек көретіндер, жарықты көретін, бірақ оған қарай жүрмейтіндер.

209. Күмәншіл. Автордың: мен шақырылғандардың қатарындамын ба, таңдап алынғандардың арасында бармын ба, тәубеге кеш келген жоқпын ба, Құдайдың рақымдылығына және Мәсіхтің қаны арқылы құтқарылуға үміт арта аламын ба деп сұраған күндері болды. Мұндай шүбәлану сенімсіздіктің жүректің түбінде жасырынып қалған қалдықтарынан туындайды. Мәсіхтен сенімізді ұлғайтуын сұрап, бұл қалдықтарды айқыштың алдына апару қажет.

210. Мәсіхті мойындаған Ынта-зейін, сөз бен шындықтың дұшпандарымен ынталана күреседі.

211. Күмәндану жиі шындықты анықтаушының бетпердесін киіп алады. Көптеген адамдар сараптауға келмейтін, тек шынайы және күшті сенімді талап ететін шындықтарға өз санасының саяздығымен келетіндіктен ғана одан күмәнданады.

212. Құдай Сөзінен біз мынандай сөздерді оқимыз: «Құдай алдын ала білетін біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсасын, осылайша рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді» (Рим. 8:29). Алдын ала белгілеу оны қалаушыға да, ұмтылушыға да байланысты емес, ол «Құдайдың рақымына байланысты».

213. Құдайдың данышпандығы жанды бағыттайды, оны оятады және оған рақымдылық сыйлайды.

214. Біз жақсы істеріміздің емес, Құдайдың рақымының арқасында құтқарылдық. «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсікке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый» (Ефес. 2:8). Менмендіктің рухы бұл шындыққа қарсыласады және заңдарды орындау арқылы ақталуды қалайды.

215. Құдайға бет бұрған жан өзі күнәнің батпағымен неше рет былғаған, бірақ өмір сыйлайтын бастаудың суымен жуып-тазартқан пәктіктің киімін қайтадан киді. Ол Құдайдың үніне құлақ асады және Оның еркін түсінеді.

216. Мәсіх Өзіне бет бұрған және Өзі ақтап алған жанды Өзімдікі деп атайды. Ол еш күмәнсіз Оныкі, себебі жанды Оның Өзі жаратты және Өзінің қаны арқылы қымбат құнмен ақтап алды. Құдай оған қарап сөйлейді, ал жан Құдай Өкенің және Ұлдың шексіз сүйіспеншілігін сезінеді. Қиын сәттерде күш беруге және көмектесуге уәде беріп, Ол жанға сергек болуға кеңес береді. Барлық азаптар мен азғырылуларға тек Құдай Патшалығында ғана нүкте қойылады.

217. Әппақ киім кигеніне қарамастан, адам өзінің күнә билік құрып тұрған жерде өмір сүріп жатқанын, сондықтан Мәсіхтің әппақ киімін кез келген уақытта былғап алуы мүмкін екенін есте ұстауы қажет. Сонда Мәсіх оған өмір беретін судың бастауы – Өзінің күнәкар жаратылыс иелеріне деген сүйіспеншілікке толы Мәсіхтің жүрегін көрсетеді. Мәсіх тәубесіне келген, мінажат

етуші жанды ешқашан Өзінен кері итермейді. Қайырымды бақташы секілді, Ол Өзінің адасқан қойын қайтадан шындықтың жолына бағыттайды.